

84(5Каз)

А 37



СЕРІК  
АҚСҰҢҚАРҰЛЫ



ШЫҒАРМАЛАРЫ



**Ақылдастар алқасы:**

Әбдішев Б., төраға

Жұмабеков Б., төраға орынбасары

Жайлыбай Г., төраға орынбасары

Аймағамбетов Е.

Ақсұңқарұлы С., жауапты хатшы

Ахметов К.

Ғазалиев А.

Дулатбеков Н.

Исабеков Н.

Көбеев Е.

Қаңтарбекова Г.

Омаров Ә.



**СЕРІК  
АҚСҰҢҚАРҰЛЫ**



**ШЫҒАРМАЛАРЫ**

Бірінші том

**УА, АҚСОРАҢ**

---

Алматы  
«Қазақстан»  
2014

УДК 821.512.122-1

ББК 84 (5Каз)-5

А 37

Сарыарқа кітапханасы

Ақсұңқарұлы С.

А 37 Шығармалары / С.Ақсұңқарұлы. – Алматы: “Қазақстан” БҮ” ЖШС, 2014.

ISBN 978-9965-10-121-2

Т.1: Уа, Ақсораң. – 2014. – 400 б. (Сарыарқа кітапханасы)

ISBN 978-9965-10-122-9

122653 19  
IS

Серік Ақсұңқарұлы өлең өрісін қырық жылдан аса жайлап келе жатқан айтулы акын. Оның туындыларының бәрін, әрине, “Сарыарқа кітапханасы” жобасына сыйғызу мүмкін емес. Сондықтан қолыңыздағы томға акынның өткен ғасырдың соңғы ширегінде жазылған таңдаулыларын ғана кіргізіп отырмыз.




УДК 821.512.122-1

ББК 84 (5Каз)-5



ISBN 978-9965-10-122-9 (Т.1)

ISBN 978-9965-10-121-2 (общ.)



© “Қазақстан” 2014

© Ақсұңқарұлы С., 2014

# МӘРМӘР ПУШКИН

## ПУШКИНМЕН КЕЗДЕСУ

Тарқамаған балалықтың базары,  
Муза келіп ала берген мазаны,  
Сәби едім. Сәби шерін қозғасын.

Өлеңменен ерте есейдім өз басым.  
Александр жырларынан азалы  
Адамзаттың көрдім ащы көз жасын.

Оранып ап қыста... Жылы көрпеге,  
Бала тәнім отты ойлардан өргенс,  
Жаттым жылап көңілден бір күй кетіп.

Балалықты даналық кеп – күйретіп:  
Ақын қаны тамған мұңды өлкеге  
Муза мені алып кетті сүйретіп!

Көз алдымда зулап өтіп бар кескін,  
Қиялымда қыршынымда-ақ қан кештім.  
Менің досым – досы барлық Пушкиннің,  
Менің досым – қасы барлық Дантестің!

## О, МҰҚА, МЕН ДЕ ЖЕТІММІН...

*Жиылып Жер шарының жетімдері,  
Алдында Ақиқаттың бірігіңдер!*

**Мұқағали**

О, Мұқа, мен де жетіммін!  
Жетіммін мен де!  
Басынан аттап талайды секірдім мен де.

Туысым қайда?  
Білмеймін түр-өңін оның...

Халқыма ғана сақтаған жүрегім –  
Орын!  
Туған жоқ менде,  
Жоқ менде атаның ұлы.  
Жаныма маза бермейді жаһанның мұны!

Көзіме ыстық күллі елдің балапандары,  
Қандары бөлек адамның алақандары.  
Жалғыз қайың ем қалтырап жасыңды күткен...  
Сол қолдар менің көзімнен... Жасымды сұрткен!

Жүрегімде –  
Үсіп-тоңғандар әлі.  
Өгіздей өрге сүйреп жүр сол қолдар  
Әлі...

Сиынып айтам көзімнен егілген жасқа:  
Ешкімім... Жоқ қой, ешкімім –  
Елімнен басқа!  
Еліме келіп паналап,  
Жетілдім Жерде.  
Себебі –  
Жетіммін мен де!

Ақиқат пенен адалдық – ұйып тынатыным.  
Маяковский мен Есенин – сүйікті ақыным.

Алысып...  
Айқас-күреспен жетілдім Жерде.  
Себебі –  
Жетіммін мен де!

Жендеттер –  
Шошып дүние дүрбеленінде  
Мені де, мейлі, камасын түрмелеріне –  
Шығамын бұзып!

Сан шептеп секіргенбіз біз,  
Себебі –  
Жердің еркесі – жетімдерміз біз!

Нанымыз біздің – Ашкөздің арандарында...  
Қанымыз біздің –  
Сенаттың алаңдарында төгіліп жатыр!

Кекті көр келбетімдегі!  
Азалы аэропорттар-ай, Жер бетіндегі,  
Жүректен Музам ұшуға билет алады:  
Құрлықтар –  
Сенат алаңы!

Жетейін Бауырларыма! Адамдарыма!  
Жетімдер –  
Тұлға болатын заманға мына  
Айқасып жатыр сол сенат алаңдарымда.

От боп кірейін жас толы жанарларына,  
Қызғыш күс болам – қапаста қамалғанына!!!  
Сенат алаңдарына  
Жеткім келеді,  
Қалуға бекіндім әрі,  
Себебі –  
Декабристер – жетімнің бәрі!

\* \* \*

Ғалия Ару, аяулы Періштем едің.  
Серікке – серік болуға келіскен едің.  
Бейіш дер едім өзінмен өткен өмірді,  
Періштем едің кездескен бейіште менің.  
Ғалия Ару, аяулы Періштем едің.

Он сегіздегі мазасыз кезімдей шынар,  
Кез келді-ау маған дәнбекшіп көз ілмей шығар.  
Алатау жақта туғаның болмаса, жаным,  
Көкшетаудағы Ғалия өзіндей шығар?

Ойларым мені барады тығырыққа алып:  
Жүрсін бе менен бір жерде тығылып, талып –  
Кездесіп менен басқа бір Балуан Шолак  
Махаббат деген күресте жығылып қалып?!

Ғалия Ару, кайтейін, дір етер жаным...  
Жаныңды сенің жаудаған кім екен жалың?  
Махаббат деген күресте жығылған болсаң –  
Балуан Шолак әлі де тірі екен, жаным!

\* \* \*

Бас нем, менде ерік жоқ сен дегенде,  
Болса еркім ессіз жандай сенделем бе?  
Ханыша болсаң да бас имес едім,  
Махаббат жаһангері жеңбегенде!

Бас нем, өлең болып өрім кеуде,  
Қайтейін, сөгілгенде... Өрілгенде?  
Бас нем, Армандасым!  
Қайран басым  
Иліп көрген емес көрінгенге!

Бас нем, Бағындыра түстің мені.  
Бас нем, Табындыра түстің мені.  
Жалғанда жүрегіме жақын – Сенсің  
Адамнан жұмыр Жердің үстіндегі!

Бас нем махаббаттың мас... Құрбаны  
Абдырап, ағар көзден жастың бәрі.  
Жалғанда жүрегіме жақын – Сенсің  
Адамнан аспанымның астындағы!

Бас нем, менде ерік жоқ сен дегенде,  
Болса еркім ессіз жандай сенделем бе?  
Ханыша болсаң да бас имес едім  
Махаббат жаһангері жеңбегенде!

Бас нем, Басымды нем мен саған кеп,  
Кешпейтін күнәнді де кеше алам деп.  
Өмірде бір әйелге бас имеген  
Еркекті мен ойлаймын есалаң деп.

\* \* \*

Жүрегінде –  
Жүремін мен мәңгі өмір сүремін де,  
Қиын екен қоштасу!  
Бірақ, жаным,  
Оңай нәрсе бар ма еді бұл өмірде?

Жылаймын ба, құдай-ау, күлемін бе?  
Өкініш бар өртенген реңінде.



Жүрегінде –  
Жүремін мен мәңгі өмір сүремін де.

Жұмып алып көзінді, жүдедің де  
Сүңгіп кеттің тағдырдың түнегіне.  
Қолына ұстап оқып көр: менің атым  
Жазулы тұр жаралы жүрегінде!

Жүрегінде –  
Жүремін бе, мәңгі. Өмір сүремін бе?  
Ол – белгісіз! Әйтеуір, сенің атын  
Жазулы тұр жаралы жүрегімде...

## ШЕШІНБЕ, ӘЙЕЛ!

О, өлең!  
Қалам сенен несін бүгін?  
Басыңнан сайқал дауын кешір бүгін:  
Әйелдің сұлулығын көру үшін  
Қажеті қанша оны шешіндіріп?!

Бір ойдан бір ой туып,  
Есіл басты  
Дан қылып әсемдікке есік аштық:  
Ұятпен киінген пәк сұлулықты  
Ұятсыз, шешіндіру –  
Есуастық!

Шешінбе!  
Шешінбе, әйел!  
Есің кірсін!  
Сені еркек тек түсінде кешіп жүрсін,  
Ғажайып сымбатыңды тасқа құйып  
Тек қана –  
Мүсіншілер шешіндірсін!..

\*\*\*

Бір көрсем деп ем мен сені  
Болса егер, жаным, бас аман,  
Тұлғанды мәрмәр еңселі  
Талғампаз Тәңірі қашаған.

Шіркін-ай, жолым бола ма  
Сен жүрген жұмбақ қалаға?  
Қалада – сен, мен – далада...  
Біраз жыл өткен арада.

Көзімнің алды теңіз боп,

## ЕРНИҢ ШӨЛДЕП, ҚАТАЛАП

Қаңғырып кетсем сені іздеп, –  
Мекенсіз, жайсыз, Махаббат!

Жүйрікке зымыран мініп ап  
Біткенше бойдан хал, күш те,  
Ақсам-ау, шіркін, зымырап  
Адасып тапа-тал түсте.

Түкпірін шарлап қаланың  
Таба алмай Сені әлі мен,  
Автобустағы адамның  
Сұрасам деймін бәрінен.

Елемей елдің кесірін,  
Арманның айтып азасын,  
Күллі елдің қағып есігін  
Ақсам-ау деймін мазасын!

Қаланың халқы елеңдеп  
Айтса аңыз адам білмеген:  
«Ауылдан Серік деген кеп,  
Ғашығын іздеп жүр!» – деген...

Көшеде қаңғып жүр екем,  
Жанымды сұмдар азаптап,  
«Ромео әлі тірі екен!» –  
Деп күліп жатса мазақтап!

Қаланың көне сектасы –  
Әйелдер аңсау жандарша:  
«Кім екен Джульеттасы?!» –  
Деп, шіркін, сонда таң қалса!

Біреуі сонда асығып:  
«Білеміз оны біз десе –  
Асылы онын, ғашығы –  
Ғалия деген қыз!» – десе—

Табамын!!!  
Қуә – түн, жұлдыз!  
Қайтпаймын осы антымнан!  
Ғалия деген күллі қыз  
Қорқады сонда даңқымнан!

Естісең Сен де бір күні  
Аңызды осы гүлеген.  
«Бір дәруіш келіп (күлкілі)  
Ғашығын іздеп жүр!» – деген.

Таба алмай сені,  
Құлап та,  
Сүрініп... Суға малтығып,  
Қонақ үй дейтін жұмаққа  
Жетермін шаршап-шалдығып.

Тұрғанда шошып мен ертең  
Кейшімді келіп көрсеңіз:  
Көзіме түсіп телефон,  
Есіме түссе – 09!

Тауып ап сонда таң атпай  
Телефонның нөмірін,  
Атылған асау шараптай  
Аптығып кетсе көңілім.

Ғалия! Шерлі ділімде –  
Жанталас! Қайтсем жетем-ау?  
Осынау жердің түбіне  
Сандалып келген екем-ау?!

Не дейін?  
Тамыр-таныстан  
Естіп пе ең өсек гүлеген:  
«Бір дәруіш келіп алыстан  
Ғашығын іздеп жүр!» – деген.

Сол – менмін! Шарлап қаланы  
Сені іздеп жүрмін әлі мен,  
Автобустағы адамның  
Сураған едім бәрінен.

Елемей елдің кесірін  
Жанымның жігітін азасын,  
Күллі елдің қағып есігін,  
Мен едім алған мазасын!

«Ал, қош бол!» – дермін.  
Тілсіздік.  
Тағдырым іштен тындырып,  
Махаббат деген – Үнсіздік,  
Жүреkte тұрар шыңғырып!

Шерімді өстіп айтармын.  
Сонан соң өксіп өз басым;  
Ауылға қарай қайтармын  
Көзімнен ағып көз жасым...

Купелес елді еріккен  
Жан-күйім сонда мазалап:  
– Келесің жылап неліктен?  
Не болды, – десе – азамат?!

Үндемен.  
Мылқау пақыр ем...  
Осы елдің бәрі пейілі шат –  
Алғашқы махаббатымен  
Қоштасқан жылап мен құсап!

\* \* \*

Арман – жүрегім:  
Бір ұштың-ау көзден бұлдырап қайран күндерім.  
Махаббат деген бейіште сайрап жүр едім...  
Жат еркек сүйген көзіңнен, түнде жастыққа  
Жас ағып жататын шығар, қайдан білейін...

Назалы жарым,  
Ашамын қалай көңілдің аза-мұнарын?

Аз ғұмырында адасқан ғашықтар осы,  
Айрылысқан аққулардан да азалы, жаным!

Айнакөл алыс бұл маңға.  
Адасқан аққу көріп ем таныс бір маңда:  
Ғаламның қасіретінің бәрі түк емес,  
Адамның қасіретімен салыстырғанда!

Сені іздеп күнде көз тіктім Күншығысқа да.  
Не көрдім? Маған қарашы! Күрсініп қара:  
Кімдікі болса махаббат – соныкі өмір!  
Қалғандардікі –  
Өншейін тіршілік қана...

– Үш! – дейді Уақыт сыпырып томағасын,  
Фәнилік сапарыңды доғарасын,  
Ертегі мен аңызда айтатындай,  
Мынау жарық жалғанға қайта тумай,  
Сен де, иә, із-түзсіз жоғаласын.

Өзгереді өмір де не түрге еніп,  
Дауылына Уақыттың бетін беріп,  
Біз қаламыз көп жайды байқай алмай:  
Аққулар да кетеді қайталанбай  
Тәттімбеттің күйлері секілденіп!

Неткен қатал, сұм тағдыр, керек еді,  
Ғашық жанның тілегін елемеді.  
Мазлап жанып, һәм бықсып сөнбеу үшін,  
Барлық қателігіңді жөндеу үшін,  
Саған –  
Қайта бір туу керек еді!

\* \* \*

Бір-бірінің біле алмаған хабарын  
Ана ұлымен кездесіпті зарығып:  
Сағыныштан сонда ғазиз ананың  
Шер жүрегі кеткен екен жарылып...

Жаным! Мен де сол анадай, жүремін  
Іздеп сені, күтіп сені – зарығып.  
Кездесерміз... Сонда ғашық жүрегім  
Быт-шыт болып кетсе екен – жарылып!

Кездестіріші сол қызға мені бүгін,  
 Қайта тусын баяғы сері жырым.  
 Баяғыда бал болып елестеген  
 Бір жұтайын шырынын ерінінін.

Кездестіріші... Ару бак, саялы жай!  
 Жалғыз қаптын жаһанның саяғындай.  
 Дарияның аққуы – Ғалияның  
 Тәні, жаны ақ па екен баяғыдай?

Уақыт жүзі алмастай өткір екен,  
 Оған да оның ойраны жетті ме екен?  
 Қара шашын қайта бір сипайыншы,  
 Әлде, бордай ағарып кетті ме екен...

Кездестіріші.  
 Мені енді торықстырма,  
 Жолықтырғын келмей ме? Қорықтың ба?!  
 Арамызға ақжолтай болып тұр да,  
 Кездестіріші баяғы қыз күнінде,  
 Өйтпейді екен – мәңгілік жолықтырма!

Ертегіге сенуші ем – қаснетім,  
 Әлеміш сөз жоқ, онда әсіре тым:  
 «...Асылығың жынданып кеткен – дейді, -  
 Ғашығының көргенде қасыретін...»

## БЕЛГІСІЗ СОЛДАТТАР

*Дүниежүзілік екінші қырғын (1939-1945) тамамдалып, солдаттар жыл құсындай туған төпырақтарына оралғанда: «Майданнан менің ұлымды көрдіңдер ме?!» – деген азалы ананың сауалдарына жауынгерлер жауап бере алмай қатты қиналыпты...*

Бұл сауал талай жүректі жаралаған-ды.  
 Соғысқа кеткен, хабарсыз! Манар ағамды  
 Берлинде шерім жас болып көзімнен ағып,  
 Сұрағам мен де Рейхстагтың өзінен барып:

«Ей! Мыстан Мола  
Жалмаған жанары адамды!  
Сен-дағы көрген жоқсың ба Манар ағамды?!»  
Ол – үнеіз!  
Шулап бір үн жүр шынғырып қана:  
«Дүниежүзілік қырғынды бұл да ұмытқан ба?»

45-те Нюрнбергде,  
Жендеттер жер боп мәңгіріп тұрып қалғанда,  
Риббентроп...  
Кейтель...  
Геринг...  
Круптардан да –  
Сұрағым келген ұшып тұрып жөргегімнен де:  
«Сендер де! Манар ағамды көрмедіңдер ме?!»

Айтпайды олар!  
Жатпайды сөз қозғап та әлгі,  
Өлтірген өзі, өйткені, сол боздақтарды!

Адамның азап-михнаты – сенгісіз Жерде;  
Жер беті толы осындай – белгісіздерге!

Помпей де бізге –  
Белгісіз!  
Жат үнді – жыры...  
Белгілі –  
Брюллов:  
«Помпейдің ақырғы түні».

Отырар бізге –  
Белгісіз!  
Марғұлан аға!  
Ғаламат шаңқан қаладан  
Қалды ма –  
Мола?!

Марғұлан аға!  
Қаланың табыттарына  
Қарасаң:  
Ұқсае Адамның табыттарына!

Теренде – кала кабірі...  
Білгенім, Аға –  
Табамыз одан бабамның күлдерін ғана.  
Олар да –  
Көріп,  
Естіген Жасындар үшін  
Белгісіз солдаттары ғой ғасырларының!

Құлағымда –  
Сол бір шыңғырған боздақтар үні!  
Жер асты түгел –  
Белгісіз солдат кабірі!!!

Келемін үшып:  
Ділім – жыр,  
Серігім – проспект...  
Москва...  
Париж...  
Нью-Йорк...  
Берлин...  
Ташкент -  
Жер беті түгел -  
Белгісіз солдат алауы,  
Жер беті тегіс -  
Белгісіз солдат аланы!

Прогресс – Уақыт!  
Таң қаламын мен:  
Сутегі,  
Атом,  
Нейтрон бомбаларымен –  
Кетіп барамыз регресс донғалағымен...

Донғалап кетіп барамыз,  
(таң қалам бір сәт) –  
Кері жүретін кесірлі арбалар құсап!

Түс Атом арбаларынан!  
Кел, Адам – ізгі!  
«Белгісіз ел» – деп -  
Жер – Анамызды,



122653

Жер – Анамызды, -  
(атомның ажал күрегі тастаған көміп!)  
Біреулер зерттеп жүрмесін аспаннан келіп!!!

Мықты едім – нансаң, ер едім,  
Сабырлы едім де.  
Белгісіз Қалаларымның Қабірлерінде  
Тұрамын боздап!  
Жер –  
Қаза таппасын бұлай!  
Белгісіз планетадан... Сактасын құдай!!!

...Белгісіз солдат алауы – адамға толы.  
Көзіңмен көру – ғаламат оны:  
Бір кемпір келіп жылап тұр,  
Ағарған шашы...  
Алқызыл отқа тамшылап жанардан жасы...

Бір Ару келіп өксіп тұр он сегіздегі.  
Қан-жоса – сұмдық! Соғыстың көрсең –  
Іздері!  
Мен тұрмын алдын көзімнің басып бір тұман:  
Үрейлі ойдан қай жаққа қашып құтылам?!

Ару қыз!  
Жүріп менімен!  
Мұңдық қарағым!  
Эрмитаж деген мұхитқа сүнгіп барамын:  
Соңымнан ерді аруым,  
Күйкі ойлардың бәрін де қоныштан басып,  
Эрмитаж жаққа жөнелдік –  
Соғыстан қашып!

О, сұмдық!  
Мұнда  
Тағы кім  
Шақырды мұны?!  
Алдымда –  
Брюллов:  
«Помпейдің ақырғы»



Жаным толы мұңды ойлар, күдікпенен,  
 Сенен басқа ешкімге сүйікті емен.  
 Жасымды көр жанардан ірікпеген.  
 Құлап кетпей, әйтеуір, жүріп келем.

Әбден қажып, әлсіреп, жүдеп, арып,  
 Жүрегімді сағынып зілі қарып,  
 Құлап кеткім келген-тін шыңырауға  
 Көздерімді тас қылып жұмып алып!

Жүріп келем. Махаббат – елес ескі.  
 Құндақтаулы сырымды неге шештім?  
 Жүріп келе жатқанның бәрі бірдей  
 Өмір сүріп келеді демес ешкім...

Кім ұмытса сүйгенін – күнә сонда.  
 Жүрек кілтін жат жаннан сұрасаң да  
 Жанарымды тас қылып жұмып алып,  
 Саған жетіп құлармын – құласам да!

Саған жетіп құлармын...  
 Қасіретті  
 Менсіз-дағы қаншама ғашық өтті?  
 Өліп-өшіп өзіңді сүйген әйел  
 Қателесіп жүрсе де – қасиетті!

## АДАМ АТА МЕН БАУА АНА

Асау толқын ойнайды өкпемізде  
 Күн нұрымен құбылып, не түрге еніп,  
 Тек екеуміз қалыпсыз көк теңізде  
 Адам – Ата,  
 Бауа Ана секілденіп...

Сен де бүгін ерекше назданасың  
 Жағалаудан жаһанның шетін көріп,  
 Шолпылдатып су шашып мәз боласың  
 Бауа Ананың дәл өзі секілденіп.

Ұмыт болып күйкі ойлар, өкпеміз де,  
Жағалаудан жаһанның шетін көріп,  
Жүрсек екен мәңгі осы көк теңізде  
Адам Ата,  
Науа Ана секілденіп!

Көңіл көгі күдіктен айыққанда  
Көз алдыңа сан түрлі келеді елес:  
Керек емес сүңгуір қайықтар да  
Ракеталар қанатты – керек емес!

Салтанаты ежелгі фараондардың  
Бізге, тіпті, лебін де тигізбесін,  
Бізге тағдыр тәжі мен корольдардың  
Королева киімін кигізбесін!

Ұмыт болып күйкі арман... Өкпеміз де,  
Жағалаудан жаһанның шетін көріп,  
Жүрсек екен алаңсыз көк теңізде –  
Адам Ата,  
Науа Ана секілденіп!

## РУБАЙ

Ар-ұятын талақ еткен сан төстің –  
Саусақтарды саралап бақ, жанкештім:  
Қаламдікі – саусақтары Пушкиннің,  
Қаңжардікі – саусақтары Дантестің!

## П.НЕРУДА. РЕКВИЕМ.

Чили жатыр камалып түрмелерге аңырап...  
Күл боп жанған гүл-бақтар гүлденер ме тағы да?!  
Оянар ма Неруда – Акын Чили – бағынан?!  
Түрмелерге камалып жатыр Чили тағы да!  
Чили жатыр камалып түрмелерге...

Бөлшек-бөлшек жүрегі ананың да, баланың,  
Ызалы жас тұнып жанарында нәлалы.  
Дарынсыз сұм пенденің табанында,  
Жаралы –  
Соғып жатыр жүрегі Неруданың –  
Дананың!

Акын жатыр мұп-мұздай суық көрде... Бұлдырап.  
Түк айта алмай сүйікті,  
Күйікті елге –  
Тұнжырап.  
«Рухы оның ұшып жүр биіктерде!» – дейміз біз –  
Жылатуға бергісіз,  
Жұбату ғой – бұл,  
Бірақ!

Өлмейді өлең, өлмейді,  
Сөнбейді өлең оттары,  
Тірілердің қылмысын тергейді өлең-сөздары!  
Мен ғана ма пір тұтқан Акындарды – Гүлдерді?  
Менсіз де оның тарихта аты қалды!  
Күн көрді...  
Германия Гейнесіз қалған кезде,  
О, тоба-ай,  
Гитлерлер он-оңай сатып алды тұл жерді!!!

Пешке өртелді Гейненің асау жаны.  
Күс біткен  
Ұшып жатты Шығысқа... Көргендері – түс тіптен:  
Өшірілді Мрамор – Тарихына  
Алыптардың қолымен қашалғаны – штыкпен,  
Адамзаттың арымен жасалғаны – штыкпен!

Штык өлім өртіне өріс берді,  
Жалаңдап:  
Қызыл жалын жалмады егістерді тағы арбап.  
Нерудасыз Чилиді көрдің, міне, о, көзім, –  
Көрдің тағы Гетесіз немістерді,  
Адамзат!

Ақынсыз Чили – Аждаһа бейнесінде –  
Күллі адамның осы сөз кеудесінде.

Сырласуға болмайды, сөйлесуге...  
Өмір менен өлімтік белдесуде – қан ағып.  
Бір сауал тұр әркімнің кеудесінде камалып:  
«Гитлерсің бе?!»  
Жоқ, алде...  
Гейнесің бе,  
Адамым?!!» –

Бір сауал тұр әркімнің кеудесінде камалып.

\* \* \*

Ол жақта орта өзгерген,  
Өткенді көксеп, зарығып,  
Ойсыздар айтқан сөздерден  
Кеттің бе әбден жалығып?

Өмірдің көздеп төр жағын  
Ел жүрсе іші майлы боп,  
Өленді сүйген өр жаның  
Өзіңе жүр-ау қайғы боп?

Көзге ілмей сонда өзге елді,  
Өзге бір өрттен жанып іш –  
Шарлайсын киоскілерді  
Есіңді алып сағыныш,

Өрекіп сонда көңілің  
Ішінен өрттің шыққандай,  
Газеттің жана нөмірін  
Аласың сатып – түк қоймай,

Таусылып төзім, шыдам да,  
Тұрасың лағып, сандалып.  
Ондағы сатушылар да  
Қарайды саған таң қалып!

Пендесін сұмдық дәмелі,  
Қиялды шынға балайсың.  
Газеттердің де әуелі  
Төртінші бетін қарайсың.

Махаббат – жұмак әні бір,  
Есту де арман сырлы үнін;  
Таппайсың іздеп бәрібір  
Жоқ онда менің бір жырым..

Жалтақтап жатқа, досқа да  
Жас жүрек сауға сұрасың:  
Кіресің сонсоң почтаға,  
Онан да құр қол шығасың.

Көңілің қалып оңбай, шын,  
Ала алмай хабар ар ма деп,  
Кей-кейде, тіпті, ойлайсың:  
«Өмірде өзі бар ма?!» – деп.

Жоғалып кетем:  
Күллі елдің көздерінен де,  
Пыш-пыштың сөздерінен де,  
Тіршілігімді доғарып –  
Жоғалып кетем... Жоғалып...

Жоғалып кетем:  
Домбыра шектерінен де,  
Газеттің беттерінен де;  
Тіршілігімді доғарып,  
Жоғалып кетем, жоғалып...

Жөңкіліп сері адамдар,  
Залдарға думан саз қонып,  
Кафелер, ресторандар  
Менсіз де жатар мәз болып.

Жоғалып кетем қаладан,  
Жоғалып кетем даладан;  
Жоғалып кетем көңілден,  
Жоғалып кетем өмірден!

Не дейсің мендей пендеге?  
Жоғалдым...  
Басың шатылды:  
Почтаның жәшіктері де  
Ұмытқан менің хатымды!

Вокзалдан ізде боп алаң,  
Тоғысқан торап шеттерден;  
Поездан күллі жоғалам,  
Жоғалам самолеттерден!

Сол кезде мені, адалым,  
Жүрегін уақыт суытып,  
Өзіңнен басқа адамның  
Қалады бәрі ұмытып!

Адамшы сезім бұл бәрі,  
Арбалма оған, ақ таңым:  
Мен онда Адам туралы  
Поэма жазып жатқанмын...

## ТОПЫРАҚТАҒЫ ЖАЗУ

Тақаннарлық әбден бабы келгенде  
Көнбейді екен көкке күс боп ұшпаса:  
Цезарь бірде қас дұшпанын жеңгенде  
«Келдім,  
Көрдім,  
Жеңдім» – депті қысқаша.

О, Отаным! – О, Жеңімпаз Тәңірім!  
Қызыл қаның,  
Ащы жасың төгілді...  
Талай жеңдет жүргізбек боп әмірін  
Цезарь құсап...  
Келді,  
Көрді,  
Жеңілді!!!»

\* \* \*

Біз қоштастық. Содан бері қанша жыл?  
Өмір сүріп келем әлі мен сен деп.  
Айдай ару дидарынды аңсадым  
Ең болмаса бір-ақ рет көрсем деп.

Сол күндерден енді кандай белгі бар?  
Көрдім бірде түсімде: тау ішінде.  
«Мені күнде шақырушы ең, келдім, ал,  
Өңімде емес – дедім сонда – түсімде...»

Біздер – жарык дүниенің қонағы.  
Ғалияшым, Серігіңе сенші, шын –  
Тек түсімде көріп тұрсам болады,  
Өң не, түс не – бәрі де бір мен үшін!

Жатқан қуыс көкірегінде ит өліп,  
Жаралайтын жүрегінді күліп кеп,  
Пенделерді өнменінен итеріп,  
Өзімнің кеп құшағыма кіріп кет!

Түс көр өстіп... Шерімді іштей түсін де,  
Есте қалмай есер тағдыр мұңы түк,  
Мен де Сені аймалайын түсімде  
Әлемдегі әйелдерді ұмытып!

Келші, жаным... Лапылдап тән бір ысып  
Табысайық көктеменің түні сол.  
Адам деген өнінде де сүйісіп,  
Түсінде де сүйісуге тиіс – ол!

## БАЛЫҚТАР ТРАГЕДИЯСЫ

*О, люди! Где вы? Вас зову я! Вас зову!*  
**Н. Хикмет**

Бүгін бір ғажап күн екен!  
Не деген ғажап сырлы әнің:  
Күн астында Күнекей  
Қыз жайлы аңыз жырладың!

... Көкжиек,  
Шаңқан өр теңіз  
Әкелген айдап кім мұнда!  
Отырмыз Шайтанкөлде біз  
Сөз беріп Муза – бұлбұлға.



Шайтанкөл жатыр –  
Кұрлықтың  
Дидарындағы таң-шырай;  
Сұлушан деген Мұңлықтың  
Көзінен тамған тамшыдай...

Шайтанкөл жатыр еркелеп,  
Еркелеп самал еседі.  
Бір кезде... Осы өлкеде  
Топан су болған деседі...

Топан су!  
Тұнбай – селдеген!  
Қиялға бір сәт ерік бер:  
Өмірге онда келмеген  
Аманхандар мен Серіктер...

Мұхит-тын осы өңір де  
Таң қалғав тақсыр таңдар да,  
Серіктер түгіл,  
Өмірде  
Жоқ еді Ақсұңқарлар да!

Тірі жан жоқ-ты расында,  
Саф таза елі ауа да;  
Алланың жүрген қасында  
Адам Ата мен Хауа Ана,

Таянып жерге қашқан Күн,  
Еріген Мұз-тас Әлемі;  
Астында ақзер аспанның  
Балықтар ғана бар еді...

Ғаламат Дүние дір етіп,  
Өзгерген мұрат, зәуірі;  
Мұз дәуірінің күні өтіп,  
Басталған судың дәуірі.

Ауысып Күн мен Түн өңкей  
Естіген селдің отты үнін,  
Күн астындағы Күнекей  
Қыз жайлы жыр да жоқ-тұғын!

Күндейтін бәрін, жүндейтін  
Жоқ алтын... Ақша, пірі бір;  
Басканы мүлде білмеймін  
Балықтар патшалығы – бұл!

Балықтар жимай, ал, есін  
Бақытқа –  
Жүзіп кенелер,  
Жоқ еді алған зәресін  
Катерлер менен кемелер!

Бомбалар толы қарында,  
Кесапат кәрі мол, кезбе –  
Сүнтуір қайықтарын да  
Жоқ еді суда ол кезде.

Ғажайып сикыр шабыт бар  
Тәнінде,  
Жұмақ – Жер төсі,  
Жүретін шоршып балықтар –  
Тәңірдің жалғыз еркесі!

Көңілде – көктем, көңірсір,  
Рақат жырға – мол жаны.  
Су патшалығында өмір сүр –  
Жүзуді білсең болғаны!

Аспанда жүзген тарлан Күн  
Қызықтап шуыл, қылығын;  
Шартарабына жалғанның  
Шашатын уылдырығын...

Балықтар сонда,  
Құлыным,  
Білмеген еді,  
Маскара –  
Біреулер маржан ұрығын  
Айналдыратынын ақшаға...

Бір күні:  
Ғаламат Дуние шыр етіп,

Өзгөріп мұрат, зәуірі, –  
Су дәуірінің күні өтіп,  
Туды құрлықтың дәуірі!

Сондағы оның ойраны-ай!  
Тұл-аспан... Ажал-зар әні:  
Ойбай-ай!  
Ойбай!  
Ойбай-ай!  
Дүние... Не боп барады?!

Не дауа мына сұмдыққа?  
Кеудесі толы – шерлі кек,  
Балықтар жатты Құрлықта  
Желбезектері желбіреп!!!

Бәрі де кекті! Ашулы!  
Жоқ шығар мұндай еш аят:  
Көзіне оттай басылды  
«Топырақ!» – деген кесапат!

Қаннеп-қаперсіз өз басы  
Жүр еді кеше бабында,  
Жазықсыз ағып көз жасы  
Табытқа кірер шағында  
Қарады көкке;  
О бастан  
Көп құпиясын жасырған –  
Көк Мұхит сынды көк аспан  
Көзіне оттай басылған!

Балықтар жатты...  
Қайғырған,  
Шерленген,  
Тағдыр – мазағы!  
Жер – Анасынан айрылған  
Адамдар сынды азалы!

...Сол уақыт – аңыз.  
Аңызда  
Шындық бар, калкам, артын ұқ.

Сопан да кейін каншама  
Мұхиттар кетті тартылып...

Топан су!  
Солдай селдеген!  
Қиялға бір сәт ерік бер:  
Өмірге онда келмеген  
Аманхандар мен Серіктер.

Мұхиттың ұлы шебінде  
Сел қайталаған отты үнін.  
Хиросима жайлы менің де  
Өлеңім туған жоқ-тұғын...

...Шайтанкөл жатыр еркелеп,  
Еркелеп самал еседі.  
Бір кезде осы өлкеде  
Топан су болған деседі...

## ҚАРА БҰРЫМ

Қара бұрым...  
Қанша мәрте жырланды?  
Қасиетін білер оның ер кісі.  
Неге «Қара жүрек!» – дейді сұмдарды?  
Қара бояу –  
Сұлулықтың белгісі!

\* \* \*

Көзімнен адал жүрегім байқалмады ма?  
Сенбеймін мәңгі, сенбеймін сайқалдарыңа!

Сенбеймін тіпті өліп-өшкен сөздеріне де,  
Өтірік күлген жымьскы көздеріне де.

Сенбеймін мәңгі, көргенде шамданып қалам!  
Сүйіктім! Неге карайсын таңданып маған?

Серігін сенің, япыр-ау, сенгіш-ақ па еді?  
Сүйе алмайды олар ешқашан сен құсап мені!

Өксиді олар өзгені өкініп тұрып,  
Өтірік сүйіп-күйеді, өтірік күліп...

Сенбеймін! Тіпті көз салман тұр-түсіне де,  
Көз жасына да сенбеймін, күлкісіне де!

Аярга сеніп алданып, арбалып-талман –  
Осыдан бұрын оңбай бір алданып қалғам...

## ҮШ АДАМ ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

Жер бетінде – үш Адам Күн көзіне қараған:  
Ақ адам,  
Сары адам,  
Қара адам.

Үш адамда – үш бала,  
Емес олар маған жат.  
Біреу – оның есімі, біреу ғана -  
Адамзат!

Кейін  
Сол бір үш бала бес Құрлықты мекендеп,  
Бөлінуді ойлады –  
«Өмір сүру екен!» – деп.

Бөлінді олар тұмсығы  
Төбелесте шықшыт боп,  
Зырады уақыт ұршығы:  
Бөлінді олар быт-шыт боп.

Бықсып жанып тау-тасы өртке түсті не түрлі.  
Быт-шыт жердің қарғасы –  
Быт-шыт жүрек секілді!

Қанішерлер тоймады ізгілікті түтіп жеп.  
Бас та быт-шыт ойлады,  
Жүрек быт-шыт дүңілдеп...

Сыйыспаған үш бала бес Құрлықты мекендеп,  
Өлтіруді ойлады -  
«Өмір сүру екен!» – деп.

Пистолеттен жүрекке жетіп барып тоқтады,  
Даналықты көздеген Дантестердің оқтары.  
Акын шықты айқайлап:  
Марқұмдарды жоқтады

«Жоқтады» –  
Деп –  
Сотталды!  
Ол боздақ та жоқ тағы...

Қалай құртам сұмдықты жұмыр Жердің бетінен?!  
Кейде тұрып мен  
Құдай болмағанға өкінем!  
Құдай болсам құдыреті кеңістікті шайқаған:  
Мынау жаратылысты жаратар ем қайтадан!

Акын!  
Неге айтасың бос сөздерді не түрлі?  
Быт-шыт жердің картасы –  
Быт-шыт жүрек секілді!

Қанішерлер тоймайды ізгілікті түтіп жеп,  
Бас та быт-шыт ойлайды,  
Жүрек быт-шыт лүпілдеп...

Қырғи қабақ үш бала бес Құрлықты мекендеп,  
Өлтіруді ойлайды –  
«Өмір сүру екен!» – деп!...

\* \* \*

Еңіреген зарлы ұлдарың  
Махаббатқа бағынады.  
Эпостағы Тарғындарың  
Құртқа аруын сағынады.

Содан қалған ізгі өлеңдер  
Рух болып осы арада.

Әуре болып іздемендер  
Төлеген жоқ Қособада!

Жоқ ол,  
Тәнін жалын – іші,  
Үшып келіп, танып көктен,  
Қыз Жібектің Сағынышы  
Ақжайыққа алып кеткен!

Мен де өлермін дарияның  
Жағасында. Жалын – ішім...  
Пәк тәнімді Ғалияның  
Қасына апар, Сағынышым!

\* \* \*

Қустар келді.  
Қыстар келді.  
Күндер келді.  
Түндер келді.

Тағы да күстар...  
Тағы да қыстар...  
Тағы да күндер...  
Тағы да түндер...

Сені күтем жүрек лаулап жанса да,  
Әбден жүдеп, айырылып әрінен.  
Келіп, кеткен Аяз-Ата қаншама?  
Сені күтем.  
Сені күтем әлі мен...

Сені күтем, сағынышқа жан-ұя.  
Сол сағыныш ғұмырдағы жолдасым.  
Міне, отыз жыл... Сені күтем, Ғалия!  
Басқа қызды күтсем – жолым болмасын!

Сені күтем, сені күтем алаңдап  
Біздің үйде ғана сөнбей жанған нұр.  
Шырт ұйқыда жатқан кезде адамзат  
Бөлмеме осы кіріп келіп таң қалдыр!

Ақ көйлегін ақша бұлттай әдемі,  
Көрсем сені, көздерімді ашқанда,  
Саған арнап жүрген шарап бар еді,  
Сонымды атып жіберейін аспанға!

Осы күнді қанша күттім демеймін.  
Көз жасыңды үзіп... Сен де жасыма.  
Аяулымды – Анамды ертіп келейін  
Жаюлы осы дастарханның басына.

Таң қалайын өңім бе деп, түсім бе?  
Маңдайыма жазылса да ұрлық-той:  
Өмірдегі думаныңның ішінде  
Анамыздың болмағаны – сұмдық қой!

Аруына баламай бар жер-көктің  
Сені анам да күткен талай қырды ысып.  
Достарды ертіп келу үшін мен кеттім!  
Біз келгенше отырындар сырласып.

Достар келді.  
Суша шарап санырам.  
Мені әлі де тұр ғой күтіп жол-ана.  
Әлемдегі әйелдерді шақырам!  
Әйелдерсіз әсем думан бола ма?!Дарымаған тәніне от, оқ әрі  
Жігіттер де келіп, шықсын жоғары.  
Жер бетінде той түгілі, жаным-ау,  
Еркектерсіз соғыс та өткен жоқ әлі!

Біздің үйде өткен тойдың дүбірі  
Жетер елге шықпаса да Күн әлі.  
Мына әлемнен қасіретің түгілі,  
Шаттығын да жасырғандар – күнәлі!

Сені күтем.  
Сені күтем алаңдаң,  
Біздің үйде ғана сөнбей жанған нұр.  
Шырт ұйқыда жатқан кезде адамзат  
Бәлмеме осы кіріп келіп таң қалдыр!



Құстар келді.  
Қыстар келді.  
Күндер келді.  
Түндер келді.

Тағы да – құстар...  
Тағы да – қыстар...  
Тағы да – күндер...  
Тағы да – түндер...

\* \* \*

Жүрегім менін –  
Махаббатымның Меккесі ол  
Ғашықтар Планетасы ол.  
Жасын боп шыққан түнектен,  
Жырымен бүкіл ізгі көңілге түл еккен,  
Аналар менен балалар елін жыр еткен;

Рухын Күннің көретін Наян мен күректен,  
Бухенвальдтарда ашу-ызамен бұрқанып,  
Хиросимада дір еткен –  
Мен сені сүйем осындай жұмыр жүрекпен!

\* \* \*

Барады уақыт зыр қағып,  
Зырладық бірге өзіміз.  
Сонау күндерден ұрланып  
Қарайды сіздің көзіңіз.

Сүюдің азап, бейнетін  
Көремін деп пе ем ол кезде?  
Пәктіктің керім келбеті  
Тұратын тұнып сол кезде.

Үйқтаппыз. Көкте жүзді Күн.  
Көңілде – сол бір жыл ояу.  
Келіншек бопсыз Сіз бүгін,  
Мен де әке боппын, құдай-ау.

Тағдырдың ділі қатал-ақ,  
Сол шақтан белгі қалмаған.

Алдаған мені махаббат,  
Сізді де оңбай алдаған.

Сізді ертіп, не Сіз мені ертіп  
Кетпесек – кінәлі өзіміз.  
Өтірік күліп неге тік  
Қарайды өткір көзіңіз?

Пәк махаббатсыз не тірлік?  
Пенделік ғұмыр – кұнарсыз.  
Кейде... Сіз мүмкін өтірік  
Жылайтын-дағы шығарсыз?

\* \* \*

Жүректі шер ғып, құса ғып, көзімді жаңа ашқанда  
Әкемді ажал құсы алып, әкеткен түпсіз аспанға...

Тағдырдың жасы мол көзде, жасау да қиын иелік.  
Мен құлай беріп... сол кезде, анама қалғам сүйеніп!

Тірліктің тарау жолымен жүргенде жүдеп жас жаным,  
Көзімнің жасын қолымен сүрткен кеп ауылдастарым.

Жаралған жаным шуақтан – суықтан қалса қысылып,  
Достарым келіп жұбатқан – халімді менің түсініп.

Жаралап кетсе пасық кеп жаралған жанды қіл оттан,  
Рухыма менің ғашық боп бір әйел бар-тын жұбатқан.

Жырларым менің ұнаған, мен танымайтын бір адам  
Жаладан ақтап, күнәдан, жаныма сауға сұраған.

Мен – тірі. Ғұмыр сүремін қарамай тағдыр көріне,  
Бұлқынған бала жүрегім қарыздар соның бәріне.

Аң-таң ғап көп ел сұрағын алдыма тартқан талай кеп  
«Мұрап та болмай, мұғалім... Акын боп кеттің қалай?» – деп.

Бәрі де мұның ғажап-ақ, ғажап-ақ мынау сұрақ та:  
Мұрап та болып азамат жетеді асқақ мұратқа!

Бөлмегін мені елімнен: болмаса қайтем қол шебер?  
Мұрап та болар едім мен –  
Мұратым тек сол болса егер!

Ақын боп кеттім:

Тастарға шуақ боп тамып қайтсам, – деп,

Айқайлап тұрып аспанға анашым жайлы айтсам! – деп.

Даламның болып ақыны, көз салып ойы қырыма,

Ананың бәрін ақыры алыптын қосып жырыма.

Сұрама менен дерегін, айналды дерсің, о, демде,

Ошағым жәйлі өлеңім – Отаным жәйлі өлеңге!

Түсіне көрші сырымды, шабытым алып ұшқанда:

Достарым жәйлі жырымды оқуым керек дұшпанға!

Жаралап кетсе пасық кеп жаралған жаңды кіл оттан,

Рухыма менің ғашық боп бір әйел бар-тын жұбатқан.

Деймін мен сол бір аруға:

«Жаныңды мұнға жеңдіріп қызғана көрме! Қой енді...

Сен жәйлі жазам деп жүріп

Жырлаптын бүкіл әйелді!»

Қанатты жырым жүреді сені іздеп, ұшып, қараңдар:

Бір соққан ізгі жүрегі, мен танымайтын адамдар!

Соғыстан, өрттен өлермен кеудеңде жүр-ау дерт өріп,

Өздерің жәйлі өлеңнен кетем-ау бір күн өртеніп!

Қанбайды ұйқым бал таңда кеудемнен жалын от өріп,

Жер шары – бала – арқамда, келемін соны көтеріп!

## АТОЙ

### Р.Қошкарбаевқа

Сұмдық пенен құлдықтың қараң бәрі:

Замандардан ауысып замандары,

«Аттан!!!» салып келеді ел.

Сол дауыстан

Күңіренген Кронштадт камалдары,

Рейхстаг алаңдары!

Кіжінеді әлі де айбат қылып

Аяр күштер жатса да жайрап, құрып.

Қайнайды ішім қазандай,

Талай жерде  
Тілсіз қапшып... Тісімді қайрап тұрып...  
Замананың шерте алмай зарлы мұнын  
Көкірегімде кептеліп қалды ма үнім?  
Мен де – тарих пешінің тандырымын.  
Түсінікті, тылсым шер, сырың маған,  
Мынау жырлар – жүректе шымырлаған -  
Шабуылдар,  
Сендердің жаңғырығын!

## АЗА ЖЫРЫ

Поэзия! – Акынның алтын тағы!  
Жендет оғы төбеннен сартылдады...  
Күн бұзылып, Жер беті салқындады,  
Азап шекті-ау Акынның жарқын жаны.

Чили – өртте.  
Денесі жанып-ысып  
Нерудасын іздейді алып-ұшып.  
Бұл – оның мәңгі өлмейтін сағынымшы.  
Гүл иісі құрыған... Қан иісі...

Қайран Чили! Отаны батырлардың!  
Ошағы едің гүл-ару, шат-ұлдардың...  
Хунта – Тозак! Өртімен лапылдадың!  
Қайран, Чили... Қиналып жатыр жаның:  
Фашизм – азабы адамзаттың,  
Фашизм – ажалы акындардың!

## ДЖУНГЛИ ХИКАЯСЫ

### I

Джунгли бүгін шошып оянды...

Қараса таң гап адамдай мас болған түстен:  
Жүз бала ұлап-шулап жүр! Аспаннан түскен –  
Түр-түсі, нәсіл ныспы, түп-заттары – бөтен  
Сайтанның сапалақтары ма екен?!

Бір шал жүр және... Рухы – тұл, тұл есімдері  
Кебінді киген тарихи күресіндегі.  
Сұмнан қалай бұл құтыла алармын:  
Ел түгіл, тіпті жел білмес құпияларын  
Жер басып әлі жүр ме едің, сұркияларым?!

Бұл – Доктор... Қашқын – қаракшы күнін көріп тұл,  
Зәресі ұшып сотынан Нюрнбергтің  
Паналап қара орманды, қарайып қаны,  
Елестеп көзге фашизм «ғажайыптары»  
Жасақтап жатқан жан алғыш жүздігін кекті.

Дәріден... Жасап шығарған... Жүз жүгермекті,  
Жүз жүгермекті – ұрандар ұрысқа кіріп –  
Жаһанға жауып жібермек құмырсқа қылып!  
Әуелі – жүзі... Аянышты, күлкілі ме әрі?  
Миллион болып шығады бір күні бәрі!

«Майн кампф» деген шатпақты құрандай құндап,  
Жұмады көзін жүз бала ұлардай шулап!  
Доктордың арбау-дұғасын құрандай құндап  
Жұмады көзін жүз бала ұлардай шулап...  
Өш еді олар Адамға, өш еді бәрі.  
«Жаһанды жаулап аламыз!» деседі бәрі.  
Жүз бала! Аттың ойнайды құлағында әлі...  
Доктордың жеңдеттері гой мынаның бәрі!

## 2

Бір күні джунгли... Жүз бала тарпа бас салған  
Естіді шалдың дауысын! Жанталасқаннан  
Шыңғырды сорлы естіргіп алапқа мынау:  
«Жазығым бар ма, жазығым, қарақтарым-ау?..  
Құлындарым-ау! Мұның не? Сенесіндер ме:  
Әкен де менмін! Шешен де... Көресіндер ме?!  
Қалайша маған тағы да тас атты жалған...  
Менмін сендерді дәріден... Жасап шығарған!!!» -

«Өтірік! – деді жүз бала – Қалтырамаңыз!  
Әкеміз – қан-жын... Алтын – анамыз!  
Сен түгіл, Бүкіл Әлемді тартып аламыз!  
Өтірік айтпа! Өлтіріп жан аламыз біз.

Адамның қаны мұхиттай саудап ағатын,  
Күніміз жақын жаһанды жаулап алатын!  
Біз – жүзбіз! Ал, сен – біреусің... Өшір үніңді!  
Асамыз дарға! Басамыз есірігінді!»

«Өлтіре көрме! Күн көзін қимағаның ба?!  
Жазығым менің тіршілік сыйлағаным ба?!» -

«Өшір үніңді! Жер-жаһан – жанарымызла!  
Әлсіздер құлап жатады табанымызла!  
Құрлықтарыңнан құрлыққа ұшамыз біздер.  
Ғаламның сұлу қыздарын құшамыз біздер!  
Көрінген итпен бір інде илектеспейміз.  
Бүкіл дүниені бүктіріп, билеп-төстейміз!»

### 3

Жүз бала шулап келеді! Басталған бүлік:  
Тарихты, бізді құртпақ ол тас-талқан қылып!  
Қорқамын осы құбыжықтан! Қара қандары,  
Секілді инкубатордың балапандары,  
Сұмдықтар бар-ау ғаламат ғаламда мынау!  
Джунгли! Сен... Бір пәлеге арандалың-ау:  
Өртеніп кетер ме екенсің, қара орманым-ау?!  
Төртінші дүниежүзілік қырғын соғысты  
Мыналар бастап жүрмесін – адамдарым-ау?!

## БЕРІКБОЛҒА

Аппақ дүние – ақ пілдің сауырындай,  
Қыс та келді, лебінің ауырын-ай!  
Төмпешік боп қырқада, тәнің мұздап  
Мәңгі ұйқыда жатырсың, бауырым-ай!

Бүршік жарған көгі едің Күн иенің,  
Тез солдың ғой, кайтейін, күйінемін.  
Заман біткен орынын толтыра алмас  
Адам біткен – қонағы дүниенің.

Жаз бен қыстар жылда өстіп ауысады,  
Жаңа ұрпақтар өмірмен қауышады,  
Сайран өңір өзінді елестетіп,  
Қайран өмір төзімді тауысады.

Көктем келер, қар да ерір, жылына күн,  
Көк те шығар көтеріп тұлымшағын,  
Жан-жануар оянар жамырап,  
Тек  
Сенің ұйқың – мәңгі ұйқы, құлыншағым.

Осы өмірдің тұлғасы болсақ-тағы,  
Екі бөлер ертеңгі жол шатқалы,  
Шағылысып келеді Күн нұрына  
Сағыныштың мөлт еткен моншақтары...

## КАРДИОГРАММА

Өлең өзін өмірге елші етеді.  
Ақ-қараңды қапысыз өлшетеді.  
Ақ қағазға түскен жыр, айналайын,  
Жүрегімнің жүрісін көрсетеді.

Бара жатып бас лағып, өліп-құрып,  
Өзегімнен өмірге өріпті үміт.  
Өзіме-өзім кей кезде тәуба қылам  
Жүрегімнің жүрісін көріп тұрып.

Қалай-қалай соғалы, қайран жүрек,  
Аман-есен Жер Күнді айналды деп.  
Өзегіме өксік шер байланды кеп...  
Қалай-қалай соғалы, қайран жүрек.

Ер салғалы Пегасқа-күреніме  
Пенде емес ем қараған түр-өніме;  
Сөйтсем, жүрек айналып ақ паракқа,  
Ақ парағың айналған жүрегіме.

Өлеңдерім-өрімім, сабаздарым,  
Ар-ожданым!  
Өзім кетсем өртеніп...  
Жүрегімді  
Тастан кетем сендерге, қағаздарым...

Тәнге күннен күміс бір шуақ тамып,  
 Тіршілік өз міндетін тұр атқарып.  
 Сүйікті боп жат жанға,  
 Ұнап калып,  
 Өстіп... Қатар жүреміз... Қосылмайтын  
 Шойын жолдың табаны сияқтанып!

Бірімізге біріміз кішірмейміз,  
 Жүрегі жоқ гранит мүсіндейміз.  
 Бізге дейін көп пенде түсінбеген,  
 Біз де тағдыр тәлкегін түсінбейміз.

Мұз күрсанған бір шер бар ішімізде.  
 Суық қарап жазмыштың түсі бізге;  
 Жат төсекте, жат жанмен аймаласып,  
 Бір жағамыз екеуміз түсімізде.

Ақыл толы алтын бас самғап әрі,  
 Өзіне-өзі қартайып, таң қалады.  
 Дейміз: «Балам, алданба, сүйген кезде!»  
 Ол да бірақ оңбай бір алданады.

Бәріміз де жастықта отпыз жалын,  
 Елемейміз тағдырдың оқты ызғарын,  
 Қайдағы бір қайранға соққызғанын.  
 Олар бізді тыңдай ма?  
 Бір кездері  
 Біз де ешкімді тыңдаған жоқпыз, жаным...

## ДАУЫС

### Ж.Кәрменовке

Жүріп келемін. Дүбірге сніп бұл маң  
 Ғаламаттармен қауыштым.  
 Өмір дегенің – күніреніп тұрған  
 Даласы дыбыс, дауыстың.



Таң калып карап ғаламға таныс  
От ойнап жанды көзімде,  
Далам да – Дауыс!  
Ғалам да – Дауыс!  
Дауыспын менің өзім де!

Дауылдарға еріп көшемін демде,  
Телегей теңіз – тер деген:  
Түс көріп жатсам төсегімде де  
Дауыстар маза бермеген...

Жүріп келемін, жанарым – тамшы,  
Жүк толы жүрек зырқырап,  
Даламның Даусы, Ғаламның Даусы  
Заманның Даусы шырқырап!

Таң калып карап ғаламға таныс,  
От ойнап жанды көзімде:  
Далам да – Дауыс!  
Ғалам да – Дауыс!  
Дауыспын менің өзім де!

\* \* \*

Аман ба, Тәте, армысыз?  
Аспанда жүзген Ай – көңіл...  
Үстінде Жердің бармысыз?  
Армысыз, анам, әйтеуір.

Кейінгі кезде күстәна  
Боп кеттім неге мұнша мен?  
Төбеңнен өткен құстан да  
Жүрсін бе жолдап бір сәлем?

Уақыт-ай, зулап ұшқан кеп,  
Ұрлайды-ай күнде жамалын.  
Сіз жақтан-дағы құстар кеп  
Көктемнің берді хабарын.

Ақсоран жаққа ұшқанда,  
Отыра калып жүремнен,  
Төбеңнен өткен құстан да  
Сан сәлем жолдап жібергем.

Сол құстар, Тәте, барды ма  
Көктемді алып жетекке?  
Қаңқылдап, шулап қонды ма  
Ақжарық деген бекетке?

Кеттім-ау, Тәте, алыстап,  
Жүдеме, ойлап, күрсінбе.  
Өкпенің дерті тағы ұстап,  
Талықсып қалып жүрсін бе?

Күркілдеп жатқан кеудеңде  
Қандай дерт екен, анам-ай?  
Ажалдың құсы келгенде  
Әкем де кеткен қарамай...

Күдіктің зілдей тауын да  
Көтеріп келем бекем бір.  
Бәрін де тастап, ауылға  
Аттанып кетсем бе екен бұл?

Білгендей соны: «Қолынан  
Бал ашамын» – деп, шаршамай,  
Тұрады күтіп жолымнан  
Цығанның қызы қаршадай.

Тыңладым ұйып болжамын:  
– Әулием, айтып бергін, – деп.  
Сөзіне ылғи сол жанның  
Тұрады, Тәте, сентім кеп!

Аман-сау екен ел-аймақ.  
Әулиен айтып тұр, міне:  
Болжады цыган мені ойлап  
Көз ілмей жүргеніңді де.

Деді ол: «Жағдай қиын, көр:  
Дімкәстау екен шешенің.  
Тағы да біраз... тиын бер  
Оның да мәнін шешеміз!»

Жанымның бұлтты аспаны  
Нөсерлер пері кезі кеп:

«Алыптыз мынау ақшаны!  
Айтыңыз – деймін. – Тезірек!»

Қартасын жайып жаңадан  
Шомды ойға цыган не түрлі.  
Үстінде жердің әлі аман  
Жүрген бір тәңірі секілді!

«Сеніңіз мендей пендеге,  
Жүрегі адал десеніз:  
Міндалар болмай емге де  
Сауығады екен шешеңіз!»

Сөйлейді цыган шабытты,  
Қалтасы бүгін олжалы.  
Болашағында бақытты  
Болатыныңды болжады!

Тыңдадым ұйып болжамын  
– Ерікті саған бердім, – деп.  
Сөзіне ылғи сол жанның  
Тұрады. Тәте, сенгім кеп...

Уақыттың шеру, дүрмегі  
Барады алып шығанға.  
Көрінбей...соңғы күндері  
Із-түзсіз кетті цыган да.

Іздеймін соны көшеде,  
Көзіммен тінтіп...  
Не екен бұл?  
Адамды сендірмесе де,  
Алданыш керек екен бір!

Қонақжай әдет-ғұрпы мол  
Жанына тұрған жарасып –  
Ауылда жүр ме, мүмкін ол  
Енді еркін маған бал ашып?

Иесі – жел ме, дауыс ма,  
Дегбірсіздердің бірі екен.  
Қалайша біздің ауылға  
Қаңғырып бармай жүр екен?!

Сан жерде ұлың сыналған  
Тап болып тағдыр кермесі.  
Мен жәйлі ешбір цыганнан  
Ештеңе ести көрмесі.

Қыран боп шынды шолам мен,  
Кеудеме шабыт конған сон.  
Адамның ұлы болам мен –  
Анамның ұлы болған сон!

«Шуакка менің мол жаным...» –  
Десе егер біреу, мен гүлдеп:  
Сөзіне ылғи сол жанның  
Тұрады, Тәте, сенгім кеп!

Біреулер бөгеп жолымды  
Жүрсе егер: «Құдай атты!» – деп.  
«Алыңыз – деймін – қолымды!  
Айтыңыз, – деймін – ақ тілек!»

Кім білсін, осы сөзімді  
Ұқты ма ол, жанға жақты ма?  
Арбап кеп менің көзімді  
Алдап кеп... Оғын атты ма?!

Кім білсін, осы бәрінен  
Қиындау... Қайтпін жан бағам:  
Алданып келем әлі мен,  
Әлі де қанша алданам?!.

Таныс көп, Тәте, менде де  
Дейтұғын: «Кетпес есеңіз,  
Сеніңіз мендей пендеге,  
Жүрегі адал десеңіз!»

Сенемін. Ұқпас мені кім?  
Үмітке жаным кенелді:  
Адамға деген сенімім  
Алдасмас мүмкін мені енді...

## XX ҒАСЫРДЫҢ ЖИЫРМА СӘТІ

### АВТОРДАН

Бұл жырдың алғашқы нұсқасы 1978-ші жылдың қаңыр күзінде Қарқаралыда, Жиренсақал тауының етегінде қағазға түскен. Қолыма қалам алғалы жанымға маза бермеген жыр еді. Өлеңнің отымен данылдан, өртеніп кеткелі жүрген кезіміз, ет қызуымен алғаш рет Ахаң (Ақселеу Сейдімбек ол кезде республикалық басты газет «Социалистік Қазақстанның» әдебиет және өнер бөлімінің меңгерушісі) көрсетіп едім: «Серік-ау, біз поэма түгілі, өлеңнің өзін қатал тезден өткізіп, әрең жариялаймыз ғой... Тастан кет» – деген.

Тастан кеттім...

Содан бұл туынды 1983-ші жылы «СҚ»-ның төртінші бетін түгел алып, «Күрлықтар» деген тақырыппен жарғанның жарығына шықты. Атағмыш қолжазба сол бес жылдың ішінде қандай өткелекпен өтті, оған аузы дуалы қай көкеміз қандай лебіз айтты немесе нендей қатал үкім шығарды – мұны бір Ахаң білмесе, басқа ешкім білмейді...

Басы дауда қалған қолжазба Қазақстан Жазушылар Одағының поэзия секциясында қызу пікір туғызып, сол кездегі цензура мен редакторлардың сүзгісінен әрең өтіп, 1984-ші жылы «Жалын» басысынан әзер дегенде жарық көріп еді. Әдеби орта, жыр сүйер қауымы қуана қабылдап, Ғафу Қайырбеков бастаған, Кеңшілік Мырзабеков, Жұматай Жақыпбаев, Күләш Ахметова, Ұлықбек Есдәулетов хоштаған жылы лебіздер айтылды.

Содан бері аттай 28 жыл өтті. Қоғамдық-экономикалық-саяси формациялар ауысты. Бодан жұрт азат елге айналды. Алланың алқап, әруақтың жебеуімен менің маңдайыма XX ғасырға XXI ғасырдың көзімен қараудың қаракеті жазылған екен – Тәңірге тәуба деп жүрмін. Сол жырдың өзіміне кемеліне келді-ау деген соны һам соңғы нұсқасын алдарыңызға тартып отырмын.

Қазақ жырының қызғыш құсы Ақселеу Сейдімбекке арнадым бұл еңбегімді. Отыз жыл бойы осы жырдың азабын мен қалай тартсам, Ақселеу ағам да менен кем тартқан жоқ-ау деп ойлаймын.

## МЕН – ЫАС САҚТЫҢ ҚАРА ӨЛЕҢІ

*(Пролог)*

Мен –  
Ыас Сақтың қара өлеңі,  
Қанды сүргінде жүрсем де,  
Қалған кезім жоқ жақ ашпай,  
Арғымақ – Пегасқа мінсем де,  
Арттағы жұрттан адаспай!

Жалғанда, жалған, жалғанға,  
Сүйіне кіл жаным, күйіне бір;  
Ат үстінде әуелетіп әнге салғанда,  
Тілі байланып, жаяу сандалған Дүние –  
Бұл!

Абдырап бір кез қалдым ба,  
Аузыма ұстап Алладан түскен ой легін?  
Алдияр біткеннің алдында  
Айдаһардай айбарланып сөйледім!

Жаһанның етегін жұлқына түріп,  
Көкжиекте көшем кеп,  
Қара аспанның қара бұлттына кіріп,  
Саудалым қара нөсер боп!

Арқадан Аспанға жүгіріп,  
Қанатты бұлтқа сүйгіздім,  
Хафиздің жұпарын сіміріп,  
Пушкинді тарыдай қауызыма сыйғыздым!

Кәуірге көрсетіп мысымды,  
Ақ бұлттан түсіп, малдас құрғанда қас-қағым;  
Ол арағын ұсынды.  
Ішіп, –  
Құсып тастадым!

Қара бұлтты жарып, қара шаңырағыма кеп түстім,  
Жасынмен жанып даланы,  
Көк Тәңірді бетке ап, Көкке ұштым!  
...Артымда, бірақ, Алашым қалып барады...

## I. МИДАҒЫ СЫНАҚ

Ақ патша тактан құлады,  
Алашқа келіп Азаттық –  
Мағжандарымды сынады –  
«Халық жауы» деп – мазақ қып!

Таптарға, топқа бөлшектеп,  
Ананы сүй деп, – мынаны –  
Капитализмді көрсетпей,  
Социализмін – сынады.

Мұнымен сынақ біткен жоқ,  
Сынады қоймай түгімді:  
Елтайлар шығып иттей боп,  
Еліне қарсы жүгірді!

Ағаңмын десе, – досын да, –  
Қазақтың бар ма күмәні.  
Ермақты сынап осында  
Қолбiнiн кoса сынады.

Зұлмат дүние түнеріп,  
Біз жаққа қарап тұрады.  
Күшігін көкке жіберіп,  
Жердiн серiгiн сынады.

Замана тығырыққа тіреліп,  
Сахара іштен тынады.  
Миына Әзәзіл жіберіп,  
Мұқағалидың басын сынады.

Сақылдап жер-көк сайтандай,  
Солқылдап соғып сом жүрек, -  
Қазақтың миы шайқалмай,  
Ғаламат ойға шомды кеп:

«Сынадың. Ал не болды?!» – деп.

## 2. АЛТЫННЫҢ АРБАУ ЖЫРЫ

*Алтын айтты: «Сатып алам...»*

*Болат айтты: «Тартып алам!».*

*А. Пушкин*

– Үстінен аттап ұяттың, акыл, арлардың,  
Адамның өзін азғырып сатып алғанмын!

Адам – кім?  
Мен – кім?!  
Білсең – айт, неде күш, пенде?  
Қайтадан сатып жіберем –  
Ерегіскенде!

Жүр екенсің-ау, кәріме жолықпай, мүлдем,  
Пушкаңыз түгіл –  
Пушкиннен қорықпаймын мен!

Тістенбе босқа ерінді қыршып:  
Елінді быт-шыт еткен – Мен!  
Жерінді – быт-шыт...

Қорықпаймын мен жыланның ордаларынан,  
Сутегі,  
Атом,  
Нейтрон бомбаларынан!

Мені еске ал, пендем, шықса олар ойнақшып алдан:  
Бәрін де соның өзіммін –  
Ойлап шығарған!

Патшалар – менің бөбегім.  
Желкелеріңе  
Мініп алса да тиге сол еркелеріме!

Жендетке тисен –  
Тиеді ызғарлы лебім:  
Ойнастан туған ұлым ол, қыздарым менің!



Солдаттар Менің құлдарым ер үстіндегі.  
Соғыс тәңірі өзіммін Жер үстіндегі!

Өледі олар – Мен үшін! –  
Назалы немем,  
Сен үшін – Ақын, жетеді –  
Азалы өлең..

Солдат тәндері жүзімді бүркемелейді.  
Өлген құлдарға өмірі күн төлсебейді!!!

Сұлулар – менің катыным!  
Өсек пе, қалай?  
Жүзік боп барсам жүргізем төсекке қарай...

Баһадүрден де қаймықпас байқа түрімді,  
Жерге де батыл айтамын –  
Айтатынымды:

«Қара жер! –  
Деймін –  
О, менің қайран сарайым!  
Дәуренім барда басымда – сайран салайын!»

Сұлуың Джоконда ма?!  
Қайтып көрейін?!  
Оның да құнын шотқа сап айтып берейін!

Мен –  
Алтынмын!!!

### **3. ЯМАН ТАЙПАСЫНЫҢ СОҢҒЫ ТҮЯҒЫ**

#### *Интервью*

– Алмас қылыштан аумай қалыпсың тот басқан...  
Найзағай сынды көздерін қайда от шашқан,  
Сөздерің қайда дуалы,  
Яманның Соңғы Тұяғы!

– Жансыз!  
Түріме карамайсың ба?  
Жүрегімде – ұрпақ наласы.

Өлерде... Тағы! Табалайсың ба,  
Цивилизацияның баласы?!

– Рафу ет...  
Ұрпақ саралайды кеп,  
Сұм ниеттерді желіккен.  
Адамзат мені табалайды деп,  
Қаралайды деп...  
Ойлайсың осы неліктен?

– Жүрегіме өшпес кара таңба салып...  
Қанымды төккен Сайтанға:  
«Адамзат мені алақанға салып -  
Аймалады!» –  
Деп айтам ба?!

– Жем боп барамыз үшқары ұғымға,  
Мен – Сізді, мені – Сіз ұқпай,  
Қамшының сабындай қысқа ғұмырда  
Өттіңіз түкке қызықпай?

– Жерді қан-жынға кім араластырды!  
Тұрған ердіңді жалақ қып –  
Сары Алтыныңды – Сары Албастыңды  
Кетермін мәңгі талақ қып!

Көзіңді аш!  
Қара – молаларыңа!  
Қара бұлт торлады алаңты!  
Нейтрон дейтін Зобалаңына  
Айырбастамаймын Садақты!

Аспанды сенше құша алмадым мен...  
Жалайды беріш ділімді:  
Сүйемін Ұлы! Ұшан Далам мен  
Көгілдір Кеңістігімді!

Сол кеңістікте қала бермекпін,  
Бір Рух жебеп денені.  
Далада – тудым.  
Далада – ер жеттім.  
Далада өлгім келеді!

Өле-өлгенімше бас нетін мекен  
Көзімнен ұшып бара ма?!  
Далада туғаным – қасыретім екен:  
Өлетін шығармын – қалала?!

– Ашулысың ғой?!  
– Қабаған итше шабынсам келіп, сен бала:  
Тарихи-Тағдыр талаған итше!  
Тайпадан қалған – Мен ғана!

Ғасырым біткенде қасыма келгенсің,  
Күн нұры, гүл де маған – жат.  
Менің күнімді басына бермесің...  
Басыңа бермесің, Адамзат!

– Түсінем:  
Үрпақ сыр тартар арып,  
Қырғыннан осы, досым-ай;  
Бір адам емес-ау, бір тайпа халық!  
Кете ме құрып – осылай?!

– Сөзіңнің тұрмын төркінін танып,  
Ұмытып ұждан, Құдайды,  
(Адамзат – қызық!);  
Өлтіріп алып –  
«Өлтірген – кім?!» –  
Деп сұрайды!

#### 4. АҚТОҚТЫ – 37

*Фатима Ғабитованың аруағына бағыштадым*

*М.О.Әуезов атындағы академиялық қазақ драма театры  
Сахида – Ғ. Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқты» трагедиясы.  
Ақтоқты Ақанға жазылып тұр:*

– Әрі ақындық, әрі бақыт  
Сыймас болса бір жерге –  
Заманыңның салты сол да  
Көнейді де бәріне...

*Бұл Ақтоқтының өзін-өзі өлімге қияр сәттегі ақтық монологы. Спектакль тұңғыш рет 1942 жылы 10-наурызда қойылды. Бұл кезде сталиндік репрессияның құрбаны болған арыстарымыздың жесірлері ГУЛАГ-та жүрген еді...*

*Олар премьераны көре алған жоқ.*

*Кейін Фатима шешеміз Ақтоқтының осы монологтарын естігенде қандай күйде болды екен деген ой мазалайды мені...*

Есе алды да ессіздік пен есірік,  
Көз жасы ақты – көктің түбі тесіліп.  
Ақтоқтылар Алжир дейтін Түнекте  
Шырылдады бұрымдары кесіліп!

Керуен бастап кердендеген кесірмен –  
Жендет біткен келеді ойнап жесірмен:  
Алжир дейтін Алапаттың ішінде –  
Ақтоқтылар – бұрымдары кесілген!

Көз алдымда тікірейген тұлымы,  
Құлағымда шыр-шыр еткен түр үні.  
...1956.  
Келе жатыр кімді іздеп –  
Ақтоқтылар – түсіп қалған бұрымы?!!

Ақандар жоқ.  
Алаш та – жоқ!  
Туыс та...  
Кімдер оны қарсы алады гүл ұстап?  
Алда – тұман.  
Артта – жендет қалды ғой.  
Арулардың бұрымдарын уыстап!

Тозаң басқан том-том істі ақтарып,  
Мен де қалдым шежіре боп қатталып.  
...Бұрымдарын тастап Сұмның қолына.  
Ақтоқтылар бара жатыр –  
Аттанып!

Хош, Арулар!  
Мен де кетем жақында,  
Мәңгі сұмыр жазылмаған ақынға:

Адамзатқа айтып кеттім,  
Кесілген –  
Арулардың бұрымдары хақында...

Актоқтылар!  
Қос қолымды ал –  
Қош болыңдар!!!

## 5. ТҮН ЖЫРЫ

### *Палестина: араб аңызы*

Түн еді.  
Кеткен Күн сүнгіш...  
Түн еді – марғау, еріншек.  
Сезінді кенет бір сұмдық.  
Ұйқылы-оюу келіншек!

Түсі ме:  
Онын... Жоқ үні.  
Қолы жоқ кара шашында –  
Жарының жылы орыны  
Суынып қатты қасында.

Сипалап көрді карманып,  
Жүрегін шымшып сан күдік:  
Түн ортасында сандалып,  
Қай жаққа кеткен қаңғырып?

Тұрды атып!  
Ес жоқ әйелде!  
Көз алды – түнек... Көрінбей..  
Сезімтал бар ма әлемде  
Әйелдің жүректеріндей?!

Жаркылдап оты жанардың  
Жүгірді, тәні – діріл-ді.  
Жердегі жатқан Адамның  
Бас сүйегіне сүрінді!

Түн – кара, түсі – көмір-ді,  
Жасырған күнә, айыбын.

Бұған бір пәле көрінді,  
Ояту керек қайынын!

Таң калып әйел, сандалып,  
Мың күдік мида көшеді.  
Жүгірді сорлы қарманып –  
Оның да бос тұр төсегі!

Зауалдың ойран шағы – бұл,  
Жүгірді, тәні – діріл-ді.  
Жердегі жатқан тағы бір  
Бас сүйегіне сүрінді!

Құдзйдан күтті қайырым,  
Аруақтарын ауызға ап:  
Күйеуі менен қайынын  
Кетіпті біреу бауыздап!

Түн жұтып шыдам-тағатын  
Жүрді естен танып сол кезбе.  
Қара түн әлі қанатын  
Жимаған еді ол кезде.

Қарманып жүріп бос тамды,  
Көңілден көшіп ұйқы абат,  
Басы жоқ жетім қос тәнді  
Ақыры тапты-ау синалап...

Ол – ессіз!  
Бейбақ ол бүгін,  
Тұтқыны азап – түрменің.  
Есінен танған сорлының  
Қараңыз не істеп жүргенін:

Әйелде дегбір қалмады,  
Қайғысын шерлі қосты әнге.  
Қос басты әкеп жалғады,  
Жердегі жетім қос тәнге.

Жүрегі тулап аһ ұрып,  
Үмітті жаны малдана,  
Жалғыздан-жалғыз отырып,  
Жалынды зарлап Аллаға.

Зымиян, тілсіз қара түн,  
Әкелмек оған тағы не?..  
Қара түн тылсым қанатын,  
Жимаған еді әлі де.

Аллаға айтқан арыз ғып;  
Азанын бар ма төлемі?  
Айтатын Атам аңыз ғып,  
Мшеки, соның өлені:

«Өмір бер, Тәңірі, еркінмен  
Тіршілік қозғап қанына —  
Күнәһар жандар өлтірген,  
Күнәсіз боздақтарыма!» —

Басқа ылаж сонда қалмаған —  
Жалынды!  
Үні зарлы еді.  
Әйелдің тілін алмаған,  
Әлемде пенде бар ма еді?!

Жалынып жайса жүрегін,  
Қанішер келіп қандаған,-  
Тәңірі оның тілегін  
Тәрк етіп тастай салмаған:

Болмапты әуре бос боздап,  
Белгісіз – нендей себептен —  
Үйқтаған жандай қос боздақ  
Оянып кетті кенеттен!

Тауысып шыдам-тағатын,  
Бәлмеге аппақ нұр жағып,-  
Қара түн жиып қанатын,  
Таң кіріп келді ұрланып:

Шынғарды әйел!  
Жан үні  
Естілді тіпті әріден:  
Жарынын басын таныды —  
Қайынының қыршы тәнінен!

О, зауал!  
Ұқпас мәнін де:  
Көзінен аққан жасы күр –  
Жарының жарқын тәнінде  
Қайын баланын басы тұр!

Осы да, ойбай – тірі ме?  
Зауал түн!  
Сайтан!  
Сайқал-ай!  
Бірінің басын біріне  
Кигізіп қойған байқамай!

Орны ауысып жер-көктің,  
Талады күдік арын кеп:  
Осынау екі еркектің  
Қайсысын құшпақ «Жарым!» деп?

Жер-анам!  
Келем еңбектеп,  
Қойынды вишы, шошымай,  
Сені де талай жеңдет кеп  
Кескілеп кетті –  
Осылай!

Бөлінген адам құлдыққа,  
Бөленген үлде-бүлдеге,  
Бөлінген үйге,  
Құрлыққа,  
Бөлінген түрге,  
Түрмеге!

Тағылық неткен көп еді!  
Бас та көп,  
Бастан қылыш көп.  
«Батыс!» – деп біреу бөледі,  
Бөледі біреу: «Шығыс!» деп.

Сыймайды жұрттың бастары  
Өш олар, неге кекті олар?!  
Быт-шыт қып бөліп тастады  
Геттолар менен секталар!



Үмбетің едім мен Сенің,  
Сүтіңе ернім шөлдейді.  
«Жер-Анам жалғыз!» – деуші едім,  
Ел маған бірақ көнбейді.

Секталар шулап қырғынмен,  
Геттолар жатыр атысып,  
Сол әйел құсап тұрмын мен,  
Есімінен танып,  
Шатысып...

## 6. «ҚЫЗЫЛАРАЙ» КОЛХОЗЫ. 40 ӘЙЕЛ... 4 ЕРКЕК

1944-тің күзі еді,  
Муза елі болатұғын –  
Мұз елі...

Соғыс келіп айналдырған тоз-тозға,  
«Қызыларай» дейтін біздің колхозда  
Той боп жатты.  
(Әлде менің түсім бе?):  
40 әйел...  
4 еркек бар ішінде.

Той боп жатты.  
Жалған сөздей бейне бір  
Таң қалмашы. Өтірік сөз – маған жап.  
Адам деген жылап жүріп, кейде бір –  
Күле білген...Неткен гажап – аламзат!

Той боп жатты.  
(Әлде менің түсім бе?) –  
40 әйел...  
4 еркек бар – ішінде...

«– Бұл немене? – деме – Бұл не? Ода ма?!»  
Той боп жатты.  
Шарапсыз той бола ма?

Тығырыққа тіреліп,  
Осындайда тәндегі мұз бір еріп,  
Ол кезде жұрт жұтатұғын бөшкеден,  
Ожауларын малып-малып жіберіп!

Өмір сүріп жүрген сынды түсінде,  
Бақыт үшін ішті,  
Қайғы үшін де!  
40 әйел...  
4 еркек бар – ішінде.

«Бұл немене? – деме – Бұл не? Ода ма?»  
Той боп жатты,  
Ән-күйсіз той бола ма?

Сұңқар жайлы ән айтылды – сенгісіз, –  
Адам жайлы ақиқатқа бергісіз!  
Жыл құстары қайтып жатты қанқылдап,  
Орала ма,  
Оралмай ма –  
Белгісіз...

Муза елі болатұғын – мұз елі.  
1944-тің күзі елі.

«Бұл немене? – деме – Бұл не? Ода ма?»  
Той боп жатты,  
Әзілеіз той бола ма?

Не боп кетті сол күлкінің ақыры:  
Әдіре қап кенет жұрттың шат үні,  
Шыдай алмай 36 әзілге  
Шарт-шұрт сынды 4 еркектің қатыны.

Әлі есімде зіл-заласы көздегі  
Тәртеуінің – сондағы айтқан сөздері:  
«Қалай-қалай күлесіңдер, әй, қарлар?!  
Кесір шалған!  
Жесір қалған сайқалдар!!!» –

О, сұмдық-ай!  
Мынау неткен кесірлі үн?

Сонда бірі 36 жесірдің  
Айқай салды:  
«Тарт тілінді!  
Ардағым –  
Оралады аспанымда барда Күн!  
Соғыс кімнің шайқалтпаған шаңрағын?!  
Соғыс кімнің жұтатпаған Арманын?!  
Оралады Ардағым...

Тарт тілінді!  
Қара Айдай көркіме!  
Кім көнбейді Ару жанның еркіне?  
Сырлы аяқтың сыры кетсе –  
Сыны ма?!  
Тие берме...  
Тие берсен жыныма...  
Ал, осыдан оралмаса күйеуім,  
Мына отырған 4 еркектің біреуін, –  
(Азар болса – атанармын бір бұзық!)  
Алдап –арбап,  
Адам үйге кіргізіп !»

Сол-ақ екен:  
Таптап арды,  
Ұятты –  
4 әйелдің 8 қолы тап берді  
Сол Мұңлыққа –  
8 жылдан сияқты!

Қара түнек қатып қалмас – ашылар,  
Қара жүрек қай қылмысын жасырар?  
Қайда кеткен ұды Ұят!  
Асыл Ар?!  
Сол 8 қол көз алдымда тұр әлі –  
Жұлып алған 8 уыс шашы бар!!!

Күтуменен жалғап жүрген ғұмырын,  
Құр қан-сөлсіз қурап біткен тірі гүл –  
Шыдамады мұны көрген жесірлер,  
Жүрегі – бір,  
Тілегі – бір,  
Мұяы – бір!

4 еркек ше?!  
4 еркегін –бір кісі,  
Бөлек-бөлек болғанымен түр-түсі,  
Әсіресе, жынға тиген сондағы  
Осылардың жырқылдаған... Күлкісі!

Атып тұрды күлді жесір – тірі гүл,  
Соғыс деген Кесанаттың зін бұл!  
4 шолжаңға берсін бе енді намысын,  
Жүрегі бір,  
Тілегі – бір!  
Мұны – бір!

36 жесір –колы қуатты,  
Бәрі – Намыс Құрбаны еді ұятты.  
Жатты жерде серен етін 8 қол –  
8 басты 8 жылан сияқты!

«– Бұл иемене? – деме– Бұл не?! Ола ма!»  
Ола болса о да жаман бола ма?!  
О, адамзат!  
Жазып бір күн кесірге  
Тіл тигізбе жетім менен жесірге!

Мақтанатын сәт болады – мақтансақ,  
Ақталатын сәт болады – ақталсақ,  
Қайда әлгі ер парызын ақтар шақ?!  
(Төрт еркегін арашалап ала алмай,  
Төрт баладай шырылдап жүр: «Аттан!!!» сап...)

Кигендері – Қызғаныштың шекпені,  
Алаулап тұр жесірлердің кекті өні!  
Кенет...  
Кенет 36 әйелдің  
4 еркекке көзі түсе кеткені!

« – Ей, Әйелдер!  
Аруактай бүрісіп,  
Қара – мына сорлылардың тұрысын!  
Ермен бірге тозақ өртте жанбаған,  
Төрт сайқалға не бола алмаған...  
Бара алмаған –шақырғанда ұлы сын!

Өнкей ездер!  
Еркектің құрысын!

Не қалайсың бізден?!  
Ләззат?!  
Құрмет пе?!  
Кім – сендерді отырғызған сүңдетке?!  
Ей, әйелдер!  
Өш алатын кез келді!  
Сой ездерді!  
Ар-ұяттан безгенді!  
Саба –мынау ошағына қамалып,  
Отаны үшін өле алмаған ездерді!!!»

...Сонау соғыс есінде әлі Әлемнің.  
Есінде әлі Әйелдің.  
Ұмыттылар ма сол бір зауал, сор қалың?  
Әйел –  
Әлем.  
Үні олардың – ортақ үн.  
Содан бері жетімдіктен қорқам мен,  
Содан бері жесірліктен қорқамын!

Соғыс келіп айналдырған тоз-тозға,  
«Қызыларай» дейтін біздің колхозда–  
Әңгіме – көп!  
Аңыз да көп –  
Сенгісіз!  
Жауып еді жерді сыз.  
Жыл құстары қайтып жатты қанқылдап,  
Орала ма,  
Оралмай ма,  
Белгісіз! –

Муза елі болатұғын– мұз елі.  
Қара суық қалтыратты тізені,  
1944-тің күзі еді...

## 7. ХИРОСИМА. 999 ТЫРНА

999 қағаз тырнаны,  
Жасады жапон баласы –  
Ажал Құрбаны.

Өлер шағында,  
Көз нұры сөнер шағында,  
Жатты сол жазған: «Түсім – бұл –  
Өнім емес!» – деп,  
1000 тырна көзіне елестеп,  
Жасалмай қалған бір тырна көзіне елестеп:  
«...Өлім емес!...» – деп...

Сандырақтап жатқан шығар сол Ажал Құрбаны?!  
XX-шы ғасыр –  
Атомның тажал тырнағы!  
Ескерткіш қоям мен Саған, қоладан күйіп,  
999 Қағаз Тырнаны!

## 8. ХАНЫША

*(Мадақ жыры)*

*Моего предка хана Ахмата убил ночью в его шатре подкупленный русский убийца, как повествует Карамзин, кончилось на Руси монгольское иго. В этот день, как память о счастливом событии, из Сретенского монастыря в Москве шел крестный ход. Этот Ахмат, как известно, был чингизидом.*

*Одна из княжен Ахматовых – Прасковья Егоровна – в XVIII веке вышла замуж за богатого и знатного симбирского помещика Мотовилова. Егор Мотовилов был моим прадедом. Его дочь Анна Егоровна – моя бабушка. Она умерла, когда моей маме было 9 лет, и честь её меня называли Анной. Из её фероньерки сделали несколько перстней с бриллиантами и одно с изумрудом, а её наперсток я не могла надеть, хотя у меня были тонкие пальцы.*

*Анна Ахматова*

*...Қайрап менің Еділім,  
Мен салмалдым, сен салдың,  
Қайырлы болсың сіздерге  
Менен қалған мынау Еділ жұрт!..  
Қазтуған*

*Туған жер, өлген мола жібермейді,  
Әйтпесе, тұрмас едім осы маңда.*  
**Абай**

*О, Муза Плача...*

**Марина Цветаева**

*Қауырсынын қалам етіп ақ қаздың,  
Дүшпені алдыңа алып хат жаздың.*  
**Қасым**

Тауарих – Мұхит,  
Асау толқынымен, –  
Жерімді ағып өткен жол қылып ем;  
Алтайдан –  
Адамзатқа олжа салып,  
Отырған орынымды төр қылып ем;  
О, Анна!  
Сен де Мендей Өр Түрік ең,  
Бөріден ауызданған бөлтiрiк ең.  
Орыста –  
Поэзия Падишасы,  
Түркіде –  
Адасқан Қыз Төркінінен...

Тұқымы Қаракөктің,  
Заты – текті –  
Арғы Атаң Алаш Ханы Ахмет-ті.  
Бетпе-бет келсе дүшпан, арманы не,  
Жасырын Жансыз бас сап –  
Қапыда өтті!  
Азасы зәу-зәтіне жететұғын,  
Адамзат білмейді ғой Ахметті:  
Кәуірдің мойынында хақы кетіп,  
Аярдың мойынында хақы кетіп,  
Арманда күшты-ау, ардан ақыретті!

Жебемей Шыңғыс ханның аруағы,  
Ата жұрт аруанадай аңырады:  
Ұланы Бекзат туған күл боп, күң боп,  
Құлады Алтын Орда Шаңырағы...

Куә ғой Тәңірі сол масқараға:  
Той ғой – бұл:  
Сары Сайтан – бас тамада:  
Алтынын Ахметтің, аш-жалаңаш  
Тасыды Мәскеу деген Мас қалаға.

Тасып жүр қаптарыңа басып әлі,  
Жүгіріп зыр-зыр,  
Тыр-тыр қасынады.  
Атанның алтыны сол, Анна Ханым,  
Аялды қаншама уақыт асырады?!

Сонан соң – қырғын...  
Қазан Төңкерісі –  
Ғаламды келген күртың, өртегісі!  
...Қалғаны саған мәлім, Анна Ханым,  
Бүгінде – Алты Алаштың ертегісі..

Түсерде көктем Иса...  
Сатырлаған –  
Тас жауып, келер шақта Ақырзаман,-  
Сен тудың, Ақын Анна, тұл бойыңда  
Ахмет Ханның қаны лапылдаған!

Үнің – Өксіген Ұлт еді,  
Ділің – Адамзат,  
Дінің – Христиан,  
Түбің – Түркі еді.

« – Тастағын Ресейді, залым – басы,  
Кел маған,  
Құл-құтанға жалынбашы!» –  
Дегенде Сайтанның бір сарындасы, –  
Туған жер, өлген мола жібермеген,  
Абайдың Сен Бір Шерлі Қарындасы!!!

Түн кешіп, түс қашатын жорықта алаң  
Кезінде – бәйге атындай солықтаған, –  
Көк Тәңірі, Көк Бөрі деп өксіп өткен,  
Мағжан Көкем қалайша жолықпаған?!



Жатканда ел «Ұлы Совет жұрты – біз» – деп,  
Немістер: «Біз Арийдың ұлтымыз» деп, –  
Тәшкенте ат басын кеп тіреп едің,  
Келдің бе Төле биді –  
Түркіні іздеп?

Біз ек кой Сені күткен шерлі елін де,  
Жаралған жан екенсің сенделуге:  
Ақыры Азиядан шыққаннан соң,  
Ару кент – Алматына келмедің бе?

Түркінің түп казығы біз едік кой,  
Қорқыттан қалған жалғыз із едік кой;  
Күлтегін,  
Фараби боп,  
Абай болып,  
Көзді алғаш Көк Тәңірге түзедік кой!

Даладан шыққан дара даналар-ай,  
Кіршіксіз сезім қандай!  
Сапа қандай:  
Бір туған бауырым деп адамзатты,  
Аймалап сүйіп ең ғой, алаламай!

Аймалап, алаламай сүйіп едің.  
Алтайдың шыңдарындай биік едің,  
Ғаламның дертіне кеп шалдықтың да,  
Заманның өртіне кеп күйіп едің!

Жамылып жалаң ұран, әлемішті,  
Ресей ғасыр уын әрең ішті.  
Аярдан ажал күшқан Ахметтей,  
Тексізден өлі-өлгенше зәрең ұшты!

Жаралған жұрт екенмін сандалуға,  
Жақын тұр жалмауыз кеп жанды алуға.  
Ивандай –  
Шыққан тегін білмейтұғын, –  
Нісалмас ит үреді жан-жағымда!

Жебемей Шыңғыс ханның аруағы,  
Ата-жұрт қалай тағы аңырады?

Шұбай ма өңкей затсыз мәнгүрт болың,  
Құдай ма қайран елдің шапырағы?!

Заманның мынау көзсіз көбелегі,  
Барады бастап осы неге мені?!  
Арт жағы – тұман, алды – күмән болған,  
О, Анна, Аруағынмен жебе мені!

Өр Түрік дейтін қайтем өр есімді?  
Қар-Заман қарлықтырды-ау, өңешімді,  
Тексізден Сен де көрдің көресімді,  
Тексізден Мен де көрдім көресімді!

Үстінен аттан аяр замандардың,  
Құл-құтан, құлқы қорқау жамандардың,  
Ханыша ен –  
Қырық жұрттың ақылы бар,  
Бағына Алашымның аман қалдың!

Туған жер, өскен елді талақ етпей,  
Жүректен жансыз салған жара кетпей, –  
Бекзаттан Гумилевтей Үл сүйгенсің, –  
Үйірін қайта тапқан қаракөктей!

Сол еді ұлыста бір ұл қаделі,  
Туғаннан іші сезген бір пәлені...  
Орысша жырлайтұғын Олжасымдай,  
Тәнті оған Түгел Біздің Түркі Әлемі!

Қашанда Күнге –  
Ғұнға –  
Жарыққа ердің,  
Тәңірдің хикметің анық көрдің,  
Ресейді түнектегі құшақтап аң,  
Жырға орап –  
Адамзатқа алып келдің!

Кім сенің түсінеді зарыңды осы,  
Тасырдың тақымында –  
Ханын Басы!  
Уайымсыз – дайын тұрса алдында асы,  
Халықты кара тобыр деп ойлайтын,

Хайуанның жүрегі – тас, залым – басы -  
Айға анық күнәсінен арылмасы!  
Қор болып жарым жасы қуғында өткен,  
Сор болып сүргінде өткен жарым жасы, -  
Туган ел, өлген мола жібермеген,  
Абайдың, Анна-ай, Айдай Қарындасы!...

Сен-дағы Мендей Бекзат, Өр Түрік ең,  
Бөріден ауызданған бәлтірік ең;  
Орыста –  
Поэзия Падишасы,  
Түркіде –  
Аласқан Қыз Төркінінен...

## 9. АРҒЫМАҚТАР

*«Ол жылаған. Дүние жүзінің көрермендерін көркімен, әсем жүрісімен таң-тамаша қалдырған қайран арғымақ өзінің соңғы күніне өкінген шығар... Ол тұрған орнында жерге гүрс етіп құлап түскен...»*

*Сәуірбек Бақбергенов*

Сәуірбек аға!  
Бафу ет сұрағаныма,  
Арғымақтардың да адамша жылағаны ма?!

Арғымақтар-ай!  
Ғасырдың мазақ,  
Құрбаны,  
Менін де қаным қыр қаны,  
Қазақтың қаны,  
Шынымды айтам, шынымды, сандырақтамай,  
Құндыз қыл құйрық суржекей, арғымақтар-ай!

Даламыз – кітап,  
Беттерің ашқанда кілең,  
Терең ол,  
Ерен ғажайып дастандарымен,  
Эпосы,  
Эпопеясы қыраттарының  
Тұяқтарымен жазылған пырақтарымының.

Ат тұяқтарының даламда азан сапты әні,  
Ата-бабамның сол еді қаламсаптары.  
Сол жазған ерлік эпосын Отырарыма,  
Ұдытауымның саңдық тас шоқыларына,  
Мінекей, енді көз жасы тамып жатқаны,  
XX ғасырдың топырағына.

Жансерік болып Чапайға, Щорсына да,  
Қатысқан шауып Азамат Соғысына да,  
Құс ұшқан Құлагерлерім қызынып қанға,  
Ояңған ноян өмірге қызығып таңда,  
Біз ұмытқанда...  
Ұмытпайды оны уақыттың бұла қырандары,  
Петроград тротуарлары!  
Тарихта қалған іздері – сонардағы іздей,  
Революцияны сүйіпті олар да –  
Біздей!  
Жансерік болып Чапайға, Щорсына да,  
Қатысқан шауып Азамат Соғысына да!

Есімде әлі,  
Елесі жанарда мына,  
Екінші дүниежүзілік қырғын тәмамдалғанда,  
45-те –  
Қызыл алаңда шудасып, өліп,  
Таң қалдық оның тәкаппар тұлғасын көріп!

Қамыттан мойны қан болып күйреп,  
Әпендем,  
Түркеіб темір жолын да сүйреп әкелген!

Сол уақыт өтті...  
Жылқы еті – үстелімізде,  
Вагон-ресторандарда ішкенімізде,  
Самолет қана көреміз түстерімізде!  
Ертоқымдардың шаң басқан, бірақ, өрнегін,  
Ипподромдарға қамалған Құлагерлерім –  
Жылап тұр!  
Соны «Волгадан» түстім де – көрдім:  
Ат жарысына орын жоқ үстінде жердің!

Аспанға кара, не деген күшіктер еді,  
Баллистикалық ракета ұшып келеді!!!

Қарашы қатты ышқынған дауыстарына:  
Бәйгілер енді аспанға ауысканы ма?!

Сәуірбек Аға!  
Ғафу ет сұрағаным,  
Арғымақтардың да адамша жылағаны ма?!

Арғымақтар-ай!  
Шынымды айтам, шынымды, сандырақтамай,  
Күй – олар жырау домбыра шектеріндегі.  
Олар тек – сөйлем тарихтын беттеріндегі!  
Қалғаны содан – ескіrmес, тозбастың бірі,  
Арқамды шымырлататын Олжастың жыры...

## 10. ТАЛТУСТЕГІ ТҮС

### 70-ші жылдар хроникасы

Дүние кияли ой кешіп,  
Бабаға – ұрпағы, әкеге өшікті – ұл.  
Аудиторияда Абаймен сөйлесіп,  
Ақымақ бөсіп тұр!

Ан-тан гап қарайды ұл,  
Кеудесін керемет кек керіп.  
Абайды сүйелі қалай бұл, –  
Шәкәрімді жек көріп?!

Бұл қазақ ақылдан адасты,  
Шықпайтын ойы көп тісінен.  
Қалайша сүйелі ол Алашты, –  
Мағжанды жек көріп ішінен?!

Профессор ашуын шақырып,  
Қайрайды біз жаққа тісін бір.  
Маяковский – тақырып.  
...Мұқағали көшеде ішіп жүр!

Он сегіз жасында – жан-жүйем,  
Сондағы көрген бір түсім – бұл.

Бұл не гәп, әулием,  
Сен маған осыны түсіндір?!

...Мұқағали көшеде ішін жүр...

## II. ЛӘЙЛӘ

Шайтанкөлде бір қыз бар Ләйлә деген,  
Соған мені ғашық қып байлады өлең,  
Ешбір ару, тең келмес еш перизат, –  
Шайтанкөлде бір қыз бар Ләйлә деген.

Бада княд алысқа ала қашып,  
Мазасыз-ды осы бір бада – ғашық,  
...Келе жаттық бір күні Шайтанкөлден,  
Қалың кара нөпірмен араласып.

Кенет Ләйлә дір етті құшақтағы:  
Адамға емес – аңдарға ұсаң бәрі –  
Бір жігітке үш бұзық тап бергені  
Найзағайша жаркылдап пышақтары!

Күллі ел қарап қалған сол «стамашаға»,  
Ешкім бата алмаған арашаға,  
– Жаның бар ма?! – деп еді Ләйлә сонда –  
Неге тұрсың?  
Жүгір!  
Тез!  
Арашала!

Тұрып қалдым ойыммен кеңескім кеп,  
Пышақ тисе жүрекке елеспін... деп,  
Сасқанымнан айтыпшын:  
– Біреу үшін  
Өлетұғын есуас емеспін! деп...

Бейшаралық бір сәтте сорлы қылып,  
Махаббат та, мен-дағы болдык – ұмыт!  
Ару Ләйлә жағымнан тартып қалып:  
– Кет! деп еді –  
Жөніңе!  
Сорлы жігіт!

...О, менің жастык шағым!  
Сен қашан шашып жалын?!  
Жыр жазған кездерімде ме –  
Гүл өсіп көңілімде,  
Сен –  
Лапылдап көрдің бе өмірінде?

Қалдың жастык көңілдің желігінде,  
Алып кете алмадым сені бірге.  
Мен ғашык боп,  
Бір рет сүйе алмаған  
Ләйлә деген арудың ерінінде –  
Қалдың – жастык!

Арманды аңсап, жүдеп,  
Жүріп келем алдымда тан сәрі деп,  
Іздеп сол бір мәңгілік тапнасымды,  
Шайтанкөлге жол тарттым қаншама рет.

Шайтанкөлде қалдың сен көлде жүзіп,  
Табар ма екем, шіркін-ай, көрсем ізін?  
Махаббаттың өртіне түсіп едің,  
Жанып кетгін бе екенсің, он сегізім?

Жүрдім екен бойкүйез болып қалай,  
Ақылымның тым кешен толықканы-ай!  
Ләйлә – мәңгі!  
Қайтадан туа қалса,  
Енді оларға мендей ұл жолықпағай!

Жолықпасын бойкүйез құшақтағы,  
Бұғып қалар суырға ұсап бәрі –  
Жер бетіне жендеттер шыққан кезде,  
Найзағайша жарқылдап пышақтары!

Шайтанкөлде бір қыз бар Ләйлә деген,  
Соған мені ғашык қып, байлады өлең.  
«Өренім-ай...» дейсіндер маған бәрің,  
Өртенуді білмейтін қайдағы өрен?

Шайтанкөлде бір қыз бар Ләйлә деген...

## 12. СҰРАҚ БЕЛГІСІ

*О, молчание, это тоже – голос!*  
*О.Сүлейменов*

Цивилизация ұғымы басыма қонбай,  
Жезөкшелерімен Батыстың ашына болмай,  
Үстінде жұмыр жерімнің жүріп келемін,  
Күйікті өлеңім – кеудемде, сүйікті өлеңім.

Адамзатымды алтынның жауламасы анық,  
Мона Лизаны пұл қылып – саудаға салып –  
Бай болмай, кедей болмай-ақ жүріп келемін,  
Күйікті өлеңім – кеудемде, сүйікті өлеңім.

«Бұратана...» дей ме?!  
Бурадай қағынып кетем:  
Даланы сүю – Ананы – тағылық па екен?!  
Арғымақтар-ай!  
Сендерді сағынып кетем,  
Кендікті сүю – серілікті – тағылық па екен?!

Естісін халық,  
Кім мені келсе сынап көргісі:  
Жаныма маза бермейді ес-түсімді алып –  
Сұрақ Белгісі!

Айқайлап айтар сөзім көп бүкіл адамға.  
Ақиқат үшін құрбаның бола салайын.  
Сұрақ Белгісі, мен сенен құтыла алам ба?  
Сұрақ Белгісі, қойшы енді...толас алайын.

Сұрақ Белгісі, сабырдан сап болғаның ба,  
Алдымнан шықтың даладан, қала жактан ба,  
Шаң басқан «Тарих» томдарын актарғанымда,  
Асфальт жолдармен күсша ұшып бара жатқанда.

Жұмыр жеріндегі жүрегіне сөз бергенінде  
Келді Серіктің өзін де сынап көргісі.  
Ғаламның небір ғажабын көз көргенінде,  
Алдымнан шықты анталап Сұрақ Белгісі.



Қаншама қырғын... Тірі адам сенгісіз ол да  
Адамды келді-ау, өзінше сынап көргісі,  
Белгісіз боздақ қаншама, Белгісіз Мола? –  
Сұрақ Белгісі...  
Сұрақ Белгісі...  
Сұрақ Белгісі!

Сұрағым көп қой.  
Тыймағын!  
Хакың болмасын!  
Хиросиманы тұл қылған Атом Бомбасы –  
Цивилизация ма?  
Маған қарашы!  
Ақындар туған азалы адам баласы,  
Неге үндемейсің, топырағы-ау тылсым даланың,  
Үнсіздік деген – Дауыс! – деп тұрсың ба бәрің?!

Жауап бер!  
Жырдың келіп тұр сұрақ бергісі,  
Бәм соның адал жауабын жылап көргісі,  
Ақсұңкарұлы емеспін –

Сұрақ Белгісі...

### 13. ШТЕН ШЫҚҚАН ШҰБАР ЖЫЛАН

#### *Айыптау актісі*

Штен шыққан шұбар жылан,  
Дертің ауыр, айт емін?  
Мен жаралған Ел-Анадан  
Сен де тудың, қайтейін,

Зақһар ойға батқан едің,  
Екі көзің шатынап,  
Шешенді де шаққан едің,  
Емшегінде жатып ап.

Мен де онбаспын, қара да тұр,  
Жанында жатқан жауы мына;  
Бойым суып бара жатыр –  
Жылан кіріп бауырыма!

Босағамнан шыкпайсың сен,  
Баралы іргем сөгіліп,  
Бауырымда ұйктайсың сен –  
Тіліннен у төгіліп.

Кетсем деп ем бір ән салып,  
Бөлек елдің дуынан.  
Іштен шыққан жылан шағып,  
Өліп барам уынан!

Көңбіс болдым – көнгенімнен.  
Көрде бірге дамылдап, -  
Өлгенде де өнменімнен  
Өзің кел де, –  
Шағып жат!

Кел, шағып жат!  
Ал, ұйқымды,  
Қандырайын көздерімді бір іліп,  
Кеп салмасаң айыр тілді  
Кетем қайта – тіріліп!

#### 14. КӨҢІЛДІ ТӘҢІРІ

Көңілді Тәңірі пендемен жылап көрісіп,  
Жерменен көкте желбіреп кеткен етегі:  
«– Алыңдар – деді – ырзығын Жердің бөлісің,  
Королице де, құл-құтаныңа да жетеді!».

Жауынгер бас сап – қорғанды,  
Балалар алды баурайдың бәрін бал шығар.  
Аңшылар – сыңсыған орманды,  
Жайлауды алды – малшылар.

Жарылқап Тәңірі шерлі елді,  
Ешкімнің қайтпай тауаны;  
Сараңдар – Алтын белдерді,  
Арамдар алды – Ауаны.

«– Қайда барасың?! Менікі – Аспан, түсінсең,  
Қайгелі, ей, мынау, қайт! Десе?!  
Ақша төлейсің ауа жұтқанын үшін сен!  
Тұншығып өлгін – дейді енді олар – зәйтпесе!».

Келді Ақын лағып... Немене жүріс мұныкі?  
Нені алмақ енді ол, қалғаны – қара табыт-ты.  
Құмдардың өзі – құрылыстың құдайыныкі,  
Сұлардың өзін сұмырай сұрап алыпты!

«– Сен қайда жүрсін, тәйірі?!  
Жан едің неткен зқылы да жоқ, араны?!»  
Ашуы бұған Тәңірі -  
Ақынға сонда алая, суық карады.

«– Кеше гөр – деді, тіл бітіп оған бір демде –  
Бас тартар дейсің байлықтан мынау бекер кім?  
Өзіңмен бірге ғаламзатты ойлап жүргенде,  
Адамзаттыңды ұмытып кеткен екенмін...».

Жымыды Тәңірі тереңіне сүнгіп ойлардың:  
«– Ұшып кет! – деді қанаттарыңды шалғанда от –  
Мен саған анау Аспанды ашып қойғанмын!  
Ақынға Жерде алданар түк те қалған жоқ...».

Өңім бе, әлде, түсім бе?  
Алла – алқан, Аруак – жебесін.  
Мен содан бері бұлттардың жұрмін ішінде.  
Қырттардың көріп жүргені – бұлдыр елесім...

## 15. ХАЛЫҚ КҮЙІ – «ЕЛ АЙРЫЛҒАН»

Сен – елде.  
Ал, мен – калада.  
Башқұртым қайда – Бас-Құртым!?  
Сайын далада, –  
Салқам Жәңгірдей санагты ері болмаса,  
Салауат Юлай кәуірге сайран сала ма?!

Көкірегі – қайғы-бұлт,  
Көк Бөрі Ғас Сак көкем Ноғайдан айрылып, -  
Көзінің жасын кел қылып қырда төккенде,  
Қарамады-ау о да көшкен жұртына қайрылып?!

Ой-хой, жалған-ай, ойланса дертті қозғаған,  
Ойпатта қалып боз далам, –

Орманға сіңіп, оймақтай ізі қалмаған,  
Боздағын іздеп, ағыл да тегіл боздаған.

Тұран тығырыққа тірелді.  
«Мың өлді...» деген өтірік, о да бір өлді.  
Қарақалпақ деген каралы қарындасымды,  
Кімнің қанжығасына кім салып, байлап жіберді?!

Қырандай қазақ қанаты босап, майрылған,  
Айрылған...  
Боздап қайрылған...  
Қара басқанда – қасымда жүрген кара нар –  
Һалифа Алтайдан қай жақта жүріп айрылғам?!!

Ой – алаң,  
Тиылмай көз жас омырауымды бояған.  
«Мәңгірт» дейтұғын бір жұртым бар-ды, онан да  
Айрылам-ау деп,  
Түн сайын шошып оянам!

Сергелдеңге мені салар бір,  
Алашқа осы Алладан келген амал бұл.  
«Ел қалмас» дейді... Қалмаса – соның орнында,  
«Ел айрылған» дейтін егілген күйім қалар-дүр.

Алдыңда – ұшак, кемелер,  
Бекзатпен мендей тексіз құл қайтсе теңелер?  
«Ел айрылған» дейтін күйімнен кетсін садаға,  
Ел бола алмай, Еділді асқан немелер!

Кеудеме ит сарып, көзімді қарға шоқыған,  
Көшкен жұртының орнында құран оқыған, –  
Атырау – Арқа – Алатау менен Алтайды,  
Малдасымды құрып, етегіме басып отырам.

## 16. АСТАНА

Құдай үні құлақты зар еткенде,  
Елеңдеп ек бері өтіп, әрі өткенде:  
Хан Тәңірін қалдырып Алматыға,  
Көк Тәңірі келіп тұр Қараөткелге.

Асыр салған аяр, сұм дәл осында,  
Қашып кетті көрсетпей қарасын да.  
Астана тұр аспани көпірдейін  
Алла менен Алаштын арасында.

Тәңірді іздеп әлемнің сөздігінен,  
Әліпбилер жеп бітті көзді кілең.  
Қазак деген – Феникс.  
Өртке түсіп,  
Қаулап шықты қайтадан өз күлінен.

Қараормансыз қалғанда қайтер ек деп,  
Қамыққан жұрт қазықтан қайта көктеп, -  
Қараөткелдің қак жарып тонырағын  
Қайта қаулап шығып тұр Бәйтерек боп!

Су да мұны көріп тұр, от та мұны,  
Қорқыт,  
Абай,  
Низами,  
Тоқтағұлы.  
...Көк Түркілер тартады Күнге қарай –  
Көк аспанда тұрғанда Көк Тәңірі!

Ар-ұяты ұлтымның, бәрі – осында,  
Адамзатпен түсіп бір жарасымға, -  
Астана тұр аспани көпірдейін  
Алла менен Алаштың арасында.

## 17. ЛЕНИННИҢ ЕСКЕРТКІШІМЕН ҚОШТАСУ

Тәңірге балап, табынған саған баладай,  
Кетерде қалман бір сөз айтуға жарамай.  
Революционерлердің бәрін де мен де пір тұтқам,  
Рекеттерге де ренжіп сонша қарамай.

Хош, енді, қойшы, құбылаға бұрдың бетіңді,  
Алла да сендей аяған жесір-жетімді.  
Байдікін алып, беретін кедей-кепшікке,  
Рекеттер де – революционерлер секілді...

Пан Нұрмағамбеттей мынау – кім?  
Айтпа, – күлкілі,

Алаштан асып, АҚШ-қа жеткен дүркірі?  
Базарда жүрген рекет шулап, алаңға,  
Албасты басып, атып шықпасын бір күні?!

Маяковский маркум...

Соткар ғой, сойқан ол – мендей,  
Өлеңін шерлі өрмекші құсап өргендей.  
Реңіне елдің қан жүгере ме, қайтеді.  
Рекет көрсе – революционерді көргендей?

Қош енді, көкем, ақыретінді жамың да,  
Аспанға жөнел, хақын не дау мен дабырда?!  
Алашты таста, тәрк қып адамзатты да,  
Ананның барып қасына құлап – дамылда!

Айрылысайық, ал, енді қош бол, жолдас, ә,  
Жұмакқа барып түсерсіз – Тәңрі қолдаса, –  
Сағыныштан шешен сарғайып кетті, ал жөне,  
Аллаға серік қостың ғой – сонын болмаса?!

Күлкі боп жұртқа, күл болып Күнге ысталмай,  
Жерге түс енді, жетпіс жыл жүрдің – ұшқандай.  
Алты жүз түгіл, алты мың тонна болсаң да,  
Аллаға сенің салмағың – бір-ақ мысқалдай...

## 18. ТОҚЫРАУЫН. ТӨРЕТАМ.

*Таң арайлап атқанда,  
Бұ да Тәңрі ісі деп,  
Тұяқтары от лақтырып шипқанда,  
Жау ішіне кіріп келген кісінен! –  
Аттарға серт!*

*Құранның «Гадият» сүресінен*

Мың ғасырдай жол жүріп,  
Шаңға батып соқпағы, –  
Алтайдан шыққан Алтын Керуенім болдырып,  
Тоқырауынға тоқтады.

Тоқталы да:

– Маған жайлау бола ма енді бұл жұрт? – деп, –

Артым – жарык,  
Алдым – неге күнгірт?! – деп –  
Әшімтайдың кеудесінде жатқан қоныр домбыраның,  
Шанағына кіріп кетті сүнгіп кеп!

Бөгазыда күллі Аруак қауышып,  
Ақсораңда жаңғырықты тау іші.  
Төретамда күніреніп тұр әлі сол  
Әулиенің дауысы...

«– О, Көк Таңірі!  
Көк Бөрінің көңіл күйімен –  
Сен жек көргенді тәрк етіп,  
Сен сүйгенді сүйіп ем.  
Біреулер пұтқа табынды,  
Біреулер қыртқа табынды.  
Асқак басты мен Саған ғана иіп ем!

Ойранға түспей, омалып өлген обал-ақ,  
Тілменен жалап жараны.  
Алтын басым аяр жаудың аяғына домалап,  
Асау жаным Аспанға ұшып барады...

Мен – Алтайдан шыққан керуен,  
Төрткүл ғаламға салып өткен соқпағын.  
Дүниені дүрліктіріп келің ем,  
Тоқырауынға –  
Токтадым!

О, Төретам!  
Һас Тұлға –  
Тоғым-Шығайдың тұяғы жатыр астында!

Ақ найзамен Көктің бұлтын түргенде,  
Көшкен елдің жұртында тұяқтан ұшқан тас қалып, –  
Біз Ат үстінде жүргенде,  
Жаяу-жалпы елі басқа жұрт!

Қараны –  
Ханға теңгеріп,  
Жүзімді құбылаға қараттым.  
Сұмырайды ат баурына өңгеріп,  
Сұлудың жұпарын қарша бораттым!

Тұлпарымды тақымдап,  
Ой-қырға омырауладым –  
Алтайдан сүрен салып бір;  
Адамзаттың қос қарашағы лапылдап,  
Қосөзенде жанып тұр!

Етекпен –  
Еңселі шынға шықтым ту алып,  
Еліме – ел қосылды.  
Дунай мен Днепрге атымды суарып,  
Еділ-Донға тіктім қосымды!

Көштім мен керуен-керуен боп,  
Көп сырды түйіп ішіме.  
Көкжиектен Тигр мен Евфрат көлбеңдеп,  
Миссисипи мен Миссури кірді түсіме.

Жаяу жұрт жатты жолымда,  
Ат жалын тартып, үзенгіге аяқ салғалы.  
Янцзы мен Хуанхэ қалып сонымда,  
Күнбатыс –  
Көзді арбады.

Иді маған Көктегі Тәңрі Ием келіп,  
Бес қаруымды сайладым.  
Еділ-Жайықты иемденіп,  
Есіл-Нұраны жайладым.

Сырдарияның балығы тайдай тулады,  
Әмударияның бакасы баксыдай шулады.  
Шырмауығынан шөккен түйе көрінбес,  
Тілі мен ділі бөлінбес –  
Жарлысы мен байы тең,  
Жары менен сайы тең –  
Тұран тұрғыздым осында –  
Бумын Қаған мен Естемір Қағанның қосында!

Алғаным – Ару қыз еді,  
Мандайы Күнге тимеген.  
Тұла бойын Ұмай Ана зерлеген,  
Сығалап еркек жүзін көрмеген.  
Сол әйелден Елім деген ұл туды,  
Ерім деген Қыз туды.



Зәузатым маған ұмтылса,  
Бесікте бөбек бұлқынса;  
Мен, қайтейін, жеті атадан асқан соң,  
Ұлым күнге қосылып,  
Кұлым – ханшаға қол салып,  
Одан құлақ кесті құл мен күң туса?!

Ғалам қалай қағынды?!  
Ляр жұртпен арбасуды ар кылдым.  
Алтын кебінге тәнімді орап,  
Жанымды –  
Орхон-Енесай Жазуында калдырдым.

Көз байланды,  
Хош, сайран күн!  
Дүние –  
Күлге айналды.  
Мен –  
Күйге айналдым...».

## 19. ФӘНИДЕН – БАҚИҒА

Токсанға кеп қайтыс болды Мырқымбай.  
Қайтем мына жұртымды-ай:  
Қабырғасы какырап тұр, қазақтан  
Қалатындай енді мұндай ұл тумай...

Қаралы –  
Туған-туыс топырақ сап тарады.  
Тәні калып жерде...  
Жаны шырылдап,  
О, Тәңірі,  
Саған жөнөп барады!

Жердің беті тар болғанмен ғарыш – кең.  
Тәңіріне қарға адым не – алыспен:  
Бейімбетпен жолығады Мырқымбай,  
«Қазақмысын» –  
Қанышпен!

Ұшырасар кез де жақын сол күнмен,  
Күте-күте көзге түрткі болдым мен.  
Кетбұғамен кездеседі Ким мырза,  
Димаш көкем –  
Колбинмен!

Тәңрі өстіп толтырғанда өлқыны,  
Көрінеді маңдайдағы сор түбі.  
Әлиханмен жолығады Әлиев...

...Қызық болады сол күні...

## 20. ШАРШАДЫМ. ШАЛДЫҚТЫМ. СЕНДЕЛДІМ

Шаршадым.  
Шалдықтым.  
Сенделдім.  
Көз жасым көл боп, теңіз боп,  
Әлия, міне, мен келдім,  
Әлемді кезіп,  
Сені іздеп.

Ел көрсем ерен, жер көрсем,  
Саланы шарлап, сәйгә кеп, –  
Сағынып үйге мен келсем,  
Сен жүрсің: «Әкем қайда?» деп.

Шығып бір шалқар алдымнан,  
Бұлаққа, көлге кідіріп.  
Мен келдім Қарқаралыңнан  
Ғажап бір нұрды сіміріп.

Кенәсу – парсы кілемдей,  
Ақсораң – алтын айдары,  
Жетісу мені жібермей,  
Шатырша шандып, байлады.

Қаңғырып небір қайнарды,  
Аспанға құшақ жайғам-ды.

Тауларда басым айналды,  
Барларда басым айналды.

Ғажайып таңға таң калдым,  
Аққуды көріп – арбалдым.  
Гәжкү бір әнге салғанмын.  
Келетін жерге жете алмай,  
Кешігіп содан қалғанмын.

Ғасырдан көшіп – ғасырға,  
Жүрегі сықап жасынға,  
Жүреді әкең қасында,  
Алатауынның басында,  
Қаратауыңның басында.

Феодализмде – мал бағып,  
Коммунизмге алданып,  
Ғасырдың көзі қанданып,  
Ажал аузына сан барып,  
Жан бағып жүрдім,  
Сандалып...

Замана салып күрекке,  
Шоғын да басты етіме.  
Оғын да атып жүрекке,  
Боғын да жақты бетіме.

Есемді –  
Өксіп қайтардым,  
Ғазалым сұмдық азаты,  
Ойнасы болып Сайқалдың,  
Сайтанның болдым мазағы.

Ағына тәтті ем ардың да,  
Азабын шегіп – опындым.  
Ашулы айдаһардың да  
Алдына барып отырдым.

Жүректің жанды лапылы,  
Жасыны ойнап жатса көк.  
Сарайдың болмай ақыны,  
Лашыққа жаттым –  
Патша боп!

Алашым кірсін бейішке,  
Қадамы болсын қайырлы.  
Мені оған қосып Періште,  
Мені одан Сыйтан айырды.

Шаршадым,  
Шалдықтым,  
Сенделдім.  
Көз жасым көл боп, теңіз боп,  
Әлия, міне, мен келдім,  
Әлемді кезіп,  
Сені іздеп...

## ӨМІР ДЕГЕН – КҮНДІ АЙНАЛУ

*(Эпиграф)*

Дірілдерін  
Гүрілдерін  
Құлақ түріп, тыңдай қалып –  
Бүгін менің.  
Жұмыр Жерім  
Бара жатыр Күнді айналып.

Күн дегенде –  
Дүрбелеңде  
Жүріп жатыр майдан әлі.  
Күймелер де,  
Мінбелер де,  
Түрмелер де –  
Жермен бірге айналады.

Керуен күнде –  
Серуен бірге.  
Тән Рухқа суарулы,  
Елмен бірге,  
Жермен бірге,  
Мен де айналам Күн Аруды.

Күнді айналу –  
Мұнды ойлану,  
Көз жастағы көліңменен.  
Өмір деген –  
Күнді айналу!!!  
Күлге айналу –  
Өлім деген!

Алтынға аптап асығынды,  
Босап бір сәт мұнды ойлардан,  
Қарсы ал Жаңа Ғасырыңды,  
Алаш-Анам. Күнді айналған!  
Тектілері гүлге айналған,  
Тексіздері күлге айналған...

*Қызыларай-Шатырша-Қарқаралы-Пенза-Өфе-Мәскеу-  
Қызыларай-Жиренсіқал-Абыралы-Қарқаралы-Атырау-  
Тараз-Алматы-Қарағанды.*

*1978-2011 ж.ж.*

## АСПАННАН ЖҮЛДЫЗ ҚАРАП ТҮР

### КҮН АСТЫНДАҒЫ КҮНЕКЕЙ ҚЫЗ ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

1973 еді.

У-шу бала едік ұшқалақ.

Алматы барсан – кеткісіз еді,

Арбайтын еді ұстап аң!

Жалындап жүрген жас акын едік

Жаңа өскен өрім талдардай,

Бас коссак – жырға басатын едік

Қымызға тойған шалдардай!

Өлеңнен алып дәру – жанына –

Сезімнен, ойлан су жаңа –

Ару-шаһардың арулары да

Арбалды біздің Музаға.

Таң-сұлу көрсек таласып-талып

Думанға еріп сүйрелдік.

Ай-сұлулардан адасып қалып.

Алдаулы біз де үйрендік...

Парызын елдің бір өтейміз деп

Арманға жүрдік арбала.

«Күн астындағы Күнекей қыз!» – деп

Сарнайтын еді сары бала...

Басқа өлең ауызға алусыз қалды –

Ертектен Пегас желіп кеп,

Аңызда жүрген ару қыздарды

Жырлайды ел соған еліктеп!

Бейіштегі нұрды зәйт келбетіндегі,

Кейін ол бөтен күйге енді:

Күнекейге емес... Жер бетіндегі,  
Басқа бір қызға үйленді!

Ару деп не еді арбала құлап?  
Түн өтті... Бір-ақ күн өтті:  
«Күнекей қыз!» – деп сары бала, бірақ,  
Сарнауын, тіпті үдетті!

Бітпейді мұнын әлегі неге?  
Күнекей – оған керегі!  
Әйеліне де, әлеміге де  
Қарамай қаксай береді!

Әр жерден басы қарая қалады  
Көздері – сайын далада,  
Асқақ қала да алая қарады  
Аңыздап келген балаға...

Жөнелді бір күні қырды асты-дағы,  
Біз қала бердік таңданып,  
Күнекейді іздеп Күн астындағы  
Сары бала кетті сандалып...

Қала тұр сақтап бейіштегі әрін,  
Думанға бағып не түрлі,  
Күнекей деген періште барын  
Ұмытып қалған секілді!

\*\*\*

Білер ме ерін,  
Саған арнап біреудің жыр өргенін,  
Өмірінің серігі болмаған соң  
Өлеңнің пірі ғып жібергенін, –  
Білер ме ерін?

Періштедей бейнене таң қалғанын,  
Арбалғанын, елеске алданғанын;  
Алатауға сені іздеп сан барғанын,  
Сан барғанын... Таба алмай сандалғанын?

Біреу немденетін шекер, гүлін  
Махаббаттың біле ме бекерлігін?

Не деп кеттім? Кайдағы еске түскен  
Қасіретті зауал күн екен бүгін...

Жок, білмей-ақ койсыншы мүлде мені,  
Бүлдіріп алып жүрме бірденені.  
Бар нәрсені білетін жұрттын кейде  
Бір нәрсені... Жөн шығар білмегені!

Жат жанға ауса бар ынта, ықыласын  
Азабынан сүюдің құтыласын.  
Екі-ақ адам білуге тиіс кой, бірақ,  
Махаббаттың ғажайып құпиясын...

## ПЕРІШТЕ

Әлі есімде,  
Күз еді...  
Ол бір елік лағындай қыз еді.

Махаббаттың құсы ұшып келді деп,  
Сүйіп едім, сүйіп едім елжіреп.  
Тұрып еді пәк жанары мөлдіреп.

Тұрып еді бір теректің қасында.  
Сары алғындай жапырақтар –  
Шашында.

Махаббатқа жаратылған несібем,  
Айрылғандай болып еді есінен.  
Мас боп тұрған ғажайып бір сезімге.

Махаббаттан басқа түк жок көзінде.  
Махаббаттан басқа түк жок сезімде.  
Он алтыда. Өртенетін кезінде!

Жанында онын басқаға емес,  
Тап маған  
Бір керемет бар секілді сақтаған.

Кеше көрдім сол Аруды табыттан!  
Дидарында жок ләззат, шабыт та.  
Үндемейді қоршап алған халыққа...



Топырақ сап кетті ел тарап,  
Расым ба?!  
Тек мен қалдым қабырының басында,

Жылап жатып көрдім түнде –  
Түсімде:  
Жүрді жалғыз... Таныс бақтың ішінде.

Тұрды үнеіз көк теректің қасында.  
Сары алтындай жапырақтар –  
Шашында...

Дауыл соқты!  
Ағаш біткен сілкінді,  
Көзінде оның қорқыныш бар бір түрлі!

Сонымен бір бейіш елге жүру үшін мекендеп,  
Мен ойладым бір түйінге бекем кеп:  
«Маған да енді өлу керек екен!» – деп.

Сонда ол маған тірі адамдай тіл қатты:  
«Өмір сүру керек саған, қымбаттым!  
Бізсіз-дағы кете берер зырлап Күн:

Не көрінді саған, өмір түлегі?  
Қабыл болу үшін халық тілегі –  
Муза және Акын өмір сүреді!»

Солдай делі ол о дүниеден оралып,  
Омырауы көз жасына боялып,  
Сол дауыстан кеттім мен де оянып!

Жылдар өтті. Найзағайдың күркірі  
Жанғырығып тұрған кезде сілкініп,  
Мұнды қызбен таныстым мен бір күні.

Сол күні оны көрдім тағы түсімде:  
Жүрді жалғыз таныс бақтың ішінде.  
Тіл қатты ол. Көзінде мұң бар еді:

«Саған, жаным, басқа ару сай еді.  
Акын деген – мұнды адам. Сондықтан  
Шат сезімді болу керек әйелі!»

...Жарым менің осы ма деп ізлеген  
Таныстым бір көңілділеу қызбенен,  
Түсімде оның сондағы айтқан сәлемі:

«Саған, жаным, басқа ару сай елі –  
Ақын деген – көңілді адам,  
Сондықтан аздал... Мұнды болуға тиіс әйелі!»

Жылдар өтті, Дауылынан – шаң үстім...  
Жетегіне ермей асау ағыстың,  
Өзімнің өр сезіміммен алыстым.

Талай қызбен таныстым мен Жердегі,  
Бәрібір ол ешбіріне көнбеді,  
Бәрібір ол ешбіріне сенбеді.

Ол алтыдан келді отыз жасына,  
Бір күні мен бір қызды ергіп қасыма  
Бардым оның қабырынан басына.

Тұрдық үнсіз ғашық жүрек дүрсілдеп...  
Сонда әлгі қыз сырға толы бір тілде  
Сұрап елі үрейленіп: «Бұл – кім?» – деп.

Айттым бәрін... Ақ тілегін құп алып,  
Жанарынан тамшы жастар тұр ағып,  
Екеуміз де егіліп бір жыладық!

Сол түні оны түсімде көрдім. Шабытты  
Сөйледі ол. Шашы ағарып қалыпты:  
«Жаным! Саған осы әйел лайықты!

Ұмыт мені! Ұмыт бәрін! Табытты!  
Өзгелердің қайғысы үшін жылаған  
Адам ғана болуға тиіс бақытты!

Жаным! Саған осы әйел лайықты!»

\* \* \*

Түсі суық тағдырдың, түнерулі.  
Жыларыңды білмейсін, күлерінді...  
Соғысса да ол мені жеңе алған жоқ,  
Жаралады тек қана жүрегімді.

Жылайсың да, кайтесің, күлесің де,  
Талай-талай дүрбелең жүр есімде.  
Күрессе де ол мені жыға алған жоқ,  
Ітерді кеп тек күл мен күресінге...

\* \* \*

Жылнамамның отыз бес бетін ашыпшым,  
Кезім бар шығар арнамнан кеткен асып тым.  
Тірлігін кешіп көргем жоқ тегі Пасықтың,  
Асықтым... Асқақ мұраттарыма асықтым.

Отыз бес... Осы жасаурап неге отыр көз?  
Көктемім қайда, көз байлап жүрген соқыр кез?  
Суыма, жүрек, он сегізіннің отын сез!  
Жер Күнді қанша айналып шықты? Отыз бес!

Отыз бес рет айналдым Күнді – нас тұлға,  
Отыз бес рет кез болдым бә екен тасқынға.  
Арбалдым, иә... Таң қалдым көзімді аштым да:  
Өмірден өткен тажап жоқ аспан астында!

О, Өмір! Саған ғашықпын! Мәңгі ғашықпын!  
Сұлулығыңа тәпті боп көзімді ашыпшым.  
Гұмыр сүруге хақысы бар ма пасықтың?  
Асықтым... Соны айтуға ғана асықтым...

Жігіт ағасы – кешегі тентек бүлдіршін,  
Менімен жүрсін бүлдіршін... Сол не бүлдірсін?  
Зілзала ойлап шығарды-ау небір білгір сұм...  
Жер Күнді қанша айналап екен? Кім білсін...

\* \* \*

*Дадим шар земной детям, дадим хоть на день...*

*Н. Хикмет*

Балалар! Балақандарым!  
Балапандарым!  
Асылып менің мойнымда,  
Кіріңдер, қапе, койнымда!

Балшық... Шалшықта сенделмей,  
Егерде менің келсе әлім –

Хикмет құсап – сендерге  
Сыйлар ем бүкіл Жер шарын!

Тәңірге жақпай талғамым,  
Күйікі жұрт сонда күйінді.  
Жер шарын сыйлай алмадым...  
Алыңдар, енді үйімді!

Ғалияны іштен тындырып,  
Ойнаңдар шулап, шыңғырып,  
Кілемнің жібін сым қылып,  
Мебельдің бәрін сындырып!

Қиқулап салшы гөй-гөйді,  
Отанның өндірі – Олжасы!  
Ерке бол! Тентек бол, мейлі!  
Тек қана –  
Жетім болмашы...

\* \* \*

Өз-өзінен болып алған басқа адам –  
Онда менің жасым оннан аспаған.  
Абырой боп, аудандағы газетте  
Өлеңдерім өнін аша бастаған.

– Ойрантаудай жер жәннаты жоқ! – дейді.  
Оған қандай жүрек жұтқан беттейді?  
Осыны айтқан Төкен дейтін қойшы ағам,  
аусар ағам... көз алдымнан кетпейді.

Жасым кіші. Таласуға хақым жоқ.  
Үндей алмай отырамын пақыр боп.  
Қызып алса әлгі қойшы (тан қалам)  
Бір-ақ сәтте шыға келеді ақын боп!

Ой тұсауын ертегімен кестірем,  
Керуен тартқан бір аңыз бар ескіден:  
Ойрантаудың етегіне келгендер  
Ақын болып кетеді деп естігем...

Тауын айтса сайрайды-ау кеп тіл-көмей!  
Қабағын да түйіп алған... «Күл» – демей...

– Ойрантау! – деп бастайды да өлеңін  
Қырсық шалып... Отырады үндемей!

Біздер кімбіз? Оған қалай күлеміз?  
Ыдыс-аяқ сынбаса деп тілеңіз:  
«Қой ұрлайтын Өміржандар секілді  
Ой ұрлайтын акындар бар... Білеміз!» -

Дейтін сол бір Ойрантаудың өрені  
Ылғи мені жұмбақ ойға бөледі.  
Тірі пенде естімеген қанығып  
Қандай екен, шіркін, соның өлені?

Қызыларай, есінде ме сол акын?  
Шежірене қалдырмады ол атын.  
Ойрантау деп өлең жазған ең алғаш  
Мен емеспін. Сол бір қойшың болатын!

\* \* \*

Осы бала бауырым, туысым да,  
Ойда... Отырған киіз үй қуысында.  
Көзінде – арман шұғыла. Тоқырауынның  
Ақ бидайы бар екен уысында.

Сол баланың кеудесі толған арман,  
Ашып тастап аяғын жол қараған...  
Өмірдегі күнә үшін: өнердегі  
Мен кешірім сұраймын сол баладан.

Жүрегімді аумайтын домбырадан  
Құлақ күйін келтіріп сол бұраған.  
Кердендеген кей пенде кешірмесін,  
Тек – сол бала кешірсе болды маған!

Әлі есімде мектепке барғаны да,  
Қаншама 2, қанша 5 алғаны да.  
Киіз үйде отырған сол баланың  
Құлақ түрсең іштей ән салғанына!

Ұшқыш болсам деуші еді. Жырақтағы  
Жиһанкез де бөлуды ұнатқаны –  
Бәрі есімде. Жарық-ты мұрат – таңы  
«Батыр болсам...» дейтуғын аңғал бала,  
«Ақын болсам...» деген жоқ бірақ-тағы.

Акын болсам дегем жоқ. Серігінде –  
Күпия көп, көз салсаң көңіліне,  
Енді, міне: өзектен өлең өріп  
Артып алды бір жүкті өміріне.

Сұра көктен, даламнан сұра менің,  
Сұра әкемнен, анамнан сұра менің.  
Акын болсын демеген, алаң оймен  
Адам қылып жаратқан мұрагерін.

Ғашық болып гүл-қызға; батыр ұлға  
Жүрек шерін армансыз сапыруға,  
Таяздарды тереңге батыруға,  
Жетесіздің бастарын катыруға,  
Ұзақ таңды ұйқысыз атыруға,  
Ата-ананың тыңламай ақылын да –  
Акын болып кетіпін ақырында...

Жұмып алып көзімді жүре беріп  
Кереметтен – кетіпті жүрек еріп.  
Дантең менен Абайым шықты алдымнан  
Ұйқтап жатқан жерінен түрегеліп!

Акының кім? Акының – мен бе сенің?  
Абайыммен қалайша теңдесемін?  
Акының кім? Акының – мен бе сенің?  
...Мен өмірге акын боп келмесем де,  
Әйтеуір, бір пақыр боп келмес едім.

## МАНАР АҒА

Кеткен ағам қантөгіске аттанып  
Әлі тірі жүрген сынды сапта нық.  
Қағаз толы бір жәшік бар... Әкеміз  
Отыратын соны жиі ақтарып.

Бір кездегі осы керек-жарақтар  
Кімге қажет, мейлі, бері, әрі ақтар?  
Жәшіктегі – сағыныштан сарғайып,  
Кеткен сынды бір кездегі ақ парақтар...

Не білеміз онда, шикі баламыз,  
Шер көңілге үміт отыр жағамыз.  
– Көп дейді ғой шет елде де казактар...  
Тірі шығар, мүмкін, Манар ағамыз?!

Айрылып бауырынан сорлаған –  
Зекіп еді сонда қатты ол маған:  
– Тойған жерде жүретұғын ит емес...  
Неңді шатып отырсың, ей, оңбаған?!

Көзімде – жас. Мен шімнен торығам,  
Ағамның да, ақылдың да... Жоғынан.  
– Ол тірі емес! – дейтін әкем – өлген ол  
Душпанының көздеп атқан оғынан!

Сары қағазды қайта-қайта парактап,  
Әкем де озды дүниеден әрі аттап,  
Ойға батам көзі-басым бозарып,  
Боз тобеге карап қал...

Кешір, әке! Өркеніне карашы:  
Жазылмаған жүрегіннің жарасы,  
Жаңа білдім: жер мен көктей екен ғой,  
Туған жер мен тойған жердің арасы!

Көзімде – жас! Әлі де іштей торығам,  
Ағамның да, ақылдың да жоғынан.  
Манар ағам өлген екен шынында  
Душпанының көздеп атқан оғынан.

\* \* \*

Аттап-аттап өтсем де мен асудан,  
Жол болса да бірталай бел асырған –  
Маған үнсіз карайды бір бала ылғи  
50-інші жылдағы Кенасудан.

Туды ма ерте – белгісіз, кешіккені,  
Өмір жайлы жок әлі есіткені,  
Сол – мен едім, туған ұл соғыстан соң  
Бейбітшілік дейтұтын бесіктегі.

Балалықтың базары қашты, мүлде.  
Ерке боппын, елім-ай, жас күнімде.

Кенасуда балалык калып қойды  
Бетін басып... Белгісіз тас түбінде—

Өтті бәрі. Келмеске кетті бәрі.  
Белбеуде емес бірақ та беттің ары.  
Қанға сінген қасиет – бәріңізге  
Бір еркелік жасағым кеп тұрады!

Сотқар едім. Сол кездің өлені – ескі,  
Айкай-шуға толы бір көп елес-ті...  
Сол бір мінез калыпты қанға сіңіп,  
Өлеңде де ұнатам – төбелесті!

Зіл-заланың қас жауы жырларым пәк,  
Тзде жердің қуларың... Сұмдарын тап!  
Адресім – Қызыдарай: Фамилиям –  
Соғыстан соң шырылдап туған ұрпақ!

Ғашықтарды жырыммен сүйіндірем,  
Пасықтарды қайтсем де күйіндірем,  
Мен Гетені көремін Болашақтан,  
Гитлерлер көрсе егер – үйіндіден—

Кіндігінен әкемнің көп емес ем,  
Өмірімнен өзгеше өлең есем.  
Көнбей елге... Көгеріп көзім әлі  
Жер-көктегі жендетпен төбелесем!

Өмірімнің бөбегі – жырларым пәк,  
Көңіл кіріп сонымен жуғаным һақ,  
Сенін асқак үнің боп қалсам екен,  
Соғыстан соң шырылдап туған ұрпақ!

## ӘКЕ

Көзіме шер-жас толды да  
Жырыма көшті зіркілі,  
Шешеміз жесір болды да –  
Жетім боп қалдық бір күні...  
Жаралы – жүрек. Айт, емін!  
Көз-басым сонда – көнек-ті,  
Еркектің көбін кәйтейін,  
Әкемнің орны бөлек-ті.



Жақсы екен бары – жоғынан!  
Бауырына тартар мәпелеп,  
Біреудің еріп соңынан  
Жүгіргім келді: «Әкелең!..»

Тұйыққа барып тірелдім  
Шикі ойды тағдыр пісіріп.  
Біреудің ұлын... Біреудің  
Аямайтынын – түсініп!

Сиреді шалдың қатары.  
Болмысқа осы болдық таң.  
Абдырап Адам – Атаны  
Айта да берем сондықтан...

\* \* \*

Аспаннан жұлдыз карап тұр,  
Ай карап тұр.  
Жерде өншен пенделер: бай,  
Манап,  
Кұл.  
Бай, манап, құл деп бізді алаламай,  
Алла нұры армансыз аймалап тұр.

Нұрға қалқып қыс қыстау,  
Гүл шаһары,  
Адамзаттың аппақ боп бұл сапары. –  
Арда емгендей сіміріп еміреніп,  
Аймалашы Алланың нұр шапағы!

Қазір бізде шер де көп, уайым көп,  
Жүрегімнің кір-қоңын жуайын кеп,  
Жүрегімнің кір-қоңын жуайын деп,  
Жүрем кейде қайтадан туайын деп.

Нұрыңа, Алла, қай пенде ырза болмас,  
Мені мынау қаладан қырға ала қаш:  
Ақжарыққа анамнан туғандай ғып,  
Алып бар да шомылдыр тыр жалаңаш!

Жарық дүние бусын да тілді мұңды,  
Бір күнім кеп ұзарғын бір күнімді.

Халифа анам қайтадан босансын да,  
Айкен апа кессе екен кіндігімді!

Осында кеп тағдырым түйіскесін,  
Онбағаны қайыра тиіспесін.  
Қара жерден Аксұңсар көтеріп ап,  
Қайта-қайта маңдайдан иіскесін.

Қайта келіп жолықсын Ғалия да,  
Бекзат болып кетермін байып онда.  
...Махаббатпен ғана Алла нұрын төгіп,  
Тұрады екен біз сынды хайуанға.

## **АҚТОҒАЙДЫҢ АҢЫЗЫ ҒӘМ ТАШКЕНТ БАЗАРЫНДАҒЫ ӘНШІ ТУРАЛЫ ХИКЯЯ**

Ән... Арқада құс болып ұшып жүріп,  
Құс болса да күдірет, күшін біліп.  
Қонбай қойған... Өзінің қол жетпейтін  
Құдай үні екенін түсіндіріп.

Ақының да таң қалған, пақырың да,  
Қонбай ұшқан құс шалғай шақырымға –  
Актоғайдың үстінен өте беріп  
Абдырапты адамдай ақырында...

Сикыр үнді ести сап мекенінен  
Алдан шыққан қырық қыз нөкерімен –  
Қызыларайдың шыңына көзі түсіп  
Әнші құстың қызуы көтерілген.

Шында – қыран, қырында – сағым ұшып,  
Тоқайласты ән мен ел сағынысып.  
Шағаладай жарқырап Шатырша тұр  
Күн нұрына маңдайы шағылысып.

Іштен тынып ұлыстың ұландары,  
Орнағандай бейіш кеп құрандағы...  
Бегазының беліне шыға беріп  
Тоқтай қалды Қусақтың құландары.

Паң даланын санжыдап қырандары,  
Ақжарықта аққулар сылаңдады.  
Жерге түсті ысылдап есі шығып,  
Жыландының ордалы жыландары...

...Дарынсызды бір сәтке көріп қылып,  
Әрі өзіне ғашық қып, әрі ықтырып, -  
Содая бері Ақтоғай ән салады  
Күйкі камын тірлістің тәрік қылып!

Өмірім – ән. Сол болар – ажалым да.  
Қайда жүрсем сиқыр үн – назарымда.  
Ән салмайтын мен едім. Мен де бірақ  
Бір шырқағам Ташкенттің базарында!

Шырқап едім кенеттен басқа ой салып  
Жанды бұған бұрканып жастай шалық.  
Ай сұлулар тап берген сонда маған,  
Сағып тұрған жемісін тастай салып!

Балуан Шолақ болса егер далам маған  
Айқайшысы – мен соның даландаған.  
Тәнті қылып Ташкенттің перілерін  
«Ғалимен» әнімді тамамдағам...

Жәрменкеде ән айтса, тәйірі не?  
Қыз пейілден қайтсыншы қайыры де!  
Сансыз көздер қадалып еді сонда  
Сайрап тұрған казактың шәйіріне...

Сыйғыза алмай көл-көсір қазынаны,  
Ала-құйын арқамнан азынады.  
Тапырқаған таң – сұлу ханымдарға  
Жасап едім сонда бір базынаны:

«Көгілдірде көсілген тау-тасым бар,  
Көзбен көрсең аңыз ғып айтасындар.  
Ақтоғайға жол түссе ән алып кел,  
Есесіне – ән алып қайтасындар!»

Өмірім – ән. Сол болар – ажалым да.  
Қайда жүрсем сиқыр үн – назарымда.

Арманым жоқ, өмірде, айналайын,  
Бір шырқағам Тәшкеннің базарында...

\* \* \*

Менің пірім – аспанда, қолдағы емес.  
Еңкейгем жоқ. Көз алдым – толған елес.  
Мен секілді тәккаппар, ер кеуде жан  
Болмайды да һәм тіпті болған емес.

Танті болып арудың пәктігіне,  
Жыр канатын көгіне қакты, міне,  
Қарғалардың қаркылын талақ қылып  
Аққулардың абдырап гәккуіне –

Сайрандаса ел мен құсап сайрандасын,  
Жадыраумен өтіпті жайран жасым.  
Қайдағы бір ынтық қой сикыр үнге,  
Қара сөзден қажыған қайран басым.

Тындырғаным жоқ екен өнерде түк.  
Шығармаптын кітап та көлемді етіп,  
Қара сөзден қажыған қайран басым  
Сонда-дағы сөйлейді өлеңдетіп.

Озбырлық кеп тарылтса заманымды,  
Төрт тағандап тіреп ап табанымды –  
Қанжығалы Бөгенбай сықылданып  
түтетіндей... Түйемін қабағымды.

Норжаны да кимеппін малақай ғып,  
Аттасам-ақ кетемін «Алақай!» ғып.  
Өз аузыма өз қолым жетпесе де.  
Қолда барды жіберем талапай ғып.

Айтқанына Музанын көне беріп,  
Қай қиянға құсша ұшып жөнemedік.  
Оянады мен түгіл, қасымдағы  
Ғалия да түсіне өлең еніп...

Көзімді ілсем... Бір күлкі шықылдаған,  
Мені көрсе күлетін сықылды адам.  
Аяғымның астынан ақша көрем  
Басып қалсам шытырлап... Бытырлаған...

Ақша-дағы, әрине, серіге – сын,  
Көзің түссе қиялға берілесің.  
Жүрген тажап! Төсеніш – ақша үстінде  
Тек еңкейіп алуға ерінесің!

Көрген түсім өңім мен... Ол ғана емес,  
Еңкейгем жоқ! Көз алдым толған елес.  
Мен секілді тәкаппар, өр кеуде жан  
Болмайды да һәм тіпті болған емес!

## **БҮЙРА ШАШЫН МАҢДАЙЫНА ТҮСІРІП...**

*До свидания, друг мой, до свидания...*

*С. Есенин*

Бұйра шашын маңдайына түсіріп  
Ойға шомып тұрған жұмбақ – мүсіні.  
Ең алғашқы сүйген қызым секілді  
Еске жиі алам осы кісіні.

Туған жерім... Көгілдірде – тау, шаңым,  
Туған елі еді шопан, малшының.  
Тез түсінді Қызыларайдың қыршыны  
Рязаньның баласының жан – сырын.

Жүрегімнен сиқыр әуен дір етті.  
Өн бойымда өмір – Күннің нұры өпті.  
Ешкім де енді тоқтата алмас деп келем  
Есениндер оятқан сол жүректі!

## **ЖАРЫЛҒАПТАН ҚОРҚАМЫН!**

### **1**

Әлі есімде: ескі мектеп... Ақжарық...  
Жас күнімнің елесі әлі – жап-жарық.  
Ағаш атта жүруші едік асыр сап  
Шаршы топты шығамыз деп қақ жарып!

Балалық шак – әнгіме-жыр сенгісіз.  
Серік батыр! Бала емессіз енді сіз.  
Шаршы топты шыға алдың ба қак жарып?  
Ол – белгісіз... Ол әлі де – белгісіз!

Белгілісі – өмір-керуен көшеді.  
Қалайша тез? Кеше еді ғой... Кеше еді...  
Біреу тіпті сол бір ескі мектепке  
Жүгін артып кіріп алған, – деседі.

Ескі мектеп... Әлі тұр ғой құламай...  
Еске алу да қиын оны – жыламай!  
Балалықтың күйіні жүр, сол жерде –  
Аманжолдың сиыры тұр, құдай-ай!..

Ескі мектеп, елесіңді сағынам.  
Сен куәсің гүл-дәуреннің таңына.  
Дүниеге жана мектеп келді де  
Жастығымды көміп кетті-ау шаңына!

Ескі мектеп! Жоксың ба сен еш жерде?!  
Қабырғанның бояуы да өшкен бе?  
Есіңде ме, төртіншіні тамамдап,  
Бесіншіге... Жігіт болып көшкенде...

Есіңде ме, Бағдаттың өлені,  
Жанып тұрған қоламтадай шок – өңі?  
Бағдаттың өзі ұмытып қалса да  
Ұмытатын... Сенің жөнің жоқ еді!

Сол бір шақтың қателігін... Мерейін  
Сен де ұмытпа, мен де «Елес...» демейін.  
Есіңде ме? Түспесе егер есіңе  
Өленіммен өзім айтып берейін!

## 2

Ерке күннің елесі шын өшкен бе,  
Есіме алам деп пе ем соны өскенде?  
Есіңде ме; төртіншіні тамамдап,  
Бесіншіге... Жігіт болып көшкенде,

Жүгірмектер ер жетуге асық боп,  
Кеудесінен көпке жалын шашыпты от,  
Шулатып ек дүйім жұртты, хат жазып  
Кластағы аруларға ғашық боп!

Есіңде ме, сондағы пәк құштарлық?  
Бірақ... Бірақ – кездесіп бір штарлық –  
Бәріміз де бір-ақ күнде ғашық боп,  
Бәріміз де бір-ақ күнде ұсталдық!

Бір класта махабаттың өрені  
Сүйгені үшін көздің жасын төледі.  
Есіңде ме, Бәтимаға ғашық боп,  
Бағдаттың сонда жазған өлеңі?

«Көрген жоқпын сендей аққу құсты мен!  
Сенсіз ғұмыр – жалған елес... Түс, білем.  
Ұшқыш болам – өзің үшін! Сонан соң  
Алып кетем Сені жердің үстінен!» -

Деген өлең есіңде ме, жөк-ау, ә?  
Кәрілік кеп жетектейді молаға,  
Ұмыт болар көрген қызық, сөнген от. -  
Мұндай жырды ұмытуға бола ма!

Әр шумағын әрлеп пәктік, жуған нұр  
Сол бір өлең қанымда әлі шулап жүр.  
Арбай бермек алпыс ғасыр өтсе де  
Адамды адам сүйген кезде туған жыр!

Дүр сілкінді Ақжарықта тау іші:  
«Бұл баланың ісі емес – жау ісі!»  
Гүж-гүж етіп құлағымда тұр әлі  
Жарты құдай – Жарылғаттың дауысы:

- О, ұятсыз! Қалай-қалай соғасың?  
Ал, ұшып кет... Қайда барып қонасың!  
Он сегізге – бәлиғатқа толмастан  
Қыз балаға қалай ғашық боласың?!!

Көкірегің көктем екен мәуелі...  
Қалай-қалай әуелейді әуені?!

Самолетте хақын қанша, мұрын бок?  
Жаяу жүріп үйреніп ал әуелі!

Көпті көрдік... Жасын көрдік, көрісін,  
Көп жағдайды... Сезе алмайды әлі ішім;  
Сен түгілі, мына біз де білмейміз,  
Қызға қалай хат жазудың мәнісін!

Қайдан келген қаңғып саған зар-шемен?!  
Бадырақ көз! Байқап сөйлес партамен:  
Қыз балаға хат жазатын қолыңды  
Бір-ақ шауып тастайын ба балтамен?!!

Бағдаттың басын тырнап сан күдік  
Жылап тұрған... Жоқ, қалыпты мәңгіріп:  
– Екінші рет қыздарға арнап, ағатай,  
ант берейін, хат жазбаймын мәңгілік!!!

Кешірініз! Жаңылдым... – деп өтінді.  
Аяп кеттік сонда осы бір жетімді.  
Бірақ... Мынау Жарылғабың ешқашан  
Махаббатты... Кешірмейтін секілді!

Зіл, ашуы – немененің желігі,  
Көргенім жоқ мұндай озбыр періні:  
– Сен, шық! – деді бір кезде ол баж етіп  
«Ер Төлеген!» Аксұңқардың Серігі!

Көкірегімнен күңіреніп бір күй ақты,  
Сүйретіліп мен де шықтым. Ұят-ты:  
Мойынына қара таңба басылған  
Хувзэйбиннің құрбандары сияқты -

Тұрдым боздап! Он үштегі төл едім.  
Күнәм үшін көз жасымды төледім.  
Әлі есімде, Бәтимаға ғашық боп  
Сонда жазған ең алғашқы өлеңім!

«Жұмбағымды шешші! Мынау хош таңда  
Айналсақ қой айрылмайтын достарға.  
Не болады – сенің жұмыр жүрегіне  
Менің жұмыр жүрегімді қосқанда?!»



Дүр сілкінді Ақжарықта тау іші:  
«Бұл баланың ісі емес – жау ісі!»  
Гүж-гүж етіп құлағымда тұр әлі  
Жарты құдай – Жарылғантын дауысы:

– Өзің айтшы, тез түлеген түлегім!  
Түсініксіз түтеп тұр той түр-өңін?  
Не болады – сенін жұмыр жүрегіне  
Қосқан кезде... Оның жұмыр жүрегін?!

У-ду күлкі... Тұрмын мәнін танымай,  
Жарылғантың қағынды алған қанын-ай!  
Шапалағы зілдей екен, жалт етіп  
Жақ отымды жарк еткізді! Жаным-ай...

Бүкіл класс Махаббатты ән қылып,  
Елегіздік естен танып – мәңгіріп:  
Қолхат бердік Жарылғанға жалынып:  
«Қыздарға хат жазбаймыз – деп – мәңгілік!»

Әні өзгерді, мәні өзгерді ортаның,  
Махаббатшыл маңдайымда – сөр қалың,  
Қыздарға арнап хат жазғанда, бар шыным  
Содан бері Жарылғаннан қорқамын!

О, сұлулар,  
Өмірімді сендерге әлі өлшетем,  
Өле-өлгенше көркемдікпен көрші екем.  
Сендерге арнап жазған жырым бар еді,  
Соны апарып Жарылғанға көрсетем!

Сәлем жолдап әлі жүрек тұсынан  
Айналамын сұлулықтың кұсынан.  
Рұқсат берсе егер Жарылған  
Сол жырларды өздеріңе ұсынам!

О, сұлулар! Періштелер! Асылым!  
Қалай бұзам Жарылғантың рәсімін?  
Егер Жәкен рұқсатын бермесе  
Хатқа салып жіберермін жасырын...

Түсіңдер Серік деген шерлі ерді,  
Көп құпия көкірегіме жерленді.  
Жәкең келіп қашан ұстап алғанша,  
Сүйе берем, жырлай берем сендерді!

## ӘЙЗАҢНЫҢ ӘНІ

*Әйлаулай-ай, әйлаулай!  
Аман ба екен Қабиба-ай?  
Балаларға бас-көз боп  
Отыр ма екен Күзінде-ай?!*

*Әйзаңның әнінен*

Ой бар ма онда осыны көрем деген?  
Елес-ті ел-жұрт онда көлендеген.  
Соғыста жүрген кезде Зияда үйге  
Өстіп хат жазған еді өленменен.

Мойнында соғын – шөп пен отынымыз  
Қараған соған ақсақ, соқырымыз.  
Ауылға ең алғашқы машинаны  
Осы еді – айдап келген шопырымыз.

Өмірден, міне, осындай серке де өтті.  
Сол серің мұңды әуенін шерте де өтті.  
«Зияда» – демей, оны Қызыларай  
«Әйзаң...» деп, әні үшін де еркелетті!

Майданда халқын аңсап каталаған  
Қарт сарбаз түскен емес мақаладан...  
Астынан алты қырдың естіледі  
Әйзаңның ащы даусы «Аңалаған».

«Апасы» – аузындағы мәтелі еді.  
Апасыз гүмыр кешу – қатер еді.  
Нөмірін айтса болды – машинаның  
Кілтін де апасы өзі әпереді!

Жұмыс жоқ – сұм соғыстың кәріменен,  
Бейбіт күн берекелі сәніменен.

Кешкісін балаларын Әйзан өзі  
Әдилеп ұйқтатады әніменен!

Мына қол май ұстаған – оқ ұстады,  
Жүрекке қан мен тердің тоғысты әні.  
Әйзанның жазғаны осы – бір-ақ өлең,  
Шері еді оның өзі соғыстағы.

Айтатын соны тойда бас тамада.  
Айтатын кемпір-шал да, жас бала да.  
Өлеңін жаза берсе, кім біледі  
Ақын боп жүрер ме еді астанада?

Көп көрген өмірінде өткелекті  
Сол муза сонан кейін көктемепті.  
Ауданда жылда өтетін айтысқа да  
Қатыспай, басқарманы өкпелетті!

Мойнында соның – шоп пен отынымыз.  
Қараған соған ақсақ, соқырымыз.  
Қойды да соғыстан соң ақындықты  
Ауылда жүріп жатты шонырымыз.

Уақыт та соғыс құсап ескіреді,  
Таң атып, түс болады, кеш кіреді.  
Өзі жоқ... Алты қырдың астынан тек  
Әйзанның әні ғана естіледі!

Бұл оның бірінші әні... Ақырғы әні!  
Шындықтың сонда тұнып жатыр бәрі.  
Осындай – көз жасындай шынайы өлең  
Жазған жоқ Алматының ақындары:

«Әйлаулай-ай, әйлаулай!  
Аман ба екен Қабібә-ай?  
Балаларға бас-көз боп  
Отыр ма екен Күләнда-ай...»

\* \* \*

Бетке алып шықтық қап-қара түнді,  
Жасырған жаһан сұр – өңін.  
Көйлегің таңдай ақ болатын-ды,  
Пәк болатын-ды жүрегін!

Бұтықсып жүрген бұралаң едік.  
Тұмай тұн... Іштен тындырып –  
Ұраға келіп құлаған едік,  
Шыңырауда даусың шынғырып!

Қай жерден шықтық желігіп?! Құрысын!  
Ұрыншак едік сол шақта-ак:  
Есімді жисам егіліп тұрсын  
Көзіңнен жасың моншақтап!

...Зулады жылдар желдің өтінде,  
Таңдар кеп, тұман тарады.  
Жалғызбын казір жердің бетінде!  
Жүрегім мынау... Жаралы...

Қушақтасып бірге құламайсың кеп!  
Шықпайтын сыр бұл тісіңнен.  
Мен үшін енді жыламайсың сен  
Күлесің, мүмкін, ішіңнен?

Түсімде көрдім: таңдағы аспандай  
Көзден нұр төктің ақтара;  
Ақ көйлегіңнің – таңба басқандай –  
Арқасы, бірақ – қап-қара!

Бетке алған кезде қап-қара түнді  
Қасымда, шіркін, жүр едің.  
Көйлегін онда ақ болатын-ды,  
Пәк болатын-ды жүрегін!

## **ҚЫЗЫЛАРАЙДЫҢ ҚЫРЫҚ ҚЫЗЫ**

Ақжарықтың ақ арнасы – ертегі.  
Ертегінің перзенті еді – ерке елі.  
Қызыларайдың қырық қызы қақында  
Неше түрлі хикаяны шертеді...

Жасынды аспан қақ айрылып жыртылып,  
Тұман тарқап, басылған соң бұлт ұлып...  
Соғыстан соң бой жетілті қырық қыз,  
Осы қырда – қырық гүлдей құлшырын!

Аңыз көшті арқада осы тау жайлы.  
Асау жүрек құлын-тайдай аунайды.  
Қырық үйден қырық сұлу шыққанда  
Қызыларай Гүлстаннан аумайды!

Арқау болған аңыз бенен дастанға  
Қырық қыздың атак-даңқы – аспанда.  
Қырық үйден қырық ару шыққанда  
Аузын ашып қалады екен Басқарма!

Қыз дегенін бола ма екен қылықсыз?  
Көзбен көріп, жүрдік іштен тынып біз.  
Абақ қойшы алпыс жасқа толғанда  
Күлді ауданды күткен осы – қырық қыз!

Соған бәрі тамсанатын – тамсанса,  
Солар салды жансыз тәнге – жан салса.  
Қырық бұлбұл сайрағандай болатын  
Қызыларайдың қырық қызы ән салса!

Қызыларай – қырық қыздың кеніші.  
Әнге толды, сәнге толды ел іші:  
Шықпай қойды осы ауылдан, арқанын  
Сал Біржаны, перісі, Ақан серісі!

Ай астында алтыбақан шырқалып,  
Алты қырдан асқан кезде жыр талып –  
Қызыларай жәрменкеге айналды  
Қырық қыздың қызығына бір қанып!

Сұлулық кеп бәрін айлап-жайпады,  
Көз көрместі көңіл өзі-ақ айтады:  
Алматыдан Кәрімбаев Садық кеп  
Қырық қызға ғашық болып қайтады!

– Уа, сондағы қырық қызын, қане? – деп,  
Келген еді Кәрменұлы Жәнібек.  
Шырқан еді таң атқанша сол сері  
Сазды әуенін сағыныштың әні деп.

Жәнібектің буынынан әл тайған,  
Сап басылып ер көңілі марқайған:  
Қырық қыз жоқ... Қырық шал жүр тек қана  
Махаббаттың мазағынан қартайған!

Мына өмірді – өзгергіштеу қалпымен –  
Мен өлшеймін Сұлулықтың парқымен:  
Қалады әлі Кызыларай тарихта  
Сонау сұлу қырық қыздың данқымен!

Назырқанба, уә, Жәнібек, бауырым,  
Көтер әнмен көңіліңнің дауылын:  
Сұмдығымен... Қалғандар көп дүниеде,  
Сұлулықпен қалған – менің ауылым!  
Назырқанба, уә, Жәнібек бауырым!

### АҚЖАРЫҚТЫҢ СЕРІСІ

«Алты жаста өлең жазды Ажөкен,  
Оның өзі – туған жерге назы екен...»

Жер-жаһанға жана бір сөз айтамын деп  
Оқталған  
Дусар бала – аумайтұғын көк талдан –  
Алты жастан жанын арбап ақындық  
Астанаға аттанғалы көп болған...

Кіндік кесіп, кір жуған ел – таудағы ел,  
Анда-санда бір барғанда ар ма деп,  
Жөн сұрайды: «Біздің сол бір балалап  
Хабар-ошар бар ма?!» – деп.

Көрген де оны, көрмеген де арманда.  
Қандай қиял бар екен сол қарғамда?  
Алматыдан мен де таппай қайтқан ем  
Шырақ ұстап іздеп талай барғанда!

Биыл, міне, қырық жасқа жетті анық.  
Содан бері сөз азабын шекті арып.  
Ақжарықтан жиырмаасында аттанған  
Алатаудың ақ бас шыңын бетке алып!

Ер жігітке етене ыстық ескі жұрт.  
Еліне бір оралар-ау ес кіріп.  
Соңғы кезде Шайтанкөлді жақтырмай:  
«Аспанкөл!» – деп жырлап жүр деп естідік!

Асырмак боп талайлардан өр үнін  
Бузылғанын көріпті жұрт өнінін.  
Алты жаста – «Ақжарық» деп жыр жазған,  
Қалдырады ел қалай соның көнілін?!

Мінезінің болар, мүмкін, терісі.  
Мықтыларға қыр көрсету – ер ісі!  
Алматыда алшаң басып, әйтеуір  
Жүр біздің де Ақжарықтың серісі!

Астанада ақын келді ағылып,  
Артист келді алтын, күміс тағылып.  
Не десе о десін ел: тек соны  
Ақжарығы күтеді аңсап – сағынып!

Ол жайында үндемейді жыршылар.  
Ләм демейді тіпті, мінші, сыншылар,  
Алты жаста Ақжарықта жыр жазған...  
Амап болса Алатаудан бір шығар!

Олжас болу, Қадыр болу – ер ісі  
Ал, Ажонның тарлау боп тұр терісі...  
Алатаудан бой көрсету шарт па екен?  
Өзіне ыстық – Ақжарықтың серісі!

Жана бір сөз айтпақ болып оқталған  
Аусар бала – аумайтұғын көк талдан –  
Алты жаста арбап жанын ақындық  
Астанаға аттанғалы көп болған...

## **АҚЖАРЫҚТЫҢ ЕРКЕСІ ТУРАЛЫ ЕКІНШІ ЖЫР**

Ажөкенді әлі іздейді Ақжарық,  
Қайда безіп кетті екен деп таң қалып.  
Сөзіне онын жатқан кім бар шамданып?  
Серісі жүр – паңданып һәм сандалып...

Ел ішінде қауесет көп не түрлі.  
Әлде, өлеңнен кесті ме ат кекілді?  
Қырық жастан асқаннан сон ақындар  
Жырда қызу қалмайтұғын секілді.

Мүмкүн, онын ісі жүртка күлкүлү.  
Дат, таксырлар! Терең элі жыр түбі:  
Не болады – аң-тан кылып жаһанды  
Жаңа бір сөз айтып салса бір күні!

Өзендер де кұяды ғой теңізге,  
Өрөңдү «Өңөз неме!» дегізбе!  
Эн тәңірі Әсет туған жер ғой бұл  
Ендеше, ол да тартпай қоймас негізге!

Қауесетке қалады да шамдағып,  
Ажөкөңді іздейді элі Акжарық.  
Шынында да кайда жүр ол сандалып?  
Айдау жолға карайды ауыл тан калып.  
Элі ешкімнен анык хабар алмадык!

## ҚЫЗЫЛАРАЙДЫҢ ҚЫРҒЫЗДАРЫ

### *Ш.Айтматовқа*

*Алатау еді-ата жұрт,  
Екі елдің сүтін тел еміп,  
Май менен жанға маталып  
Арқаға келген ел едік...  
(Өтеген батырдың өлеңінен)*

Үнді шай атам атын әйгіледі,  
Оны ішсе шырайына сән кіреді.  
Сораптап қойып соны Ғазиз атам  
Әріден бастаушы еді әңгімені...

Бір жорға, бір тұлпары жетегінде,  
Өтеген ата-жұрттан кетерінде –  
Бір уыс топырақты түйіп апты  
Ел қашты – Алатаудың етегінде...

Бетіне келе алмаған тәңірің де,  
Жүргізген заманында әмірін де –  
Өтекен түйіп алған сол топырақ  
Марқұмның жатыр – дейді – кабірінде...

Ел сонда жиналады іргеге кеп,  
«Қырғызбыз!» – дейді шалын ірілене кеп.



– Аксакал! Нағыз кыргыз болсаң, каше  
Жіберші өз тілінде бірдеңе деп?!

Ішінен, мүмкін, шалың егіледі,  
Қазақша сөзден басқа не біледі.  
Ант атып, кыргызшаны «ұмытып қап»  
Біздің шал осы жерде жеңіледі!

Аңызы өзіне оның жарасады.  
Қыргыздың атак-даңқы әрі асады.  
Сораптап қою шайды тартып қойып  
Қалжақтап «қазақтармен» таласады.

– Кыргыздың жұрттан асқан данасы көп  
Нанбасаң, көзінді ашып қарашы көп:  
Атақты Айтматов Шыңғысты да  
Естеміз Естекінің баласы деп! –

Дегенде шалдар төмен карасады  
Парықтап биіктік пен аласаны,  
Атиқты Айтматов Шыңғыс шыққан  
Қыргызбен қалай енді таласалы!

Шежіре – жердің тауы, шоқылары.  
Біз оны үлгермедік оқын әлі.  
Қыргыздың – Қызыларай қыркасында  
Бар дейді бір уыстай топырағы!

Сөз мiрiн кұрдастары оқтайды көп.  
Ғазиз жүр: – Айта берсiн... Оттайды?! – деп  
Шыңғысым Алматыға талай келді  
Қалай бір Ақжарыққа соқпайды?! – деп.

Бiреулер қанша сенбей тыраштанса,  
Шал сонша жырлай берді қыр асқанша...  
...Ат басын Ақжарыққа бiр тiрересiз  
Айтқаны ағамыздың рас болса!

\* \* \*

Қар ұшады күміс қанат,  
Неткен ғажап, пай, пай, өңір!  
Ақша қарды уыстап ап  
Атысамыз... Айхой, Өмір!

Сүргендей ек түсінде өмір,  
Сен де – бала ен, Мен де – бала ем,  
Сол дүрмектің ішінде бір  
Сен де бар ен, мен де бар ем.

Қарайтұғын сүйіне де,  
Біздер едік егіз ақ күс.  
Біз келгелі дүниеге –  
Сегіз көктем, сегіз-ақ қыс!

Әй! Есінде бар ма тегі  
Жауып үлде-бүлдені біз –  
Көмп қойып қарға сені  
Қарқ-қарқ етп күлгеніміз?

Бала едік қой, Баласынып  
Ойнағанда... Батыр едің:  
Аршып алсақ – аласұрып  
Қар астында жатыр едің!

Сен де сәби лақ едің,  
Жүрсің енді дана құсап,  
Айқай салып жылап едің;  
Бажылдап ең бала құсап!

Жоқ па сол сәт жүрегінде?!  
Ойнамаймыз со құсап біз:  
Біз келгелі бұл өмірге,  
Отыз көктем, отыз-ақ қыс!

\* \* \*

Бала болып бастадым тірлігімді,  
Уыз сәби ол кезде кімді білді,  
Баласы көп бөкташақ Айкен апа,  
Айкен ана кесіпті кіндігімді.

Кіндік бала аспанға қалай ұшты,  
Жүзіп кетті құшақтап қай ағысты:  
Баласы көп адамның сүйем бәрін,  
Баласы жоқ адамдар аянышты...

Бар менің де еркелеу кекілді ұлым,  
Жек көремін баланың жетімдігін!

Айкеп апа кеспесе кіндігімді  
Ақын бола алмайтын секілдімін.

Кіндігімді ол кеспей, зар қылғанда,  
Не болар ед – нәсіпсіз қалдырғанда?  
Балаларды қаншама сүйсем-дағы  
Басылмапты бір жырым «Балдырғанда».

Жарк-жүрк етіп тұрғанмен қалалары  
Аштық – әлі ғасырдың кара дағы;  
Қайыр сұрап жүретін көшелерде  
Елестейді жат жұрттың балалары!

Чилиде – олар. Африка торабында,  
Каргадағы шет елдер жолағында.  
Егілмесем әлемнің баласы үшін  
Қызыларайдың қыршыны боламын ба?!

Назаға ердім, сонан соң азаға ердім,  
Желіменен бойдағы аз өнердің,  
Хиросима өртінде өлген қыздың  
Өлеңдерін келеді жаза бергім!

Балалардың көңілін қалдырмаңдар,  
Барлық үйде басталсын бал-думандар,  
...Әлімбаев Мұзафар болмасам да  
Мен сендермен біргемін, балдырғандар!

## ХИРОСИМАНЫҢ БАЛАЛАРЫ

Хиросимада балалар өлді –  
Өмірдің мәнін ұқпастан.  
Хиросимада балалар өлді –  
Өлімнің мәнін ұқпастан!

Адамдарым-ау, алаңдадым-ау  
Атомнан шошып, ссиделіп,  
Арандадым-ау – ғаламға мынау  
Бес жылдан кейін мен келіп...

Тірі, үмітті, дірілі – күшті  
Жүрек сезеді дүлейді:

Өмірден кету түгілі, тіпті –  
Өмірге келу – үрейлі!

Жапондар мені түсінер еді,  
Ұрпақтар торықпаса екен;  
Өзімнен бес жас кішілер... Енді  
Мен құсап қорықпаса екен!

Өмірі – дүрмек думанның әні  
Болса да қашық аралары –  
Соғыстан кейін туғанның бәрі –  
Хиросиманың Балалары!

Азалы-асқак әндеріміз де  
Бізге де көңіл бөліңіз.  
Жара жоқ шығар тәндерімізде,  
Жүректі ашып көріңіз!

Келеміз жүдеп, миға сыймаған  
Ұғымдар басты түтін жеп,  
Кеуделе – Зұлмат Хиросимадан  
Шошыған жүрек дүпілдеп!

Жүріп келеміз. Дірілі күпті  
Жүрек сезеді Дүлейді:  
Өмірден кету түгілі, тіпті –  
Өмірге келу – үрейлі...

Әлемдік әбігер тоқтаған кезде  
Айналыш арман – дуаға,  
Соңғы жеңдетті соғтаған кезде  
Мені де шақыр – куәға!

Өмірі – дүрмек думанның әні  
Болса да қашық аралары –  
Соғыстан кейін туғанның бәрі –  
Хиросиманың Балалары!

## МУҚАҒАЛИ

*Хроника: 1974 ж. Маусым*

Енкейіп бара жатыр Күн бесінге,  
Панфилов гүл-бағының іргесінде –  
Ортаға ақынды алып отырғанбыз  
Шөл басып Алматының шілдесінде.

Бұлдырап тұрғанменен келешегі,  
Мұқанның айдарынан жел еседі.  
Жаркылдап отырса да, жампозынның  
Жағдайы онша жақсы емес еді...

Жарықтық жабыққанда – жан-тән налып,  
Шаттығын шақыруға шампанды алып –  
Егіліп тірі жүрген Есенинге  
Елжіреп біз караймыз аң-таң калып!

Жыр әлі – шикі, соған күнәліміз,  
Көңілден сейілмеген тұманымыз.  
Өзгеше өлең оқып сонда-дағы  
Келеді ұлы ақынға ұшағымыз!

Біреулер қызды мақтап, жырды мақтап,  
Біреулер бос шөлмектей шылдырап қап...  
Бір қызға Шайтанкөлде гашық болып,  
Бірдене жазғам мен де былдырақтап...

Сол сәтте соны оқысам жететіндей,  
Жұртты – таң, ақынды – ырза ететіндей.  
Кезегім (керуен соққыр!) Келмей калып...  
Отырмын жарылып-ақ кететіндей.

...Мұқаң – жоқ! Өрт өргендей өзегіміз!  
Өзгеше кескінде екен кезеңіміз.  
Қасымда – Бауыржан мен Светкали,  
Келш ед енді біздің кезегіміз!

Ал, сөйле, дүбірге еніп, күңіреніп,  
Шөлдесек – сусыннан бір сімірейік.  
Күдай-ау, кімге оқимыз енді өлеңді?

...Мұқанның орыны тұр үңірейін...

\* \* \*

Сықырлайды креслом. Кеңседемін.  
Келген елді еркіммен еңсеремін.  
Ел тағдыры миымды шағып әбден  
Көтере алмай басымды... Теңседемін.

Мұрша бермей қойды-ау жұрт дамылдауға,  
Қарай алар шама жоқ дабыр, дауға.  
Бірінен соң біреуі... Бәріш бірдей  
Үлгеретін емеспін қабылдауға.

Екшейтін мен: жән бе екен, теріс пе екен,  
Пәтуғаға көнбейтін керіс пе екен...  
Хатшы қыз да қалқиды аққуға ұқсап,  
Ғалияның өзіндей періште екен!

Бұл Жібектің кім екен Төлегені?  
Көрген сайын көзге нұр бөленеді.  
Бір телефон сұңқылдап сөйлеп жатса,  
Бір телефон... Безілдей жөнеледі.

Неткен ғажап ел-жұрттың мұрат-әні,  
Іттипаты кісіні жылытады.  
Баспалардың бастығы телефондап,  
Қолжазбамды қолқалап сұратады!

Мен кім едім? Осы жұрт не біледі  
Дабырайтып алған-ау, тегі мені?  
Жыршы біткен өлеңін маған арнап,  
Сыншы біткен бас иіп, егіледі.

Оған-дағы үйренген етім бүгін.  
Желмен бірге кетіпті жетімдігім.  
Кеше өзіммен бірге ішкен жігіттерге  
Кекесінмен қарайтын секілдімін!

Кеудем толы өлең бе, ария ма?  
Ақ кемемен жүземін дарияда...  
Көргендерім – ғажап-ты. Ояна сап  
Аңыз қылып айтқанда Ғалияға...

Жүз шайысып, сол жолы ұрысқан ек,  
Жерге түсті... Қолында – хрусталь ед...  
Тан қалған-ды зайыбым, сандалған-ды:  
– Ақыл-есің, байғұс-ау, дұрыс па?... – деп.

– Шытынама сен анау... Хрусталша,  
Жөнін біліп алсаңшы – ұрысқанша:  
Әкім болар едім ғой, ақын болмай...  
Ақыл-есім егер де «дұрыс» болса!

## ШАЙТАНКӨЛ БАЛЛАДАСЫ

Самат Жүнісовке

*«Көп болды Ақжайыққа бармағалы...»  
«Қыз Жібек» фильмінен*

Жастықтың тамылжытып салған әні –  
Көп болды Шайтанкөлге бармағалы;  
Маңында масайрап-ақ жүрміз ғой деп,  
Өзіміз-өзімізді алдағалы...

Қайтейін, қайран жүрек қапы қалды,  
Бір дауды бітпейтұғын сатып алды:  
Абдырап Алматыдан Дәуітәлі кеп,  
«Көрсет – деп «Шайтанкөлдi!» – жатып алды!

Тауды да елеместен тау екен деп,  
Қияда тәнімізді әуе тербеп,  
Буынып-түйіндік те тартып кеттік,  
Басына Шайтанкөлдiн «Тәуекел!» – деп.

Түсеміз бұралаңнан бұралаңға  
Көлшіктер көз жауын аң тұрады алда.  
Күйікпен күйбең қағам, шатақ-қонақ  
«Шайтаңкөл – осы ма?!» – деп сұрағанда!

«Жоқ, әлі биікте», – деп бал ашамыз.  
Бұл маңда әрбір тастың арасы аңыз.  
Шайтанкөл жатқан шыңның етегінде,  
Албасты басқандай боп адасамыз!

Мыкшындап тырмысамыз кайқан белге,  
Ішімде құпиям көп. Айтам ба елге?  
Ләйланы Сұлушашка қосып жырлап,  
Нем бар ед, тыныш жүрмей – Шайтанкөлде?

Мен – алда. Ал қонағым менен кейін...  
Қыяда жол таба алмай... Елеңдейін.  
«Сен өзін Шайтанкөлде болмапсың ғой!  
Неңді, енді, шатып жүрсін?!» – дегендейін.

Қонағым ашуланып қалды күзде,  
Баса алмай әуре сарсан қанды қызба.  
Түңіліп... Қайтатұғын кайқаңды ассак:  
Жарықтық! Жағыр екен алдымызда!

Керемет тақаннарлық келбетінде,  
Қаңғырып қайдан келдік тербетуге?  
Сұлушаш түгіл, менің жырымдағы  
Ләйла да көрінбейді қол бетінде.

Тауға кеп құлағандай аспан – алып!  
Мәңгіріп тұрған ақын астаналық:  
«Сұлушаш! Қайран аням! Қайдасың?!» – деп  
Айқайға басты дерсің маскара ғып...

Сенкеіз сеніп келген бар аңызға  
Ғалия абырайды арамызда:  
«Апырым-ай! Алматыдан аман келген  
Адамды ауру қылып аламыз ба?!»

Күн бағты көкжиекке жалқынданып,  
Көлің де бара жатыр салқынданып...  
Шомылып Дәуітәлі жүр, шолпылдатып:  
Аумаған аңыздағы алтын балық!

Ешкімді еяді көзге ілмейтіндей,  
«Тәнім мен судың тегі бір!» – дейтіндей:  
«Шайтанкөл! Шайтанкөл!» деп бебеулейді  
Біз осы көлдің атын білмейтіндей!

Денесін көлдің толқыи – биі өңгеріп  
Шоршыған балыққа бас нем келіп.



Келгені Алматыдан кеше ғана!  
Алыпты көлді өзіне иемденіп!...

Жыр еткен Сұлушашты қайран, Сәбит!  
Данқынды көкке апарып қойған шабыт!  
Шіркін-ай, көрестің бе өз көзіңмен  
Көліңде бір бала жүр ойран салып!

Тың тыңдап: «Үн бар; – дейді – жылағандай!»  
Сұлушаш сөйлей ме оған тірі адамдай?  
Бебеулеп біздер тұрмыз, шоршып жүрген  
Балықты жағалауға шығара алмай...

Ғаламға ғажайыбын жариялар  
Көп пе екен, шіркін, мұндай дариялар?!  
...Келеміз Шайтанкөлден төмен түсіп,  
Ләйла жоқ – қолтығымда – Ғалия бар.

Қайда асау адуынды арынымыз?  
Басылған бағанағы шалығымыз.  
Құрлықта әзер жүріп келе жатыр  
Көлінен жаңа шыққан «Балығымыз!!!»

\* \* \*

Армысың, ар ма, адамдарым-ау,  
Сені іздеп Серік сенделді,  
Қатерлі қатал ғаламда мынау  
Сағынып жүрем сендерді.

Уақытты өлең шектейді құрсап,  
Жыр-дариясын кешемін,  
Көзім алдынан кетпейді бір сәт  
Шерлі Абай... Мұңды Есенин...

Көзім алдында жүріп алады  
Уақыт – қыс көміп ақ қарға  
Адамдар қалай тірі қалады -  
Замандар өліп жатқанда?

Өкеікті төгем қысқан жанымды  
Досқа – рух, сауал – жау үшін  
Пыш-пышқа көшкен мыстандарыңды  
Дір еткізсе екен дауысым!

Музамен жан, тән ауырсын, жансын,  
Басымды ойлар даң қылып  
Адамды іздеген Даусым қалсын,  
Даусым қалсын жаңғырып!

Мұнайма, Музам, көтер еңсенді,  
Досқа – рух, зауал – жау үшін –  
Ғаламды кезіп кете берсенші,  
Адамды іздеген Дауысым...

\* \* \*

Сәнетін шамдар жалт етіп нұрды алып қашып!  
Жарк етіп біз де шығушы ек ұрланып басып...

Тұмса сезімге толы сол тұнық түндерді  
Ұмыттың мәңгі. Менін де ұмытқым келді!

Ақжарық. Айлы түн еді. Қыз бенен жігіт...  
Бара ма мәз боп біз жүрген ізбенен жүріп?

Сен жоқсың. Әлі сол беті Ақжарық бірақ.  
Үйінде сенің ылғи да шам жапып тұрад!

## «ҚЫЗЫЛАРАЙ» КОЛХОЗЫНЫҢ 101 БОЗДАҒЫ

Соғыс десе шоңиды жан-жүрегім,  
Бар азабын тартып па ем жалғыз өзім.  
Жүз бір боздақ оралмай ауылыма  
Жүз бір гүлім көктемей қалды менің.

Кенейіміз түгел-ақ біздің бүгін  
Бірақ... Бірақ жоқ менің жүз бір гүлім!  
Жүз бір жылым!  
Жүз бір көктемім!  
Жүз бір жырым!

Тарих жүгін көтеру – күш, қайысып  
Зұлымдықпен келеміз түс шайысып.  
Орала ма, шіркін, сол жүз бір Жылым –  
Жүз бір Ғасыр келсе де құстай ұшып.

Өмір шіркін өлімнен тоқырап па?  
Жүз бір бала, әнеки, отыр – ақта,  
Дегенмен мен жүз бір гүл ексем деймін  
Кіндік қаным тамған солтопыраққа!

Сергелдеңде сезбеймін жаз өткенін,  
Қыс өткенін, көктем кеп мәз еткенін.  
Планетаның толтырып газеттерін  
Жүз бір өлең жазуым қажет менің!

Реквием – жыр залдарды оқылады,  
Отша жанып көзімнің от-шырағы.  
Бірақ... Сол бір залдарда үңірейін  
Жүз бір орын... Мәңгілік бос тұрады...

Соғыс деген еске сап соғындыны,  
Оқылады күн сайын соның жыры.  
Елімнің жыр залында тұр қаңырап  
Жырма миллион Құрбанның орындығы.

## ТҰМАНБАЙ ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

*Т.Молдагалиевке*

Замандарым... Жұмбақ ең маған бәрің,  
Жұмбақ еді геройлар – адамдарын.  
Тұманбайдың жырларын оқи-оқи  
Тұмандана бастаған жанарларым...

Сүйдім жырды. Не содан өндіргенім?  
Ой бірде едім. Өрім бе ем: өндір ме едім.  
Көкірегімде тұтанды бір от жанып,  
Топан нөсер жауса да – сөндірмедім...

Күн батысқа карасам – таңданарлық.  
Күн тұратын қанатын қанға малып.  
Тұлан тұтып тұрғандай сонда ол маған  
Тұманбайдың әкесін жалмап алып!

Ақын жырын оқимын анама кеп,  
Мұңды әуесінен жетеді санама леп.

Қыздар жайлы қызығын тастап кетем.  
Жеңілтек бір жігіт деп қала ма деп.

«Анамның көңлі маған бөлнеді,  
Мен үшін қабырғасы сөгіледі,  
Екеуміз кидік соны кезектесіп,  
Бір етік біздің үйде болып еді...»

Не түсінем сол кезде, не білемін?  
Мықты едім – демеймін – темір едім,  
Жете де алмай сонына сол өленнің  
Мен де анама қосылып еніредім!

Соғыс өрті сөнгенмен баяғыда,  
Адамдардың қалды өмірбаянында.  
– Сол уақытта күллі етік, – дейтін шешем –  
Солдаттардың болатын аяғында.

Өксиді анам... Анамды барам аяп:  
Шерлі болдым жасыма карамай-ақ.  
Көзімді ілсем... Түс көрем... Кар үстінде  
Тұманбайлар жүреді... Жалаңаяк!

Олар бізге жақын да, алыс, мүлде.  
Айтқандары: бейтаныс, таныс кімге?  
«Етік» деген сөз жазып ойнап жатыр  
Жалаңаяк балалар кар үстінде!

Соғыс... Жендет лаң сап аналарға.  
Ақ әлемді тағы да каралар ма?  
Жер бетіне Зұлымдық келген кезде  
Атылады алғашқы ок – Балаларға!

Құндақтаулы сырымды неге шештім?  
Әлі өшкен жоқ есірік елесі естің.  
Балалықтың базарын көре алмаған  
Балалардан бақытсыз емес ешкім!

Күнбатысқа қарасам таңданарлық,  
Күн тұратын қанатын қанға малып,  
Тұлан тұтып тұрғандай сонда ол маған  
Тұманбайдың әкесін жалмап алып.

Жүрген болса жер басып күнәлі адам  
Мен де сол бір сойқанға куә болам.  
Жер апшысын қуырса керзі етіктер,  
Елестейді көзіме Тұман ағам.

Жылдар озды жыл құсын құшпаған,  
Жырын оқып өмірдің жұбана алам.  
Туфлидің талайын тоздырды ғой  
Жалғыз етік киген сол Тұман ағам...  
Осы өлеңді жазбасам күнә – маған!

## 26 МАУСЫМ, 1987 ЖЫЛ

### *Хроника*

*Жас ақындардың Бүкілодақтық XIV фестивалі өтіп жатқан.  
Ұлықбек Есдәулетов мені белорус ақыны Галина Булыко, украин  
ақыны Оксана Забужкомен таныстырды...*

Бір бөлмеде төрт ақынбыз, Өнерге —  
Өле ғашық. Айтарымыз көп – елге.  
Қара сөздің құлақ күйі кілт тоқтап,  
Кенет кезек келді дереің өлеңге!

Жарк-жүрк етіп жанарында тұнып кек.  
«Отырарға» басты уытты Ұлықбек!  
Алибұртып біз отырмыз, айта алмай,  
«Шежірениң шерлі бетін ұмыт...» деп.

Қасіретке қапалану – кісілік —  
Ескі дертті еске бір сәт түсіріп.  
Ойға батқан Оксана мен Галина  
Қазақшаны гәржімәсіз түсініп!

Халықтарға халық ұқсас затында,  
Тілмаш іздеп қажеті не ақынға?  
Отырардан қайтқан кезде Ұлықбек,  
Галинамыз тартып кетті Хатыныңға...

Менде де бар – елде де бар шер-жүрек,  
Ал, айтайын Аралымды ...елжіреп.

Балықтарым шоршып жатса құрлықта  
Жел қаққандай желбезегі желбіреп!

Оксана да кетіп сол сәт мазасы  
Шертті-ай келіп Чернобыльдың назасын.  
– О, сұмдық-ай! Келіп пе елің бұл жерге  
Айту үшін адамзаттың азасын?! –

Деп айқалап жіберсем бе кіжініп?  
Өз-өзімнен көңіл күйім бұзылып...  
Екі ару ақын қыздың көзінен  
Екі тамшы... Бара жатты үзіліп!

Миллион бала – Музамыздың солқылы!  
Фестивальді паш етті әуе толқыны,  
Бір күні өтті ХХ-шы ғасырдың  
...Невадада түк болған жоқ сол күні...

\*\*\*

Қарлығаш-құсым,  
Аспанды кезіп, шарықтап,  
Пенде көзіне қарай алдың ба анықтап?  
Пенде көзіне анықтап егер қарасан  
Ұшады-ау зәрең әзәзілдігін танып қан?  
Пенде көзіне қарай алдың ба анықтап?

Қарлығаш-құсым, ұша бер, қонбай ұша бер!  
Бұлталақ көрмей, бұлттарды ғана құша бер.  
Бұлталақ көріп, бұлттарды ғана құшпасан,  
Жердегі жұрттың бәрі де – шерлі, құсалы ел.  
Қарлығаш-құсым, ұша бер, қонбай ұша бер!

Қарлығаш-құсым, ұша бермейсің неге сен,  
Бұлттарды барып құша бермейсің неге сен!  
Мен де бір пенде ем тек ұшу үшін жаралған  
Қанаты жоқ бір қарлығаш-пенде демесең...  
Қарлығаш-құсым, ұша бермейсің неге сен?

Қарлығаш-құсым, өзіңді өзін қор қылма,  
Аяздан қашып, бораннан жасып тоңдың ба?  
Аяздан қашып, бораннан жасып тоңған соң,  
Қанатың талып, Қарқаралыға қондың ба?!  
Қор қылма құсым, өзіңді өзін қор қылма!

Қарлығаш-құсым, қош болшы, қонбай ұша бер,  
Бұлталақ көрмей... бұлттарды ғана құша бер!  
Бұлталақ көріп, бұлттарды ғана құшпасаң  
Жердегі жұрттың бәрі де – шерлі ел, құсалы ел!  
Қарлығаш-құсым, қош болшы, қонбай ұша бер!

## ҚАРҚАРАЛЫ ҒАЛАМАТЫ

Мәди жыры – тұл еткен пенделікті  
Қаңғып кеткен желге ермей – елге ерітті,  
Марқұм Ақын Музасы ажалды арбап  
Жүрегіне халқының «жерленіпті»!

Сұлушаш Қыз...  
Махаббат...  
Жұмақ құсы –  
Шайтанкөлден кетпесті жыраққа ұшып,  
Табытқа емес, Шабытқа айналыпты  
Жүрегіне Ақынның құлап түсіп!

Ізгілікке зұлымдық берді ме есе?  
Қамшысын да қайыстан өрді неше...  
Өмір-бақи сенбеспін аярларға,  
«Сұлулық пен Ұлылық өлді!» – десе.

## АНАМА ХАТ

Кеудене қайдан дәру аласын  
Өкпеңнің дерті қозғалтпағанда?  
Ару анашым – аруанасың  
Ботан ем. Босып... Боздап қалам ба?!

Із-түзсіз қайтып өше бересін  
Аптыққан ауру қос өкпеменен.  
Көзімнен күнде көшеді елесін,  
Түн сайын сырқат төсектен көрем.

Кеуденді нендей пәле қысады  
Асыл тәніңді езіп, тек – күрмен.

Өмірден, сонда зәрем ұшады  
Өңірден осы безіп кеткім кеп!

Кеуденің зауал дертін білмедім,  
Түн-ғұмыр соған тұйықталды ма?  
Жетім күндерім, жесір күндерін  
Өкпене шер боп ұйып қалды ма?!!

Сені іздеп талай қиырға барам  
Жауғандап жұрттың қарайды үміті.  
Ақ сүтіннен кеп құйылған маған  
Ақындық деген – Абай рухы.

Із-түзсіз қайтып өше бересің  
Аптыққан ауру қос өкпеменен.  
Көзімнен күнде көшеді елесің,  
Түн сайын сырқат төсектен көрем.

Күйіктен өрттей жана ма кеудең?  
Тастай қашсам ба кең даланы мен:  
Өмірге ақын адам әкелген  
Ананың шерін мен ғана білем!

Көшермін ата тірлігін мен де,  
Көшермін бір күн жырымды ап жырақ.  
Өмірге менің кіндігімнен де  
Бір бала келер шырылдап жылап.

Сол бала... Ағып көзінің соры  
Өлеңімді оқып толғана ма шын-ақ?  
Ақымақ болса – өзінің соры:  
Ақын болмасын сол бала, бірақ!

От құйып, Муза жалыны арыма,  
Өсетіп мен енді маздап-ақ өтем.  
Бір Ақсұнқардың шаңырағында  
Бір ақын болса аз бола ма екен?

Күйіктен өрттей жана ма кеудең?  
Тастай қашсам ба кең даланы мен,  
Өмірге ақын адам әкелген  
Ананың шерін мен ғана білем...

Кеуденді нендей пәле қысала  
Асыл тәніңді езіп, тек – күрмең.



Өмірден сонда зәрем ұшамы  
Өмірден осы безіп кеткім кеп...

\* \* \*

Шыбын жан барда далаға жетейін,  
Кеудемді ашып: «Пәкпін!» – деп,  
Күдіретіннен садаға кетейін,  
Құрманғазылар мен Тәттімбет!

Елестеп өтсін Құлагерін де  
Алтынға тағалатқандай;  
Қырық мың тұлпар құба белінде  
Қиқулап бара жатқандай!

Парағын эпос – дастан ашып да,  
Паш етсін қазақтығыңды,  
«Адай» күй ойнап аспан астында,  
Іздесін азаттығыңды!

Шыңғысхан... Ақсақ Темір өтеді  
Елестеп – ұшқан ұландар;  
Домбыраларды сиретеді  
Азалы – «Ақсақ құландар!»

Темірлер кімді тебірентеді  
Мінсе де қанша қаһарға?  
Күй Елі! Күйдің Мемлекеті!  
Жалғызсың – күллі жаһанда!

Шыбын жан барда далаға жетейін  
Кеудемді ашып: «Пәкпін!» – деп,  
Күдіретіннен садаға кетейін,  
Құрманғазы мен Тәттімбет!

## С. ЕСЕНИН. ЕСЕП САБАҒЫ. ЕСТЕЛІК

### I

Балалығым қалды сонау арқада.  
Сұлулық-ай! Өзіне арбап тарта ма;  
Күндіз-түні Есенинді оқушы ем  
Үйде отырып, түкпірдегі партада –

Сабак калып оқып жүрдім, дәм калып  
Парсы еліне барғым келді паңданып!  
Таң атқанша шам жағып,  
Тамашаға отырушы ем таңданып.

Айта көрме итректің сабағын!  
Оны ойласам ашылмайды қабағым.  
Кластағы күллі қызды көзге ілмей  
Шағанаға ғашық болған баламын!

Соны сезген математик мұғалім  
Бетіменен жібере ме ұланын.  
Қыл-қызыл боп қайтушы едім күнде үйге  
Әбден піскен помидордай құлағым...

«Тарих» пәні сабағында шаттана,  
«Әдебиет» әлемінде мақтана...  
Елдің бәрі шешетұғын есепті  
Шығара алмай тұрып алам тақтада!

Математик – сөзі зілді, өзі де,  
Қаусап қалам қарай алмай көзіне.  
– Ми жоқ сенде! – дейді. Бірақ сол нәрсе  
Бар секілді елестейді өзіме...

## 2

Музамен бір ғұмыр сүріп, түс, мүлде,  
Ес жидым-ау көктен жерге түстім де,  
Талай-талай математик кездесті  
Өмір деген ұзақ жолдың үстінде.

Басы – цифр, бақастарым – есімде.  
Сан есеппен матасқаным – есімде.  
30-ға 30 қоса алмаған Сергейше  
Талай рет шатасқаным – есімде.

Шотына сап тағдыр талай сынаған,  
Демеу болмай Есениндей ұлы адам –  
Есеп деген емтиханның сүрініп  
Орға қарай омақа асып құлағам!

Өзегім жыр. Өмірім де – өлең-ді.  
Өлең десе білмеуші едім өлер-ді

Цифр толы кекжендеген бастарын  
Мені көрсө тұлан тұта жөнелді!

Айтарым көп сол пенделер қақында.  
Өлгенімше қалам жырдың салында!  
Таң қаламын: өлеңі үшін неге осы  
Қаламақы береді екен ақынға?!

\* \* \*

Шешен билер тамсандырған сөзіне  
Ұқсап кетті Цицеронның өзіне.  
...Сарыарқаға келсем болды, сурет боп  
Неше түрлі елестейді көзіме.

Мұнды Тоқа күйлерінің сазы кеп,  
Сыр шертеді өткен күннің назы деп.  
Такпақтап ап жөнелетін секілді  
Төрде отырған Қаз Дауысты Қазыбек.

Балқан таудан балбыраған тәтті үн кеп,  
Рух болып күңірселді Тәттімбет.  
Керемет бір ой үстінде тұрамын  
Кеңістікке «Адай» болып аққым кеп!

Беймаза боп тұрғанымда сабылып,  
Құлақ күйден қалғандаймын жаңылып.  
Көз ұшынан көрем Абай атамды  
Бара жатқан кара түнді жамылып...

Жаз да бітіп, мамыржай бір жеткен күз.  
Асфальт жолға сала алмайсың тепсен де із.  
Дүниеден Ақан сері қайтты да  
Серуенге шықпай қойды сексен қыз!

Ойым – быт-шыт... Таң қаламын өзіме:  
Қалар болдым сыншылардың сөзіне!  
Сарыарқаға келсем болды, сурет боп  
Неше түрлі елестейді көзіме...

## ҚАСЫМДАР ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

*«Пошу я на сердце достойные пираммы...»*

*Расул Гамзатов*

### Қасым Орынбетовке

Пенза мені қарсы алды періште деп,  
Жаным – көктем, жап-жасыл бейішке кеп.

Көз алдына келеді –  
Жүрген кезде мекенден алыс қырды,  
Жүрегінді жаулаған ағыс күлді.  
Аға жоғын білгендей кіндігі бір  
Мені тағдыр өзінмен таныстырды.

Тілейтұғын тілеуін бекем ана  
Қайда бармақ ер жігіт жеке-дара?  
Қаталдығын қарашы мына өмірдің,  
Сенде туған іні жоқ екен, аға...

Еңсемізді езіліп түсірместен,  
Жүдеместен, бозарып, ісінбестен –  
Гұмыр сүріп келеміз. Жалғыздықтың  
Не екенін тым жете түсінбестен.

Шыққан кезде жарыққа мепін жырым  
Жақсыларға сен бердің көрімдігін,  
Жүріп келем құлатып алмайын деп  
Ағалардың аманат сенім-жүгін.

Жүріп келем. Жүректен сыр ақтардым,  
Естіп үнін бұлбұл мен бұлақтардың.  
Талай пенде шалды да аяғымнап,  
Талай жерде шалқамнан құлап қалдым.

Жүріп келем. Аярдан алдандым кеп.  
Қайтара алмай есемді дал бөлдім кеп.  
«Ақын деген – бала ғой!» – деп кекетті өл.  
Сондай кезде кетеді шал болғым кеп!

Жүріп келем. Күллі елге сүйікті емен,  
Күйкілерге мен де іштей күліп келем,  
Ғашық болып қалдым да Қасымдарға,  
Тасырларға карадым күдікпенен.

Қасымың – кім? Тасыр – кім?! Көріп – таңмын.  
Өз сөзімді айтсам деп өліп-талдым.  
Өмірімді өленге айырбастан  
Кейде менің... Келеді өліп қалғым!

Тас бас жарды тағдырмен алысқанда,  
Зәрем ұшты Топаспен танысқанда.  
«Ақын деген – ақымақ!» – дейді мәз боп  
Ал, өздері сонда кім? – Данышпан ба?!

Дастарқандай жаныңды салсаң да ашып,  
Күледі олар мазақтап, арасандасып...  
Абайдың да аулына ат шалдырмай  
Ақымақтар жүр екен алшаң басып!

Көктегі еріп мен асау жасындарға,  
Сапар шектім шаң басқан ғасырларға.  
Қара сөзін көп елдің түсінбедім –  
Ғашық болып қалдым да Қасымдарға!

Қасым ақын жоқ. Тірі – жыры бүгін,  
Бастан кешкен тағдырдың тығырығын.  
Жазмыш менің жазбалы маңдайыма  
Сезінуді қолының жылылығын...

Қасым кетті. Қалды тек – өр өлені.  
Өр өлені – бесікке бөлегені.  
Жөнелді ағып жұлдызша көгімізден  
Айбергеннің аяулы Төлегені.

Қатты тиді тағдырдың тезі бізге,  
Өкініштен өргендік өзіміз де.  
Алатаудың атақты ақ нығы  
Мұқағали түспейді көзімізге!

Қанатымыз қан болып қайырылып,  
Сұм ажалдың қалды ма қайыр, үміт?

Қасымдардан, құдай-ау, жасындардан  
Қаншама рет қалғанмын айырылып?!

Шашып алған алқамдай, асылдарды –  
Қасымдарды іздеймін, жасындарды.  
Менің осы тарқамас сағынышым  
Мәңгі кезіп жүреді ғасырларды.

Шыр айналып жүрмеспіз осы араны.  
Асқақ Муза алдыңнан тосар әлі.  
Менің осы тарқамас сағынышым  
Қайтсе де бір Қасымға босанады!

Мен ойлаймын өмірді – мұз асу – деп  
Ұрпақтардан ұрпаққа ұласу – деп.  
Білгендей сол мұнымды, сен ұлына  
Ат қойыпсың, ағатай, – «Расул», – деп.

Дидарымыз әжіммен шимайланса,  
Арман бар ма аз ғұмыр жырдай болса.  
Мен де тастап кетер ем осы өмірді  
Енді қайтып Қасымдар тумай қалса!

\* \* \*

Өзім де көзсіз өлерін білмес қасқыр ем,  
Тауға да соқтым, тасқа да соқтым басты мен.  
Талай дүбірге тайрандап барып, сайрандап,  
Қара басқандай қайтып ем жердің астымен.

Өзіме таңсық – өзгеше өмірбаяным.  
Өмірбаяным – осынау өңірге аяным.  
Ақылды басы алға тартқанмен пақырды  
Сүрініп кете берелі құрғыр аяғын.

Асау ғой – рухым. Алмадым тежей күшімді.  
Қыздар да қашты көрді де өктем мысымды.  
Отызға келіп, орда бұзатын шағымда  
Ғалия деген бір сұлу әзер түсінді.

Ағаш болсам да айырдай болар бұтағым.  
Ауаның өзін айызым қанбай жұтамын.

«Классик» болып кеткенде құрдае ақындар  
Құсқанаттанды құйғымдай менің кітабым...

Ас-суын ішіп көрмесем-дағы шет елдің  
Адамзат деген ақ мұратыма бекеммін.  
Отызға келіп опат боп – мәңгі өлмеген –  
Есениннен де бес жастай үлкен екенмін.

Кеудемде Қорқыт кобызы, әне, тұр ұлып,  
Ұрымтал тұстан шыға алмай жүріп – ұрынып.  
Кешіксе-дағы ақыл-ес кіріп басыма  
Ұрыс-керістен кететін болдым бұрылып.

Бұрылып кетем. Болып па қиын сол-дағы?  
Күпірлік болар – көзіңнің жасқа толғаны.  
Ішінде болсам – пәлеге қалам ұрынып,  
Масайрап жүрем – бұрылып кетсем болғаны.

Мен-дағы мәзбін өзіме кожа боп алып,  
Оятқанменен бір тентек ойлар – оралып,  
Кеудемнен енді саксафон үнін естимін  
Баяғы кобыз боздауын, мүлде доғарып...

Мақтайды бәрі... Бірі едім кеше перінің.  
Қош боп тұр енді, келмеске кеткен сері күн!  
Жолында сенің адамзат жатыр қырқысып,  
Кердеңдеп, соқпай кетер ме екенсің, Серігім?!

## АУЫЛ МЕН АВТОВОКЗАЛ

### *Мағашқа*

Қызыларай тиіп тұр Аққораға.  
Екеуі де оранды ақ қалаға.  
Төбесінен ауылдың түсіретін  
Төте жол да шығыпты ат шанаға.

Қырдағы ел мен ойдағы ел араласып,  
Мәртебесі шіркіннің барады асып.  
Қан-тамыры – далада қазағымның.  
Қалай жүрміз қалада қара басып?

Түйскені төрт жолдың – Қарқаралы.  
Жүзін неге ұлынан қалқалады?  
Билет таппай Талдыға... Мәди құсап  
Сағынышың сенің де таркамалы.

Саған таныс сағыныш бала кезден,  
Аттан өтіп қаланы – дала кезген.  
Бес сом түгіл... Он сомға билет бермей  
Автовокзал карап тұр ала көзбен...

Айналғанмен автобус ат шанаға,  
Әкен шығып алдыңнан... Бас сала ма?  
Базары мол ауылын сағынды деп  
Баласынан Акқора ақша ала ма?!

Жүр! Кетейік! Туған жер – асқақ әлем!  
Лйырбастай алмайсың бискаменен.  
ГТР-дың заманы Сағынышты  
Сатып ала басталды-ау ақшаменен...

Бауырым-ай! Жүр! Кеттік! Тұра берме!  
Жол біреу-ақ жүретін бұл әлемде.  
«Келе ме, – деп, басыма балаларым...» –  
Күтін жатыр әкеміз құба белде.

Қызыларай тиіп тұр Акқораға.  
Екеуі де оранды аққалаға.  
Төбесінен ауылдың түсіретін  
Төте жолы дайын тұр ат шанаға.

## «ҚЫЗЫЛАРАЙ» КОЛХОЗЫ.

*1970 ж. 4 қаңтар. Хроника*

Өмір-өзен қалғаны ма тоқырап?  
Жүрек – шерлі. Ащы жасым мол – көзде.  
Мен әкеме салдым өксіп топырақ...  
Көбін тойда отырдыңдар сол кезде!

Бәрін кешем. Алаңы жоқ ақ таңда  
Шаттаныңдар шарап ішіп, күлгендер.



Тек – адамзат өксіп жылап жатқанда  
Біреулерің тойға барып жүрмендер!!!

\* \* \*

Ақша қарға оранды Қарқаралы,  
Көз алдында – күллі әлем картадағы.  
Жұмыр жүрек ішінде – жұмыр Жерім,  
Сайрап кетсем тілімнен бал тамалды.

Шиырлаймын несіне ой легін көп?  
Уайым – жоқ. Тамақ – тоқ. Көйлегім – көк.  
Неше түрлі елдердің сөзін естіп,  
Неге менің кетеді сөйлегім кеп?

Өліп-өшем өзгені – өзге емес деп,  
Ошақ сөзін Отаным сөз демес деп.  
Құнанбайдың мешітін көрсем болды  
Амра ибн әл – Аса көзге елестеп...

Маған жаттай жас дәурен, ташық әмі,  
Қайран жаным қай жаққа асығады.  
Хиросима туралы шерлі жырым  
«Коммунизм таңында» басылады...

Кім бар менің үнімді есіткендей,  
Кім жүр ессіз елесті кешіп мендей?  
Алматыға жіберген өлеңдерім  
Алыс шаһар болған соң... Кешіккендей.

Шыдай алмай осы бір маскараға  
Алматыға тартсам ба – бас қалаға?  
Ақындардың ауылда туып, сонсоң  
Өлетіні рас па – астанада?

Рас болса, жөнеуім қажет демде,  
Қар күрт еріп, құстар кеп мәз еткенде.  
Анда-санда... Ғаламды тану үшін  
Көз салармын аудандық газеттерге.

## ИНТИМДІК ЛИРИКА

Мен – Тұтқынмын. Мәңгіріп түсінбейсін тук мұны.  
Мен – Тұтқынмын. Мәңгілік Махаббаттың Тұтқыны.

Мен – ғасырдың жасылы. Күннен гүл боп төгілдім.  
Белинскийдің ашуы. Күлкісімін Гогольдің.

Мен – Арманмын. Арманмын – шымырлаған от үні.  
Шәйт болған жандардың тірі қалған өкілі!

Мен – Дауыспын. Еркін үн – пірім. Оңсыз тұншықтым.  
«Сактаныңдар!!!» – дейтуғын дауысымын Фучиктің.

Көленкеден дір еттім жас үзіліп жанардан.  
Мен – Азамат – Жүректің лүпілінен жаралған –  
Интимдік лирика.

## НОМО САПИЕНС

Тас-талқан боп құрсаулы мұз-кеніш те,  
Күннің нұры лап қойыл мұз берішке –  
Жалт қарады жалпақ әлем аң-таң ғап  
Тәй-тәй басқан Номо Сапиенске.

Қыс-Заманның қаһарынан еті өліп,  
Әзер шыққан тұмауратып, жөтеліп –  
Басы айналған Номо Сапиенс тұр  
Жерден алғаш өз бауырын көтеріп...

Жұмыр Жерде жан-жануар қауышып,  
Үнге толды үнгірлер мен тау іші.  
Мұз құрсаудан шапшып аққан тасқыннан  
Жаңғырады Сарқырама дауысы.

Мәңгі Көктем келгені ме? Шалқарда  
Арайланып атып жатты бал-таңдар.  
Босып жүрді таутеке мен киіктер,  
Жосып жүрді мамонттар мен тарпаңдар.

Алғаш рет еске түсіп бас қамы,  
Қарын қамы – ойламады басқаны –

Садақпенен жебені ойлап тапты да  
Сатырлатып көздеп ата бастады!

Қарын камы жаулап ойын, сезімін  
Олжалы боп еті де өсті көзінің.  
Жебелері – таутекені жаусатқан –  
Жайпады енді бауырларын өзінің!

«Неткен сұмдық!»

«Өлім дей ме?!»

«Не дейді?!?!»

Неге біреу мұның қылмыс – демейді?  
«Өлтірме!» деп ағып тұрды – Өлтірме!  
Мамонттар да мамонт етін жемейді!!!»

Осы Рухтың өлмесіне сенемін.  
Өлеңіммен соны ғана жебедем.  
Ең бірінші қайраткер – сол!  
Ол-дағы нысанасы болып еді жебенің...

«Обал-ай!» – деп қалды ел. Өргтей – түрлері.  
Осы болар қасқырға иттің үргені;  
Қаруы бар адам миы сол кезде  
Ойлап тапты зындан менен түрмені.

Мәре-сәре болған қылыш ісіне –  
Пілте мылтық – шабыт берді кісіге.  
Енді, міне, бәрінен де баз кешті,  
Ракеталар кіреді оның түсіне...

Отырарлар – Отырардың жалғасы.  
Хиросима – қасіреттің қамбасы.  
Ырсып тұр Homo Сапиенстің  
Бухенвальдта салған – кара таңбасы!

Бәрі де сол – қарын камы, бас камы...  
Қарын камы...  
Ойламайды – басқаны!  
Жебе ұстаған жанкештіден гөрі, тек -  
Бомба ұстаған –  
Тағы  
Бола бастады...

## ЖАЗУЛАР

### *Р. Гамзатовқа*

Күйкілікке  
Тиейін жасынға ұксап жасап бүдік,  
Қоймайын пәктігіне тас аттырып!  
Қанжарға – оңбағанның басын алған  
Сөзім бар жазатұғын қашан тұрып!

Көп бейне көз алдымнан көленделі,  
Елестеп Өмір-нәма өрендері,  
Сіз ғана оқитұғын сол қанжарда  
Жазулы – Спартактың өлендері.

Өлең-күс ұшқан сайын ұзап менен,  
О, сұмдық, есуасқа ұксап келем:  
Жазар ма ем бір жырымды, қағазға емес,  
Бір арсыз бетке өткір Пышақпенен!..

Соғыстар кеткен елді араз қылып,  
Бұза ма Жер тынышын тағы азғырып?  
Мың рет Хиросима хикаясын  
Жазар ма ем ғасырымды қағаз қылып!

- «Жақсы сөз – жарым ырыс» иман шақта  
Өзіңдей акын керек адамзатқа,  
Алтынға карағандай аң-таң қалып  
Қарайтын кез келеді қаламсапқа...

## СУРЕТТЕР

Освенцим... Вьетнам... Ағып барам – Сенада.  
Көзім алды – Экраи. Экранда – Жер-Ана!

Неше түрлі суреттер! Көрдім сойқан сүреңін:  
Қарғыс айтып дірдектеп, қалшылдайды жүрегім!

Жақ шамыңды жарық қып! Мынау – кімнің Отаны?  
Құйып жатқан Танк қып – Трактор мен Соқаны?!

Сұмның үйі – толы апан: ішінде адам табыты,  
Пиночетте жоқ – Отан. Отан – Неруданікі!

Сот залынан көргенде қанішерді, күрсініп  
Кісі өлтірген қолдарға қараймыз-ау түршігіп...

Құбыжықтың көкесін көргің келсе, тілегім:  
Өміненінен суырып алып көрші жүрегін!

Қара, сонсоң тайсалмай күйкі ойларды күйретіп,  
Жүрек емес бұл мүрде – Зұлымдықтың Суреті!

Сурет... Сурет – әлемі мың бояулы түстің де,  
Сурет неткен көп еді мына жердің үстінде?!

Көресің бе мынаны, Күн елінің үмбеті,  
Бухенвальдтар – фашизм жүрегіннің суреті!

Жаза алмаймын кексіз жыр. Қан – жүректің сиясы,  
Тарих деген шексіз бір Сурет галлерейсы.

Тарих – Айыптау актысы сот залында оқылар,  
Хиросима...Бейрут – оя! Герника... Отырар!

Кино көрсен, пақырым, көретінің – бомбылау...  
Суреттен де ақыры шошитұғын болдык-ау!

Өлі, Тірі суреттер! Неткен суық суретің!  
Қарғыс айтып дірдеген, қалшылдайды жүрегім.

Освенцим... Вьетнам... Ағып барам – Сенада...  
Көзім алды – Экран.Экранда – Жер-Ана!

О, Жер-Ана, не сұмдық: тас саңырау жетім – мен;  
Естімеймін еш үнді, сурет көрем – эфирден!

Сурет көрем әлемнен. Кімді көрдім фәниден:  
Әсемдікті – әйелден, пәктігінді – сәбиден,

Көрем, жерім, мен де бір өміріннің үмбеті.  
Өлеңдерім – өзінің өмірінің суреті.

\* \* \*

Тілеізбін, жансыз өлген кісіндей,  
Ішімнен әбден тынышпын.

Өтіпті-ау өмір көрген түсімдей...  
Көбісін, тіпті, ұмыттым.

Тірілтем қайтып өлгендерімді?  
Кетті алдап уақыт, сайқал-ақ:  
Күні кешегі көргендерімді  
Айта алман бүгін кайталап.

Шарт етіп бір күн мен де сынармын  
Көз жетіп құнсыз күшіме:  
Мен де бір күйкі пенде шығармын  
Уақыттың кірген түсіне...

Жер шайқалтса да – күшіне мініп  
Өзіне таппай тең келер –  
Уақыттың бір сәт түсіне кіріп  
Жоқ болды қанша пенделер?

Айқайымыздан алап тұнғандай,  
Пенделік дәме іш тырнап.  
Ұлы Уақыт бізге карап тұрғандай  
Ішінен күліп, мысқылдап...

Батыр боламыз түсіне кіріп  
Қай-жынға белден батпақтап.  
Ақын боламыз түсіне кіріп  
Қайдағы жоқты шатпақтап...

Шарт етіп бір күн мен де сынармын  
Көз жетіп құнсыз күшіме:  
Мен бір күйкі пенде шығармын  
Уақыттың кірген түсіне...

### **ШЫҢҒЫСТАУ. ҒАСЫРЛАР. АБАЙ.**

Ғасырлар келеді ұшып оттай жаңып,  
Құр бәрін жайпап өтіп құныққандай.  
Үстіне Шыңғыстаудың тоқтай қалып  
Кетті ағып, – тұрып қалмай...

Кетті ағып. Сан жеткісіз – санасандар.  
Тамам үн соныменен тамамдалды.  
Талайлар көмілді де кара шаңға,  
Абайлар – аман қалды!

Ғасырлар келеді ұшып оттай жанып,  
Түсін де түстеп жөндеп карамадық:  
Үстіне Шыңғыстаудың тоқтай қалып,  
Тағы да барады ағып... Барады ағып.

Жаңа жыл жалт қаратып тұңғыш қарға,  
Тұрса да алуан іс алдыма кеп,  
Келеді жетіп барғым Шыңғыстауға:  
«Топырағыңда Абайлар қалды ма?» – деп.

Ғасырлар құсша ұшады. Қарасандар –  
Керемет мазасыздық келбетінде.  
Талзйлар көмілсе де кара шаңға  
Қалса екен Абайларым – Жер бетінде!

# ҒАУА АНАНЫҢ БОСАНУЫ

## АДАМ АТА – ҒАУА АНА

*(Қазақи нұсқа)*

*Анам Ғалифаға ескерткіш. Автор*

### ПРОЛОГ

Дүние қандай ғана ғажап едің,  
Адамның аңсап көрген базары едің!  
Сондағы кескініне ұқсамайтын  
Не болып кеткен сенің азалы өңің?!

Сен онда бүтінгіден бөлек едің,  
Періште табиғаттың бөбегі едің.  
Самолет, ракетаны тәрк қылып,  
Қаптаған қайда қайран көбелегің?

Атылған жанартауын сұратылдай,  
Аспанда асқақ шеру құрағындай.  
Көгің де шайдай ашық күліп тұрған  
Мәңгілік мөлдіреп-ақ тұратындай...

Жер – Апаң жіпсіп жапа көкірегі,  
Тәңірден, піркін, сонда не тіледі.  
Адам мен Ғауа қыздың еркесіндей  
Еліктер тау мен тасқа секіреді.

Керемет сұлулық бар келбетінде,  
Тыныштық – бесігінде тербетуде.  
Мамонттар маң-маң басып келе жатыр,  
Мәңгілік қалытындай жер бетінде.



Мәз едің ақ күңіне, пәктігіне,  
Құстардың күйкылжыған тәтті үніне,  
Науаның күміс сынғыр күлкісі кен  
Қосылып ақсулардың гәккүіне.

Аққулар, ұшшы қағып канатыңды,  
Паш етіп фәниде жоқ санатыңды.  
Әлемдік Поэзия дейтін Сұлу  
Әуелі осы өңірде жаратылды!

Аққулар, шомыла бер көлге келіп,  
Қалсыншы ғашық болса өлгені өліп!  
Науа мен екеуңнің көз алдында  
Күллі әлем көшіп жатсын дөңгеленіп!

Сыбырлап бір сөз айтам құлағыңа,  
Науана өзін көз бол – ұланыңа.  
Ғаламда сен болмасаң, ашуланып  
Қайтадан кетіп қалар жұмағыңа...

О, неткен таңғажайып мүсін еді,  
Пенденің өзін сынды құс реңі.  
Болғанмен аты – адам, заты – аққу  
Науа – Қыз гәккүінді түсінеді...

Жоқ бүгін жемтік іздер жепдетін де,  
Ғаламның ғажайып нұр келбетінде.  
Бүгінгі адамзаттың Анасы мен  
Атасы ғана жүр ғой Жер бетінде.

Аққулар, шомыла бер сылаң қағып,  
Шошмай ештеңеден күмәнданып.  
Көк пен Жер үйлесімі көңіл арбап  
Көздері бара жатыр тұманданып...

Науаның қасиетті қара нары –  
Саф таза сұлулықты саралады.  
Сендерге әзірше оның жазығы жоқ,  
Бәрін де бүлдіретін – Балалары...

Күн нұры шуақ құйған көздеріне,  
Өздері әлі не емес – өздеріне.  
Тірі жан иесіне жазығы жоқ,  
Наибасан құлақ салшы сөздеріне:

АДАМ:  
Неткен гажап мына Әлем!  
Сайтаны жоқ –  
Салауаты жоқ Дүние...

ҺАҮА:  
Ей, Адам-ай,  
Сайтан әлі арбай ма,  
Такпақ болып такылдайды таңдайда,  
Естен танып неге тұрсың мәңгіріп?  
Табығу мен бағынуды мәңгілік –  
Біреу жазып қойып па еді маңдайға?!

АДАМ:  
Қайта-қайта неге айтамын оны мен,  
Енді есіме алмайтындай болып ем...  
Жоқ кой өзі?!Бейнесі түр тек есте...  
Жоқ!  
Ұмытам!  
Арбалман сол елеске!  
Бірақ...  
Қалай тәрк етем оны мен,  
Көзімді ашып көргенім сол емес пе?!

ҺАҮА:  
Ұмыт деймін!

АДАМ:  
Қалай?

ҺАҮА:  
Уа, Мұңды Адам!  
Сенсіз – мынау Ұлы Ғалам – тұл маған!  
Ұмытпасаң Салауат пен Сайтанды –  
Кұл боларсың!  
Онда мен де – Күң болам!  
Бостандықсыз – Өмір – өлім!  
Күн – қараң!  
Құдай емес шығар...  
Бірақ – құл ма – Адам?!

АДАМ:

Басыр боппын бастан азап кешіріп,  
Тоқта деймін!  
Неткен жан ең есірік?!  
Сөйле ақырын... Анау көктен тәңірін  
Екеумізге карап тұр ма тесіліп?!

ҺАУА:

Қайтем енді...  
Қарай берсін – қараса!  
Мынау Ғалам қандай ғажап!  
Тамаша!  
Ұмыт оны...  
Жүре бер өз еркінмен,  
Елікті көр тау мен тасқа секірген,  
Бұлттарды көр – көкжиекте қалқыған,  
Асау нөсер келер ме екен артынан?  
Дүниеге -  
Тұрған мынау іргеде -  
Ат қойсам деп абдырайды тіл неге?  
О!  
Ауа!  
Су!  
Байқаймысың уа, Адам!  
Екеумізге жетпей тұр-ау бірдене?

АДАМ:

Рас айтасың.  
Ойға батсам не түрлі  
Сол – менің де мазамды әбден кетірді.  
Иә, сезем...  
Жаным зәру бір затқа,  
Ол болмаса – түк болмайтын секілді...

Ауа мен Су!  
Аспанымда Күн күлсін!

ҺАУА:

Өле-өлгенше бірденеге ділтірсің.

АДАМ:

Жанарыңда жарқылдайды бір нәрсе!  
Жетпейтіні сол болмаса, Кім білсін...

БАУА:  
Ол – От!

АДАМ:  
Ауа!  
Су!  
От!  
О, Бауа!  
Сен тәңірдей әулиесің, нан маған,  
Мен өзіңсіз қайтіп жалғыз жан бағам?  
Алғансың ба бәріне де ат қойып?  
Таң қалам!

БАУА:  
Таң қалмағын:  
Көктен жана түстің бе?

АДАМ:  
Сенсіз – маған мына Дүние – түс мүлде.

БАУА:  
Маған – өңім:  
Самал желтіп денені,  
Мұрыныма гүлдің иісі келеді,  
Ілесіп-ақ кетсем деймін құстармен!  
(ойланып)  
Сені тастап қайда барам ұшқанмен?

О, Дүние!  
Ғажап едің не деген,  
Көрген сайын рахатқа кенелем!  
Сенің тылсым құпияңды мен – ашқан:  
Ауа!  
Су!  
От!  
Жер!  
Аспан!

Біз айтпаған асқак лебіз мол әлі,  
Уа, Адам!  
Жер – Ананың қонағы...

АДАМ:  
Уа, науа!  
Ұста еңсенді жоғары!  
«Ана» деген сөз түсті ғой аузына,  
Сенің тілің – Ана Тілі... Болады!

НАУА:  
Отқа – зәру,  
Ауа,  
Суға қаталап  
Ұжмақтағы айтқан сөзім -  
Махаббат!  
Осы сөзім өлі өңірге өң берер,  
Ол тұрғанда бола қоймас жокшылық,  
Осы өңірде бізден бөтен пенделер  
Бөгде тілде сөйлейтұғын боп шығып,  
Махабатты –  
Салауат деп –  
Жер – Ананды –  
Көр – Лақат деп  
Ылаңдатса қайтеміз?!

АДАМ:  
Екеумізден бөтен ешкім жоқ мұнда.

НАУА:  
Жоқ секілді екеумізден басқа ешкім...

АСПАННЫҢ ДАУСЫ:  
Көрінбейді көзін сүзген аш кескін!

НАУА:  
Қарақат көп, бүлдірген де мол әлі.

АДАМ:  
Әзәзіл жоқ -  
Әлем тыныш болады...

НАУА:  
Көкейімде көмескі бір нала бар,  
Күнім бар ма көңілім бір тынатын?  
Күдік шоқ қой, от болатын үрлесе:  
Бізден кейін туатұғын балалар,

Біз тапқанды құртып талақ қылатын  
Оңбаған сөз ойлап тауып жүрмесе?!

АДАМ:

Жап дүниемді жаһаннамға камалаң,  
Зәремді алар ең зілді сөз –  
Салауат!!!

ҺАҰА:

О, Салауат!

О, зілзала Салауат!

Жүрген жерін – жаманат кой, Салауат!

Біреулерге бас игізін – баспақ қып,

Біреулерді пендесің деп алалап –

Келесің бе аспан астын аралап?!

Тәңіріңнің Қаһарынан тізе бүктін сен неше,

Сол Салауат мына жаққа келмесе!

Олар...

Біздей Алла алдын көрген жоқ

«Салауат!» – деп айта қоймас ендеше?

Әзәзілдей әлек салмай тұршы, әрі!

Айта қоймас...

(Көкжиекке қарап)

Айтпаңдаршы...

Ақыл ғой...

Зілзаладан ұрықтанса бір сәрі

Махаббаттан жаратылып жатыр ғой!

Айта қоймас!

Шатастырма баланы!

АДАМ:

Кім біледі...

Айтса – айта салады...

ҺАҰА:

Сенің осы пиғылыңнан шошынам!

Нәсіліміз бүлінсе егер осыдан...

Жамандықтан аулақ қылғай бетіңді,

Аузыңды ашсаң – асылық сөз не түрлі...

Махаббат пен Салауаттың, о, сұмдық,

Саған неге бәрі бірдей секілді?!

АДАМ:  
Уа, һауа,  
Тергей берме сен мені,  
Жек көремін фәлсафашыл пендені!

ҺАУА:  
Саған түк те айтқам жоқ кой әлі мен,  
Не ұғасың сен сөзімнің мәнінен?  
Ең әуелі ауыз титен мен ем ғой,  
Ұжмақтағы «Білім» ағашы дәмінен?

АДАМ:  
«Шапы ұзын да, қысқа әйелдің ақылы», –  
Деп еді Аллаһ – таңдайыма татыды;  
Тыйым салған сол жемістен жедің де,  
Таксіретін тартып жүрміз ақыры!

Сақта бізді тәңіріннің кәрінен!  
Неткен көзсіз, неткен сорлы, кәріп ем?  
Сайтан да жоқ, Салауат та жоқ мұнда,  
Кімнен сонда қорқа берем әлі мен?!

Уа, Тәңірі!  
Құлақ салма сөзіме,  
Саған емес,  
Айтқаным ғой өзіме:  
Жарқ-жүрк етсе найзағайың аспаннан  
Ашуыңдай елестейді көзіме!

Қара нәсер төбемізден саулаған,  
Кемпіркосақ – көкжнекті қандаған,  
Көзіме не елестейді?!

Молам ба?!!  
Көзім – түнек,  
Көңілім – түн...  
О, Алла!  
Айтшы маған қайда барып жан бағам?!

Уа, һауа!  
Түнде – түсім,  
Таңда – әнім,  
Сені көріп ақыл-естен таңғанмын...  
Сені көріп тәуба қылам,  
Әйтпесе –  
Жанымды алар Әзірейіл – жан-жағым!

Күш – құдайда!  
Жоқ қой, Науа, қолда – түк,  
Өнім түгіл, түсім бітті сорлатып,  
Тамағымнан өтер емес көрегім,  
Көзімді ілсем Мекайылды көремін,  
Жүреді ығын бізге тәртіп орнатып!

Алла үніне сел-дауылын қосылып,  
Әзірейіл мен қасқырларын қоса ұлып -  
«Салауат айт» – дейді Әзірейілдер,  
Атып тұрам сонда ұйқымнан шошынып.

Ал, сен болсаң кеудең толы – күй тұма,  
Жатасың бір маужыраған ұйқыда...

Сені көріп сонда есімнен танғаным!  
Жанымды алар Әзірейіл жан-жағым.  
Мына мендей кім көтеріп жүр екен  
Салауаттың зілдей ауыр салмағын?!

Айтшы маған!  
Қайда барып жан бағам?  
Саған қарап таң қалам да,  
Көкке қарап – сандалам...

НАУА:  
Қойшы, ей, Адам!  
Ая мендей Мұңдықты,  
Айта көрме қайдағы жоқ сұмдықты!  
Алаңы жоқ мынау дүрия Дүниеге  
Ап келдің бе құлдықты?!

Ұмыт деймін қасіретті, шеменді,  
Күн нұрымен жу құнаһар денеңді!  
Құтылып ем Қаһарынан тәңірдің,  
Мұнда келіп пәле болдың сен енді...

Көзімнен бір ұшармысың, сайран күн?  
Қайтсем – күпті көңіліңді жайлармын,  
Ұжмақтағы көрген теперішінді  
Ұмыта алмай жүргеніңе қайранмын!

Мен – әйелмін еркегіне етене,  
Нұр – Таңыңнан –



Нұр – Таңыңа жетеле!  
Сенің осы қорқынышың, үрейің  
Ұрпағыңнан –  
Ұрпағыңа кете ме?!

Үрей ме еді – бүкіл өмірбаяның,  
Қос қолымды енді кімге жаямын?  
Ең құрыса шарананды аяғың:  
Ауыр еді аяғым...

Қуат беріп Жерге,  
Суға,  
Ауаға,  
Мені адами рухыңмен дауала!  
Қан жауа ма аспаннан,  
Нұр жауа ма?!  
Адам деген атыңа  
Ата деген сөз қосам -  
Адам – Ата боласың!  
Мен болармын -  
Һауа -Ана!

АДАМ:  
О, Һауа... Ана...  
Періштем һәм Перісің,  
Тұла бойың -  
Тұнып тұрған келісім!  
Ауа!  
Су!  
От!  
Дүниенің бәріне  
Тағзым етіп басымды нем Сен үшін!

Аң-таң қалам ғажап сиқыр Ғаламға,  
Сансыз елес сапырылған санамда.  
Дүниеде сендей Әйел болмаса  
Әлеміңнің керегі не Адамға?!

ҺАУА:  
Адами пәк жүрегі бар, құлқыны,  
Неткен жан ең қайғылы һәм күлкілі!  
Кіндігіңнен тарайтынның біреуі  
Бұлбұл болып сайрап берер бір күні...

Махабаты, шапағаты бай – өңге,  
Мұндай лебіз айтылды екен қай елде?  
Енді туар адамзаттын үмбеті  
Ғашық болып өтеді екен – Әйелге!

АДАМ:  
Суға айтамын,  
Отқа айтамын,  
Ауаға,  
Әйел біткен тартса екен тек –  
Ғауаға!

ҒАУА:  
Мақтауынды асырдың-ау, Жарықтық...

АДАМ:  
Көресің бе?  
Аспаннан нұр тамып тұр!  
О, Дүние!  
Құпияна қанықтыр!  
Маған тартып еркек туса егер де  
Адам – Құдай сияктанған алып қыл!

ҒАУА:  
Қой...  
Дірілдеп бара жатыр жүрегім!  
Есіл-дертің – күш пен билік...  
Білемін!  
Не болса да о болсын сол шаранан,  
Құдай бола көрмесіңші –  
Тілегім!

Сенің ойың Сайтанменен ұрандас...  
Қой...  
Онан да көкейдегі күмәнді аш,  
Адам болса жетеді ғой, қайтесің,  
Құдай болса, қоқандамай тұра алмас!

О да көрер тәңіріңмен тіресіп,  
Мәз-майрам боп сенше сүйіп – бір есіп,  
Құтылатын құлдық дейтін елестен,  
Ұрпақ керек айдарынан жел ескен,

О да Аялаға қолын жайып отырмас,  
Анасы – Мен, Атасы – Сен емес пе ең?!

Кім біледі... Қандай болар арыны,  
Құлдық еді-ау әу бастағы қалыбы!  
Тәңіріне көп жүрдің ғой жаутаңдап...  
Тимесе егер сондағының шалығы?

АДАМ:

Әуре болмай сен де ішкінен құр тыныш,  
Күте бергін көздеріңе нұр тұнып:  
Маған ұқсап көнбіс болса біреуі,  
Саған ұқсап... Біреу туар – жұлқынып!

Құдай болса...

Бола берсін!

Зіркілі –

Жер жармағай,

Таза болғай құлқыны!

Бір-біріне «Салауат!» – деп зікір сан,

Қодырандап жүрмесе егер бір күні...

Бұ жакка да Жәбірейіл жете ме,

Өзәзіл кеп бәрін талақ ете ме?

Адам ұлы қолға билік тиді деп,

Сайтан құсап адырандап кете ме?!

ҺАҰА:

Ойлап көрсем ой жетпейтін аргыны,

Естіледі шаранамның зарлы үні.

Құдай болса –

Құрығаны дүниенің!

Құл болады –

Қалғанының барлығы...

Азап пенен Мазақ болар кіл алап,

Нәсіліміз бірін-бірі кінәлап,

Перілер кеп –

Періштені қуалап –

Топыраққа – Құл мен Қоқыс шыға қап.

Ана тілі орынында –

Дұға қап!

Жәбірейіл мен Әзірейіл төрге озар,  
Махабатың босзадан сығалап...

АДАМ:  
Неткен жансын жүрегi – дерт,  
Шерлі – үні!  
Естімеймін сөздеріңді ендігі...

НАУА:  
Білем, Адам, өзі түгіл, Алланың  
Атынан да көрқатының белгілі!

Міне – Жерің!  
Қасыңда тұр қай тәңір?!  
Дүниенің шуағына бай – көңілі!  
Сенің осы ой-пиғылың үрейлі  
Ұрпағыңнан аулақ болғай, әйтеуір!

Көнемін де, қайтем басқа салғанға,  
Қай тілегім қабыл болған жалғанда,  
Бір-біріне ғашық болса бізге ұқсап,  
Адамзатты басына алмас Аллаң да!

Қайтем енді құлқы кенет тарылса,  
Құдайлардың құрсауына бағынса,  
Мекайлдай бірі тәртіп орнатып,  
Біреуі оған қол қусырып бағынса,  
Бір-біріне күрт бұзылып рені,  
Бір-бірінен бөлек болып тілеуі, –  
Жаһаннамға «Жан алам!» -деп зіркіткен,  
Әзірейіл боп шыға келсе біреуі;  
Бір-біріне жау көргендей атылса,  
Біреулері Әзәзілмен шатылса, –  
Біреулері бір уыс қып аспанды  
Исрафилше Ақырзаман шақырса...

АДАМ:  
Қараң қалып харам дүние қағынар,  
Жан-жағынан жаналғышы жамырап,  
Соры – көшер,  
Жұрт орнында –  
Бағы ғап...

ҺАҮА:  
Лағнатка –  
Лағнат!!!

*(Найзагай жарқылдайды)*

АДАМ:  
Естің койдың-ау, сұм жалмауыз тағы... Кап!

ҺАҮА:  
Ести берсін!  
Лағнатка –  
Лағнат!!!

АДАМ:  
Біз өлгенде...

ҺАҮА:  
Һарам сөзді айтпа, Адам!

АДАМ:  
Күнамізді кешіре гөр. Сактаған!

*(Найзагай жарқылдап тұр)*

ҺАҮА:  
Ес жи, Адам!  
Аспан!  
Сен де тұлданба!  
Қара жөңдеп қабағыңды аш-тағы:  
Егер Сайтан пайда болса бұл маңға  
Дүниені онда кара басканы...

ӨЗӨЗІЛ: *(Көрінбейді). Алланың дауысына салып сөйлеп тұр)*

Қайда барсан құтылмассын шенгелден,  
Ант етемін:  
Айрылмайтын сендерден!

АДАМ:  
Бұл кім?!  
Мынау таныс дауыс, о, тоба!

ҺАҮА:  
Өтінемін, Адам!  
Атын атама...

ӘЗӘЗІЛ *(Әлі Алла кейінінде):*

Әй, Һауа-Қар! Желкілдеген тұлымы...  
Жетпей қоймас құдайынның құрығы!  
Қай қиянға, қайда қашып кетсең де,  
Менсіз өмір сүрмейсіңдер ғұмыры!

Мандымассың рахатқа тұшынып,  
Алдыма кел – бастарыңды ұсынып!  
Тіліңнен де,  
Діліңнен де шықпаспын –  
Өмір-бақи үрейіңді ұшырып!

ӘЗӘЗІЛДІҢ ДАУЫСЫ

Бұлар сөзін айтқан емес естінің,  
Шариғаттан уағыз айту – кеш бүтін,  
«Құдай – бізбіз!» – дегендерін осында  
Мен – естідім...  
Енді өзін де естігін!

ӘЗӘЗІЛ: *(Алланың даусына салып:)*

Құдай біреу,  
Ол – менмін ғой...

ӘЗӘЗІЛДІҢ ДАУЫСЫ:

Уа, Алла!  
Оның несін айтып тұрсыз бұларға?  
Жан дүниенің – жаһаннамға алаң-ды,  
Жаман-жәутік ұстады ма жағаңды?  
Адам түгіл,  
Һауа түгіл қаршадай  
Жаратпап па ең Бүкіл Мына Ғаламды?

Қалай осы бетіменен кетті Адам,  
Соның жөнін түсіндірші тек маған!  
Ести-ести есерлердің мылжынын  
Нағыз тәңірі осылар ма деп қалам?...

ӘЗӘЗІЛ: *(Алланың дауысына салып:)*  
Осы бетте құртайын ба көздерін?

ӘЗӘЗІЛДІҢ ДАУЫСЫ:

Асықпаңыз!  
Естікші сөздерін,  
Қазір құртып қажеті не көздерін?

Өздеріне түншықтырып өз демін,  
Өздеріне өлтіртейік –  
Өздерін!

БАҒА:

Көресін бе Әзәзілдің бұлғағын,  
Бізге тағы бүрке кепті бұл – қанын...  
Өзегімнен өрге өмір өргізем,  
Сен айтты деп... Қырқыспайды ұрпағым!

ӘЗӘЗІЛДІҢ ДАУЫСЫ:

Не болса да, басқа салса көнесін,  
Білем, ия... Енді өсіп-өнесін,  
Ең әуелі босанып ал!  
Сонан соң –  
Шарананың кім болғанын көресін... *(күледі)*

АДАМ:

Уа, Тәңірі!  
Қамқоршысы баршаның!  
Дүниеге тыныштық деп жар салғын!  
Өзіменен өзі жүрген жандарда  
Нең бар еді?  
Маза берші!  
Шаршадым...

ӘЗӘЗІЛ: *(Алланың дауысына салып:)*

Маза деме!  
Аза сұра!  
Берейін...

АДАМ:

Қойшы енді осы...  
Не берсең де –  
Көрейін!

ӘЗӘЗІЛДІҢ ДАУЫСЫ:

Уа, Аллаһ, ашуланба,  
Сынаңыз,  
Сыр бермейік,  
Әзірше іштен тынамыз:  
Көздерінде жарқылдайды бір нәрсе –  
Немене екен?  
Соның жөнін сұраңыз!

ӘЗӘЗІЛ: (Алланың дауысына салып.)

Жә!

Сендерге оқ атпайтын тасадан,  
Аллаң барда – аспан тыныш, бас аман.  
Тұрмысыңды көріп, жөндеп қайтуға,  
Сөйлескелі өзі келді Жасаған.

О, Ұжмақтан қашып кеткен аш Адам,  
Сені Ауаға,  
Суға малып, балшыққа  
Илеп-илеп өзім қолдан жасағам...

Қабырғаннан Һауа шығып, болдық таң  
Өзгеше боп жаратылды ол жұрттан.  
Жер үстіне сендер келіп түскенде,  
Ауа,  
Су боп...  
От болмалы сондықтан!  
Артын – даңғыл болғанымен,  
Алдың – жар,  
Тозаққа кеп шаршалыңдар, талдыңдар.  
Көздеріңнен көріп тұрмын мен бір от,  
Айтшы, оны қайдан тауып алдыңдар?

Дүниенің ырыс-бағын шайқа,  
Кел!  
Ұжмағыңа қайтам десен –  
Қайта бер!  
Әлде кімді сөгем десен –  
Сөге бер!  
Өндеріңді айтам десен –  
Айта бер!

Періштенің өзін, тіпті, тең көрме,  
Қу далада құрақ ұшып сенделме!  
Ұжмаққа қайт!  
Не бар мынау шерлі елде?!Көзіңдегі Оттарыңды бер маған,  
Мәңгі өмірді шашу етем сендерге!

АДАМ:

Жоқ!

Бермейміз!

Сұрама!



ӘЗӘЗІЛДІҢ ДАУЫСЫ:

Ол – немене?

Сонша қымбат тұра ма?! (күледі)

ӘЗӘЗІЛ: (Алланың дауысына салып!)

Кең болмаса тәңірі – тәңір несімен?

Екі боздақ шықпайды оның есінен.

Салауаттың дұғасына шыдамай,

Қашып кеткен күнәңді де кешірем!

Қастарыңда бола алмаппын әр күні,

Мезі етті ме Мекайылдың тәртібі?!  
Періштелер беттеріңнен қакты ма,

Ұжмақ жақпай, – мына тозақ жақты ма?

Қайта-қайта Салауатын шақырған

Жәбірейілдің тізесі, әлде, батты ма?!

Әлде, ұжмақтан көңілдерің қалды ма,

Әзәзілге өкпең жоқ па, ал, мына?

Мен жоқ кезде «Жан алам!» деп өнмендеп,

Әзірейіл алқымыннан алды ма?

Артың даңғыл болғанымен,

Алдың – жар,

Ия, білем, шаршадыңдар, талдыңдар.

Жанарыңда жаркылдап тұр жасың От!

Менсіз... Оны қайдан тауып алдыңдар?!

ҺАҰА:

Саған оның түсініксіз не екені...

АДАМ:

Қоймадың ғой!

Ол – Махаббат оты еді.

ҺАҰА:

Адам!

Ұлы құпияны неге айттың?!

Енді біздің түбімізге жетеді?!!

ӘЗӘЗІЛ: (Алланың дауысына салып!)

Ол – не сонда?!

ӘЗӘЗІЛДІҢ ДАУЫСЫ:

Сол – фәниді дауалар!

Басымызды, міне, осы жау алар:  
Бірін-бірі сүйін Жарық дүниеге  
Қаптайды енді Адамдар мен Науалар!

Қарайды олар тамам затқа тамсанып,  
Ұрнақтары –  
Ұрнақтарын қарсы алып –  
Дуға менен құлшылығын тәрк қып,  
Бүкіл дүние тұрады енді әл салып!

Қалмайды енді қасиеттің құны түк,  
Саған...  
Маған қабақтарын суытып -  
Махаббатқа бас неді енді олар  
Құдайды да,  
Құранды да ұмытып!

Құдай!  
Саған қолың сілттеп жүр көкіп,  
Ұшады олар,  
Қонады олар үлп етіп,  
Жаһандағы жамандықтың барлығын  
«Әзәзіл» деп атайды енді күлкі етіп...

ӘЗӘЗІЛ: *(Алланың дауысына салып:)*  
Осы бетте құртайын ба көздерін?!

ӘЗӘЗІЛДІҢ ДАУЫСЫ:  
Өздеріне өлтіртейік –  
Өздерін!

ӘЗӘЗІЛ: *(Алланың дауысына салып:)*  
Қалай?

ӘЗӘЗІЛ:  
Онай!  
Оңдырмаймыз оны біз!  
Өзіңізге құл қып ұстау ойымыз:  
Дүниеге келетұғын нәсілін  
Бас-басына құдай қылып қойыңыз!

Асау жаны кеудесінде алқынған –  
Жосқын болсын жокшылықта шарқ ұрған;  
Азын-аулақ ақсүйегін ойлап тап –  
Аузы-басы көрінбейтін алтыннан!

Өлтірерде – естен тандыр –  
Асыкпа!  
Мигұла ғып миын әбден ашыт та –  
Біреуіне алтын сарай сал-дағы,  
Біреулерін лақтыра сал лашыққа...

Қолда барды шапа салма!  
Бұлдай біл!  
Қайда жүрсен – Өзәзілді тыңдай біл:  
Шексіз өктем билік бер де біреуге,  
Біреулерін бәрінен де жұрдай қыл!

НАУА:  
Лағнатқа –  
Лағнат!

АДАМ:  
Уа, науа!  
Бекем болшы өзіңе,  
Қарап тұр ма ғалам соның сөзіне...

ӨЗӘЗІЛ: *(Алланың дауысына салып.)*  
Өзәзілім!  
Сөйле!  
Оларға карама!

ӨЗӘЗІЛДІҢ ДАУЫСЫ:  
Болсын быт-шыт!  
Бүлдір бәрін!  
Алала!  
Құс жастығын лақтыр өртке, далаға!  
Алала!  
Табала!  
Қарала!  
Арамзаға талаттырып Пәктігін,  
Дәлдүрішті қарсы қойғын – Данаға!

Шаранасын – анасына өшіктір,  
Балаларын – бабасына өшіктір!  
Тиген жерге адамзаттың аяғы  
Ауру болып,  
Аштық болып көшіп кір!!!

Ошағының түтіндерін бықсық қып,  
Мұрындарын қан жалатқын –

Шык-шыт кып!  
Ұлысқа бөл!  
Руға бөл!  
Ұлтқа бөл!  
Қырымға бөл!  
Жырымға бөл!  
Қыртқа бөл!  
Қайтсең-дағы басын қоспа быт-шыт кып!!!  
Тозақта бол!  
Ұжмақта бол!  
Түзде бол!  
Өлтіретін бір нәрсені... Іздеп –  
Өл!  
Ғаламзатты қырық мыңға бөлшектеп,  
Адамзатты ақымақ кып –  
Жүзге бөл!

Жуан-жуан жұдырыққа –  
Күшке бөл,  
Түрлі-түрлі бояуға бөл,  
Түске бөл!  
Қосылады егер бөлсең екіге,  
Басы қосылмасын десен –  
Үшке бөл!

Құнсызының құлқындарын күйлей бер,  
Бөлшек қылып бөліп ал да –  
Билей бер!  
Тегеурінді дегендерін тұқыртып,  
Күлді-көмеш құрты болса –  
Сүйрей бер!

ҺАҰА:  
Уа, Адам!  
Арысым!  
Естіртпеші Өзәзілдің дауысын!  
Жаның бар ма?  
Қой десенші анаған!  
Дүниеге келгелі тұр шаранаң...

*(Талмақсып құлайды. Шырылдаған сәби үні естіледі. Найзағай жарқылдап тұр).*

– Кіндігін кес!

АДАМ АТА:  
Шырылдаған шарана!  
О, Таза Ауа!  
О, Дала!  
О, Жай Оғы!  
Аулак! Аулак!  
Жолама!  
Мынау Ақзер дүниеге шырылдап,  
Жылап келуге бола ма?!

Не айтайын Ата боп бұл балғынға?  
Жеріңді көр,  
Жата тұрғын шалғында...

ӘЗӘЗІЛДІҢ ДАУЫСЫ  
Ха-Ха-Ха-Ха!!!  
Не бар оған, ад, Мұнда?!  
Оны... Тамұқ күтіп тұр ғой алдында!

БАУА АНАНЫҢ ДАУЫСЫ: *(талықсып естіледі)*  
Адам! Ата!  
Сөзіне оның сенбе сен!

АДАМ АТА: Неге өмірге жылап келді ендеше?

ӘЗӘЗІЛДІҢ ДАУЫСЫ:  
Мәңгі-бақи ұмытпаспын бұл түнді!  
Ойлайтұғын қу қарын мен құлқыңды,  
Дүниеге тағы да бір құл туды!...

БАУА АНАНЫҢ ДАУЫСЫ:  
Өмір бүгін белдесуде өліммен,  
Лузын жапшы!  
Көзде – жасым төгілген...

АДАМ АТА:  
Қасымда емес... Сөйлеп тұр ғой көгіңнен?

БАУА АНАНЫҢ ДАУЫСЫ:  
Ақ, қараны кім айырар белгі сап?  
Адам!  
Саған айкай салар келді сәт!  
Әзәзілдер сөйлегенде, үмбетін  
Өстіп үнсіз қалар ма екен сен құсап?!  
*(Адам ойлап тұр)*

ӘЗӘЗІЛДІҢ ДАУЫСЫ:

Қалады үнсіз!

Сен білмесең...

Мен – білем!

Иланбасаң, оған қалай сендірем?!

Бұдан кейін кездеспеспіз жекпе-жек,

Жер мен көкте сөйлеспеспіз бетпе-бет,

Көздеріне көрінбеспін енді мен!

Бұл фәниді басар әлі зіл түні!

Естірсеңдер ессіз зұлмат күлкіні,

Бірінің етін бірі жеген хайуан,

Сендерге де сөйткізермін бір күні...

Көзімнің алды тұланды:

Хайуандық жайлар бұл манды!

АДАМ АТА:

Біздің Ана тілімізде, о, сұмдық!

Пайда болды хайуандық деген сөз!

Естимісің,

Тірісің бе, Һауа-Ана?!

ҒАУА АНАНЫҢ ДАУЫСЫ:

Токта!

Үндеме...

Тарамасын Ауаға!

*(Ғауа Ананың талықсыған, шарананың шырылдаған үні қоса естіледі).*

ӘЗӘЗІЛДІҢ ДАУЫСЫ:

Тірлігінде бола қоймас маза бір,

Қабырыңда қақсап тұрар аза жыр!

Аллаң ойлап таба алмаған сұмдықты

Мен табармын...

Менің атым – Әзәзіл!

Сол сойқаным, міне, бүгін басталған!

Опыр-топыр болар ғалам сасқаннан:

Дүниенің иесі мен – Әзәзіл –

Алла болып сөйлеп тұрған аспаннан...

Періштеде, пендеде жоқ іреңмен  
Туа салып тығырыққа тірелгем.  
«Тіршіліктің түбіне бар, сен жет!» – деп,  
Аллам мені Сайтан қылып жіберген...

Су...

От...

Ауа...

Жер-Ана...

Күн...

Махаббат...

Һауа-Ана...

Мұның бәрі қалады әлі далада!

Оны тілті түсінбейтін болады

Шарананнан туатұғын шарана...

Егер біреу жырлай қалса, обалы –

Тек – өзіне: сор боп тиер сол әні:

Тілін кесіп тастармыз біз! Немесе –

Естімей-ақ қоюға да болады...

Өздеріне тұншықтырып өз демін,

Өздеріне өлтіртеміз –

Өздерін!

Бересі де жоқ, өмірден аласы,

Таусылмайтын кикілжіңі, таласы –

Жердің үстін, Аспан астын ылаң қылып –

Бір-бірінің етін жейтін мәңгілік –

Туды бүгін адамзаттың баласы...

*(сақылдап күледі)*

**ҺАУА АНАНЫҢ ДАУЫСЫ:**

Лағнатқа –

Лағнат!!!

*(Шарана шар-шар етеді. Найзағай жарқылдап, нөсер құйып тұр.  
Адам-Ата үнсіз...)*

**Қарқаралы-Қарағанды-Алматы.**

## ЦИВИЛИЗАЦИЯ

Цивилизация! Неткен осы ұшқыр ең!  
Көрген емен сендей жойқын күшті мен:  
Қалаларды жаулап алдың бір сәтте  
Аттап өтіп ауылдардың үстінен,

Жаугершідей түсі суық. Түнеріп –  
Аспаныңда алапаттар жүр өріп.  
Қаланы да қара жерге түсірдің,  
Даланы да бір-ақ жалмап жіберіп!

Жер-Мекеннің шығып қара қордасы,  
Адам тәні шошқалардың болды – асы,  
Цивилизация. – десем болды... Көзіме  
Елестейді – Атом. Атом Бомбасы...

Өзін жайлы аңыз да көп не түрлі.  
Мынау Дүние пендей ойға бекінді?  
Анасынан қайта туған адамзат  
Өзін-өзі өлтіретін секілді!

Пәктік тақтан түсіп, болды – тамам зат.  
Тәжін киіп кердендейді арам зат.  
Наркотиктей отыр мүлгіп түс көріп  
Ақыл-естен айырылған адамзат.

\* \* \*

Батпаса егер жаныма жеңдеттердің тізесі  
Жер-көктегі Пәктікті түсінер ме ем, ар-ұят!  
Өмір деген Жұмбақты түсіңбес ек біз осы –  
Өлім деген болмаса, айналайын, Табиғат!

Алмастырсам қашанда алмастырам батыл мен  
Жауынгер мен диқанның мылтығы мен күрегін.  
Салғастырсам қашанда салғастырам ақыл мен  
Арамзаның жүрегін!



Өмірде де, өлеңде күйіндіріп, үркітіп,  
Қайшылықтың қырғыны тоқтар емес қан ағып,  
Дарынсыздың бәрін де кетер ме едік пір тұтып  
Егер Данте болмаса, айналайын, Даналық!

Ата-бабам тарихтың құдығынан сор ішті,  
Болашаққа сенді олар, оның өзі – ұлылық.  
Кетер ме едік шошынып пушкасынан орыстың  
Егер Пушкин болмаса, айналайын, Сұлулық!

Концлагерьлерде біз азап шегіп, қиналып,  
Бостандықтың қадірін қапаста қап түсіндік.  
Гитлердің өзіне кетер ме едік иланып –  
Егер Гете болмаса, айналайын, Шындық!

### **МУЗА ҚЫЗ БЕН МАНСАП АТТЫ МӘРТЕБЕЛІ МЫРЗА ТУРАЛЫ БАЛЛАДА**

Жерім осы – тығырыққа тірелген,  
Қашанғы осы жүремін, – деп – шідермен  
Мансап деген мәртебелі мырзаны  
Муза-Қызға айырбастап жібергем!

Сонда Мансап айғай салды: «Серігім!»  
Құшағында кеткенің бе перінің?  
Мархабатты жігітінді іздерсің  
Махаббаттың... Басқаннан соң желігін...

Бесігінен жеткенінше молаға,  
Пенденіздің қу құлқыны тола ма?  
Жоқ нәрседен бар жасайтын мен ем ғой..  
Мына сұлу саған тұтқа бола ма?!

Не таппақсың ғұмыр кешіп елеспен!  
Асқак ұл ең айдарынан жел ескен..  
Муза-Сұлу – адамзаттың жеңсігі  
Ал... Мен – сенің өзіндікі емес пе ем?!

Зиян көрген жерін бар ма менен еш?  
Жи есіңді! Соққаны ма сел-елес?!  
Адамзат деп өмір сүрген көзсіздің  
Біріншісі... Соңғысы да – сен емес!..»

Жөн айтады. О, бәрін де білем мен!  
Сонда-дағы тығырыкка тірелмен,  
Мансап дейтін мәртебелі мырзаны  
Муза-Қызға айырбастап жібергем...

\* \* \*

Мен пәктікпен тел өстім,  
Бірге өлеміз өлсек те.  
Бақа-шаян емеспін,  
Батпағынды көрсетпе!

Көлеңкеде салқындап,  
Пұл сатқам жоқ базарда.  
Керек емес алтын тақ!  
Керек емес казарма!

Керек емес маған түп  
Баскесерлер басынған,  
Қолы керек анамның  
Сипайтуғын шашымнан...

Көргенім жоқ аз ылаң,  
Сау жер бар ма өңірде?  
Оңбағаннан қажығам;  
Олжас керек өмірге!

Түскен емес көзіме ақ  
Жерік қылып жер-ғалам,  
Парижіңді өзін ап,  
Сарыарқамды бер маған!

Кұрсақта да жатып ек,  
Соны ұғатын ер керек.  
Екі метр ақырет,  
Екі метр жер керек.

Керек маған гүл елі  
Жоқ жоқтауы, азасы,  
Ғашығымның жүрегі,  
Ғасырымның мазасы...

## ПЕНДЕНІҢ ҚАСІРЕТІ

Өзімнің зәрем ұшты сезгенімде,  
Дәл менше тағдыр елді сынап па екен,  
Күлішпін – күлмейтұғын кездерімде...  
Соныма ғұмыр-бақи жылап кетем!

Көзіңмен көре тұрып, сезбедің бе?  
Мен ғана күллі адамнан күйікті екем:  
Жылапшын – жыламайғын кездерімде.  
Соныма ғұмыр-бақи күліп кетем!

Мен сөйтіп еңсемді бір биіктетем.

\* \* \*

Ғасырлар-ай! Қасіретті! Тұлдырсыз!  
Келгені де, кеткені де – түс, мүлде.  
Жер астының бәрі – мола! Жүрміз біз –  
Адамзаттың сүйегінің үстінде!

Өзәзіл күш әбігер сап әлекпен,  
Әлсіз пенде тайталасты күштімен.  
Жоқ Тарихтын – төте жолы. Бәрі өткен –  
Адамзаттың сүйегінің үстімен.

Ұландарым қалды қанша жотала  
Төмпешік боп? Түн-Ғасырлар – түс, мүлде.  
Жер астының бәрі – мола! О, тоба!  
Адамзаттың сүйегінің үстінде —

Гүл ашып тұр өмір бағы. Батыр да,  
Ақын да көп... Зілзала алып мазаны,  
Отырардың Обалары һақында  
Өлең жазып жүрміз сонда азаны.

Қайшылықта қалқып жүрем сандалып,  
Қалш-қалш етіп тісім тимей тісіме.  
Тәж-Мақалды көріп қайтсам таң қалып —  
Хиросима...кіреді ылғи түсіме!

Крематорий – Бухенвальдтар бар тағы!  
Адамзатқа айтпай одан басқа түк:

Кыз-Дүние көзінді арбап тартады,  
Мұз-Дүние жүрегінді каксатып!

Өзәзіл-күш әбігер сап әлекпен,  
Әлсіз пенде тайталасты күштімен.  
Жоқ Тарихтын – төте жолы. Бәрі өткен  
Адамзаттың сүйегінің үстімен.

Ғасырлар-ай! Қасіретті! Тұлдырсыз!  
Келгені де, кеткені де – түс, мүлде.  
Жер астының бәрі – мола! Жүрміз біз  
Адамзаттың сүйегінің үстінде...

\* \* \*

Біреу шықты «Аярларға сенбе!» – деп  
Соған сеніп, сонына ердім мен де кеп.  
«Азамат!» деп сонда арқамнан синады,  
Басқа жұртты менсінбедік: «Пенде!» – деп.

Шерін төксе акын сынды азалы-ақ,  
Күндіз-түні елдің қамы мазалап.  
Халық жайлы сөйлегенде мінбедеп  
Қапаланып жылайды әлгі азамат.

Қанша әспеттеп бояғанмен түр, өнін,  
Бір сұмдықты сезуші еді жүрегім,  
Нағыз пенден – сол екен: тек – орындап  
Жүрген екен азаматтың рөлін.

Бір Демосфен тәнті қылып өзіне,  
Бір Жантығын басылды оттай көзіме.  
Актер біткен сахнадан түсті де  
Сүңгіп кетті мына өмірдің өзіне!

Актерден де талантты актер ол енді,  
Жұрт қолнаштап, дәззатқа бөленді.  
Актер-акын жазды-дағы өлеңді,  
Актер-сыншы маранаттай жөнелді!

Бір-біріне әзір шокпар, батасы,  
Жетіп жатыр күндесі һәм бақасы.  
Жер-бесікте Абай жатар доңбекшіп –  
Азаматтық дирижанын атасы...

Джультта боп ойнағанда «Ah» ұрып, –  
Женіл әйел болып шықты шатылып.  
Қозы болып ойнаған бір боздағым  
Дон-Жуанды бейнелеп жүр қатырып!

Ан-тан қалам, осы ойынды жәт көрмей,  
Қайда жүргем бір тұлғаға шап бермей?  
Жауандаймын көздеріне карап мен  
Рәл тимей жүрген сорлы актердей!

Сахнаға шықпай қалу – тірі өлім!  
Бозарып та бара жатыр түр, өнім.  
Армысыздар, бармысыздар, актерлер,  
Алыңыздар, міне, менің рәлім!

Ал, таласып алыңыздар «ah» ұрып,  
Кане, қайсын шығасындар атылып?  
Рәл тимей жүрген сорлы актердің  
Бейнесін бір ойнандаршы қатырып!

## **«КАЗАК ССР ТАРИХЫ» КІТАБЫНЫҢ СОҢҒЫ БЕТІНДЕП ЖАЗУ**

«Менің далам тақаппар да, өр мүлдем –  
Жоқ болса да көкті сүйген оқ шындар.  
Бәрің оның жеңілгенін – көрдіңдер.  
Күл болғанын! – бірің көрген жоқсындар!!!»

### **АВТОГРАФ**

Қайран жүрек, күй ойнап пернеден,  
Дәмдес болған періште, періменен,  
Жетім болмай жатып та, Жер шарының  
Жетіміне қосылып еңіреген.

Адалдығын Адамға төрелеткен,  
Жолдас болған сан тұлға, кереметпен;  
Өзі жылап жатып та, өзгелердің  
Өмірінің шаттығын өлең еткен.

Сол жүрекпен сүйіппін елжіреп мен,  
Сол жүрекпен жүріппін тентіреп мен.  
Білесің бе? Мен күллі өлеңімді  
Сол жүректен жазған ем. Сол жүрекпен.

\* \* \*

Өмір өтті тарихтың арнасында,  
Өр тасқынға шомылып мал, басың да.  
Адам деген қоғамдық жануарың,  
Тыр-жаланаңш болатын алғашында.

Топас тұлға, сезімсіз кескіні – өлі,  
Керемет бір кез келіп, тез түледі:  
«Ұятыңды жап!» – деген ұлы дауыс –  
Жануардың ең алғаш естігені!

Тұл сұлбасын пәк сезім иіндіріп,  
Сұлулыққа имандай илдіріп –  
Ұят! – деген ұлы күш жануарды  
Тағылықтан ап шықты киіндіріп!

Рух сыйлап ұлы ұят ару-арға,  
Адам енді айналды палуанға,  
Жан-жануар түрды кеп басын шұлғып,  
Адам деген қоғамдық жануарға.

Сол үн талай ғасырды кескіледі,  
Ол да ақыры жаңғырып – ескіреді.  
«Ұятыңды – жап!» – деген үн ірдегі үн  
Ғаламзаттан қайтадан естіледі...

Қанды қырғын індетке қара да тұр!  
Айналдырып басын кіл кара бакыр –  
Қайта шешіп киімін жануарың  
Тағылыққа талтаңдап бара жатыр.

## ДАЛАМЕН ТІЛДЕСУ

Барып едім дала-анама, сөйлеп кетті ол шатышап:  
«Ұлдарыңды қаралама... Қаралатпа, ақымақ!  
Талай аузың күйген жансың иттеріңнен қабаған...  
Өз ұлыңа тиген қамшың – өз халқыңды сабаған!

Жаным дертті... Төсектемін. Тәнімде де – кара дақ:  
Өз ұлыңды өсектедің – өз халқыңды қаралап!  
Отаныңның даналығы – көктей шексіз, тұнық та.  
Ұлдарыңмен ғана – ұлы екенінді ұмытпа...»

Оған не деп ақталам мен? Айтысатын кісін бе?  
Айқай салып айтпағанмен, аз ба өксігім ішімде?!  
Үн-түнсіз-ақ қала берем ұқсап жансыз мүсінге  
Бұдан бұлай даламенен сөйлеспеспін түсімде...

\*\*\*

Кұлшынып тұрып,  
Тіршілік құрып – өлмей кеп, тіршілік құрып,  
Бара жатқанда ел-жұртын қырсығып – құрып –  
Жаратқан жалғыз неге құлшылық қылып,  
Бірдеңе айтқың келеді... Тұншығып тұрып!  
«Ең алғашқы адам қай жерде қаз басты?» – дейді...  
Қаншама ғасыр алмасты?  
Мейлі!  
Білмеймін! Әне: басымен ұрып даланы,  
Талқандай алмай күрсаулы құлыпхананы -  
Тағы бір халық тарихтан құрып барады!!!

Қайран тән ұқсас қанаты сынық кептерге:  
Отаннан – оша, ошақтан шырық кеткенде –  
Қақпанға түстім қасқырша ұлып кеп мен де.  
Іздеме мені көз жасым тұнып... Кепкенде.  
Іздеме мені тарихтан құрып кеткенде!!!

Шежірем дәуіт сиясын сарқып болды ма?  
Адамнан – адамтектілер артық болды ма?!  
Ей! Құтқар мені! «Өмір!» – деп өліп, таламын,  
(Көзімді ашсам – көркінді көріп қаламын),  
Цивилизация! Міне: мен – өліп барамын!!!

Кұлшынып тұрып,  
Тіршілік құрып – өлмей кеп, тіршілік құрып,  
Бара жатқанда ел-жұртын қырсығып – құрып –  
Жаратқан жалғыз неге құлшылық қылып,  
Бірдеңе айтқың келеді... Тұншығып тұрып.

## ХАНЫШАЛАР

Ертегі мен аңыздардан естимін:  
Шерлі әйелдер, аумайтұғын жесірден,  
Сенің шерің есінде жоқ ешкімнің,  
Ертегі мен аңыздардан естимін  
Ғажап сұлу болыпсыңдар шетіннен.

Сені көрсе акын таңып есінен,  
Сені көрсе батыр талып жығылған.  
Сұлу қыздың сұлу Күннен несі кем?  
Сені көрсе акын таңып есінен,  
Сені көрсе батыр талып жығылған!

Болса егер ханның қырық қатыны  
Есіл жастық – елес... талақ, қырсық – түн.  
Сен не көрдің, о, заманның пақыры?  
Болса егер ханның қырық қатыны  
Қырық түннің түрмесінде түншықтың!

Махаббатсыз бас идіндер күйеуге  
Күн гып беріп күнкөрістің қорлығы.  
Зәрең ұшты-ау зәнталақты сүйерде!  
Махаббатсыз бас иетін күйеуге  
Көргемін жоқ қатындардай сорлыны!

Сұлуларды тағдыр неге қорлайды  
Құс жастыққа көзден жасын жатты үзіп.  
Қорлағандай торға қамап торғайды  
Сұлуларды тағдыр неге қорлайды –  
Сұмпайының қойынына жатқызып?!

Ертегі мен аңыздардан естимін,  
Шерлі әйелдер, аумайтұғын жесірден,  
Сенің шерің есінде жоқ ешкімнің,  
Ертегі мен аңыздардан естимін,  
Ғажап сұлу болыпсыңдар шетіннен...

\*\*\*

Дала – дастан! Бала жастан оқып өскем сені мен,  
Көкпарына араласкам құлап аттың ерінен...



Қыз кууда ұлы халық намысына күйгенмін,  
Ат үстінен жұлып алып аруынды сүйгенмін!

Кереметім – кеңдікте! – деп, серілікте! – деп ел өсті.  
Бұл далаға – ерлік керек, ездік... керек емес-ті.

Басымды оқтан ала қашпан. Елім ермен – еңселі.  
Дала – дастан! Бала жастан оқып өскем мен сені!..

## ӨТІРІК ПЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ШАЙҚАСЫ ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

Бұған дейін өр тұлға боп Өтірік  
Келген еді аузы-басы көпіріп,  
Шыр-шыр етіп шымырлаған Шындық  
Өмірде ылғи жүруші еді өкініп...

Кенет біреу, «Шындық!» – деп жар салды!  
Тамаша үнге тамам халық тамсанды.  
Жарқ-жүрк етіп Жаңа Күрес Аланы  
Сарбаздарын қақ жарылып қарсы алды!

Сонда алаңға шыға келіп Өтірік  
«Аттан!» – дап кеп, ал, жыласын – өкіріп!  
Пәле, Жала, Сүм, Зымиян, Оңбаған:  
«Ойбай!» салып, көкіш берсін көпірін...

Міне: Күрес Алаңына қаршы:  
Неткен жақын ақ, қараның арасы;  
Шындығын бір дәлелдеуге сол кезде  
Шындықтың да келмей қалды шамасы...

Онай нәрсе... Кенет қиын боп қалды,  
Шыр-шыр етіп шыңғырды да – тоқталды.  
Өтірік те бір-ақ сәтте – ақталып,  
Шындық та бір-ақ сәтте – сотталды!

Уа, Шындық! Сен несіне торықтың?  
Көп қой көрер көресінің. (Соны ұқтың).  
Жеті Басты Айдаһардан аумайттын  
Жетпіс Басты Зілзалаға жолықтың!

Уа, неге суланады жанарын?  
Жаңа ғана туған жоқ па заманын?!  
Қаралай ма – қажып қалсаң... Мен енді  
Мәңгі Саят Алаңында қаламын!!!

## КЕКТІ БАЛА

*Б.Қопбаевқа*

Пушкин десе жанарың лапылдайды,  
Тұла бойға тоғысып ақыл, қайғы.  
Сендер барда сенем мен, мына өмірде  
Сұлулыққа қарсы от атылмайды!  
Пушкин десе жанарың лапылдайды.

Есенинді айтасың еміреніп,  
Хиросима хақында тебіреніп.  
Сен оларды тапқалы, Дүниенің  
Қайғы-мұңы тауыпты – Сені келіп!  
Еміреніп сөйлейсің, тебіреніп.

Заулап ғасыр өтсе де, ұшып көп күн,  
Жүрегіңе жасыны түсіп көктің –  
Еске түссе Лермонтов, қанат байлап,  
Кавказ жакқа келеді ұшып кеткің!  
Жүрегіңе жасыны түсіп көктің.

Қойшы... Айта бермеші... Жетті, бала!  
Көз жасыңды көшіріп кеттім ала.  
Балаларды сүйемін – пәк! Дегенмен  
Сені ерекше сүйемін, кекті бала!  
Қойшы... Айта бермеші... Жетті, бала!

Ал, ағанды теңеме наркескенге,  
Менен өткен шерлі жоқ зар кешкенде,  
Мен бір – оқпын, құлыным... Пушкиндердің  
Тимей кеткен оғымын – Дантестерге!  
Менен шерлі адам жоқ зар кешкенде...

\* \* \*

Халқына, мүлде, сенбеген  
Арбалып тақ пен алтынға.

Хан біткен канға шөлдөгөн  
Қалды сол карау қалпында.

Молдалар көзеіз саядалып,  
Намазға құлап теңселе –  
Абайға сенбей... Арбалып.  
Аллаға ғана сенсе де.

Өлді ұлып өстіп көп пенде  
Өмірде болған өтімді.  
Сен болмай шен де шекпен де,  
Өткінші затқа өкінді.

Пыш-пыштар өлді бакырып  
Айта аямай соңғы ариясын.  
Ішкіштер өлді акыры  
Сарка алмай шарап дариясын.

Сұлулар өлді сәнімен  
Кете алмай жерге ну егіп,  
Қор болып шалдың тәнінен  
Ләззат емес – у еміп!

Пақырлар өлді – тірлігін,  
Өзінше жасап шайқап-ақ.  
Ақындар өлді – бір-бірін  
Попугай құсап қайталап!

Өлімнің заңы: «Көн!» – деген  
Шежіре жыр ғып баяндар.  
Бәрі де – өлді. Өлмеген –  
Рубайлар, Омар Хайямдар...

\* \* \*

Алаш Анам – ғаламның кара нары,  
Ит те, құс та жүрегін жаралады.  
Оған қайтсін алаң боп, ақыл ойы  
Асқазаннан аспайтын балалары.

Алаш Анам – адамзат бал арасы.  
Дауда қалды қалқайып кара басы.  
Соқтықпасын өзгенің қояншығы,  
Өзінің де көп дімкәс шаранасы.

Ақыл айтып біреулер, шатып әрі,  
Миың неге анамның қатырады?  
Ақымағың қайтеді ол өзгелердің?  
Өзінің де жетеді ақымағы...

\* \* \*

Қап-қара түн... Зілмауыр қап-қара түн.  
Зауал шак қой мәңгі есте сақталатын.  
Аяр сезім арбады тұл бойыңды,  
Аялдатпай уақытқа – ақталатын.  
Қап-қара түн.

Құмар сәт боп елестеп күнә мына,  
Жаттың жауап таба алмай сұрағына,  
Қара түндей қатыгез кара кісі  
Сайтан құсап сыбырлап құлағына.

Әзәзілдің дидарын көріп-танып,  
Жаттың үнсіз талықсып өліп-талып,  
Көзің алды қап-қара кара түнек,  
Жарық дүние жалп етіп сөніп қалып!

Тілесіз үрей басынып бар алапты,  
Ләззат пенен сұмдықты саралапты.  
Арбап алған тәніңді кара жылан  
Пәк тәніне өрмелеп бара жатты...

...Алаң оймен оянып ала таңда,  
Жаттың ұқсап жазықсыз балапанға.  
Қара жылан шыққан сол кара түнде  
Ақ тәнінде қап қойды – кара таңба.

## ДАЛА ФИЛОСОФИЯСЫ

Дала десен жарқ етер –  
Даңқым! –  
Деген бір өлең.

Дала десен жарқ етер –  
Халқым! –  
Деген бір өлең.

Мархабатым шығар-ау Махамбеттің туғаны.  
Ер ұлдарым болмаса –  
Ез екем деп жүрер ем!

Дала десең жарқ етер -  
Сұлулық! -  
Деген бір өлен.

Дала десең жарқ етер -  
Ұлылық! -  
Деген бір өлен.

Арман шығар даламда Абайымның туғаны.  
Абайдарым болмаса –  
Ақымақтың! – деп жүрер ем...

Тарих Стадионы – Дала! Тәні – қан-жоса!  
Жалт қарады Ұлына ол көгін тұман торласа,  
Батырлары болмаса – қорқақ бүкіл адамзат...  
Ақымақ бүкіл адамзат – Акындары болмаса!

\* \* \*

Шабыт – бұлбұлдың шалықтаса әні  
Муза боп жетем мұңлықтарыңа.  
Асау жүрегім алып қашады  
Аттап баспаған құрлықтарыма.

Шыр етіп түскен атамекенім  
Менімен Жерді батыл аттасын.  
Өмірдің – өлең сапары екенін  
Ақыры ұқтым-ау ақымақ басым!

Қисапсыз сағым қиырда тулап,  
Ғаламды көрдім көзімді ашқанда,  
Миллиард ырғақ миымда шулап,  
Ғашық болдым мен Өмір – Дастанға!

Таңба қаншама тас маңдайымда?  
Талай соққыдан аман қалғанмын.  
Жерге қарайын аспандайын да  
Естілеін содан адамдарға әнім.

Өңімде кезігем, түсімде – Өлеңге,  
Жан бакпай бұғып, жарамсақтана.

Адамдар сені түсінбегенде,  
Түсінетұғын – адамзат қана!  
Шабыт – бұлбұлдың шалықтаса әні  
Муза боп жетем мұңлықтарына.  
Асау жүрегім алып қапады,  
Аттап баспаған құрлықтарыма.

## ҚАРАҒАНДЫ. БЕЙБІТШІЛІК ГҮЛЗАРЫНДАҒЫ ПУШКИН ЕСКЕРТКІШІ

Мәрмәр – Пушкин! Мен саған жат емеспін.  
Қарпадайдан өленмен қатар өстім.  
Қателесем – өмірді сенше сүйіп,  
Сенше күйіп... Жүргенде қателестім.  
Мәрмәр – Пушкин! Мен саған жат емеспін.

Өмір өтті ойлардың орманында.  
Өсек-аяң – Акынның соңдарында.  
Әлі, әлі Дантес бар тірі жүрген –  
Пистолет жоқ тек қана қолдарында!  
Мен де оққа нысана болғаным ба?

Бір сыр билеп келеді жүрегімді,  
Жалт қаратар естісе гүл – өңірді.  
Өмір дейміз бәріміз. Ерлер түгіл –  
Ездерің де сүйелі бұл өмірді!  
Бір сыр билеп келеді жүрегімді!

Жыр жолына жанымды бақшыладым.  
Жақсылыққа шырағын жақсын арым.  
Болашақ кеп қолымнан алса бүгін  
Алтын емес – Ақиқат тапсырарым!  
Жыр жолына жанымды бақшыладым.

Өзің көрші! Көрмесен – сенбес едің;  
Күнде күйкі пендемен белдесемін.  
Сені таптым, пендесі бар өмірге  
Періштесі болмаса – келмес едім!  
Өзің көрші! Көрмесен – сенбес едің.

Артық айтсам кешірші мені, ерім,  
Еріп кеттім жез едім, темір едім.  
Самолеттен түскенім жаңа ғана,  
Мұқағали бейітінен келіп едім...  
Еңірегім келеді, еңірегім...

## ТАМУҚТАҒЫ ӘҢГІМЕ

Өліп қапшын. Мені де ажал тәрк етті  
Діл – азалы. Тіл – назалы зар төкті.  
Міне – Тамұқ. Зілденіп тұр ол маған.

Мұндай жерде бұрын-соңды болмағам,  
Кенет асқақ Алла даусы саңқ етті:  
– Қанша әйелді алдап келдің, оңбаған?!

Өлтірдің сен қаншама пәк сезімді?  
Ойып алып тастайын ба көзіңді?!  
Түстің қолға, арбаушы сұм жыланым!

Жап даусымды сонда әзер шығардым:  
– Бір сұлуың алдаған соң өзімді.  
Бір-екеуін мен де... Алдаған шығармын!

– Жап аузыңды, сөзді босқа қор қылмай!  
Арамзаны жұмағыма қондырмай,  
Сокқызармын Әзірейілдің таяғын!

Міне, қолда – бүкіл өмірбаяның:  
Осы азғантай ғұмырыңда, оңдырмай  
Қанша адамды алдап кеттің, аярым!!!

Тұрдым үнсіз... Жоқ қой сөздің мәні енді  
Алладым ғой талай сұлу әйелді  
Далада да, думандатқан қалада.

Сансыз елес сапырылды савада  
Әлемді де алдар едім... Әлемді  
Әлсіз пенден әйелше алдай ала ма!

– Жап аузыңды! «Күнәсізбін – мен» – деме,  
Әуре болып ақталасың, сен, неге?! –  
Деді Алла – Ой бар ма өзі миыңда?!

Жазанды тарт әміріме сыйын да:  
Адамды да алдап келген пендеге  
Алланы да алдай салу – қиын ба?!

Көз жасына омырауын боялып,  
Жылама, еркек, аярлықты қоялық!  
Тарт жазанды! – деді ол мендей мұңлыққа.

Көзімді аңсам жатыр екем – құрлықта,  
Мәңгі ұйқыдан кеттім өстіп оянып.  
Сап боп үрей, қорлық сезім, құлдық та,  
Түсім екен. Өңім болса – сұмдық та!

## ПРОМЕТЕЙ АЛАУЫ

Тірі жан жоқ далада ояу – жаһан жана жаралып,  
Қапас ғалам кара бояу. Күн көзінде – кара бұлт.

Жер тамыры тоқтап тұрды. Кенет... Көктен түсті де,  
Прометей от лақтырды Мұз – ғаламның үстіне!

Ғалам отсыз қала ма енді жұмыр Жерді жұт алып?  
Киелі алау жана берді сөніп қалмай... Тұтанып!

Замандарым! Адамдарың найзағайша шатырлап,  
Аристотель... Абайларың вулкан құсап лапылдап! +

Өтгіндер-ау, шүкір, халық, сөнуге деген саған жат  
Прометейдің алауы ғой бүкіл – Тарих, адамзат!

Зымыран Уақыт! Ұшайықшы аттап бүкіл түнектен,  
Мұз – Ғаламды құшайықшы сол бір отты жүрекпен!

Тіл алмайтын баламын мен, көресімді көремін,  
Прометейдің алауымен өртенеді өлеңім.

Өртенеді өзегім де өзге затты жат қылып,  
Кең дүниені кеземін де өтемін от лақтырып!

\* \* \*

Өксиді өмір өкіріп тағы  
Араның ажал ашқанда,



«Өлдік-ау!» – дейміз. Өтірік бәрі!  
Кетеміз ұшып – аспанға!

Соңымызда қалады біздің  
Өмірге ғашық өрендер.  
Соңымызда қалады біздің  
Өлімге қарсы өлеңдер!

## КРЕСЛО – БЮРОКРАТ

Талантты да тастайтуғын ысырып,  
Дөңайбат қып сөйлегенде ісініп –  
Кресло дейтін тактың үстінде  
Пайда болды Кресло – Кісілік.

Талай залды өктем үнмен жаңғыртып,  
Талай зілін көкейінде қалды іркіп.  
Серік түгіл, Мұқағали келсе де  
Қабылдамай жібереді қаңғыртып!

Оған енді қай күдірет тең келер?  
Шығып көрсін өз күшіне сенген ер!  
Көз сүзіп тұр Кресло – Құдайға  
Орындық боп кеткен өңкей пенделер!

Аянышпен қараймын сол мүскінге,  
Ауысып-ақ тұрғаны ма күш күнде!  
Баяғыда өлген марқұм тірілді  
Кресло дейтін тактың үстінде.

Арыз айтсаң кенет ашу шақырып,  
Абайсызла жібере ме ақырып.  
Адам деген Орындықтың тағдырын  
Шешіп жатыр Кресло – Мақұлық.

Қонақта да оның орны жоғары  
Бәйек боп жүр Орындықтар Қоғамы.  
Отырып аң Кресло – Ақымақ  
Неше түрлі фалсафаны соғады!

Былықтырған Кресло – қаскүнем,  
Еңбектейді енді жердің астымен.

Ішкіштермен сыбанып ап білегін  
Күреседі Кресло – Маскүнем.

Ай-сұлулар аңыз болған ертеде  
Кресло Дон-Жуанға еркелеп...  
Кресло – суретшінің эскизі  
Эрмитаждың есігіне ентелеп...

Қаламымды аңыз алып қапады,  
Мен аспаған есіктерді ашады.  
Пайда болып Кресло – жазғыштар  
Кресло – оқырманды жасады!

Жетер енді! Оған неге қорындық?  
Орын ғып бір аламыз ба ор үнгіп?!  
Осы өлеңді әзер жаздым, сықырлап  
Астымдағы тозып біткен орындық...

## ЛАТЫН ТІЛІ

О, Латын тілі!  
Жарқылдағансын  
Жаһанның жауындарында,  
Цицерон болып санқылдағансын  
Тарихтың дауылдарында.

Тәржімалайын: азан – ділімде,  
Естіліп сонда жат үні,  
Сөйлейді дерсің казак тілінде,  
Латынның соңғы ақыны.

«Жаһангермін, – деп мәлімдемедім  
Осылып сұм ой діліме.  
Түгім жоқ бұлдар – бәрін беремін:  
Тимеші ана тіліме...»

Күйкі ойлардан барамын күйіп...  
Ұйқыда қала тұр сұлық.  
Ауруханалар қабағын түйіп,  
Қарайды маған күрсініп.

Темір шарбакты алаң бар сонда,  
Барам ба қайтем – шақырса?  
Ақ халат китен адамдар сонда  
Сөйлейді екен латынша...

Қиялында бәрі Айға ұшар, шіркін,  
Ұқсап бір тірі латынға –  
Өмір туралы айтысар, мүмкін,  
Айтысар өлім хақында?

Жаны жоқ мәрмәр мүсіндейміз біз,  
Қараймыз текке шүкіния.  
Не айтады екен? Түсінбейміз біз,  
Латынша бәрі – күшия!

О, Латын тілі!  
Зырлап – ендікті.  
Жырға орап гүлдей құлпырған!  
Вергилий сенде жырлап Ерлікті,  
Ездікті – Цезарь тұл қылған!

Уақыттың Дауылын сезінем мен де  
Мәңгілік – деген бекер ғой.  
Ділдер түгілі, кезі келгенде –  
Тілдер де өледі екен ғой!

Замана дауылы!  
Сұңқылдап үні  
Қанша жан өлді? Түс білем..  
Сан өтерсің-ау бұрқылдап әлі  
Бұл жұмыр жердің үстінен.

«Жаһангерім!» деп мәлімделім,  
Осылып сұм ой діліме,  
Түгім жоқ бұлдар – бәрін беремін.  
Тимеші ана тіліме!

Есігіңді ашна есіре күштерге,  
Жалмауыз күштерге жат үні.  
Зәрем ұшады есіме түскенде  
Латынның Соңғы Ақыны!

## ҒАСЫР КАРДИОГРАММАСЫ

### *Ш. Айтматовқа*

Мен бүгін тағы, жан аға,  
Жатырмын ауруханада...

Дәрігерлер іздеп күні-түні  
Дертімнің тапты бір емін:  
«Өленді гаста, жігітім!  
Өрекпіп жатыр жүрегің...»

Бір ойлар басты түтіп жеп,  
Қағазға көшіп таябасы –  
Қолымда тұрды лүпілдеп,  
Жүректің кардиограммасы!

Мен ғана ма екен алаңдап,  
Сарғайған ойлар санамда,  
Ғаламзат, бүкіл адамзат  
Жатыр ғой – ауруханада!

Адамның тағдыриамасы,  
Заманның тағдыриамасы, -  
Жүректің кардиограммасы!  
Ғасырдың кардиограммасы!

Арайлап атып таңдарым,  
Көңілден көшті замандар,  
Көзімді ашсам – жан-жағым  
Ақ халат киген адамдар.

Бір ойлар басты түтіп жеп,  
Соларға ұшып жөнедім.  
Қолымда тұрған лүпілдеп –  
Кардиограмма – өленім...

### **АЛМАТЫ. КОММУНИСТІК ПРОСПЕКТ, 105**

Бесіктен біз де беліміз шықпай батыр ек,  
Келемін мұнда керемет азап кешіп мен:  
Әлжеке, мені! Ғафу ет, бізді ғафу ет!  
Біздер де кірдік сіздер кіретін есіктен.

Періште емес, көрінбес алтын айдары,  
Бұлт кешкен асқақ Алатау сынды ой кешіп –  
Жүр мұнда менің жұртымның Пайғамбарлары  
Алаштың асқақ Рухыменен сөйлесіп!

Патшалар осы – түспейтін алтын тактан да,  
Ұлыстарының ұлан да ғайыр көлемі.  
Тұрғындар... Шулап өсекке танып жатқанда  
Туған ел оны жүректеріне бөледі!

Қаралы көшпей кара бұлт торлап аспанын  
Қасқайып тұрды катал тәңірге карап пан;  
Сталин –  
Сәкен, Бейімбет, Ілиястарын  
Әдебиеттегі әдеби иттерге талатқан...

Күніреніп талай көз жасын ол да көрді үзіп,  
Қасарып, бірде жасарып елмен тел өсті.  
Ешкімде оны: «Айт!» – десе – қойша өргізіп,  
«Шайт!» – десе – қойша жусата алған емес-ті...

Келемін мен де бір ойлар жанды мазалап,  
Еркелеп шықтым сол үйден еңсем түсіп кеп.  
Халықтан ғана туады екен Азамат,  
Тұрғыннан – кілең пенделер ғана күшіктеп...

Бесіктен біз де беліміз шықпай ақын ек,  
Келемін мұнда керемет азап кешіп мен:  
Әлжеке, мені ғафу ет, бізді ғафу ет!  
Біздер де кірдік Сіздер кіретін есіктен...

Кеткен жоқ әлі, кепкен жоқ әлі сор табы.  
Елімнің даусы шыңғырып... Шықпай жүр менде.  
Әлі де қорқам... Ел-жұртың әлі қорқады  
Әдебиеттегі  
Әдеби иттер үргенде...

«Қой!» – деші соған! Сіздердей болу қайда әлі?  
Олжасты көрсек бой да өсіп қалар, ой да өсіп:  
Жүр мұнда менің жұртымның Пайғамбарлары  
Алаштың асқақ Рухыменен сөйлесіп!

## ҚҰСТАР ӘНІ

Қайран, шешем... Дуалы патшалардың тағынан –  
Өзін салған ұяны – өз үйімді сағынам.  
Әуелетіп әлемі, бұлт бауырын кеп құшып –  
Жеті құсың бар еді, – жеті жаққа кетті ұшып...

Қайран, шешем... Күйіне ойға батсаң не түрлі...  
Мынау Жарық Дүние – Құс Базары секілді.  
Жасқа толып етегің, тұрсын мұңлық пішінде,  
Жеті құстың екеуі жоқ қой соның ішінде...

Қайран, шешем... Дуалы патшалардың тағынан –  
Өзін салған ұяны – өз үйімді сағынам.  
Бір ұлда сол кезде жеті құс ек... Жеті құс!  
Жас боп шықты сор – көзге: қайда кеткен екі құс!

Қой қайырып жүргенде – жетеу жеті елден кеп,  
Жетеуіміз жүргенде... Сайран еді жер мен көк!  
Қиқусыз һәм сайрансыз құс базары тұл екен,  
Сол бір екі қайран құс қайда ұшып жүр екен?

Таптық енді қайдан біз, жас ағады жанардан...  
Қанаты бар қайран құс ұшу үшін жәралған,  
Шегін кезіп жер-көктің, қанатынан жыр есіп,  
Мұңға батып мен кеттім Муза – құсқа ілесіп...

Қайран, шешем... Жүрегім аптығады ат ұрып,  
Құс базары бұл өмір – Ақсұңқарым шақырып!  
Соны шарлап қайтайын жырды көңіл хошы ғып!  
Құстар әнін айтайын Нұрғисаға қосылып.

\* \* \*

Таң атады.  
Түс.  
Ымырт,  
Түн кіреді.  
Естіледі Музаның мұңды лебі.  
Эрмижада күліп тұр Джоконда,  
Жылап тұрған шығар ол?  
Кім біледі.

Түсімде де өмірлі, өңде көріп  
Сан түскенмін сабама жөнге келіп.  
Қызыл-жасыл дүние көшіп жатты  
Көз алдымда көлбеңдеп, дөңгеленіп.

Арғымақтар даланы, саланы асып,  
Жердің шаңы бұлттармен араласып –  
Дүр етті де жоқ болды, бәйгені де,  
Көкпарды да аспанға ала қашып...

Қала біткен қыз құсап боянады.  
Қызықтырмай, қаратпай қоя ма әрі.  
Отырардың түсіне Помпей кіріп,  
Ұйқысынан шошынып оянады.

Жан рақаты джунгли жанатынан,  
Хиросима үстінде – кара тұман.  
Көгершіндер ұшып жүр, бүрк-бүрк етіп  
Ок-дәрінің иісі канатынан...

Ұштым мен де жаһанның шетін көріп,  
Қызыл-жасыл дүние не түрге еніп,  
Кілем жапқан тұр диван-кроватьтар  
Махаббаттын төсегі секілденіп!

Таң атады.  
Түс.  
Ымырт.  
Түн келеді,  
Естіледі Музанын мұңды лебі.  
Эрмитажда күліп тұр Джоконда,  
Жылап тұрған шығар ол?  
Кім біледі...

## ТОҚЫРАУЫН

Актоғайда – Тоқырауын өзені,  
Салт аттыны өткізбейтін өзегі...

Жаз шыққанда осы өзеннің алабы, -  
Шет елдегі бейне пляж алаңы.  
Шомылғанда кара бала қаптаған,  
Қара теңіз астар болмай қалады!

Алпамсадай денесімен топ-толық,  
Атылып кеп сүнгігенде оқ болып –  
Астанадан келген Төкен көкеміз  
Алпыс минут! Кететұғын жоқ болып...

О, сұмдық-ай! Сүнгіп өлу мақтан ба?  
Алпыс... Бала басады кеп «Аттанға!»  
...Төкен көкем күліп шығып келетін  
Жағадағы ел жанталасып жатқанда!

Ол сүнгісе біз тұрамыз елендеп,  
Ол не десе соған көзсіз сенем кеп.  
– Мұхитты да, теңізді де көріп ем,  
Тоқырауын бәрінен де терен! – деп.

Жүзуші еді денесімен топ-толық,  
Атылып кеп сүнгүші еді оқ болып –  
Айтқанына дәлел іздеу үшін сол  
Алпыс минут... Кететұғын жоқ болып!

Ол келгенше... Болғанынша екінді,  
Біз қиялға батушы едік не түрлі.  
Тоқырауынның түбін көріп қайтқанша  
Бір сағаттай жүзетұғын секілді.

Судан шығып, отырған соң жартасқа,  
Шабыттанып сөйлейтін сол марқасқа.  
– Тоқырауын құмға сіңіп... О, ғажап,  
Жер астымен құяды екен Балқашқа!

Бұл әңгіме өнің емес, түсіндей,  
Біз тұрамыз ан-тан калып мүсіндей.  
Құмға сіңіп кететұғын өзеннің  
Көлге барып құятынын түсінбей!

Домбыраны қолына алса аңырап,  
Шанағында сазды әуендер жамырап, –  
Тоқырауын тұрушы еді сол кезде  
Манарбектің мақамымен маңырап...

Жағалаудан жеткен талып жотаға,  
Неткен сиқыр әуен еді? О, тоба!



...Оның аты «Тоқырауын» күйі еді,  
Ол да бірақ түспей қалды нотаға...

Сол ағаның соңынан сан ұштық кеп,  
Сол ағамен талай суға түстік кеп.  
– Мұхитты да, теңізді де көріп ем,  
Тоқырауын бәрінен де ыстық! – деп.

Сүңгуші еді құшырланып кеп көкем!  
Ыстық! – дейді... Қызу қайдан жетті екен?  
Жаңа ғана шомылғанда салқын су,  
Қапелімде қалай қайнап кетті екен?

Сүңгіді кеп, тәні суды сүйеді,  
Судың асты таңғажайып би еді.  
Бізге қарап айқайлайды көкеміз,  
– Тоқырауын – киелі ғой! Киелі!

...Асау жылдар... Толқындарша... Алқынып,  
Асау ағын басылыпты шарк ұрып:  
Төкен марқұм асыр салған бір кезде  
Тоқырауын бара жатыр тартылып.

Ақтоғайда – Тоқырауын өзені,  
Салт аттыны өткізбейтін өзегі...

## МАХАББАТ, ҚЫЗЫҚ МОЛ ЖЫЛДАР

Дүние неткен жап-жарық!  
Он үштен онда аспағам.  
Көркіне соның таңданып  
Суреттер сала бастағам.

Не дейді ел мендей сабазға,  
Сан ысып, сан сап басылған?  
Үй іші толы – қағаздар  
Есіктен төрге шашылған...

Шабытқа толы өзегім,  
Қағазға содан нұр тамып –  
Ақжарық деген өзенің  
Жатады ағып бұрканып.

Ақжарығымды далаға  
Асау мұхиттай аунатып,  
Бағдат деген балаға  
Қоямын балық аулатып!

Миллиард бояу төгілген  
Болар ма әсем тау мұндай,  
Суретші болам дедім мен, -  
Суретін салам аудармай!

Танытам жұртқа жұртты әлі.  
Не дейді ел мендей сабазға?  
Ойрантау... Көшіп бұлттары  
Ойран сап жағты қағазда.

Көздерім күнде тауымда  
Жүргенде, жасым – он үште.  
Алыстан біздің ауылға  
Келді ұшып бір пәк перінште.

Музамды соған сыйладым,  
Шабытқа жаным кенелді.  
Сол қыздың сұлу дидарын  
Салуға көштім мен енді.

Не дейлі мендей сабазға  
Қайтпайтын әсте бір беті:  
Үй іші толы қағаздар,  
Қағазда – қыздың суреті!

Шабытым шалқып күнде тым,  
Шамамды қайтып өлшепін.  
Бір күні қыздың суретін  
Өзіне барың көрсеттім.

Құдай-ай неге қинадым?  
Қайтейін енді налымай?  
Өзінің сұлу дидарын  
Қалды ғой өзі танымай!

Естімесе екен ел, мүлде,  
Енбегім кетті желге ұшып.

Үйіме жетіп келдім де,  
Етпеттеп жаттым жер құшып...

Күрсінген күйрек күйдегі  
Долының кара ісіне,  
Суретгія бәрін үйдегі  
Лактырдым пештің ішіне!

Бір шабыт жаулап денемді  
Мені алып саған қашты әмәи.  
Сол шақтан бастап мен енді  
Өлеңдер... Жаза бастағам.

Не дейді мендей сабазға,  
Бастарын шайқар, көрер де ел.  
Үй толы – қағаз. Қағазда –  
Махаббат жайлы өлеңдер!

Жылдарым зулап көшті енді,  
Шер тарқар күнім жақындап,  
Өртеніп жатқан пештегі  
Суреттерімдей лапылдап!

Көзді арбап жырдың әуені,  
Көрінбей ешкім көзіме,  
Газетке бермей әуелі  
Оқыдым қыздың өзіне.

Таң қалды: «Неткен шерлі адам!  
Тұла бойы толы ар ма екен?  
Осынау жырды арнаған  
Қызда да арман бар ма екен?!»

Өзіме өзім сенбедім,  
Тірі жан түспей көзіме,  
«Бұл жырды жазған – мен. – дедім  
Аманат болсын өзіңе...»

Қарады ол көзбен бір мұңды...  
Өмірде аз сондай мезеттер.  
...Сонан соң сол бір жырымды  
Әкетті қағып газеттер.

Білмейтін сырды енді ешкім  
Айтайын, бірге егілсек,  
Сол қызбен бүгін кездестім...  
Неткен қылықты келіншек!

Тағдырдың тарпаң жолдары...  
Енді оған, шіркін, сенер ме ел?  
Есімде дейді сондағы  
Махаббат жайлы өлеңдер...

Махаббат, қызық мол жылдың  
Қызуын айту мақтан ба?  
«Мен оқушы едім сол жырды  
Газетке шықпай жатқанда...»

Ал, мен ше? Ал... Мен не дейін!  
Үндемей қалды демессіз.  
Бір өлең оқып берейін,  
Абайдан әулие емеспіз.

«Күдай-ау, қайда сол жылдар,  
Махаббат, қызық мол жылдар,  
Ақырып-ақырын шегініп,  
Алыстап кетті-ау құрғырлар...»

\* \* \*

Менің ішкі дертімді сезеді ме,  
Өксіп келіп тығылып өзегіне.  
«Өлеңіңді тасташы, – дейтін анам, –  
Өгей бола қоймассың өз еліңе...»

Алыс мұрат жеткенше зарықтырып,  
Ақ тілегі алдымды жарық қылып:  
«Айналайын, абай бол» дейтін сонсоң  
Ақжарықтан шығарып салып тұрып.

Көз ұяма көл тұнып – тұманданып,  
«Иә...» дей сап жөнелем бұлаң қағып.  
Аңдап басып, абайлап жүре алмайтын  
Аяғыма қараймын күмәнданып.

Жасынынан жанымның от өріліп,  
Өзегімнің өксігін өтер ұрып.

Ойрантауға көздерім түсуші еді,  
Ойран дауыл кеудемнен көтеріліп.

Өленімді бірақ та тастамадым,  
Өртенуден жоқ еді басқа амалым.  
Екі арасын жол қылып жүріп алдым  
Ақжарық пен ақ шаңқан астананың.

Әлі содан сыздайды көкірегім,  
Кеше гөрші, анашым, өтінемін!  
Бір қолқанды өмірде орындамай,  
Кеткеніме керемет өкінемін...

Ие болып малына, кетпеніне,  
Тауығына жем шашып, кептеріңе,  
Қара болып қасыңда жүрер ем ғой  
Сонда өленді тастап-ақ кеткенімде...

Маза бермей жаныма қойған ба бұл  
Мені үнемі батырып ойларға бір, -  
Ойрантауға көздерім түскен кезде -  
Көтерілген кеудемнен ойран - дауыл!

Талғанын көр құсыңның қанатының,  
Ақжарықтың әуені салатыным.  
Аспаныңнан күнреніп тіл қатады  
Ана сүтін емізген ана тілім...

Өленімді соған соң тастамадым,  
Өртен деуден жоқ еді басқа амалым...

\* \* \*

Сыртқа шықпай бұрқанған жасын әні,  
Қыздар ойын тереңге жасырады.  
Жүрегінде құлып бар... Кілтін ашсан  
Қақпа біткен айқара ашылады.

Қияда да жол тауып, шатқалаңда,  
Алшаң басып аяқты аттағанда -  
Баяғының тәкаппар мырзасындай,  
Кіріп едік қасқиған қақпаларға.

Мейлі, мені жамандап жарыса кеп  
Өсекке тая, ол дағы таныс әдет...  
Сұлу қыздың бәріне асылзада  
Басымды иіп келемін ханыша деп.

Соны жыр ғып толғадым – толғасам да  
Сары майдай еріді ол да сонда.  
Кілтін таптым әйелдің жүрегін  
Сәкен сынды бекзада болмасам да.

Құнын біліп шаттығы, мұңынын да,  
Қалдым өстіп сұлулық тұғырында.  
Әйтеуір мен Жиенқұл болған жоқпын  
Қамшының сабындай-ақ ғұмырымда...

\* \* \*

Мен кешірдім күнәңді... Сен – кештің бе?  
Енді, жаным, кінәласу – кеш бізге.  
Әйтеуір, мен, сені сүйетінімді  
Айтқан емен сенен бөтен ешкімге.

Күннен-күнге алыстайсың сен менен.  
Жете алмаймын. Елеске еріп сенделем.  
Сен де жүрсің, пенде болып – пендемен...  
Мен де жүрмін пенде болып – пендемен!

Жырға көшті саған деген мендегі от,  
Керемет бір рақаттан кенде боп –  
Жүректегі өртті өшіріп сөндіріп,  
Жүрміз, міне, пендеменен – пенде боп.

Қайда жүрсең сенің көзің – менде боп,  
Қайда жүрсем менің көзім – сенде боп,  
Ұмыта алмай суыта алмай жүректі  
Жүрміз, міне, пенделермен – пенде боп.

Уылжыған ғұмырыңды уайымдап,  
Саған деген іңкәр сезім бойымды ап –  
Өлсем деймін – сені сүйетінімді  
Өмір бақи өзім ғана мойындап!

\* \* \*

Талай-талай жер ұйығы кезігер,  
Сапар шексен жолға бұрып бетіңді).

О, туған жер! Мен бәрібір өзіңе  
Қайтып келем бозторғайын секілді!

Өз үйімде жатам ұйқтап... Денені  
Шымырлатып жүректен бір ұшты ағын.  
Қайта-қайта түсіме неге енеді  
Басқа жактан қайтпай қалған құстарын?!

\* \* \*

Ұйқыға кеттін. Маскара:  
Қиялға шомған баладай  
Почташы әкеп тастаған  
Хатыма-дағы карамай.

Ұйқыға кеттің! Ал мұнда,  
Мен тұрмын сап боп төзімнен.  
Ұрланып кіріп бардым да  
Бір сүйіп алдым көзіңнен!

«Несіне жүрсің зар қағып? –  
Деді бір дауыс... Сандалып –  
Арзан арманға арбалып,  
Елесті жүрсің малданып!

Лайық па құрмет, сыйыңа  
Өлшеп пе ең сана – өресің?  
Кіріп бар сүңгіп миына  
Көзіңмен бәрің көресің!»

Адам ба түскен аспаннан,  
Қасыма түнде жеткен кім?  
Елес боп сонда... Сасқаннан  
Миына сүңгіп кеткенмін.

Шағтыққа толы күлкісі,  
Армансыз күшқан асылды,  
Бір еркек... Бөлек түр-түсі  
Көзіме оттай басылды!

Сүйдің сен оны тебіреніп,  
Сүйдің сен оны еміреніп!

Аспаның да – бұлт! Жер де – бұлт.  
Тұрдым мен сорлы! Сенделіп...

Төлеген құсап күңіренді  
Мойнына сол сұм асылып!?  
Сонымен болған күндерді  
Жүріпсің менен жасырып!

Сонымен бірге жыраққа  
Аттандың азап кештің де.  
«Осының бәрін бірақ та  
Айтпаймын дедің ешкімге!»

Айтпадың тірі адамға!  
«Күнәнді, жаным, кеш!» – деме.  
Сол еркек жайлы... Маған да  
Айтпапсың, тіпті, ештеңе?

Мен тұрдым... Тұнған мол көзде  
Бола алмай не жасыма.  
Сен шошып кеттің! Сол кезде  
Мен жата қалдым қасыңа...

Өзіңнен өзің бүлініп,  
Түн ортасында шам жағып, –  
Қарадың маған үніліп,  
Қарадың маған таңданып.

Мендегі асқақ рухқа  
Шырқырап жаның ілікті.  
Аядың! Аяп тұрып та  
Ансадың әлгі жігітті!

Ойладың! Кесіп айта алам!  
Мен құсап азап шеккен кім?  
Миыңнан шығып қайтадан  
Аспанға ұшып кеткенмін...

\* \* \*

Жұмбағы көп тірліктің. Шешесің бе?  
Белуардан жүресің кешесің де.  
Қанша адамның көз жасы қалып қойды  
Тағдыр деген Өмірдің кесесінде?



Көп нәрсе бар кететін миға сыймай  
Буырқанған мұхиттай бұл ғасырда,  
Өмір деген Кітапта қалып қойды –  
Өлім деген атпенен Хиросима!

Қараса егер тіп-тіке кім өмірге  
Сол байқайды азалы түр, өкін де,  
Жазылмайтын жара боп Хатынъ қалды  
Тарих деген Әкенің жүрегінде?

Мәңгі шаттық – өлеңнің паркы осында! –  
Деп көп әлі езетін малтасын да,  
Бухенвальдтай мүгедек башасы бар –  
Уақыт деген Аваның арқасында!

Көп көз жасы... Ол қашан болар ұмыт?  
Болар ұмыт! Көңілге толар үміт:  
Өлім жайлы Өлеңнің өзін маған  
Жазу керек Өмірге Ода қылып!

## АДАМ АТА – НАУА АНА ҺӘМ ЦИВИЛИЗАЦИЯ

Адам ата өмір сүрді үңгірде,  
Қасиетті Науа қызға қосылып,  
Жасын үні... Маңындағы күңгір де  
Зәресін ап ғұмыр кешті шошынып.

Түк лыпасы жоқ-ты кара басында,  
Үңгір де ұқсап тұратұғын молаға,  
Тек әйтеуір Науасы бар қасында,  
Науасы бар адам кедей бола ма?

Науанын да жоқ-ты алтын сырғасы  
Махаббат пен шапағат нұр мол – көзде,  
Парсы кілем... Араб гарнитурасы  
Түсіне де кірмейтұғын ол кезде...

XX ғасыр!  
Көре тұрып қалай ішген тынармын?  
Үңгір қалды шежіре боп жасырын:

Сен Адамды Космосқа шығардың  
Сен Адамды құдай қылдың, ғасырым!

Алпауыттың айқасы бұл ғаламда,  
Көріп тұрмын тек күшіне мастарды:  
Ай қыдырған Аспан деген алаңда  
Құдайлардың төбелесі басталды!

Қарар емес не жатса да жолында,  
Бәрін, бәрін, бәрін айпап-жайлар ма?!  
Төбелескен әр құдайдың қолында –  
Бір-бір бомба! Бұл – кім, сонда?  
Сайтан ба?

Мынау тамұқ тажалына не дауыз?  
Жалыны кеп күйдіріп тұр бетімді...  
Демін ішке тартып жатыр Жер-ана –  
Ғаламат бір Хиросима секілді!

Токтат мына қырғындыңды! Жетеді!  
Өмір сүру – Адам Ата ұраны.  
Ертедегі адамзаттың мекені –  
Үнгірлер де үрейленіп тұр, әне...

## МАХАМБЕТТИҢ МОНОЛОГЫ

Өмірде өстіп жүремін бе мен  
Тағдырдың тартып азабын?  
«Өзекті жанға – бір өлім!» – деген  
Өр едің неткен, қазағым!

«Күрес!» дейтұғын жүр күш қанымда,  
Құдайым – жырым, құлыным.  
Зұлмат күштермен жұлқысканымда,  
Жұлынсын менің жұлыным!

Қаскөйді таптым қандастарымнан  
Қасіреттің кешіп сүренін.  
Махаббат жыры марқасқа қылған  
Тақашар – менің жүрегім!

Қайралды қылыш қайнаған кекке,  
Ханның қанына тоймаспын!  
Басымды берем – Баймағамбетке!  
Жүректі бере қоймаспын!!!

## ҚАР АДАМЫ

Қар Адамы қандай кісі екен – деп,  
Ел сұраса ойға батып кетем мен.

Қалай жауап берем осы сұмдыққа,  
Не бітіріп жүр сол Адам жырақта  
Менің бір де түскен емес көзіме ол,  
Көрдік дейтін пенделер бар бірақ та.

Хал-жағдайы тынышымды кетірді,  
Менде аяймын сол панасыз жетімді  
Аяқ қолы үлкен дейді өзінің  
Жүрегі де сол шамалас секілді...

Мәртебесі тасып жүр ме – кім білсін,  
Бізді көріп сасып жүр ме – кім білсін.  
Қайырышылық, Соғыс, Сұмдық жайлаған  
Жұмыр Жерден қашып жүр ме? Кім білсін.

Көңілін аулап, жамайтұғын жыртығын  
Жанашыр мен жоқтаушыдан тұл-тұғын.  
Адамзатпен ат кекілін кесті ме,  
Көріп ашкөз құрт-жандардың құлқынын

Уа, кімге жүр екен ол кектеніп,  
Көмейіне кермек – нала кептеліп  
Бір-бірінің етін жеген тірідей  
Елді көріп... Кетті ме екен жек көріп?!

Оның бізге жоламайтын себебі,  
Немене екен? Кінәласқым келеді.  
Кейде мен де Қар Адамына айналып,  
Тұңғыыққа тұра қашқым келеді!

Тура қашам күйкілерге күлкім көп,  
Түшке жетті-ау осы бір ку құлқын – деп.  
...Тағы да бір Қар Адамын көрсеңдер  
Білмегенсің сұрамаңдар: «Бұл кім?!» – деп...

## ӘКЕ

Келші, әке... Рух болып қайтып кел  
Рауанға ертегіңді айтып бер.

Ертегіге ұқсайтуғыш ертені –  
Немерен де ұлың сынды ерке еді,  
Асыр салды ер жетуге бет алып,  
Атасынан естіместен ертегі.

Қара дию қаһарымен қаусырып...  
Мыстан кемпір дейтін зұлмат жау шығып,  
Ақшам түссе Рауаннан қорқамын  
Айтатұғын аңыздарым таусылып.

Кел, көрінші немереннің көзіне,  
Тәңгі қылып көнелердің сөзіне.  
Сақтап жүрген бір ертегім бар еді,  
Оны бірақ, айтам, әке, өзіне.

Тақ теңселіп, қайтқан кезде бағы көп,  
Сұмырай мен сұмларға айтып дағынет,  
Дат елінің бір королі өлгенде  
Соңындағы қалған тұяқ Гамлет.

Әкені ажал әкеткен соң ғайыпқа ап,  
Тарпаң біреу такка қонып, байып қап –  
Дүниеден баз кешіпті деседі –  
Ажалды да, заманды да айыптап...

Өзі не бола алмай қап өзіне,  
Торға түскен арыстандай сезіне –  
Қайда жүрсе қайран марқұм әкесі  
Аруак боп елестепті көзіне.

Қайран, әке, таппайтыным, миятты,  
Менің дағы көкірегімнен күй ақты.  
Елесіңнен құтыла алмай қойдым-ау,  
Естен таңған сол Гамлет сияқты!

Жарық дүние – жалғандық бар гүрпында –  
Ұлысына болар дейтін ұл тұлға,  
Сүлейменнен туып еді тоғыз ұл  
Бәрі көшіп... Өзін қалдың жұртында.

Жазмышы жалғыздықты сый қылған,  
Кейуана елін – кеудесіне күй тұнған.  
Ұзақ уақыт мен де жаттым күрсақта  
Ояна алмай балдай тәтті ұйқымнан.

Көзің ашып көкірегімнен бір тұма,  
Ер жеткенде ұлар шынға ұмтыла.  
Көкген жұлдыз ақты дағы – сен де ақтың  
Мені тастап Сүлейменнің жұртына.

Сонда өлшедім – жазылмайтын жарасы.  
Фәниң мен бақиыңның арасың,  
Көк жұлдызы көкжиекке сінді ағып,  
Ал сен ше? Сен... Қайда ағып барасың?!

Сені іздедім көкжиектен астым да,  
Болмасаң да патша, король, һас тұлға.  
Сүлейменнен туған сол бір тоғыз ұл,  
Жатыр ұйқтап кара жердің астында.

Мәңгілікке кетерінде көз іле,  
Өзін ғана сөйлесерде өзіңе,  
Сүлейменнен туған сол бір тоғыз ұл  
Елестеген шығар сенің көзіңе?

Өлім келіп өксік салған жаным-ай,  
Маған қарап күрсіне ме налып Ай?  
Болмаған сон мен – Гамлет, сен – Король  
Сүлейменді қалды ма ешкім танымай?!

Жарық дүние Күнге ғашық, жаркылға,  
Айтыңдаршы, жер қойыны салқын ба?  
Сүлейменнен тумағандай тоғыз ұл,  
Қызыларай – бәз-баяғы қалпында.

## БАЛЛАДА

Айта алмаймын тілім, мүлде, күрмеліп...  
Табиғатты тексереді кім келіп?  
Мәз болсын деп ұқсасын деп ақынға  
Біреулерді сайратыпты Тіл беріп.

Сөйтіп, тірлік танымастай өзгеріп,  
Өзгеріпсіз біз де желеу сөзге еріп.  
Ұқсасын деп мергендерге, табиғат  
Біреулерді мәз қылыпты Көз беріп.

Табиғат бір қызық кітап. Аш, көріп!  
Оқыр елін көзге күлкі... Жас келіп.  
Мәз болсыншы ұқсасын деп адамға –  
Есекті де ырза етіпті Бас беріп!

Дүниеде мұндай дарқан көрмедік,  
Бәрімізді қарық қылды-ау ол көріп.  
Бір бергенде мырза қолы мол беріп,  
Жендетті де ырза етіпті Қол беріп!

Табиғаттың бір бөбегі – Жер еді,  
Соғыстардан жанды жасыл желегі.  
Сол жендеттер сол қолымен, мінеки,  
Қолдан келген жерін... Өртеп келеді!

\* \* \*

Елді аяймын – таң нұры түспейтұғын көзіне,  
Жерді аяймын! – тағдыры түсініксіз өзіне.  
Жайсам деп ем дастарқан гүлге шарап орап та,  
Жердің үсті – тас-талқан... Кім келеді қонаққа?!

Жер бетінің желегін рақатқа батырып, -  
Қызық қылсам деп едім Қызыларайға шақырып.  
Дастарқанға келіндер! Үндемейсің сабаз, ә?  
Той өтпесе жерінде не өтеді?! Жаназа?!

\* \* \*

Туған жер! Туған топырақ!  
Қарашы менің көзіме:  
Жұмыр жер жырын оқып аяп,  
Құсша ұшып келем өзіңе...

Құсна ұшып келем Арқаға,  
Алады күтіп анашым.  
Дүниежүзілік саяси картада  
Сен – жалғыз нүкте ғанасың.

Жер үшін сен – бір түйір дән,  
О, менің құйттай мекенім,  
Кіндіктен қаным құйылған  
Кішкентай Планета едің!

Айранын анам іш десе,  
Зәмзәм суына бергісіз.  
Кіндігім саған түспесе  
Кім болатыным белгісіз.

Арқалап жүтін арқама  
Мойындап өтем тірлікте:  
Дүниежүзілік саяси картада  
Жүрекке ыстық бір нүкте...

\* \* \*

Өмір өтіп барады, өмір өтіп,  
Есінді алып, егілтіп, еңіретіп;  
Емешенді тауысып, емірентіп,  
Теніздейін рухты тебірентіп.

Өтті-ау өмір қолыңды қарыстырып,  
Адуынды күштермен алыстырып,  
Бір-ақ сәтте мұздаған тәнімізді  
Топырақпен мәңгіге табыстырып...

Арғымақпен жүрсек те, шоқырақпен,  
Дәм таусылар, тән суыр, тоқырап дем.  
Қалай десең олай де, аяр пендем,  
Біз мәңгілік біргеміз – топырақпен!

Сауға сұрап құдайдан, бал ашыңыз,  
Түкке тұрмас кикілжің – таласымыз:  
Қамшының сабындай қысқа өмірде,  
Өлгенде де біз – Жердің баласымыз!

Қатал қысы 43-тің есінде ме, Ақжарық?  
Кемпір-шалың кемсендеп әлі айтады дағдарып:  
Мөлдірлігі ауадай, адамда жоқ, ал өні –  
Он үштегі Науадай бір періштен бар еді...

Он үш – оның мүшелі.  
Дүние оған – түс еді.  
Сонда сол бір пәк құсқа сұмның көзі түседі,  
Ащы өзегін от қарып, сол періштең көрікті  
Екіқабат боп қалып... Естен танып – өліпті!

Хиросима өртіндей қайтем жүрек наласын!  
Ала алмадым өлтірмей, сол қызынның баласын!  
Жердің үсті – қанды алаң!  
Бір Күдік пен бір Үміт...  
Батыс жақта сан балаң жатқан еді қырылып!

Уа, Ақжарық!  
Қайтадан тусам сенің бөліңнен  
Ақын болмас едім мен, батыр болмас едім мен,  
Әлем жанын әбігер ғып келер әлі сан ақын,  
Тудыра гөр Дәрігер қып – әйел босандыратын!

Жасқа толы жанары, күйген тамұқ отына,  
Қуә ғып Сол Баланы, Нюрнберг сотына –  
Бара алмадым...  
Кеш білдім... Неткен шерлі анасы?!

Баласы емес Ешкімнің,  
Ол –  
Соғыстың Баласы!

Қатал қысы 43-тің есінде ме, Ақжарық?  
Кемпір-шалың кемсендеп әлі айтады дағдарып...

## ЖЕР. АНА. ПЕЙЗАЖ

Қасымда қалып,  
Көз салшы көкке: найзағай тарсылдап алып –  
Жөнелсе бір сәт көрінен зәрен ұшпасын,  
Жанында жатсын жалынды жасындар ағып!



Жасындар ағып –  
Тұтанып жатар шыңдардың басында жанып,  
Қорқыныш деген сайтанға қосылып кетпей,  
Осының бәрін көр де тұр – қасымда қалып!

Жасындар ағып жатқанда, жасындар ағып,  
Үшқыны тұрар лапылдап шашында жанып.  
...Әлемде кенет соқса егер сондай бір зауал,  
Медет бер маған, ей, Адам, қасымда қалып!

## ТҮС

Көгіндегі жұлдыз еді бір сұлу,  
Сыр ғып маған соны айтушы ең қымсынып.  
Жыр ғып айтып келе жатсаң, көшеде  
Көріп соны... Қалушы едің түншығып.

Қыз да сені жүрген сынды түсінбей,  
От сезімін жағты өргеніп ішінде.  
Қандай ғажап мынау мылқау махаббат!  
«Үйленіппін, – дейсің – соған түсімде...»

...Менің түсім – кереғарлау – шатағы:  
Сол бір сұлу шат-күлкісі, шат әні –  
Жат төсекте жат жастықты... Жастанып,  
Жат біреумен құшақтасып жағады!

Елең қылмай ұйқыны да, түсті де,  
Кенет сонда маған бітіп күш, міне:  
«Бассыздықты тоқтатындар, кәне!» -деп  
Екеуінің кіріп барам үстіне!...

Шыңжырлаулы иттері үріп абалап:  
«Мны ауысқан жылды ма?!» – деп табалап,  
Сонда екеуі ағып тұрып төсектен  
Айдап шықты сыпырғышпен... Сабалап!

Сол түсіме сені қайтып сендірем?  
Бекежаңды саған қайтып жеңдірем?  
...Бұдан бұлай ғашық болған жандардың  
Арасына түспеспін-ау енді мен...

Келемін жұртқа жалт қарап,  
 Сан сурет көзге көлеңдер,  
 Жүрегім менің – ақ парак –  
 Жазылған кілең өлеңдер.

Жанымды көкпен Күн өтті  
 Тәтті ғып жырға, дастанға.  
 Көрдім мен жұлдыз – жүректі  
 Жарқырап тұрған аспанда.

Шөліккеп жырға күн өтті,  
 Жыл өтті сырын ақтарған.  
 Көрдім мен сейф – жүректі  
 Ақшалар ғана сақталған.

Көзімнен ұшып түнектер,  
 Түршігіп, демім тарылып –  
 Жағты бір бомба – жүректер  
 Зілзала болып – жарылып!

Көрдім мен дала – жүректі,  
 Көрдім мен бала – жүректі.  
 Көрдім мен наза – жүректі,  
 Көрдім мен ана – жүректі,  
 Көрдім мен қара жүректі!

Қайда да барсам дір етті ол  
 Күндіз де, түнде, кеште де,  
 Көзімнің алды – жүректер...  
 Көрмедім басқа ештеңе!

Келемін жұртқа жалт қарап,  
 Сан сурет көзге көлеңдер.  
 Жүрегім менің – ақ парак –  
 Жазылған шерлі өлеңдер.

## БЕСІК ЖЫРЫ

Үйқта, адамзат, шаршадың ғой болдырып,  
 Миллиондаған ғасыр бойы жол жүріп,  
 Жұлдызша ақты ХХ ғасырың  
 Сені ғарыш кемесіне қондырып.  
 Үйқта, адамзат... Шаршадың ғой, болдырып.

Тарих сахнасында –  
Актер болып ойнаудан да шаршадың,  
Ойсыздықтан... Ойлаудан да шаршадың,  
Талай мәрте зілзаланы талқандап,  
Женісіңді тойлаудан да шаршадың.

Күрк-күрк етіп шемен толы қос өкпен,  
Әзер тұрып жүргендейсің төсектен.  
Сен шаршадың – аштық ауру, соғыстан,  
Сен шаршадың – түрме, жала, өсектен.

Қағынып –  
Тажал күштер тарпа бас сап жабылып,  
Сен шаршадың – неше түрлі заманда  
Неше түрлі құдайларға бағынып!

Сорына –  
Жантық біткен жатып алды жолына.  
Талай рет Иудаға сендің де  
Шырматылдың сатқындықтың торына.

Сен шаршадың – сөйлеуден де көпіріп,  
Сен шаршадың – өксуден де өкіріп.  
Күюден де – көкірегіңді от ұрып,  
Сен шаршадың – сүюден де өтірік!

Сен қажыдың, Тұрпатыңдан байқағам,  
Әлди, әлди! Бесік жырын айт, Адам!  
Анаң айтқан ұлы өлеңді ұмытсаң,  
Есіңе бір түсірейін қайтадан!  
Әлди, әлди, адамзат...

## МӘҢГІ ҮЙҚЫ. ВЕНЕЦИЯ

Үшып кетті ғасырлар қуатты, алып!  
Әлі өшкен жоқ ызғары, шуақтары.  
Өлді ақындар жаза алмай соңғы жырын  
Сөнген соңғы жұлдыздар сияктанып...

Өшті бәрі! Уақыттың қатал – ділі!  
Естіледі маған да қабарлы үні,

Түндер сайын төсектен атып тұрам,  
Жанға маза бермейді жаһан жыры.

Шақырады даланың баласын көк,  
Адамзатқа аспаннан қарасын деп.  
Қызыларай аң-таң ғап қала берер:  
«Қай қиянға қанғырып барасын?» – деп.

Қиял келсе қиянға аттанасың,  
Жасырады жер-жаһан ақ-қарасын.  
Венеция! Ертегі дүниесі!  
Ескерткіштер еліне тап боласын.

Кезем келіп көшесін жел қайықпен.  
Мұнда мені сиқырлы Муза күткен.  
О, армысың, мен сені іздеп келем,  
Поэзия – құйылған граниттен!

Ескерткіштер, мүсіндер шақыруда,  
Ақының да осында – пақырың да.  
Тарих жүгін көтеріп – көтеріп кеп,  
Қалғып кеткен секілді ақырында!

Сәулесі жоқ үрейлі жанарында,  
Тап боласың жалаңаш сан аруға.  
Қатып қалған... Жер шары шыр айналып,  
Басқа дүние жан бітіп жанаруда!

Кеткен ұйқтап! Ұйқтауда зор тыныспен,  
Жатқан сынды түс көріп толқып іштен.  
О, сұмдық-ай, қатыгез зәрлі ұйқы,  
Мәңгі ұйқы! Сен неткен қорқынышты ең!

Қатты ұйқыда уақыттың катал ділі,  
Естіледі маған да қаһарлы үні.  
Түндер сайын төсектен атып тұрам  
Жанымның ап мазасын жаһан жыры.

Тұр ма әлемге бір сұмдық орнағалы?  
Анашымның тартады сол қабағы.  
Күнде эфирден гүрсілдеп жарылады,  
Дабыралы Нейтрон бомбалары...

## ТҮС ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

Шаршатады мазасы жоқ күн бізді,  
Қажып әбден қаракеттен күндізгі –  
Қалғып кетсек кара түнді жамылып,  
Қиялымыз кетер кезіп жұлдызды.

Қиялы жоқ ой салтанат құрып па?  
Түс көресің ояу жүріп... Тұрып та.  
Өткен өмір, Болашақта – түсінде,  
Түс болмаса күш бола ма Рухта!

Алмасқанда зауал шақ пен ізгі шақ,  
Кетеді-ау бір миына өшпес ізді сап,  
Өлілер де түс көреді. Көргенін –  
Өңінде айтып бермесе де біз құсап.

Аң-таң калып өткенді еске түсіре  
Түсінде Адам мінер қаһар-күшіне.  
Еңіреген ұл-қыз ғана кіреді  
Еңіргін мен Кебегіңнің түсіне.

Не істемедік ессіз зұлмат күшке еріп?  
Еске түссе – көзден мұз-жас түсті еріп?  
Бір қыркада кіндігімінен қан тамған  
Махамбеттің басы жатыр – түс көріп!

Таң қалатын таңсық зат па сол-дағы?  
Жаһан миы сансыз түсті толғады.  
Хиросима – күл боп кеткен жер шарын  
Көреді ылғи – көз ілінсе болғаны!

Тамам болып кетер ме екен тамам зат?!  
Түссіз гұмыр – маған да елес, саған – жат.  
Сен түсінде осы кімді көресің?  
Мен түсімде Сені көрем, адамзат!

## ҒАСЫР ҒАЗАУАТЫ

Опасыздық,  
Жезөкшелік,  
Тағылық -  
Арбады да көзді алтын тағынып -  
Адамзаттың ХХ ғасырда  
Енді қаны бара жатыр қағынып!

СПИД - заманақыры -  
Шатысып тұр цивилизация ақылы.  
Айналды ғой айықпайтын ауруға  
Адамзаттың азғындығы ақыры.

СПИД - шіріп жанып жатқан қордалар,  
Ядролық Сәуде Ауруы сол болар,  
Жер Ананыз - Хиросима! Үстіне  
Түсіп жатыр Сексуалдық бомбалар!

Қан-жып болған аурухана іші аптақ -  
Қансыраған госпитальге ұсап қап -  
Жезөкшелер! Әне, өліп барады  
Шала-жансар Дон Жуанын құшақтап...

- О, Бауа Ана! Уа, Адам Аталап!  
Дұға оқимын өлеңіммен қаталап.  
Енді қалған үмбетінді бұл дерттен  
Аман алып қала гөрші, Махаббат!!!

Уйтмен боп, Шекспир боп сөйлеген  
Сенің сөзің құлағыма еңбеген..  
Қабағыңды неге түйіп алғансың,  
Түңілдің бе бүкіл мына пендеден!?

О, махаббат! Жылытсаншы түсінді,  
Аясаңшы азалы анау кісінді!  
Адамзатың енді Сені тәрк етсе  
Ауру болып кететінін түсінді.

## ГОГОЛЬДІҢ КҮЛКІСІ

*О. Әубәкіровке*

Көрінген күйкілігі түр-түсінен,  
Кездесіп Сіз кездескен бір кісімен –  
Сақылдап күлген неткен рақат ед  
Гогольдың қасиетті күлкісімен!

Көп пе екен біз көретін көресі де  
Өрбіп кеп өңшен мысқыл өңешіңе –  
Ішек-сілең қатып күлгің келеді екен  
Дүниенің күлді күйкі – көмешіне...

Жаза алмай сол күлкісіз бір күн өлен,  
Көз жасын соныменен сүртіп өлем,  
Пенденін неше түрлі пасықтығын  
Қарсы алам, міне, осындай күлкіменен!

Күлем мен... Қасірет жоқ түк қанымда  
Көнбеспіз күлкімізге сұқтануға,  
...Қаптаған анекдоттар келе жатыр  
Адамды азабынан құтқаруға!

## ӘЗӘЗІЛ

*Хикая*

Неше түрлі зымиян ой – ішінде,  
Неменеге қышнды осы тісім деп –  
Жер бетінде келе жатты Әзәзіл,  
Көздерімен күлді әлемді ішіп-жеп.

Салды сонсон сойқан сұмын ылаңды,  
«Шегіртке», – деп жариялап жылайды,  
Ақымақты «Данышпан!» – деп азғырды,  
Қорқакты да «Арыстан!» – деп мәз қылды!

Жамандыққа қосып беріп жақсылық,  
Адалдыққа – аңқауларды тапсырып,  
Құлықты да қосақтады Ақылмен...  
Ақырында тіл табысты Ақынмен.

– Кел, ішелік! Серімсің ғой сен менің,  
Қарамайтын түріне де теңгенің!  
Азат адам өзің ғана фәниде,  
Бәрі де құл – сенен басқа пенденің!

Кел! Барлар мен кафелерге барайық,  
Адамзатқа аспаннан бір қарайық!  
Ақын кетті бетке ұстап сол моланы...  
Қайыршы Һәм құдай десе болады!

Қасиетсіз Әзәзіл-ай! Қара бет!  
Күледі енді: – Маскунемді кара! – деп.

Мініп алған әбден қаһар күшіне,  
Қара мына Әзәзілдің ісіне:  
Ұйқтап жатқан Дарынсыздың  
Бір күні Муза болып кіріп барды түсіне!

Не деді оған? (Бал ашпай-ақ қоялық).  
Омырауы көз жасына боянып:  
– Адамзат! – деп айқай салды сол пенде.  
Ертеңіне ақын болып оянып!

Қасиетсіз Әзәзіл-ай! Қара бет!  
Айқайлап жүр: – Данышпанды кара! – деп.

## ҚАСҚЫРДЫҢ МОНОЛОГЫ

Жек көрем итті!  
Алысып жүрем,  
Шабысып жүрем!  
Қағынып...  
Сайын даланың тағысымын – мен,  
Не деген ғажап – тағылық!

Шауып түсемін!  
Күш ағысымды сыйғыза алмай ішіме,  
Адамның алмас пышағы сынды  
Ырзамын азу тісіме!

Қасқыр – бабалар!  
Бар ұлыстардың



Мазасын алып манадан –  
Иттермен болған қанды ұрыстардың  
Иісін сезем даладан.

Қанқу сөз жүрек кегін үрлейді  
Қорлық – қарғысқа барабар,  
Бізбенен иттің тегі – бір дейді...  
Рас па қасқыр – бабалар?!

Өлексе үшін жұлысқан болсақ  
Өмірі бітпей кегіміз,  
Иттермен бірге туысқан болсақ  
Не болды – аға тегіміз?!

Ала төбеттің астында қалар  
Күн туғаны ма ақыры...  
Неге үндемейсіңдер, қасқыр – бабалар,  
Қағынып кеткен жағыры?!

Неге үндемейсіңдер?  
Ұрлық түн еді:  
Жатқаным мынау – жау іші.  
Аспанның астын дүрліктіреді  
Үрген иттердің дауысы...

### **ӘЛДИ, БӨПЕМ...**

СПИД Жерді жып қаққандай теңселтті!  
Қанды ірің бөп қасыретті қалалар –  
Есің білмей, емін жатып емшекті,  
Барады өліп жана туған балалар!

Жер дейтұғын Алып Аурухананың  
Түсі бөп-боз қыршындары – тірі өлік –  
Барады ұйықтап – анарынан ананың  
Адамзатты өлтіретін у емін...

Жоқ ол жақта зұлымдық һәм күндестік,  
Әлди, бөпем... Ал ұйықтай бер шошымай,  
Бұл адамзат өз баласын күнде өстіп  
Өзі өлтіріп келе жатыр – осылай!

Әлди, бөлем... Жаназа үні – ауыр үн,  
Міне, бірақ жаназадан ауыры:  
Кеннедилер айқайлайды: «Бауырым!  
Өлтірме!» – деп... Атып жатыр – бауыры!

Әлди, бөлем... Мен де жүрмін тулап қан,  
Естен танып – 50 жылға шегініп:  
«37» дейтін сонау ГУЛАГ-тан  
Сәкенімнің үнін естіп – егіліп...

Әлди, бөлем... Күнпарақты ашқанда  
XX ғасыр күнін санап тұл –  
Ракеталар айқай салған аспанға  
Көгершіндер үрейленіп карап тұр...

Әлди, бөлем... Менің де осы – тағдырым!  
Кім ұяқтатар бізді де «әлди» дегізіп?!  
СПИД-Әлем – тұла бойы қанды ірін –  
Жатыр ауру балаларын емізіп...

## АҚЖАРЫҚТЫҢ АҢЫЗЫ

### *Бүгінгі күннің хроникасы*

Арақ ішсе-ақ айқасатын кірпігі,  
Ұмыт бола қоймаған көп зіркілі, -  
Біздің Мұқан... Қырық жаста молда боп,  
Ақжарыққа жетіп келді бір күні!

- Уа, мынау сол Мұқан ба кешегі,  
«Бісмиллә!» – деп ұстайды кесені!  
Шарифаттан уағыз айтса, ауданның  
Бар молдасы бас шұлғыпты деседі!

Қара мұрғы түсетіндей жағынан –  
Құлан құсап жеріп кеткен қағынан –  
Шарап ішкен құрдастарын: – Найсап! – деп  
Тырқыратып қуған, – дейді маңынан!

Арақ көрсе ұстайды да сайтаны:  
- Әкет! – дейді... - Пәлекетті! Тәйт, әрі!

Ақжарық боп сонда басын шайқады...  
– Бәрімізді сақтады деп қатерден  
Горбачевке рахметін айтады.

О, Ақжарық! Сенің еңсең асқақ, ә,  
Ақын тудың тіл бітірген тасқа да.  
Батыр тудың! – деп қайтейін мадақтап,  
Ақын да бар, батыр да бар – басқа да...

О, Ақжарық! Сыншы ел өзі-ақ топшылар,  
Дауласпайын, сөзден өрт боп от шығар.  
Мұсылманға, берген Мұқан молданы,  
Дәл өзіндей ауыл-аймақ жоқ шығар!!!

### АҚЖАЙЫҚТЫҢ АРУЫ

Кім тауысқан шарлап бұл паң даланы,  
«Волгамыз» да болдырды – қалмады әлі.  
Наурызда да Сарыарқа – ақ қар, көк мұз,  
Ақжайықтың аруы танғалады.

Көзге ілікпес карайған кара жер де,  
Қатып қалған ұқсайды дала көлге.  
Өзі ақын да, өзі ару перизатты,  
Ақ қар көк мұз, шошытып ала көрме!

Наурызда да жатқан жоқ сенім жүріп,  
Жібитуғын емес-ау жерім жылып,  
...Ақын болса қайтеміз? Қыз болған соң,  
Бір ұлымыз түсірген келін қылып...

Қызыл балық ілінген кармағына,  
Қалай тәтті болмассың саңлағыңа.  
Шертпе күйлі Сарыарқам, Ақжайықтың,  
Ару қызын алыстан арбады ма?

Арқада аққу канатын қақты білем,  
Тәтті қылып тәкаппар пәктігімен.  
Құрманғазы «Адайы» шұрқырасып  
Табысты ма Тәттімбет тәтті үнімен?

Көрген кезде осынау ту даланы  
Неге оның жанары суланады.  
Елестей ме төгілген шудалары,  
Атыраудың ашулы буралары?

Қара мынау ұлдардың серілігін.  
Бекзат ұрпақ екен-ау, тегі – мығым.  
Ару алған бозбала аз демейін,  
Ақын... Алған дегенмен – менің інім!

Аққу жайлы ақиқат жайлы ұғына,  
Жан жүрегім – уайым-қайғы мына.  
Ақын деген – аққу ғой, ақ қар, көк мұз,  
Аман-есен қондыршы айдынына...

Көрген кезде осынау ту даланы,  
Неге оның жанары суланады?  
Елестей ме, төгілген шудалары.  
Атыраудың ашулы буралары.  
Неге оның жанары суланады?

\* \* \*

Уа, Мәдидің соңғы тұяғы!  
Керін ұста төсіңді.  
Өрге салғын өзегіңнен өрге өрген  
Көшіңді!  
Сыртқа кеткен, қыртқа кеткен есен көп,  
Қазақ үшін қайтар сол бір өшіңді!

Біз келеміз кеудемізді кеулей нұр,  
Мынау өмір ми ашытар гөй-гөй – бұл.  
Қырттарының айтатыны – қаңқу сөз,  
Сен әлемге Мәди құсап сөйлей біл!

Айтар болсаң, ішіндегі шеменді айт,  
Күл болса да күл болмайды ел дегенді айт.  
Құдай болып көрмесе де біреуге,  
Енді қазақ күл болмайды! – дегенді айт.

Уа, неге өргенеді өзегің?  
Жақсы болсын, жаман болсын – өз елің.

Қайтер дейсін күңкіл-шүңкіл сөзі оның?  
Мен де сендей сол боздақтың көзі едім,  
Өз еліңде өртенді ғой өзегін,  
Өз елімде өртенді ғой өзегім...

Әлі талай бел-белестен асасың,  
Ер-тоқымды бауырыңа басасың,  
Саясынан сая таппай саяқтай,  
Мен де кашкам... Сен де талай қашасың.

Соңғы тұяқ, сен аман бол, қарағым,  
Құлағыңда қалсын менің зар әнім.  
Мен – қашқынмын: жұртқа тастап қыртыңды,  
Кен дүниеден жұртымды іздеп барамын...  
Соңғы тұяқ, сен аман бол, қарағым!

## А.С.ПУШКИНДІ ОРЫС ОТАРШЫЛАРЫНЫҢ ЖЫРШЫСЫ ДЕП ЖҮРГЕН БІР ЖЕРЛЕСІМЕ ЭПИГРАММА

Алашым, қайда барасың тағы адасып,  
Адлаң да саған қой демес пе екен жаны ашып?  
Дарынсыз пенден данышпандармен таласып,  
Абай жоқ... Енді ақымақ шықты бал ашып!

Қашан ұетайсың қамап итінді қабаған,  
Қит етсе болды жармасар балақ-жағадан:  
Пушкинді қайтсін? Қараңғы жерге қамалап,  
Абайдың өзін осылар еді-ау сабаған...

\* \* \*

Пәктігіме пенден куә, тәңірім,  
Ақтығымның көрмей кеттім қадірін.  
Көре-көре аяр менен пасықты,  
Таусылды ғой сары алтындай сабырым.  
Қаңғып жүріп қазылар бір қабірім...

Өмірге енді мендей сері келмесін,  
Өсиетімен жарылқаймын пендесін:

Мәйгітмді қулары келіп көтеріп,  
Табытымды сұмдары өңкей жерлесін!  
Содан кейін мендей пенде келмесін...

Көңілге осы хошым болсын – қайтейін,  
Қу қара жер қосым болсын – қайтейін,  
Көрген қызық осым болсын – қайтейін.  
Қасым болған пенделердің бәрі де,  
Өлгеннен соң досым болсын – қайтейін.

Бір күні – дерт дүниенің, бір күні – ем,  
Мына өмірді кимас неткен шіркін ем?  
Мұнының да нұр ұстадым кілкіп ем,  
Шарана едім жылап келген жаһанға,  
Кетіп барам ғажап мысқыл күлкімен...

## КӨШІ-ҚОН ОПЕРАЦИЯСЫ

### *Тоқсаныншы жылдар хроникасы*

Мишанын үйін Мырзан сатып алды,  
Өтпеген қанша мүлік, заты қалды.  
Қазағым көбейді ғой деп ойлаған  
Ғалия бұл жолы да қапы қалды.

Қаламыз оянғанда Күн қытықтап,  
Біз де бір оянамыз суыт ұйқтап,  
Қазақша жөн сұрассақ, қиналады  
Мырзаның – өз әкесін ұмытып қап...

Коммерсант қаладағы, ноян – әрі,  
Мырзанның орыспалау ой алаңы.  
Орыстың арағымен ұйқтап бұл үй,  
Батыстың әуенімен оянады.

Әнімен Жүсекең мен Кенекеннің,  
Мен де енді тереземді тең етермін.  
Көршіміз Европа елінде жүр,  
Феодал боп мұнда қалған мен екенмін.

Қазақ боп кіріп ығи сәнім, өңім,  
Мүйізім шыққан содан, кәне, менің?

Қайратым менімен бір қаһарланып,  
Менімен бір боздайды Жәнібегім!

Ал, бозда, боздау әнім, күйіне де,  
Оныңа осындағы ел сүйіне ме.  
Боздауға келген кезде бұл қазақтың  
Алдына кім түсіпті дүниеде.

Тынысым коңыр күйім есіп-кеңіп,  
Баладай жатыр едім бесікте еріп,  
Жан-жағым азан-казан бұл күндері  
Қасыма Америка көшіп келіп!

Келер күн бұлаңдатып сағымын-дүр,  
Алаулап атар таңы, ағылып жыр.  
Қызақша сөйлесетін өзіменен  
Ғалия Миша ағасын сағынып жүр.

Өткіздік өстіп биыл зорға күзді,  
Құдайы көрші, дәмдес болған, ізгі, -  
Құлазып Бавария даласында  
Сағынып жүрген шығар ол да бізді,  
Көрісуге жазсын де.

\* \* \*

Қайран казак еркіндікке қаталап,  
Түсінде ылғи бір қиялға батады-ақ.  
Ленин өлді... Мұнға батты жазған құл,  
Бұл – махаббат! Бұл – алғашқы махаббат!

Қайран казак бостандыққа қаталап,  
Түсінде әлі бір қиялға батады-ақ.  
Сталин өлді – өкіре өксіп жылады,  
Бұл – махаббат. Бұл бір соңғы махаббат!

Өресіз бе өздеріндей ел құрлы,  
Шерін кейін сабырына жеңдірді.  
«Сұлуымыз сұмырай боп шықты ғой?  
Періштеміз сайқал екен!» – деп жүрді.

Өткен ғұмыр бүгін, міне, ертектей,  
Ертекті де есту қнын селт етпей:

Әлі де әсем келіншекке көз салғыш –  
Әйелі өлген еркектей.

Азагтық – сұлу, жүрген бағы абағ – нұр,  
Ал, іздеп шық тапшығыңды, қанағты ұл.  
Ешкімге оға бермейтұғын өмірі  
Сайқал әйел бізді әлі арбап қарап тұр.

## БІР ҚАЗАҚ

### *Пушкиннің әуенімен*

Ел наһан болса, ер – қараң.  
Отқа айдар ұлды бокка айдап өткен кер заман:  
Немістен туса – Ницше,  
Еврейден туса – Исхак Рабин болар боздақ-ты,  
Қазақтан туып, қанғып, жүр қайран бекзадам!

\* \* \*

Түк берме маған...  
Жүрегім жырға толады,  
Алтыны да оның, жарқылы да оның мол әлі.  
Бір күні бетке ап шыққанда анау моланы,  
Жаныма менін тыныштық берсең болады.

\* \* \*

Түк берме маған...  
Мен де бір – дүние қонағы.  
Мансап та берме, жек көред мені ол әлі.  
Сараңға – байлық, арамға – арсыз құлқын бер,  
Ал, маған, жаным маза бер... Сол да – болады.

## МӘНГҮРТКЕ ЭПИГРАММА

Зенбірекке төтеп бермей дулыға,  
Түк қалмады түркіге тән пейілден.  
Сары орыстан кара орысы туды да,  
Қара орыстан Мәнгүрт туды кейіннен.



Тексіз мәңгірт теңізде де, төпсенде  
Итше қаптап ылыққан.  
Жер жанның Жетісуға ексең де,  
Жөнді тұқым шықпайды бұл ұрықтан.

\* \* \*

Тұранды айтсаң, сол жұрттан  
Тұра қашып күрт-қыбыр,  
Құранды айтсаң – қолтықтан  
Күдай сүйер ұлтты бұл.

Ғажал күнім – азат күн,  
Тәңірі бергей от-қуат.  
Абайы бар казактын.  
Ақымағы көп, бірақ!

\* \* \*

Шайтанкөлге барған кезде байқандар, -  
Шайтан бар!

Ол келеді әлімсақтан, көнеңнен,  
Сұлу көрсе рахатқа бөленген.  
Сұлушашты сол жартастан құлатып,  
Шайтанкөлдiң түбіне ала жөнелген.

Маза бермей ата-баба бейітіне,  
Елдің өзін жібермей жүр еркіне;  
Сары шашты жынға айналып кей күні,  
Кейде – түсіп сұм заманның кейшіне.

Алаш елін буындырып, алқымға ап,  
Төрімізде отырған ол жаркылдап.  
Талқан қылып Құнанбайдың мешітін,  
Төбемізден ұшқанын айт қаркылдап.

Мейірім жоқ, жоқ онда бір қанағат,  
Кейде – қоныз, кейде ит боп абалап, -  
Шықпай қойды осы әзәзіл, казактын  
Әсем нуын, сұлу суын жағалап.

Бас айырмай – таркамайды базары.  
Асымыз көп.

Басымыз да – қазалы,  
Жалтақ сонсоң біздің Алаш басқалын,  
Ақыны да басқалардан азалы.

Кезіп Муза көрі жерді,  
Әрі мұңды, әрі шерлі  
Шайтанкөлдін хикаясын тыңдайды ел,  
Тек бізде бар мұндай көл.

## ЖҰМАҚ

Жүзімі мөлдиреп,  
Алмасы албырап,  
Бұрканып шарап патшасы,  
Айқара ашық жатыр ғой Жұмақ какпасы.

Кез болып қалып тосында,  
Сығалап елім, бәрі де көңіл хошында,  
Осында – күллі қағылған менен соғылған,  
Онбағандар мен сорлағандар да осында.

Көзімді телміртіп, көңлімді бұзған, ай, тағдыр,  
Аллаға жетсем, сені де жыр ғып айтам бір.  
Періште ғана барады дейтін жұмақта  
Сақылдап күліп Сәйтан жүр!

Жер бетіндегі жұмақты көріп тосында,  
Жоқ содан көңіл хошым да,  
Тозақта менмін, жанбайтын отқа салсаң да,  
Салсаң да суға батпайтын менмін – осында.

Жанымда жатқан пендей мұн,  
Жалғанда мынау жабығып жүрген мендей кім.  
Мына дүниенің тозағын көрдім көзіммен,  
Ана дүниеде жұмақ бар дейді ел...  
Сенбеймін!

## МАҒЖАННЫҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫНДА ЖАЗЫЛҒАН ӨЛЕН

Уа, Мақа!  
Аласапыран алқымға ап,  
Көңіл күпті-кешкен жұрттан халқын ғап,  
Алла берді Алаштың азаттық,  
Оған бірақ керек екен алтын тақ.

Рух қайда?!  
Тас жүрек пен мес дене -  
Көретінің бозала таң, кеште де,  
Тұран керек.  
Құран керек қазаққа!  
Абай керек,  
Одан басқа – ештеңе.

Жүрегінде – Көк Бөрі.  
Ұлыды көп тәңіріне көктегі.  
...Қайран жұртың қазағыңа, өйткені,  
Мен түгілі, сенің сөзің өтпеді.

Көкке қарап әлі ұлып тұр Көк Бөрі.

\* \* \*

Аспандап ұшқан алты қаз!  
Ала жазда ата жұртқа қайта орал.  
Аймағым – байтақ, халқым – аз,  
Алаштыма сәлемімді айта бар.

Қырандары қанатынан қайрылып,  
Көрген күні шер болды ма, сор – зіл?  
Тәлегеннен айрылып,  
Бекежанмен ел болды ма – соны біл.

Айдын көлдей аспанымның тұнығы,  
Соған шығып қаңқылда да өлең айт.  
Жүгірген аң, ұшқан құсы түгілі,  
Абалаған итіне де сәлем айт.

«Қаптай шаппай, қайт кейін,  
Жау келген жоқ іргене:

Ит-құсқа үрші, үргіш болсаң қайтейін,  
Жақсы менен жайсаңыма үрме!» – де.

Қызық көріп қашқаны мен шапқанын  
Жұрт шабынды... Тірі жан жоқ қасымда.  
Кім біледі кімді талап жатқанын,  
Иттің миы – басында.

\* \* \*

Біржан салды байлап тастап,  
Поштабайға камшы ұстатқан қазақтан,  
Ақын туса – көз ашпайды азаптан.

Шер мен шемен, – шаңырақ та, жонда да.

Ата-бабам арманда өткен бақыл боп.  
Қасақана әкім болмай, сонда да  
Кеттім мен де ақын боп.

Жерді айналған Күн де күңгір, Ай да оңбай,  
Басқа қонған бақ құсын да тептім мен.  
Қасақана мыңды айдаған бай болмай,  
Ақын болып кеттім мен.

«Қойшы, Серік, сандалма» –  
Делім талай, дегенменен, дедім мен.  
Қайта тусам мынау опасыз жалғанға,  
Ақын болар едім мен!

Тұраныңда туғасын  
Еншім – осы енді, өмір.  
Құлагердің құшақтаған қу басын  
Ақан да – бір, мен де – бір.

Не демейді ел шуласып,  
Тезге сап көр, ал, оны?  
Құлагердің жұртта қалған қу басы –  
Тұғырлардың тұяғынан әдемі!

Пері соққан десін, ал, кеп шуласын,  
Несіне оның күйем мен?  
Құлагердің құшақтап ал қу басын,  
Перизат деп пері қызын сүйем мен!

Біржан салды байлап тастап,  
Поштабайға камшы ұстатқан даланың  
Шаранасы мен деген,  
Осы жұртта қаламын!  
Не көрсем де көрем осы елменен...

\*\*\*

Жас кезінде өлең жазған палалы –  
Сталиннің ізінен қан тамады.  
Таққа мініп, киді-дағы жырдан тәж  
Ақындарды  
Абактыға  
Қамады!

Өсекке ерсем өткендегі, кешегі,  
Маңдайдағы сорым менің бес елі:  
Пайғамбардың өзі, тіпті, ақынға  
Оң көзімен карамаған деседі...

Шәйір шіркін кеудедегі кептермен  
Көзін жұмып, көкті кезсем деп келген  
Құранды да жазып берген өлеңмен –  
Құдай бізді неге сонша жек көрген?

Өзегіме өріп өксік келетін –  
Өркеуде боп барам осы неге тым?  
«Ақындарды еркелету керек» – деп  
Маркс айтты десем – кім бар сенетін?

Сенбей ме ешкім?  
Оған дағы көнем мен.  
Көне-көне көнбіс болған төл ем мен.  
Әулиенің әулиесі Яссауи,  
Ол да жазған хикметін – өлеңмен.  
Өстіп жүріп осы өлеңмен өлем мен!

«Алты арыс» деп,  
«Қайран бес бәйтерек» – деп  
Егілеміз енді елден ерек кеп.  
...Манғаз Маркс кімге сеніп айтты екен  
Ақындарды еркелету керек деп?!

## БАЛҚАНТАУДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ХИКАЯ

*Нурмахан Оразбековке*

*Барар жерің – Балқантау,  
Ол да біздің барған тау.*

*(халық өлеңі)*

Төрт еркекпіз бір арудың қасында,  
Балкып жүрміз Балқантаудың басында.

Перизаттың көзі нұрға толады,  
Он сегізден аспағандай ол әлі.  
Ай келбетті әйел жүрсе қасында,  
Мынау әлем – әлем-жәлем болады.

Алматыда болып тұрған дегені –  
Шәйір ағам бәйгі атындай желеді.  
– Махаббаттың құсы! Егер бар болсаң,  
келіп менің кеудеме кон!... Дегені...

Үндей алмай, кім дей алмай сасқанда,  
Көкті көрдік көзімізді ашқанда:  
Махаббаттың құсы құсап қалықтап,  
Бір жұмбақ құс ұшып жүрді –  
Аспанда!

Сол-ақ екен, сұлу әйел салды айтыс:  
– Аспаныңа қолыңды жай, ал, байғұс!  
Көрінгеннің кеудесіне қонатын,  
Ол, соншама, қандай құс?!

Сөйдеп еді әйел әсем реңді,  
Бүкіл еркек тығырыққа тірелді:  
Шәйір ағам үндей алмай қалды да,  
Балқантауым сақ-сақ күліп жіберді!

– Тәркі болып, тартсаң-дағы жастай зар  
Жүрсеңдерші арнадан аспай сал:  
Махаббаттың құсы келіп қонбаса  
Көкірегіңді көк төбетке тастай сал! –

Деген үнге жалт қарасам –  
Нұрағам!

Анау шәйір өргеніп тұр күнәдан,  
Маған енді акын болу шарт емес, –  
Бірақ бір сөз айту керек мынаған!

Бірақ бір сөз айту керек!  
Айқара –  
Аспаныңды! Балқантауды шайқа да!  
Мен айтпасам, сен айтпасаң сол сөзді –  
Кім айтады?  
Мынау шәйір айта ма?!

Содан сөзге берген емен мен есе,  
Елемесін, елім мейлі, – елесе.  
Бір жырымды ішіп алып жазғам жоқ, –  
Сүйіп жаздым!  
Күйіп жаздым – немесе!

...Шәйір ағам содан жөнді болмай жүр,  
Дәмесі – зор, туар емес сондай жыр.  
Меніңше, оның көкірегіне көктен кеп  
Махаббаттын сол құсы әлі қонбай жүр...

Қызык болып қырық жастан асканда,  
Көкті көрем көздерімді ашқанда:  
Бір сұлу қыз бұл-бұл ұшып көзімнен,  
Бір сұлу күс әлі ұшып жүр – Аспанда...

## ШАРИКОВТАР ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

Жүре алмайтын от пенен оққа ұрынбай,  
Болып алдық Авгий боктығындай.  
Өлген жанға тірі иттің жүрегін сап,  
«Шариков» деп ат қойған докторыңдай!

Күдлі ел бізден қорқады, сақтанады,  
«А» деп аузын ашса егер «Аттан!» – әні.  
...Шариковтар астына танкі мініп,  
Келе жатыр, әнекей, таптағалы!

Өзі-тыңшы...  
Сонысын зор тұтады,  
Кілең кара тізімге мол – кітабы.

Көрпе бермей, тулақпен төсек төсеп,  
Қимылдап көр -  
ГУЛАГ-пен қорқытады..

Жазушы – өзі, бос сөзге үйір еді,  
Сонысына өзі іштей сүйінеді.  
Мағзунинге сыртынан мыре-мыре күліп,  
Абайға да мұрынын шүйіреді.

Төңкерістен –  
Төңкеріс бастағалы  
Айналсоқпап жүреді астананы.  
...Шариковтың қолында – атом бомба,  
Ашуланса –  
Дайын тұр тастағалы!

Ауылдағы Шариков, қаладағы  
Жан-жағымнан тап берді талағалы,  
Тағы кімді қаппақсың қапылыста,  
Токта деймін!  
Әй, итгін балалары!

\* \* \*

Ізгіге иіп ем –  
Күлді ел,  
Жырдан тәж киіп ем –  
Күлді ел.

Сұмдықтан күйіп ем – күлді ел,  
Сұлуды сүйіп ем – күлді ел.

Тар кезең демімді құрытып,  
Алқына беріп ем –  
Күлді ел.  
Қарақан басымды ұмытып,  
Халқыма келіп ем –  
Күлді ел.

Түс қашқан һәм шала ес бүгін,  
Мен тоқтар бекет пе бұл ара?  
Сан көргем тобырдың кескінін.  
Ал, Халық, қайда осы, Нұр Аға?!



# КЛЕОПАТРА

## I

Әзір тұр әлем ұшуға,  
Мастарға үкесіс – бұл күйде:  
Алыста – көздің ұшында келеді ағып бір күйме!

– Былай тұр! Мынау қасқыр ма?!  
– Көрейік дейді – біздер де!  
– Көрмесек – жұрттын астында өлейік дейді –  
Біздер де!

– Кетсең – кет, әрі! Қаксама! –  
деп біреу шықты батыл-ақ –  
Немене?! Сенен басқада көз жоқ деп пе едің,  
Ақымақ?!

Жетуге, эне, шак калды!  
Көздерде жанып, лаулайды от!  
Парлаған ақ боз аттары канатты аққулардай бон –

Кеп калды күйме атылған ок сынды, шаңды  
Сапыра,  
Ішінде оның отырған падиша – Клеопатра!

Дүр етіп, – Әне, сол! – десе,  
– Жатындар! – дейді ел. – Жатындар!  
Келбетін оның көрмесе жынданар мына  
Пақырлар!

Кім көрген қызық тап мұндай,  
Көзіне тамшы үймелер:  
Пыр етіп ұшқан аққудай зыр ете түсті күймелер!

Өң бе – бұл? Түс пе? Жат бәрі...  
Бұлдырап кеткен ар жағы:  
Арғымақ ақ боз аттары – тек қана есте қалғаны.

Елес пе? Жын ба? Не тегі?  
Жарқырап қылыш, қанжары,  
Қаптаған қалың нөкері. – тек қана есте қалғаны.

Тек кана есте калғаны, –  
Арманы болған ақынның, саф алтын сынды Күн  
Түсі –  
Тәкаппар патша қатынның ғажайып сикыр  
Күлкісі...

Кетті ме бәрін күлкі етіп?  
Тек кана есте калғаны:  
Көздерін жапқан бүрк етіп шұбырған күйме  
Шандары...

– Періште! – десті. Теріс пе?  
– Жер-Ана сынды бейішке  
Аспаннан бір рет түседі те, кетеді ұшып – періште!

## 2

...Біраз жыл өткен қайырлы. Ат ойнап елде  
Қашты аңыз,  
Тағы бір дақпырт жайылды:  
– Босанып жатыр патша қыз!  
– Мысырдың ұлы бағына кім тұмақ?!  
– Айтшы, кім?! – деген –  
Сарайдың алды тағы да қаптаған пенде. Гулеген...

Ан-тап ғып сонда бар жұртты,  
Тұғырдан ұшқан қырандай  
Аспанның астын жанғыртты тағы бір дауыс  
Мынандай:

– Сүйінші, халқы қаланың! Тшіндер шарап, сапыра!  
Әкесі – Цезарь баланың!  
Шешесі – Клеопатра!

## 3

...Біраз жыл өткен қайырлы. Тағы бір  
Дақпырт жайылды:  
– Келіндер! Тойға шақырам бәрінді, беттең сүйем  
Де!  
Падиша Клеопатра тигелі жатыр күйеуге!

– Құлақ түр, қане, бар фәни! Естисіңдер ме,  
Кереңдер?!  
Күйеуі – арыс Антоний! Цезарьдан асқан кемеңгер!

Думан той кеуден алаңты ертен де, бүгін, кеше  
Де,

Көшеде аққан шарапты

Үлгермей құйып кесеге.

Шулайды құлдар бақыра:

– Күнәміз болса кеш! – дейді.

– Құдай ғой – Клеопатра! Құдайлар қателеспейді!

#### 4

– Былай тұр! Мынау – қасқыр ма?!

– Көрейік дейді – біздер де!

– Көрмесек – жұрттың астында өлейік дейді

Біздер де!

Не деген ғажап гүл өні?

– Көздегі шабыт-тасқын ба?!

...Дұшпанның тау-тау сүйегі – арбаның шаңы

Астында...

– Асқак жыр оның – даңқына!

– Асау үн көкті кернейді:

– Құдай ғой – Клеопатра!

– Құдайлар мәңгі өлмейді!!!

#### 5

Біраз жыл өткен... Кеше ме?!

Көмескі ымырт шағында

Қаптаған пенде көшеде қыркысын жатыр тағы да:

– Былай тұр!

– Тиме шабыма!

– Немене? Көріп – өлейік!

– Бұл қандай қызық тағы да?

– Көрейік! – дейді –

– Көрейік!

Бір-бірін нұқып, шалып та ұмтылды оқша ағыла.

Кім дейсіз жатқан табытта? –

Палиша Клеопатра!

Клеопатра?! Клеопатра!!! Клеопатра...

# АҚСҰҢҚАР СЕН ДЕ ҚҰССЫҢ, МЕН ДЕ ҚҰСПЫН

## ЦИВИЛИЗАЦИЯ

Цивилизация! Аждаһа құсап ақырған...  
Алдымды кілең қайыршы менен аш торып –  
Күндерім қайда, күбіден қымыз сапырған,  
...арағыңды ішіп отырмын ләйліп – мас болып!

Бойда қан барда құрушы ма еді тек деген,  
Темірге иленіп не түрлі?  
Цивилизация! Мен сені иттей жек көрем –  
Үрейлі үндіс секілді!

Цивилизация! Көкірегім – улы шер менің,  
Шайқадың неге шаңырағымды – құтымды?!  
Қалаға әкеп,  
Даламды қалай жерледің -  
Анамды жерлеген сықылды?!

«Көшпенді» деген кекесін тиіп шекеме,  
Керуенім шықса, болармын әлі жолбасы,  
Әлемді кезіп, әлі де көшіп кетер ем,  
Жұмыр жер – Атом Бомбасы...

О, Бөрі – Бабам, жан берер шақта жет ұлып,  
Мұнартып мазар санада,  
Феодализмнен секіріп,  
Жеткенім – ажалхана ма?!

Қу басың түгіл, не бола алмай ауыңа  
Қайда барасың, замана?!  
...Садақпен шапқан, мылтық ұстаған жауыңа  
Ырзамын қайран бабама!!!

## ТИП

Бір кісі бар...  
Жай кісі емес, күшті адам.  
Көп біледі қысқадан да, нұсқадан;  
Сталиннің қолын алса Сәкендер,  
Брежневтің қолын осы ұстаған.  
Қойшы...

Маңдайдағы бағы шығар тиесі,  
Жарылқаса көктен түсіп иесі. -  
Жұмай қойған, сумен ағып кетердей,  
Патшамыздың он қолының киесі,  
Қойшы...

Сөз сұрап ап бір қауымды басқарып,  
Асқақтайды қазаныңа ас салып,  
Қалай тірі жүр екен деп ойлайсың,  
Бас хатшының сүйгендері бас салып?  
Қойшы...

Сөйлесе алмай осы ноқай, нұсқамен,  
Қалам үнсіз... Қанат қағып ұшпак ем:  
«Мен – қазақпын» деп ғаламға жар салған  
Жұбан ағам қолын мен де ұстап ем...  
Қойшы...

Әй, ел-жұртым, көрдім сенің бетіңді,  
Қисандайсың қылық жасап не түрлі.  
Брежневтің қолын ұстап,  
Құдайдың  
Қолын алған менің ағам секілді,  
Қойшы!

\* \* \*

Мәңгүрт сөйлеп тұр,  
Цивилизация сөйлетті.  
Ол сөйлеп тұр – галстукты, көйлекті.  
Гетені Абай шекпен киіп сөйлетті,  
Герольд Бельгер немісше оны сөйлетті.

Мына мәңгүрт Ұлы Тұран қонысын  
Қайдан білсін, күна демес онысын.  
Абайды да оқымайды бұл казак,  
Герольд Бельгер оқып жатыр ол үшін...

Заты бөтен, казакка ұксае пішіні,  
Қайтсем екен мына кеміс кісіні?  
Қасиетінді алды-ау, Алаш, қайтейін,  
Қарғыс атқан зар заманның түсігі!

Мына Мәңгүрт... Е, бұл да бір шерменде,  
Дүниеге тексіз болып келген де,  
Боқтатса ғой казакша бір, о, шіркін, -  
Герольд Бельгерге!

Мына Мәңгүрт тебініп һәм емініп,  
Дөйлеп тұр ғой, сөйлеп тұр де не біліп?  
...Гитлерді жеңген казак бір кезде,  
Жер боп отыр,  
Гете,  
Сенен жеңіліп...

\* \* \*

Маңдайдағы сенің сорың бес елі,  
Маңдайдағы менің сорым бес елі.

Таба алмай қап шыңға шығар жол нұрлы,  
Аяп кеттік өзіміздей сорлы ұлды.  
Алтын іздеп шығып едік Алаштан,  
Алдымыздан күлі шығып – қор қылды.

Жазған тағдыр таланың ғой сенің – бұл.  
Жазған тағдыр таланым ғой менің – бұл.  
Аз болғандай бізге Абайдың қайғысы,  
Түсімізге енді Ницше еніп жүр.

Тобыр да көп,  
Обыр да көп,  
Ол – Жалғыз,  
Талай жерде біз де жалғыз болғанбыз!

Соның заңғар биігіне ғашық бол,  
Тұр қол бұлап – қашықта ол.  
Тұқымы – есек, тұғыр мінген мына елмен,  
Альпі түгіл, Ақтоғайдан асып көр...

Құлагерім қайда десем кешегі,  
Бағыраштар басын алған деседі.  
Қайтемына қазақ деген мұндасты, -  
Ақан сері – құшақтаған қу басты...

Маңдайдағы сенің сорың бес елі,  
Менің сорым бес елі.  
Маңдайдағы соры бар жұрт бес елі,  
Мұратына бір жетеді деседі.

Дауыл соғып, күшып асау толқынды,  
Күтіп жүрміз сол күнді.

## ИМАМ ШӘМІЛ

Имам Шәмил ит пенен құс басқа ұрған,  
Именбей бір шынжыр балақ, таксырдан, -  
Алла берген шыбын жанды Алланың  
Өз қолына өз қолымен тапсырған...

Табынары жалғыз Алла екенін  
Біледі өзі, қайтсе де оған жетеді.  
Аруақ пен Алласына сыйынып,  
Бетке алып келді сарбаз Мекені.

«Кешір, Алла, у – еді еншім, -  
Соны іштім.  
Тар жол, тайғак кешулермен тоғыстым.  
Тауым үшін, тасым үшін соғыстым,  
Доп болмайтын басым үшін соғыстым.

Сергелденде өтіп кетті сайран жас,  
Оны маған енді ешкім қайыра алмас.  
Өзіне көп иіліп тұр көр, міне,  
Өзге ешкімге иілмеген қайран бас.

Маңдайыма жазғаны у-ды.  
Соны іштім!  
Соны іштім де, топан сумен тоғыстым,  
Құл болмайтын ұлан үшін соғыстым,  
Құдай менен құран үшін соғыстым.

Бұл бір ақтық сөзім, ал,  
Өзі – қаһар, өзі – мақал, өзі – зар,  
Тірі жанның ұстатпаған қолына,  
Өзің берген шыбын жанды –  
Өзің ал!»

Алдында оның Алла ғана түр еді,  
Жек көретін ол да құлдық, шідерді,  
Алды дағы шыбын жанын,  
Кавказға  
Рух қылып -  
Үрлеп,  
Шашып жіберді!

Тар жол, тайғақ кешулермен тоғысып,  
Елшісі – Расул,  
Еншісі – у,  
Соны ішіп;  
Имам Шәміл Кавказда жүр!  
Өледі ол -  
Құдай үшін, Құран үшін соғысып!

\* \* \*

Мына жерде ұлы Мұқан отырған,  
Ана жерде ұлы Ғабең отырған...

Мына жерде Олжас отыр қасқайып,  
Мен де кірдім айбарынан жасқанып.  
Өлген әкем тірілгендей, еміреніп,  
Әлжекеңді сүйе бердім бас салып.

Қасымымның келсем қасқа жолымен,  
Ғафу ағам бата берді, сонымен, -  
Мына жерде Жұбан ағам отырған,  
Қолбиндерді көзге шұқып қолымен.



Саф алтындай көкірегі сан ағам,  
Бізді қойшы, несі қазақ таң оған,  
Қадыр ағам отырғанда осында,  
Қазақ жыры қайта туған анадан!

Шерхан ағам мәңгүрттікпен белдескен,  
Сонын бәрі неге бүгін келді еске?  
...Атой салған Алашымның рухы,  
Ол да, әнекей, кетіп барад келмеске...

Жасыны ойнап кейде Алматы сенделсе –  
Шерленгені...  
Жәні бар ғой – шерленсе,  
Қош болып тұр, Ренессанс заманы,  
Қазағыма қайта айналып келгенше!

## АҚЫН АРУ ШӘМШИЯ

Акын, ару Шәмшия,  
Герцогы жоқ герцогиня,  
Графы жоқ графиня,  
Нәм өзінсін ханы да жоқ ханыша,  
Мен танығам...  
Болды – басқа ел таныса.

Жұлдызың сенің жоғары ғой, жоғары,  
Маңдайыңда жарқырап тұр ол әлі,  
Аскак еркек қана – Сұлтан болғандай,  
Ару әйел ғана – Ұлпан болады.

Құлды көріп, күнді көріп аһ ұрмай,  
Тұра алмайсың, туған бауыр – жатындай.  
Неше түрлі сұмды тапты дүние,  
Тексізбенен ойнас болған катындай!

Сен жақпассың мен жақпаған көп елге,  
Көздері оның көкте емес қой, – төменде,  
Құлақ қойып бізді тыңдар кім қалды?  
Кел, шағайық мұңымызды өленге.

Запыран шер, заманалар хақында,  
Жыр бар, басқа не бар біздей пақырда.  
Пенден – әзер адам болған маймылдан,  
Адам да әзер айналады – ақынға.

Алаш барда арманын бар, кайғың бар,  
Алаң оймен өтіп жатыр ай, жылдар.  
Асыр салып жүрген анау ағашта –  
Әлі адамға айналмаған маймылдар!

\* \* \*

Бір болатын дүниеде сайран көшім,  
Қайда жүрсің сен осы, кайран досым.  
Жаңа дос көп жанымда, олар бірақ,  
Жаным, маған өзіндей қайдан болсын.

Пендеміз гөй, пендеге – пенде күлсің,  
Күлгендерді күлкіге кенде қылсын.  
Біреулердің қасында мен де жүрмін,  
Біреулердің қасында сен де жүрсің.

Мына өмірден осылай кетеміз бе,  
Тағдыр қастық жасады-ау бекер бізге;  
Екеуімізді екіге бөліп тастап,  
Екі дүние күліп тұр екеуімізге.

Жан досымның дос болып жауы маған,  
Өршіп барад өмірдің дауы жаман,  
О дүниеде осындай өмір болса,  
Мен қайтсем де өзіңді тауып алам.

Қараң қалып бәрі де тамсандырған,  
Қараң қалып кикүлар жар салдырған:  
«Дүниені арқалап келдің бе?» – деп  
Менің де әкем шығады қарсы алдымнан.

Тәтем қайда?  
Соңынан ұшпадым деп,  
Жүрмін бас сап қолынан ұстағым кеп,  
Қарсы алдыңнан сол кісі шыққан кезде,  
Айта көрме сен мені дұшпаным деп.

## ТӨЛЕУЖАН ЫСМАЙЫЛОВ

«Мына бір қой – айналма,  
Малға қоспай, шіркін, бөлек байлар ма?» –  
Сайғақ құрлы сая тапшай казактан,  
Төлеужан жүр қой күзетіп Қайнарда.

Қалтасында – жыр, кешпеген сиясы,  
Көз алдында – Сарыарканың княсы.  
Көкірегінде –  
«Американ трагедиясы».

Терең ойға түсіп кетті ол тағы,  
Қорланады қомсынып бұл ортаны.  
Тірі адамнан айыл жимай өскен-ді.  
Мына ауыл завфермеден қорқалды...

Ашы өксік-көмейде.  
Ел-жұрт тыныш, түгел сынды кеңей де.  
Пушкин бүгін үнсіз қалып... Тіксініп –  
Пушка сөйлеп жатыр қазір Семейде.

Бітті... Халі таусылды.  
Тірі пенде естімейді даусыңды.  
Атасының асы құсап сімірсе  
Ата жұрттың арағы да бал сынды...

Қарағанда сонау жақтан Ай налып,  
Жабады оның ару жүзін қайта бұлт.  
Қылыш беріп оққа салар баласын,  
Бөкқа салып – казак отыр найқалып.

Жылдар отер жырыша кезіп даланы,  
Тиланың – зар, арағың да – бал әлі.  
Қылыш беріп отқа салар баланы,  
Әлі қанша өстіп бөкқа салады?!

\* \* \*

Құсады.  
Жейді.  
Ішеді.  
Адам емес, адамға ұқсас түс-өңі,

...Хайуандықты туа аластап, зіркілі,  
Гайса көктен түседі бір... Түседі!

Жеткізбейді – асыл Абай шыңы әлі,  
Алла Алашты етегінде сынады.  
Көкке естіліп күңіренген күркірі,  
Жерден Мәді шығады бір... Шығады!

## ЕКІ ИТ ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

Адам көрсе тап береді,  
Ылғи маған тап келеді.  
Үй тұсынан біреу өтсе,  
Үргенін де бақ көреді –  
Сіздің ит.

Салпан құлақ сак келеді,  
Сүйегіңді қак бөледі.  
Адамзаттан именсе де,  
Итті көрсе тап береді –  
Біздің ит.

Бүгін ит боп таласады,  
Ертең қайта жарасады –  
Сіздің ит пен біздің ит.

Жарасайық, жараспайық,  
Итпен бірге таласпайық,  
Туа соның тартып жүрміз азабын,  
Оңған емес сіздің ит те,  
Оңған емес біздің ит те,  
Кел, иттікті аластайық,  
Қазағым!

## ҚОЛЫҢДЫ ЖАЙ

Менікі деп маңдайдағы сорыңды,  
Ақын болғам, осы – тағдыр талайым.  
Қайыршы Дүние! Қолыңды жай, қолыңды,  
Шерлі жырды төгіп сала салайын!

## ҰЛЫМ РАУАНҒА

Өр, тәкаппар Сталиндей пішіні,  
«Басыңды иіп бағын!» десе – шыны.  
Мына Ғалам жақтырмайды,  
Өзіне  
Қарсы қарап отыратын кісіні.

Өртенердей бойымдағы отымнан,  
Именбей-ақ небір цензор – сотыннан,  
Ақ қағазбен қаламымды қолыма ап.  
Мен Ғаламға қарсы қарап отырғам.

Сұлулық пен саф тазаға сүйініп,  
Басымды игем иіліп,  
Алтын киім киген бабам бар еді,  
Жүрмесек те өзім алтын киініп.

Алтын қолға ұстатпайды сынаптай,  
Акын – одан мөлдір, аққан бұлақтай.  
Міне, мен де кетіп барам дүниеден,  
Патша – мені, мен – патшамды ұнатпай.

Керек те емес түк те енді,  
Жыр жолына мен басымды тіккем-ді.  
Бір маңдайға мал менен бак біткенде,  
Маған қалам біткен-ді.

Ұлым, саған алтын бітсе ат басы,  
Қаламымды соған аптап, сақташы.

\* \* \*

Алыстан естіп Алаштың қаңкыл қаз үнін,  
Құлаққа құйып алсам деп жүріп қажыдым.  
Шек-қарын болса елде егер, менде жүрек бар,  
Од – айтып жатты, мен – жазып жаттым – жазығым.

Алаштың даусын ести де ести қажыдым,  
Жарымның-дағы елемей қалып наз үнін.  
Айтасың неге сырыңды жалғыз маған кеп,  
Алашым менің, ат байлар алтын қазығым?

Қажыдым...

Қазағың көп қой, соларға жетсін қаз үнің,  
Шек-қарын болса басқанда, менде жүрек бар,  
Ол – айтып жатты, мен – жазып жаттым – жазығым,  
Қажыдым...

\* \* \*

*Бір меңіңе Самарқан мен  
Бұқараны берер ем.*

*Хафиз*

Адамзат пен ғаламзаттың,  
Неткен гажал болмысы мен өрнегі,  
Игізеді алтын басты төрлегі,  
Хожа Хафиз бір меңіне сұлудың,  
Самарқанды бере салған көрінеді,  
Бұқараны бере салған көрінеді.

Сондай сұлу жаһан жатты алдымда,  
Ғашық болсан батыратын зар-мұңға,  
Бір аруға бере салдым Бағдатты,  
Балкантауға бардым да.

Аксораннан Балқантауға жол құлап,  
Ол бір жұмбақ, гүл мен нұрға толды бақ,  
Бере салдым бір сұлуға Бағдатты,  
Шаһар емес, досым еді ол бірақ.

Бағдатым маған қарап бөгелді,  
Балқантауға байланады ол енді,  
Әні-міне дегенімше болған жоқ,  
Әлгі сұлу бас сан, ала жөнелді.

О, сұлулар,  
Бәйек болып пәктігіңе сендердің,  
Құдай – куә, құрып бітпен, шерлі ермін.  
Хожа Хафиз Самарқан мен Бұқараны  
Берсе егер,  
Мен сендерге Бағдатты бергенмін.

\* \* \*

Қызыларайда – сәби күн, бозбала күн  
Қалып қойды, онан сан озған ағын.

Боздау әнін айтатын қасыма кеп,  
Бозторғайы бар осы боз даланың.

Аспанымда тұрып ап, құлай барып,  
Ойрантау мен Аксоран былай қалып –  
Сол бозторғай мен тұрған қалаға кеп,  
Басымда әлі ұшып жүр шыр айналып.

«Тауыңа кет – деймін мен – тасына кет!  
Отырады – кетпейді, қасыма кеп.  
Барға-дағы менімен бірге барып,  
Қонатынын қайтесің қасыма кеп.

Айтып жатыр шырылдап көкке нені,  
Тасбауыр еді осынша неткен елі?  
Ол да менше даланы сағынады,  
Ол да менше қаланы жек көреді.

Басы – алтын, Алаштын, бастауы – ұлы.  
Бірақ қазір неге маз мас қауымы?  
Бәріміз де тасбауыр елден өсіп,  
Елге келдік жібимес тас бауыры...

Екеуіміз де Аксоран – тау ұлымыз,  
Бауыры – жаз, басы – қыс, сауыры – мұз.  
Қызыларайды көргенде ығи біздің,  
Жібіп қоя береді бауырымыз.

## 1845 – 2005 ЖЫЛДАР ХРОНИКАСЫ

*Абайға – Күлембай қарсы,  
Оразбай қарсы.*

Сонан соң да сан ойшыл сері келіп,  
«Сөзімді ұғар ел жоқтың» кері келіп,  
Боздап кетті... Күлембай, Оразбайлар,  
Егін екті орнына – жері кеніп...

Қара жерге айқай шу, дүбір еніп,  
Сондарынан сыбыр мен күбір еріп, -  
Қалың елі қазағы әлі – алауыз,  
Абай жатыр көрінде күңіреніп...

Ала көздік, ашкөздік көнемізден,  
Кокпар тартып, кетпейсің неге бізден?  
Мына бетте пайғамбар Ғайса қусап,  
Бір күні Абай түседі төбемізден!

Ол қоймайды бұл жаққа қайта келмей,  
Қайта келмей, қазағын қайта көрмей!  
«Өлең шіркін өсекші, жұртқа жаяр,  
Сырымды тоқтатайың, айта бермей...»

## ҚАБЫЛ МЕН ӘБІЛ

Қалай қиды зілзалаға өз қанын,  
Есалаңдай елестетем сол күнді:  
Бір анадан бірге туған боздағын  
Қолы барып қалай ғана өлтірді?!

Қалай ғана шайқалды екен тұнығым,  
Қайтіп енді ақталады ол маған?  
Бір құрсақта бірге жатқан құлынын  
Өлтірді екен қалай Қабыл-оңбаған?!

Жүрегімде сауал менен нала көп,  
Сенің-дағы шерің екен сол. Аға!  
Кісі өлтірген Қабыл деген қарабет –  
Адамзаттың арғы атасы бола ма?!!

Ел көзінен шуақ іздеп сабылдым,  
Ендігі бұл қарекетім кеш, білем:  
Жазықсыздан жан тапсырған Әбілдің  
Кіндігінен нәсіл жоқ деп естігем...

Қабыл қаптап ғаламзатты қандаған!  
– Төқтат! – деген басу айтар оған кім?  
Қокан ханға сөзін өткізе алмаған  
Жанкісідей жаутаңдайтын боп алдым..

Ауызымды қан жалатып,  
Алды-зу асыл көркімді  
Өлтіріп ед Сәкенді итке талатып!!!  
Төлеужанды шарап беріп – өлтірді!..



Ел көзінен шуақ іздеп сабылдым,  
Ендігі бұл қарекетім – кеш, білем.  
Жазықсыздан жан тапсырған Әбілдің  
Кіндігінен нәсіл жоқ деп естігем...

Жүрегімде сауал менен нала көп,  
Сенің-дағы шерің екен сол, Аға:  
Кісі өлтірген Қабыл деген Қарабет  
Адамзаттың арғы атасы бола ма?!

## ПАРОДИЯ

*Айтамыз біздер ақын деп  
Адамды от боп маздаған.  
Ақынға керек ақыл көп,  
Асаулық керек аздаған...*

**Қ.Мырзалиев**

Акындар асау күйінде  
Ұқсайды нағыз тарланға.  
Қадекең отыр үйінде,  
Қалғаны кетті барларға!

Олжасша шашын өсіріп,  
Жанары оттай жаркылдап –  
Басына барды көшіріп  
Оқиды жырын саңкылдап.

Пушкинше кейде кектеніп,  
Болардай қазір қанкешті –  
Көшеден... Иттей жек көріп  
Іздейді жендет – Дантесті!

Кереді кербез қасын да,  
Мұнды ойға батып не түрлі –  
Сергейше отыз жасында  
Опат боп кетер секілді...

Жетісуды да жерсінбей,  
Жүреді жанды теңсінбей,  
Евтушенконы да – менсінбей,  
Есенғалиды да – менсінбей...

Шетінен асқак, қаһарлы,  
Классик деуге хақың бар:  
Алматы деген шаһарды  
Алды осы асау ақындар!

Рубцов құсан жүқара  
Егіліп кетсе – ересен,  
Түрлері ұқсас Мұхана,  
Өлеңі отсыз демесен...

Ақындар асау күйінде  
Үқсайды нағыз тарланға.  
Қадекен отыр үйінде,  
Қалғаны кетті барларға...

## АҚЫН ЖҮСІП ПЕН АРУ АҚЖОЛТАЙ ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

*Суға барсаң тундерде  
Су түбінде Сүлеймен*

*Қамшының сабынан ұстағанда ол  
Жүсіптің қолы күйіп қалған екен.*

*Ж. Қыдыров*

Махаббат – От, төккен нұрын молынан,  
Аттап шықсам – анызына жолығам:  
Ақын Жүсіп кеткен дейді өртеніп,  
Ұстағанда Ақжолтайдың қолынан...

Дүниеге нұрын төккен молынан,  
Жұлдыз жанған жүріп өткен жолынан –  
Айдай ару Ақжолтайды көрдім мен  
Тірі жанға ұстатпайтын қолынан...

Махаббат – өрт, Аспанға ұшқан ақынды ап,  
Көлеңкеден безіп, Күнге жақындап:  
Ұстағанда Ақжолтайдың қолынан  
Ақын Жүсіп кеткен дейді лапылдап!

Ақын Жүсіп – топырағы торқалы,  
Ақжолтайы – Адамзаттың Шолпаны!  
Махаббат пен Поэзия қосылса  
Су перісі Сүлеймен де корқады!

Ақын жайлы аңыз да көп не түрлі,  
Махаббаты мазамды әбден кетірді:  
Мың бір өлең жазған дейді ғашық боп,  
Мың бір-ақ күн өмір сүрген секілді!

О, Ғалия, қоршап алған қыз-қырқын,  
Көзден ұшар осынау бір бұлдыр күн,  
Құдай алсын махаббатсыз жүз жылын,  
Жетеді осы – мың бір күн мен мың бір түн.

Білгі саған қорқынышпен жолығам,  
Сен де өртсің ғой, үрейленем соныцнан.  
Айдай ару Ақжолтайдай, сондықтан,  
Үстятпашы тірі жанға қолыцнан...

## ІШЕК-ҚАРЫН ПАТШАЛЫҒЫ

Сінбей койған кепкен ми – тасқа мұңы,  
Абай –  
Алаш ұлы емес,  
Аспан ұлы!  
...Кердең қағып бір жақтан біздің жаққа  
Келе жатыр ішек-қарын Патшалығы!

Тұқымы аз туасы, шер – жетім ем,  
Әуенімен жанымды тербетіп ем,  
Сен қайдасың, Рухтың Патшалығы,  
Қайда кетіп барасың Жер бетінен?!

Қайда сонда безініп ұштың менен,  
Құтылмайтын құрсауға түстім бе мен?  
...Ақын түгіл,  
Адамзат үмбетіне,  
Кұлқын-Мырза қарап тұр мысқылменен.

\* \* \*

*Саулығын Неруданың біліп қайт деп  
Ақындық рухымды аттандырғам.*

**Мұқағали**

Қош!  
Неге үндемейсің, қайран аға,  
Алау жаң көрге түсіп жайлана ма?  
Сен – көкте, Алаш қалды – айдалала.

Дананы жоқтар жұрт көп жатып ап кеп:  
Адамдар тірісінде ақымак боп,  
Өлген соң пайғамбарға айнала ма?!  
Сен неге тіл қайтпайсың, қайран аға?

Әлемді өрттен, дерттен сақтаңдырдың,  
Өлгенше зіл-залаға қақпан құрдың.  
Саулығын Неруданың біліп қайт деп,  
Ақындық рухынды аттандырдың.

Қош!  
Мәңгі көз ұйқыға ілігеді,  
Жүрегін жара-жара тілік еді.  
Қасыңда жүргендердің қайсы, бірақ,  
Шырылдап саулығыңды біліп еді?

Бәрібір түгіне онын қарамас ең,  
Әйтпесе, жүрек әнге сала ма әсем.  
Луылдан ат шалдырған қалаға әсем,  
Сен – ерке Есениннің баламасы ең.  
Пәктігі жан-тәніңнің ғаламат, ә,  
Алғашқы пайда болған Адам-Ата  
Сықылды тура тұттай жаланаң ең!

Алашқа, адамзатқа дабыл, дәйім,  
Даусыңды көксеп қалай сағынбайың,  
Ақынды тыңдаушы ма ең, саңырау жұрт  
Әблді өлтіретін Қабылдайың?!  
...Мен де енді боздай бермей дамылдайың.

## ПОЭЗИЯ

Поэзия!  
Келсеңші кездесуге,  
Кейінде үнсіз қалдың, беу, несіне?  
Айтуға кең ғаламның кереметін  
Қонбап па ең Кемпірбайдың кеудесіне?  
Кейінде үндемейсің, беу, несіне?

Несің сен? Ойранбысың, сайранбысың?  
Ел көшкен несіз жұртқа айналды ішім.

Көңілден «Қош» деп ұшқан көкала үйрек,  
Қайда ұштың бізді тастап, қайран құсым?  
Ел көшкен несіз жұртқа айналды ішім.

Кел-дағы қапылысқа кезіге кет,  
Өмірден өтіп барам өзіне кеп.  
Жаһанда жалғыз жортқан жолбарыс боп  
Жамбылдың көрінбеп пе ең көзіне кеп?  
Кел-дағы қапылысқа кезіге кет.

Бұл тірлік болса-дағы бір күн елес,  
Үстінен өзің кел де, дүркіре, көш.  
...Адамзат азап шегіп жатқан кезде  
Айналып бір сөкпауың мүмкін емес!

## ТРИШТИХ

### 1

Тірі жаннан айыл жимай өсіп ем,  
Керемет бір еркіндікке кенеліп,  
Алаш дейтін ұлы ананың төсінен  
Ақындық пен тентектікті тел емін.

### 2

Манаураған рақатқа кенеліп,  
Кезігемін күнде ішмерез малғұнмен.  
...Ақындық пен тентектікті тел емін,  
Асқак болмай, баснақ болып қалдым мен.

### 3

Көзімді ілсем коретінім не кілен?  
Маған карап, арыстандай жүрегі, –  
Сұмырай мен сұмды сойған шетінен  
Иманжүсіп неге қарқ-қарқ күледі?

\* \* \*

Қайдасың?  
Қай өңірде, қай жақтасың?  
Кім келіп тірлігіңді айғақтасың?  
Құдай-ау, біле тұра қайда жүрсін,  
Өзіңсіз Күнім шығып, Ай батпасың?  
Қайдасың?  
Қай өңірде, қай жақтасың?

Ләйләсіз Мәжнүнге ұсадым ба?  
Кайтейін...  
Канат байлап ұшамын ба?  
Жастықты жасың жуып жатырсың ба  
Қызғаншақ жат еркектің құшағында.  
  
Сен жүрген Сарыарканың сағым іші,  
Олай да, бұлай елдің сабылысы,  
Махаббат азап та емес,  
Ғажап та емес -  
Адамның сарғайған бір сағынышы.  
  
Көзіме бір көрінші, сүйіп өлем,  
Сені іздеп Жер-анадан, Күн-Иелен.  
Өмірде таркамай бұл сағынышым  
Өтетін болдым мына дүниеден.

## ИӘ, МЕН ДЕ ШАРШАДЫМ

*Так случилось, что устал, быть человеком.*

*П. Неруда*

Иә,  
Мен де шаршадым осы өмірден,  
Жазылмайтын кесепат, кеселінен,  
Қаңқуынан пенденің, өсегінен.  
Махаббаттын мәйіті мұздап жатқан,  
Сайқалдардың салулы төсегінен.  
Жоқ...  
Бұл жақтан бір жаққа көшемін мен.  
  
Жауындардан қажыдым,  
Дауылдардан,  
Оқшауданған оңбаған қауымдардан,  
Жүрегі жоқ – серейген денелерден,  
Бауыры жоқ – ағайын-бауырлардан.  
  
Түнілдім ғой ашулы алаңдардан,  
Қалалардан – қаңырап қараң қалған,  
Адамдарды айырған адамдардан –  
Қоғамдардан,  
Зымиян замандардан...

## ТАС КІТАБЫ

*«Үш пәле – тұтынушылар, мемлекеттік және жалпы жұрттық  
эгоизм (өзсүреген өзімшілдік пиғыл – С.А.) бізді осындай жартасқа  
әкеліп, жапалақша соқты».*

*Ф. Ницше. Таңдамалы шығармалары. Мәскеу: «Просвещение»  
баспасы. 1993 ж.*

Шер-аға, сіз айтасыз жасыма деп,  
Жасыман, басыламын тасына кеп.  
Көздерім кетсе ілініп түсімде ылғи,  
Көк Бөрі тұрады ұлын басыма кеп.

Көк Бөрі Көкті кезіп жүре беріп,  
Кендіктен кетіпті ғой жүрегі еріп.  
Ырылдап шықты, міне, қаптаған ит  
Алдынан тұра, үре түрегеліп!

Текті ғой, ештеңеден үрікпейті,  
Не жасып, көзіне жас ірікпейті,  
Аспанға карап ұлып тұрды-дағы,  
Ағылып жүрегіне кіріп кетті!

Алаштың ұлы ұраны Көк Бөрі еді,  
Көк Бөрі айтып жатыр көкке нені?  
Шәуілдеп тұра, үре түрегеліп,  
Ит екен ит те оған өкпеледі.

Түсімді жорышы, аға, ойланып кеп,  
Өң түгіл түстен-дағы қайғы алып па ек?  
Қарап тұр аң-таң қалып, сол Бөріге,  
Жер -  
Күнді алыс мәрте айналып кеп.

Түн қамап, қалай қарай қашты таңым,  
Түс қашып, күнде кермек жас жұтамын.  
Көке, мен алдыңызға жырыма орап,  
Тартайын Көк Бөрінің «Тас Кітабын».

О, Ұлы, Түрік қағаны!  
Қанатыннан қайрылдың,

Күлтегінен айрылды!  
Мешін жылы тасқа кашап.  
Жаздым оның қанмен жазған дастанын.  
*(Иоллығ тезін. Үлкен жазу)*

Уа, мынау жиырмасыншы ғасыр ма?  
Ол да жөнep бapа ма осы pасында?  
Жаным күйген талай-талай жасынға.  
Алмағайып замана түр – басымда.

Бұл заманның мүлде бөлек түр-түсі,  
Болмысымен мұны да өзге, күлкісі.  
Бір көш шықты Қаратаудың басынан,  
Сонда сөйлеп қоя берді бір кісі.

– Бұлдыр күнде бұлағай да алағай,  
Көшің шықты... Көлікті бол!  
– Ал, ағай,  
Өзің кімеің?! – дедім сонда таңқалып,  
Өз әкесін танымайтын баладай.

Күлді ол сонда,  
Неткен зілді күлкі еді.  
Көк нөсерлеп, көзден жасын сіркеді.  
– Күлтегіңді білмейсің ғой, бауырым,  
Сен түгілі танымайды түркі елі.

Жасын ойнап, жарқ-жүрк етті тау іші,  
Жаңғырып тұр Жаһанкездің дауысы.

Уа, Музам!  
Көк тәңірі!  
Қолдап ұш!  
Көкірегімнен сембей қойды-ау – сол дауыс.  
Түн ішінде, таң сәріде, ақшамда,  
ГУЛАГта да, тулақта да жатсам да,  
Маған маза бермей қойды-ау – сол дауыс:

«– Тәңірдей –  
Тәңірі болған  
Осынау ұлы далаға,  
Жүрегінде түгі бар



Мынау – түркі Қағаны!  
Осы өлкеде өзегінен өрге ұрпақ өргізіп,  
Өмір сүріп жатырмын,  
Естисің бе өр үнімді,  
Соңымдағы ұлым, өрен-жараным?...»\*

*\*Орхон-Енесий жазуынан*

Көк тәңірі!  
Кешір біздей құлыңды,  
Өн-бойымнан сеземін бір дірілді,  
Мағжан мен Шәкәрімдер болмаса  
Ешкім де ести қойған жоқ-ау бұл үнді!

Көкірегім – Көк Бөрінің зар әні,  
Көкжал біткен көктей жығып-талады.  
Жемтігіне ит таласып, ырылдап,  
Құлаң түзде – құлаң даусы шырылдап,  
Түркі жұрты, әне,  
Өліп барады!

«О, қасқырдан ит боп туған бұланым,  
Үр шәуілдеп!  
Жау шығарсын тылағың»  
Дейді... Бұл – кім?  
Күнім батып,  
Ай – налып,  
Барда тұрам күнде басым айналып -  
Сол дауыстан тас боп бітін құлағым...

«– Қайран да Түркі қағаны!  
Өтікүнің өзегінде отырсақ,  
Таусылар ма тағдыр жазған ырысы?  
Аспандай алып шаңырағым,  
Ортасына түсіп құламасын деп,  
Шантун жазығына дейін соғысып,  
Теңізге түсе жаздағам! Түстікте -  
Тоғыз Ерсінге дейін шайкасып,  
Тибетке жетуге шак қалғам...  
Сырдың суы сирактан келмей бір кезде,  
Батыста –  
Сырдарияны да кешіп өткенмін,  
Темір қақпаны бұзып тегеуірінім,

Қанына қылыш суармай,  
Жаныма маза бермес жауымды,  
Жермен де жексен етпеп пе ем?!)\*

*\* Орхон-Енисей жазуынан*

Көкрегім – Көк Бөрінің зар әні,  
Көкжал біткен көктей жығып – талады!  
Жемтігіне ит таласын ырылдап,  
Құлан түзде – құлан даусы шырылдан,  
Түркі жұрты неге өліп барады?!

Тышқан – тірі, өліп – өңшеп арыстан,  
Ақ-қараң – бір, ақыл-есім ауысқан,  
Аман болса Алаш – Анам бір күні,  
Ата Түрік оянар бұл дауыстан?

Қайда барам?  
Жырымға ма, Қырымға?  
Көк Бөрі жоқ!  
Айналам – ит, ырылдап!!!  
Есі түзу ер қалды ма елімде?  
Ата Түрік – атасының белінде,  
Анасының құрсағында шырылдап...

Қайда тарттын,  
Уа, жұртым – дуана,  
Заманының дауылы қанбақ қылып қуа ма?  
Жақсыдан жаман туып еді бір аяқ асқа алғысыз,  
Жалт қарағып жаһанды,  
Жаманиан –  
Жақсы туа ма?!

«– Елді ұстайтын Жерұйығым,  
Өткүрнің қойнауы,  
Емен-жарқын ұлыс болып осында,  
Табғаштардың да аяр үнін тауып ем,  
Ел болмайтын ежелгі жау, қылышпен,  
Ер түркіні қыра алмасын сезген сен,  
Алтынменен, аптады!  
Тілі – тәтті,  
Діні – қатты дұшпанның,

Алдауына көніп неге,  
Арбауына түсті елім?!

Тексіздерім қас дұшпанның қайыр-садақасына,  
Аузын ашып мәз болса,  
Тектілерім тәркі қылып бәрін де,  
Түркі Рухын сақтады!..»\*

*\* Орхон-Енисей жазуынан*

Ал, ұш, Музам!  
Көкпен танып аласың,  
Бір-ақ қарыс қасқыр – иттің арасың.  
Ұлың ба көк аспанға қарап мен?  
Басы ауырса – жазам ұлы шараппен,  
Қалай жазам жүрегімнің жарасын?!

Жан – тәнімді азалы оймен күрсаптың,  
Өтер емес өліарасы бұл шақтың.  
Оң жағымда – опасыз бек,  
Сол жағымда – бақ құмар мен так құмар!  
Енді кімге мұң шақтым?!

О, Күлтегін!  
Мұңдасатын келді сәт,  
Сенің дертің өміріме өшпес белгі сан, -  
Оң жағымда – опасызым баққұмар,  
Сол жағымда – таунығы жоқ такқұмар,  
Мен де онып жүргенім жоқ сен құсап?

Шемен шерім таңсық боп па сайқалға,  
Күйінген соң айтам да.  
Оң жағымда – шенеуігім шіренген,  
Сол жағында – жатқан мынау кім – өлген?  
Өксігімді кімге айтам,  
Осыларға айтам ба?!

«– Уа, маңдайда соры бес елі,  
Тоғыз Оғыз әулеті!  
Умадайдай Анадан,  
Күлтегіндей ұл тумаса егерде,  
Не боласың? Білмеймін!

Бекзаттарың күл болар,  
Ханымдарың күн болар,  
Одан кейін не боласың? Білмеймін!»\*

*\* Орхон-Енисей жазуынан*

Иоллығ қаған!  
Шежіреші, жан ағам,  
Сансыз ғасыр сапырылды-ау санадан.  
Сонан соң да талай тарлан ұл туды,  
Умадайдай Анадан.

Санк етті де көкті аударып зор үні,  
Абылайдың түсін солар жорыды,  
Күңіреніп өткен арыстарымның  
Үңірейіл тұрады әлі орыны.

Содан кейін...  
Алмағайып күн болды,  
Тұл болды жұрт,  
Күнге созып тұл қолды.  
Өкірді ұлыс өз жерінде боп лаң,  
Бекзаттарым күл болды,  
Ханымдарым күн болды -  
Күлтегіндей ұлдарымның жоғынан!

«- Бектерімнің асылық арам пияғылынан  
Азып-тозды ата жұрт.  
Табғаштардың алдап-арбауына  
Көзін жұмып сенген соң,  
Арам атқамінерлермен  
Ана сүтін арда бірге емген соң!»

О, Аруак!  
Сөгілгені-ай іргемнің,  
Қызыл күн боп ғасырыма кірген күн, -  
Ана сүтін – адал сүтін Алаштың  
Еміреніп Елтайлармен бірге емдім.

Хан базарға көшіп кірер қарсаңда,  
Санам – күңгірт, түсем зуре-сарсаңға.  
Ана сүтін неге олармен бірге емдім,  
Тумай жатып, Туа шөгіп қалсам да?!

Доска – күлкі,  
Жауға – таба,  
Жат – әрі,  
Сирер емес әлі олардың қатары.  
Кейде менің Бекзат-Сәкендігімді  
Елтайлығым жығып кетіп жатады!

«Берсен – қолыңнан!  
Бермесен – жолыңнан!» –  
Деген жұрт едік, ит боп кеттік боп – ылаң  
Балденемін несіне осы жұртпын деп,  
Хан Кененің ере де алмай сонынан!  
Соның бәрі – Күлтегінің жоғынан!!!

«Көк Аспанда – Көк Тәңірі.  
Қанатының астында оның – кара жер.  
Екеуінің арасында – адамзаттың үмбеті».

Біздің қазақ ақын дейді арқалы,  
Одан басқа қасиеті бар тағы.  
Кімге көзі түссе адамның бесікте,  
Соған тартады.

Бесігінде ол кімді көріп толғанды?  
Мүмкін Ай мен Күнді көріп толғанды.  
Өзбек көрсе – жер қадірін білетін,  
Шүршіт көрсе – ел қадірін білетін  
Кезі енді болған-ды.

Бесігінде көрген жоқсын сен оны,  
Бесігінде көрген жоқпын мен оны.  
Ол испанды танымайды себебі –  
Танымайды мұхит түгіл – кемені.

Ол көрген жоқ Понти Пилат түрмесін,  
Француздардың үлдесі мен бүлдесін.  
Қазағымның бесігінде көргені  
Қара шекпен көршің болып жүрмесін?

Жарқын көңілі жаздай бір,  
Мамырлайды шіркін мама қаздай бір.  
Әйтеуір, ол соқыр адам секілді,  
Әлі де сол көргенінен жазбай жүр...

«- Өзегімнен өрге ұрпақ өргізіп,  
Сол тұқымның өмірі үшін өртенген  
Ер Түріктің естітұғын ер үшін  
Бір тірі жан бар ма жарық дүниеде?!»\*

*\* Орхон-Енисей жазуынан*

Көк аспаннан Күлтегішнің көшті үні,  
Өрт сөндірген жаңдай екен кескіні.  
Құлағының жаңа түскен құлағы,  
Естісе оны түркі елі енді естіді...

Өле жаздап, қайта тұрып – тіріліп,  
Жетеледі бір рух пен бір үміт.  
Басымызды айналдырды бір күнде,  
Барлық елдің  
Құл-қутаны  
Бірігіп!

Христиандар көзден жасы шелектен,  
Күтті Исаны  
Көктен түсіп келед деп...  
Көктен Тәңірі түскен күн боп думаны,  
Көптен күткен күн де кенет туды әні:  
Кителі киіп, аяғында қара етік,  
Келді Сталин...  
Мәз ел улап-шулады!

Шешек дағын көрдік сұсты жүзінен.  
Қан тамады етігінің ізінен.  
Көзінде – шел, көкірек – шер, кәуірмен  
Мен де қанның топанында жүзім ем!

Айуандығы адам айтса – сенгісіз,  
Кетті зауал,  
Қайта айналып келгісіз!  
...Көзді сүзген көкке мынау қу тобыр.  
Енді кімді күтіп отыр? Белгісіз...

«- Көк аспанда – Көк Тәңірі,  
Қанатының астында оның қара жер.  
Арасында – адамзаттың үмбеті  
Істемі мен Бумын Қаған

Айтқанына көндіріп,  
Айдауына жүргізген...»\*

*\* Орхон-Енесай жазуынан*

Ғасыр көші қалай зырлап ағады,  
Топырақ – күл, көрген қызық тұл болып,  
Қайда қайран Қағаны?  
Қазақ отыр күл болып...

Алыс – іштен тынып, көрші – күліп тұр,  
Иір бұтақ бітті деші еменге.  
Қалай сенер мына дүние күдікшіл,  
Сенен бұрын ғаламды Қаған биледі дегенге?

Шерімді менің кім ұғар,  
Саф алтынға мыс қорғасын жұқпай ма.  
Олжас құсап Останкиноға шығып ап,  
Орысшылап боқтасам да ұқпайды, ә!

Айбарымнан айыл жинап,  
Аттан енді, мен десең!  
Дүние кезек – екі қолдың саласы.  
Мен де сені күл қылғанмын, сенбесең –  
Сенбе иттің баласы!

О да төкпе күй еді,  
Ата жауды ат үстінен орған да.  
Енесайда – енеміздің сүйегі,  
Атамыздың басы жатыр Қорғанда!

О, Күлтегін!  
Әулетінен жеріп Күн,  
Саған ермей, азәзілге еріппін.  
Көкке қарап Көк Тәңірін, көре алмай  
Жерге қарап боқты көре беріппін.

Ұзын найза,  
Жарау атты түркі болу қайда әлі?  
Қайда оның салып өткен сайраны.  
Ол – жайрады...  
Көк Бөрісі жайрады!  
Жаһан бірақ көру керек бір ұлын,  
Жарқыраған төбеде алтын айдары.

Мүмкін, Олжас,  
Мүмкін менің Шер-ағам!  
Көзі жетпей сене қоймас ел оған.  
Әйтеуір, ол Күлтегіннің тұяғы,  
Әйтеуір, ол елін сүйген ер адам.

Күннің күні мәрг ұлан – сол, мерейім,  
Тәңірі соның өрге тартсын өр ойын.  
Жерге карап жемтік іздей бергенше,  
Көкке карап  
Көк Тәңірін  
Көрейін!

«– Бір түркінің тәнін жаны тәрк етсе,  
Мың түркінің тұқымынан  
Түк қалмасын білдім мен.  
Малың –  
Жанынның садағасы,  
Жанын –  
Арынның садағасы емес пе?!  
Аяр жылан айыр тілін шығарып,  
Рухына у шашты!  
Түркі халқы!  
Өлдің –  
Соның уынан!»\*

*\* Орхан-Енисей жазуынан*

Өлмеген енді нем қалды осы?  
Тұл – далам,  
Қарны тоқ кара тобыр, шулаған.  
Әлі – Есалаң!  
Әлі де – құл,  
Қу,  
Надан!  
Қайдан туған, о, сұмдық-ай, мына жұрт!  
Күннен туған...  
Күлтегіннен тумаған!

Түбім қайда,  
Тексізден, не кемелден.  
Бесігімнен белім шығып,  
Белеңнен –



Өскен жұрттан, көшкен жұрттан, көз талып,  
Әкемді іздеп келем мен,  
Шешемді іздеп келем мен.

Оны таппай сағынышым таркамас,  
Түбім қайда?  
Төркінім – кім?  
Ал, талас!  
Кәмәл Ататүрігің де кәдімгі,  
Мағжанның тұяғы еді-ау, Алты алаш!

Болмысымыз, тұрмысымыз күлкілі  
Рухы жоқ жұрттың құдық – құлқыны,  
Құпияны білмесе егер әкеміз –  
Шеше білер...  
Шешіледі бір күні!

«Тұқымың – асыл, одан басқа не дейін,  
Бекзат деші, күмәнданбай сенейін.  
Күннен тумай, Күннен тудың десенші,  
Нишпеден де тусам – түгел кенейім.  
Қарны тоқ кара тобыр шулаған...  
Әлі – есалаң, Әлі де құл,  
Қу,  
Надан!  
Тумай жатып туа шөкті тұқымы,  
Күннен туған...  
Күлтегіннен тумаған!

...Қу бас көрдім  
Не тоқ, не бір аш болар,  
Мүмкін қашып Қытай асқан қасқалар?  
Үйсін де емес, Скиф те емес, Ғұн да емес,  
Біздің Кеңес кезіндегі бас болар?

Наибасаңыз – ашыңыз,  
Өмірі өрге домаламас тасымыз –  
Ми шары тар, жұлыны жұқа, оқ тиген,  
Мынау – біздің басымыз!

Қолмен ұстап тұрғандай боп аспанды,  
Бұл қу бас та жерді алшаң басқан-ды

Мерседестен,  
Автобустан,  
Қыстақтан  
Көргем мұндай бастарды...

Мүмкін шонжар, мүмкін одан сыйлы адам,  
Оны да осы қырықпышақ қинаған.  
Қайда жатыр қайран басы карайып –  
Өз еліне сыймаған?

Дүниеге енді мұндай жан тумас,  
Туса – туар, о да бұдан артылмас.  
...Ұқпаса егер Абылай мен Абайын,  
Күл астында қалады екен алтын бас!

«– Бауырымен, –  
Бауырының жауласқанынан,  
Ағалы-інілі әулеттің  
Араз боп дауласқанынан  
Түркі халқы!  
Түстің терең апанға...»\*

*\* Орхон-Енесай жазуынан*

...Орхон – Енесай жазуынан  
Қайта таптым түркіні.  
Қасиетті!  
Қасіретті...  
Күлкілі!  
Күлтегінің күнге сіңген мұң-зары,  
Менікі екен бұл күні.

Бізді ылғи әзәзілдер торыды,  
Ес жи!  
Ердің естіліп тұр зор үні  
Абайымның сөзін бірақ кім ұғып,  
Абылайдың түсін қай ұл жорыды...

Жиырмамыншы ғасыр келді тауды асып,  
Бауырымыз –  
Бауырымен жауласып,  
Күлтегінің көшіп кеткен жұртында  
Қырықпышақ әулет отыр дауласып...

Мағжанға да, мағин-дағы карамай,  
Култегінді кайта оқышы, далам-ай;  
«О, Құлға да – күл жаратқан, заман-ай!  
О, Күнге де – күн жаратқан, заман-ай!  
О, Бауырын –  
Бауырына бауыздатқан, заман-ай!  
О, Баласын –  
Әкесіне жау тып қойған, заман-ай!  
Бетіңе кеттім карамай...»

## ҮШТАҒАН

### 1

Қонғаны ауылымның Талды-ау деймін,  
Жағалай ел жайлауға барды-ау деймін.  
Киіз үй керегесін жығып, сонда  
Жете алмай осы күнге қалды-ау деймін.

Қонғаны ауылымның Талды-ау деймін,  
Жағалай ел жайлауға барды-ау деймін:  
Саңқылдап Қаз дауысты Қазыбегім,  
Өзегі оның дағы талды-ау деймін.

Қонғаны ауылымның Талды-ау деймін,  
Салдарың шырқап әнге салды-ау деймін.  
Қия алмай жасыл жайлау, ақку, қазын  
Қайтейін, қайран серім қалды-ау деймін.

### 2

Сайратып домбырасын алтындаған,  
Күн қайда қымыз ішіп, салқындаған?  
Жоқты іздеп дүниеден, көкті кезген,  
Дауысы-ай, Жәнібектің қаңқылдаған!

Қонғаны ауылымның Талды-ау деймін,  
Алашым көшің жығып алды-ау деймін,  
Қыз Жібек, Құртқа, Баян, Сұлушашым,  
Көзімнен бір-бір ұшып қалды-ау деймін.

Құбылып ғалам мынау не түрге еніп,  
Несіне ыржындайды бетін беріп?  
Денесі суып барад дүниенін  
Бұзылған жәлеп қатын секілденіп!

3

Қонғаны ауылымның Талды-ау деймін,  
Өмірдің арты осындай алдау деймін.  
...Мәдилер жанталасып ұмтылса да,  
Ілікпей Жұматайға қалды-ау...деймін.

Казактың көшкар басы бірікпей ғап,  
Қиналды-ау қасіретін біліп бейбақ  
Қайраттар – құрбан болған еркек тоқтың,  
Мәдің – Жұматайға ілікпей ғап.

Алашқа Алла риза ма қарап көктен.  
Токтайын базарыма балап кеп мен,  
Дүние – Қояндының жәрменкесі  
Дүбірлеп таң алдында тарап кеткен...

## КЕНЕСАРЫНЫҢ БАСЫ

*Ел ішінде хан Кене қапылыста қолға түскеннен кейін, жазу оның басын кестіріп, күл салғыш ...решінде пайдаланған деген қауесет бар.*

Алтыбақан алауыз қаһанның  
Еркегі қайсы, қатыны?  
Ата жазу – басын атанның  
Күлсалғыш қылды акыры!

Мінезің-ай, казак, беу, сенің  
Қастасқан кезде қашып өң:  
«Әкеннің басы» деуші едің,  
Ал, ойна –  
Әкеннің  
Басымен!

Алаштың тау мен тасына  
Талыстай таңба басылып,  
Ит пен құс шықты басына,  
Басынның жоғын басынып...

Баспақ ел болдық неге біз,  
Бопсаға көніп не түрлі?  
„Біз –  
Бассыз қалған денеміз –  
«Бассыз салт атты» секілді!!!

\*\*\*

Сорың неткен көп еді,  
Жұртым, заман тарылып, -  
Ойыңды не бөледі,  
Не күтесің сарылып?  
Батырларың өледі –  
Тәні қанға малының,  
Ақындарың өледі –  
Жүректері жарылып...

## ҚАРА МЕН

*Бір меңіне Самархан мен  
Бұхараны берер ем...*

*Хафиз*

*Мен де саған Шымкентімді берер ем,  
Әлібек дос қоса кетіп қалады.*

*Жұматай*

Сұлулық пен сұмдықтың ара жігін,  
Өмір-өлім өлшеткен аралығын –  
Көзімді ашып, жұмсам да, қарсы алдымда  
Тұрады ылғи кара мен, кара бұрым...

Сені іздедім міндім де қарагерге,  
Бар ма саған пар келер жан әлемде.  
Қалай ғана кездескем, шерлі Хафиз,  
Жұматайлар жолыққан кара меңге?

Қара меңің ғаламат бастан маған,  
Қалай-қалай сөйлейді сасқанда адам:  
Қызыларайды берер ем, алмайсың ғой,  
Алатауың болған соң аспандаған?

Қайда барсам – азалы, налалы ой,  
Адам Ата – Хауа Ана таланы ғой.  
Шайтанкөлдi берер ем, Сұлушаптың  
Аруағы мазамды алады ғой!

Жер тұлшанып суытып аспан өнін,  
Жыр туғанда тиіп бір тасқа демім –  
Түркі елінің атынан сөйлесем де,  
Түгім жоқ қой жүректен басқа менің.

Міне – пышак, шығарып сілікпесін,  
Жүрегімді ал кеудемнен ұрып-кесіп:  
Махаббат пен гадауат майдандасқан  
Оның-дағы өн бойы – шұрық-тесік.

Абыржыма, аруым, өзіңе кел,  
Көріп тұрса Күн нұрын көзін егер.  
Жаусын ұлы Хафизге рақым нұры,  
Самархан мен Бұхарын өзіңе бер.

Ақындардың аңғармай алдағанын,  
Алтын басты әуреге салма, жаным,  
Алматысын өзі алсын Есенғали,  
Қайда апарып сатса да алмаларын.

Құшағыма елжіреп енші, – міне,  
Айнал-дағы Музама – женсігіме.  
Тағы басқа бір ақын ғашық болса  
Бере салар Жер шарын меншігіңе.

Ақыл-ойы адасқан Алакөлде,  
Қарекеті – кара шаң, кара көмбе –  
Періштесі перісін жәбірлеген,  
Айналайын, сол допты ала көрме...

## ҚЫЗЫМ ФАРИЗАҒА

*Фариза, Фаризажан, Фариза қыз,  
Өмірде ақындардың бәрі – жалғыз.*

*Мұқазали*

Фариза! Фаризажан... Фариза қыз,  
Әкеңдей ақындардың бәрі жалғыз.

Болғанмен ақындардың бәрі жалғыз,  
Әйтеуір, құрып кетпей әлі бармыз.

Ел түгіл, желге айтатын жетеді мұн,  
Күрсініп келеді күн, кетеді күн.  
Нағашың – Мұқағали, әкең – Серік,  
Жүрегі шұрық тесік екеуінің.

Жүрегім жерден бұрын танып көкті,  
Бұлқынып туа ойран салып кетті.  
Дүние – дүние емес, – көз жасы екен,  
Бетіне ақ парактың тамып кетті.

Фариза, желегі де, терегі де,  
Қазақтың кім бойлаған тереңіне,  
Нағашың – Мұқағали, әкең – Серік,  
Өлеңнің енді саған керегі не?!

Көңілді жұбатқанмен шарап ішіп,  
Әкеннің әлі өртеніп барады іші.  
Айналып басымызда тұрып алды  
Арбаған аярлықтың ала құсы.

Өзеуреп күннен-күнге өсетұғын,  
Өртінің кезі жоқ па ошетұғын.  
...Көрінген күл көмеңгің өсегі боп  
Күн келер бұл жалғаннан көшетұғын.

Бір ауыз жылы сөзден кенде болып,  
Аспаннан ес жинадым – жерге қонып  
Көкке ұшып кетуші елік құс болғанда,  
Қап қойдық кара жерде – пенде болып.

Аспанға Ақжарықтан сапар шегіп,  
Мен сенің пәктігіне кетем сеніп,  
Нағашың – Мұқағали, әкең – Серік,  
Әлемді гүл қып бізге әкелші өріп?!

## АҚТОҒАЙДЫҢ СЕРІСІ ТУРАЛЫ ХИКАЯ

*«Неше жылдай жазудан мен шаршадым...»  
Сүлейімбектің өлеңінен*

Мәртебесі, мұраты – осы, мансабы,  
Ақиқат деп арқа еті арша-ды.  
Ақтоғайдың бір шәйірі бар еді,  
Ол шаршады... Жаза-жаза шаршады.

Ақтоғайда бір шәйір бар... Өр еді –  
Табиғаттың сол бір тұмса өрені.  
Бірақ ешбір журнал мен газетте,  
Басылған жоқ оның тентек өлені

Өле неге тәнті болды өлеңге?  
Деп таң қалма, айтатыны көп елге:  
Әлемдегі бір ақынға ұқсамай,  
Жүріп жатыр, тұрып жатыр сол елде.

Бас қатырмай қаламақы, ақша үшін,  
Өрге салды ол өзегінің бақсысын:  
Өленімен быт-шыт қылды сол шәйір,  
Аупарткомның небір қатал хатшысын!

Біздің мақам, мүмкін оған ескірген?  
Құлағына бөгде ырғақтар естілген...  
Жүз мың жолдай өлеңі бар, сол үшін  
Қаламақы дауламайды ешкімнен.

Сол шәйірді тулап жатқан тұмса әні,  
Сол кезеңнің кара бұлтты күрсады,  
Қуып жүріп көшедегі ішкішті:  
«Шарап іше! Қымыз іш!» – деп ұрсады.

«О, сұмдықтан» келеді оның сөз басы,  
Қосағы жоқ. Төрт қабырға. Өз басы...  
Нәсер болып суарады шабытын,  
Көкірегіне сіңе берген көз жасы.

«Көшелерге тал егіндер! Обал-ды...»  
Ешкім ести қоймаған соң доғарды.



Айта-айта Ақтоғайдың қайғысын,  
Ақырында «Асан Қайғы» боп алды.

Үрейлене қарап, тіпті, жатсына:  
«Жынды» дейді оны Ақтоғай – бақсы ма?!  
Содан басқа бірақ мұнда бір еркек,  
Қарсы шыға алмады бір хатшыға!

Тоқырау кеп көтертіп қу кеудені,  
Суайт қылып жібергенде пендені, –  
100 саулықтан 100 қозы алды Ақтоғай!  
Соған осы сері ғана сенбеді...

Құлдыққа да, күндікке де төзді елі,  
Ол – төзбеді, от ұшқындап көздері,  
«Жынды» дейді оны Ақтоғай әлі де,  
Осы жұрттың сау ма сонда өздері?!

\* \* \*

Бастан ұшып керуен күн мен серуен күн,  
Өзегімнен өлең болып өрген кім?  
Ақтоғайдан Тауық дейтін әйелді,  
Көкшетаудан Күнсұлуды көргенмін,  
Беу, керуен күн...

Жерде қалып кіндік кескен мекенім,  
Ұша бердім желп-желп етіп етегім,  
Көкшетаудың Күнсұлуын көрдім де,  
Түсіндім-ау Күннің сұлу екенін.

О, Күнсұлу! Сен күлгенде Күн күлсін,  
Көк те, сен де сәулесіне ділгірсін.  
Екеуіңнің нұрын бірге қосылып,  
Қараңғыны қалқа бөліп, бүддірсін!  
Түнек сонда бір серпілер, кім білсін...

Сұлулыққа тәнті болу күнә ма?  
Дуаласан Музамды өзін – дуала,  
Ай мен Күндей ару туған Алаштан,  
Ақын тұмай – әкім ғана туа ма?!

Жұртын қымай есіл ел мен ескі үйдің,  
Егілдім де, енді ғана ес жидым,  
Ақтоғайда не көп десең әкім көп,  
Аққу менен ақын жоқ деп естимін.

Көкшетаудың үлдесі мен бүлдесін,  
Көрдін, бітті... Түнек енді – күндесін.  
Ақтоғайда Тауық барын мен білем,  
Сен білесің, Басқа ешкім білмесін...

\* \* \*

Айдың көлде жалғыз аққу қаралы,  
Мұңға толы, сырға толы жанары.  
Аққу – дүние сынарсыз қап, сұраусыз,  
Тауық – дүние жұмыртқалап барады.

Өңімде де, тіпті түнгі түсімде,  
Менің бейнем – құс қанатты пішінде.  
Әкем – Сұңқар, шешем – Аққу болса да,  
Жүрем ылғи қарғалардың ішінде.

Құлақ сарсып, құзғын, қарға шуынан,  
Тостағандап жұта бердім уынан.  
Қанаттының бәрін құс деп ойлай ма,  
Қайран Алаш – аққу ұшқан нуынан.

Соның шерлі өксігінен қоздап жыр,  
Басымыздан бір-ақ күнде озбақ жыл.  
...Айдың көлде жалғыз аққу қаңқылдап,  
Алашымда азалы ақын боздап жүр...

## ЕРКЕКТЕР

### *Әйелдердің әңгімесі*

Бойы – сұнғақ,  
Көзі де үлкен,  
Кірпігі,  
Мынау алып қай сұлудың шіркіні?  
Алшаң-алшаң атаян түйе сықылды,  
Ақтоғайға еркек келді бір күні!

Еркек елден артық деуші ек несімен,  
Осы екен ғой... Мысы басты сесімен:  
Жүргендей-ақ ергежейлі елінде,  
Қыз-келіншек танып қалды есінен.

Еркектен де соңғы тұяқ бар әлі,  
Көздерімен бізді ішіп-жеп қарады.  
Елде еркек боп, мәз боп жүрген жігіттер,  
Мұны көріп жүнжіп, жүдеп барады!

Кеуде қандай!  
Қолы қандай!  
Аяғы...  
Қас қырандай қасымызға таяды.  
Құртқа аруын тәтті қылған, құдай-ау.  
Қобыландын осы шығар баяғы?

Нағыз жігіт Шәміл дейді тау елі.  
Әсем дейді ел Жәнібектің әуені.  
Ақын дейді жұдырықтай Жұматай,  
оны қайтем?  
Еркек болсын әуелі!

Деп жүргенде...  
Жыртайын ба бетімді,  
Әлгі еркектің көрдік ісін не түрлі:  
Айтатыны – өсек-аяң, өтірік!  
Бойын қайтем?  
Ойы – қатын секілді!

Неткен күйкі, неткен отсыз жанары,  
Түр-тұлғасы кішірейіп барады,  
Өткен – өтті, уақыт тезге салады,  
Көңілімізде біздің күдік бар әлі:  
Ол келгенде неге біздің жігіттер,  
Абдырап қап, аяғына қарады?!

Мамонттардай маң-маң кезген даланы,  
Жер бетінен еркек құрып барады...

## **ЗООБАҚТАҒЫ МАЙМЫЛ**

Кекірдің де, секірдің секілді – біз,  
Қашса – қуып, қуғындап жетіп жүрміз:  
Қарын тойса – қанағат, мида түк жоқ,  
Дәл өзіндей хайуан секілдіміз!

Қарын тойса болғаны, қутырып қап,  
Бар шаруаны сонымен бітіріп те ап, -  
Бірімізді-біріміз тұртіп қашып,  
Сонымызға күлеміз сықылықтап...

Ей, маймыл-ай,  
Кім түсінсін бұл күнде мені?  
Саған қарасам –  
Өзімізге күлкім келеді.

\*\*\*

Дүниеге егіз кеп, –  
Біз өмірге сүйгіп кеттік теңіз деп.  
Он үш жаста ғашық болған бір қыз бар,  
Қой соңында ән салып жүр мені іздеп.

Он үшімде көңіл – күпті, ой – алаң,  
Омырауымды көз жасымен бояған –  
Қой соңында жүрген сол бір әйелдің,  
Дауысынан күнде шошып оянам.  
Ой – алаң.

Он үштегі махаббаттың әлегі,  
Әлі – сұмдық... Осы өлеңім – дәлелі:  
Гректердің құдайының әйелінен де әдемі –  
Актоғайдың қойшысының әйелі!

\*\*\*

Алашым менің, бөрілі болған байрағы,  
Ер жігіт еді. Алтыннан еді айдары.  
Көңілін арбап көзіне сұлу әйел боп,  
Жолығады оған қайдағы менен жайдағы.

Ер жігіт, дәйім, ел-жұрттың қамын жейтін де,  
Жүретін тәнір ризығы мол ғой дейтін де.  
Осындай елге қайдағы менен жайдағы  
Кездеседі екен сайқал қатынның кейшінде.

Сұлулығына жаһанның жаны шөлдеген,  
Шемен боп бітті махаббат дейтін шерменен.  
Алашымды ойлап, мен-дағы боздап барамын,  
Сұлу әйелдей – сұмырайлар оға бермеген...

\* \* \*

Балалық кеп сенің, менің еркімді,  
Алған кезде, қайдан құйын жел тұрды?  
Сенде де бір, менде де бір періште,  
Бар еді. Оны қандай пері өлтірді?!

Бір кездері періште едік.  
Тұнық бір -  
Бұлақ едік.  
Соның бәрі ұмыт – тұл.  
Өмір дейтін мыстан кемпір, о, сұмдық,  
Бізге қарап ыржаландап күліп тұр!

Балалықтан емес екен түк те әсем.  
Әлди... Соны түсінде көр – ұйқта сен:  
Мыстан кемпір қарсы аларын білгенде  
Ақжарықтан адым аттап шықпас ем.

\* \* \*

Шамды айналған, көбелек,  
От па, нұр ма, саған осы не керек?  
Ғажайып бар өмір дейтін дүниеде.  
Ол – шамыңның жарығынан да керемет!  
Түсінбейді оны, жәндік, сен түгіл.  
Адам дейтін хайуан да, не керек...

\* \* \*

Осынау жұрттың ұларда шу боп ұлысы,  
Құтырған кезде құлы мен күні, ұрысы:  
«Мағжан, Сәкен халықтың жауы!» десті жұрт.  
Досы кім сонда?  
Е, онда кімнің жұмысы?!

Арқадан мұздай сыз өтпей, -  
Ашы күлкі өтіп.  
Құлады-ау жерге небір боздақ та сылқ етіп.  
«Шәмшіміз енді ән жазбай, басын жазып жүр...»  
Деп оған-дағы маза бердік пе күнк етіп?

Отқа айлар ұлды бөкка айдап өсек-кекесін.  
Өмірден өстіп өмірем қалып өтесің.

Шәмші жоқ енді...  
Айта бер әнің болса егер,  
Әлаулай бітсе, халаулай бар ғой, көкешім...

Жұбан да өтті қайнатып қанып қанды алаң.  
Мен түгіл мұнда Қайраттың бағы жанбаған...  
Әкесі – Бекзат, шешесі – Ару қазақтан  
Тексіздер қайдан шығады?!  
Соған таңқалам...

## ПРОВИНЦИЯЛЫҚ ӘДЕБИЕТ

### *Тұрсын Жұмашевқа*

Алдымызда айтар асқақ сөз әлі,  
Қайран уақыт бізден де әрі озады.  
Ақырғанда асау бұра замана,  
Ақындардың аркасы да козады.

Ақын біткен айтар сөзін тауысып,  
Жаңғыртқанда біркелкі үндер тау ішін.  
Маңғыстауға жалт қарайды Алатау  
Естіп бала Темірханның дауысын!

Сонда қалай, көніп қасаң сүреге,  
Бұл буын да бізше ғұмыр сүре ме?  
Топас шәйір астанада алшандап,  
Тұрсындарын қой соңында жүре ме?!

«Романым – ер құны деп – ел мұны»  
Жазып жатқан шығар біреу ендігі,  
Өтежандар шығатұғын өңірден,  
Өтешін де шығатыны белгілі.

Кісі таппай осыларға қой дер бір,  
Дүбірлетіп жөнелгенде дөйлер кіл, –  
Еркек біткен үнсіз қалса, Алаштың  
Ең құрыса бір әйелі сөйлер бір?!

Ауыл менен астананың арасы,  
Қанша қашық дегенменен, қарашы;

Асқақ қарап тұрған Алатауынан,  
Абайың да  
– Шыңғыстаудың баласы!

Жүрегімді сол Семейдің оты ұрып,  
Өмір сүріп келем өксіп, өкініп,  
Ақындардың ауылдарда туатын  
Астанада өлетіні – өтірік!

Сырласқалы сырбаз  
Муза құсыммен,  
Алатауым шықпай қойды түсімнен,  
Алматыға жні барам, қалтамды  
Дәлдүрешке қағып беру үшін мен...

Ойлайды олар мені мырза кісі деп,  
Басын арбар барымыздың іші деп.  
Мен де отырам алай-түлей кеудемде  
Сарыарқаның арғымағы кісінен!

Арғымақтар – тісі тимей тісіне,  
Қарамастан күж-күж еткен кісіге, -  
Ақжарықтан тұяқтары жер тарпып,  
Шауып кіред «Алматының» ішіне...

Көзден ұшып көрген шаһар, көп қызық,  
Қайтар шақта келер, кеудем – от – қызып.  
Ауылдағы поэзия күндерін,  
Астананың барларында өткізіп.

Қайтам мұңды ойға батып не түрлі,  
Алатаудың лебі сипап бетімді.  
Аэропорт «Ақсұңқарға» қарасам,  
Әкем қалып бара жатқан секілді...

Көзімді арбап көгі, гүлзар көше де,  
Сұлулықты құям көңіл кесеме,  
Соңымда енді әкем қалса, қайтейін,  
Қайту керек қырда қалған шешеме.

«Қош, Алматы» деймін сонда ішімнен,  
Бірге ұшып шық көңілімнің құсымен  
Сайқал қала – сайқал қатын секілді,  
Маған опа бермейтінін түсінем...

## АҚСҰҢҚАР

### *Серік Қасымбековке*

Ақсұңқар, Ақсораңға барасың ба?  
Алтын тақ, асқақ болмыс, бәрі – осында.  
Дүниеде сені көрген пенде сирек,  
Сол көптің мен де жүрмін арасында.

Мұзарт шын, түү биікте тұлғаланған,  
Бір көру дидагыңды тугалы – арман.  
Бір ұлы ем Ақсораңның, адамзатта  
Атыңды елден бұрын ұрлап алған...

Ақсұңқар, мысың да – өктем, кәрің де – өктем,  
Жайсаңның құс жолымен бәрі де өткен.  
Әлихан, Әлімхан мен Жакыптарың,  
Сен жеткен шындардан да әрі кеткен.

Басылып тау мен мұхит, дала мысы,  
Келеді Көк Тәңірге карағысы.  
Аспанды, Алланы да тәрік қылды-ау,  
Құсзат пен Адамзаттың ала құсы.

Ақсұңқар, сен де – құссың, мен де – құспын.  
Сен құшқан мұз құрсауды мен де құштым.  
Санатың Алашынның көкпен көріп,  
Қанатым талғаннан соң жерге түстім.

### **ХРОНИКА. ҚАРАҒАНДЫ. АПТАП.**

Аптап ыстық.  
Қаны кепкен бұтаның.  
Қара нөсер тамбай – миы жұкарып.  
Қара көмір қызыл шоктай жатып ап,  
Қарағанды кетер ме екен тұтанып?

Қарағанды – кара нардай ірілік –  
Қара шаңды қалай жатыр сіңіріп?  
...Топан судай тобылғы түс сыраны  
Қара дию жатыр ма екен сіміріп?!



Күн күйіп тұр,  
Күн емес – бұл,  
От – маған!  
Қайда қашам? Қай қиянға оқталам?  
...Қайда барсан – қызыл шарап, қызыл сөз,  
Қызыл түстен қорқатұғын боп барам...

## АЛАШЫМ МЕНІҢ – АСПАНДА

Көзімді жұмып, ашқанда  
Көрдім мен Күнді-сүйіне:  
Алашым менің – аспанда,  
Астында – қалған Дүние!

Сансыз ой тұнып санамда,  
Сансыз жұлдыздың ішінде –  
Осынау ғажап ғаламға  
Кілеммен ұшқам – түсімде,..

Жан тәнін сүйген көкпен нұр,  
– Ассалаумалейкум, уа, әлем! –  
Аспандай рухы мөп-мөлдір,  
Ақ көңіл едім туа мен.

Аспаным маған – астана,  
Аллаға ұқсас – пішіні –  
Бар жерін беріп басқаға,  
Үй-күйсіз қалған кісіні –

Көріп пе ең, әлем?  
Сол – Менмін!  
Ол-дағы, мүмкін, ірілік,  
Сан рет өшіп, өлгенмін,  
Сан рет қайта тіріліп!

Сері қазағын – алысқа,  
Жақынға-дағы шашылды,  
Дастарқан жайып ғарышқа  
Бәрінің қосса басынды –

Өкпесін сақтап ішіне,  
Өмірі айта алмайтуғын!

Дәм берген кезде кісіге  
Дәулеті шайқалмайтуғын!

Жер дауы,  
Жесір дауынан сасқанда  
Бір-ақ сөзбен біткен онысы.  
Алашым менің – Аспанда,  
Астында -  
Азамат соғысы...

Еркіндік уызын ерке емін,  
Атырау – Арқа – Алтайдан –  
Еңкейген болсаң – еңкейіп,  
Шалқайған болсаң – шалқайған!

Қазағың осы, қайтейін,  
Жүрегі – ақ, кара – көздері,  
Қазақша сөйлетіп Дантені,  
Орысша сөйлейтін өздері...

Үжмаққа барар ол әлі,  
Орда ғыш Қазақстанның,  
Шаһарларында – қонағы,  
Өзі жүр қимай – қыстағын!

Қаңғыбас емес соншама,  
Не жетсін Арқадағыға.  
Ғарышың ғажап болса да  
Қайтады Қарқаралыға!

Арқаға аруақ қонғаны –  
Асауға тисе тақымы.  
...Аунап түссе болғаны  
Ақбайдың арыс Жакыбы!!!

Көзімді жұмып, ашқанда  
Көрдім мен Күнді сүйіне;  
Алашым менің – Аспанда,  
Астында – қалған Дүние!

## ӘЙЕЛДЕР

Қалайша үй боп отасты,  
Қайтесін құдай қолдаса:  
Атамыз Адам – топтас-ты,  
Анамыз Хауа болмаса...

Патшалар залым, желөкпе,  
Салмады қырғын қай елге?  
Еркекке соғыс керек те,  
Тыныштық керек әйелге.

Баяннан артық кім керек  
Жиделібайсын бай елге.  
Еркекке – кара түн керек,  
Гүл керек – сұлу әйелге.

Алқынып асау қос өкпе,  
Малшынып тәнді тер өпті:  
Еркекке – ыстық төсек те,  
Әйелге – ұрпақ керек-ті.

Анамыз айтқан ертекке,  
Еміреніп тұмыр сүрген ек.  
Қара сөз керек – еркекке,  
Әйелге – әсем жыр керек.

Арулар келсе алдыма  
Алқызыл нұрға бөленді.  
Жырымды жаттап алды да,  
Аспанға ұша жөнелді!

Аспанға мәшһүр Ай өңі,  
Бәрі де соның әдемі:  
Небір батырдың әйелі  
Небір әкімнің әйелі.

Өздері күшқан бұрымды,  
Өмірді сүйдім – түсімдей!  
Әйелдер сүйген жырымды  
Әкімдер қойды-ау түсінбей...

О, Музам, сыймас заңға ойна!  
Пенденің сөзі – сөз бе еді:  
Өзіңді сүйген жан болса  
Өртемей қоймас өзгені!

...Қалайша үй бөл отасты,  
Қайтесін құдай қолдаса:  
Атамыз Адам – топас-ты  
Анамыз Хауа болмаса...

## ШАТЫРША АЙҒАЙ САЛАДЫ АЙДАЛАДА

*Рымбек Жүнісовке*

Аға, сен қалаға бардың,  
Мен де қалаға бардым.  
Шатырша – далада қалды...

Басы тіп-тік жақпар да,  
Жоны – қырат,  
Жерге түскен нықтан қолы құлап, –  
Шатырша айқай салды айдалада,  
Естіп жатқан ешкім жоқ оны бірақ:

«– Шатыршаның қашанда сайран – басы,  
Сайрандашы, күрсінбей, жайрандашы.  
Мына ел қайда барады-ей, жосыл осы,  
Қай бұтада қалады, ей, қайран басы?!»

Жыр камында жүргенде, ой камында,  
Елден шалғай осы бір қойлы ауылда,  
Елжіреп бір еліктей лағына  
Асыр салғам мен де оның қойнауында.

Шатыршадан түстім де,  
Шалғай көктін,  
Түбіп кезіп, дүниеден зарлай да өттім.  
Өлгі сұлу сол тауға соқпаған соң,  
Мен де өкпелеп ол тауға бармай кеттім.

Таудың қызы,  
Тау – оның кара нары.

Таудан тауға өрмелеп барады әлі.  
– Шатыршада кім қалды, ей?!  
...Арақ сатып  
Осында жүр қаптаған балалары.

Осында жүр кызы да, бозбала да,  
Кемпір-шал ғой қалғаны – боз далада.  
– Қалай деймін – Шатырша?  
– Орнында ғой...  
Е, Шатырша орнынан қозғала ма!

«Сайрандаса – осылар сайрандасын,  
Жайрандаса – осылар жайрандасын,  
Тырқыратып тектімді қуып тастап,  
Тексізбенен қалды ғой, қайран басым!»

Деп жылайды қайран тау, жоңы қырат,  
Жерге түскен ныктан қолы құлап.  
Шатырша айғай салады айдалада,  
Естіп жатқан ешкім жоқ оны бірақ.

Аға,  
Ақынмын деп мен неге қалаға бардым?  
Әкіммін деп сен неге қалаға бардың?!  
Жыланды – далада қалды...  
Қызыларай – далада қалды...  
Шатырша – далада қалды...

Қайда барар қайран ел,  
Құрағына,  
Тауына да карамай, бұлағына?!  
Шатыршанын осы бір жанайқайы,  
Шалынса екен құдайдың құлағына.

## ЕРУЛІКТЕ ОҚЫЛҒАН ӨЛЕҢ

Қаратаудың басынан көш келгенде –  
Жоқ едім мен.  
Көшкен сайын бір тайлак бос келгенде –  
Жоқ едім мен.  
Әлі күнге өзегім өртенеді  
Еңірегем «Елім-ай» өлеңінен.

Талғыр қырда тағы бір көш келеді,  
Көшкен сайын бір тайлак бос келеді.  
Көзі-басы уайым, көңлі – пәс,  
Көштен басқа көрмеймін ештеңені.

Елі егемен болған соң,  
Өсіп көңлі,  
Жұртқа тастап киелі есік-төрді, –  
Бакан ұстап қолына, басын алып,  
Балтабай да қалаға көшіп келді.

Киіз туырлықты казакпыз замандардан,  
Маған қонған сол кие, – саған қонған;  
Киіз үйді тігіп ал!  
Түркі жұрты  
Сонымен де сан жұттан аман қалған.

Цивилизация – айдаһар,  
Араны – ашық!  
Қарап қалсын аң-тан боп кара басып:  
Майқұдықтың ТЭЦ-інің түтініне  
Киіз үйлің түтіні араласып;

Аныраса Ақтоғай – Абыралы  
Тәубесі де жетеді, сабыры – әрі.  
...Құдайға шүкір, –  
Әйтеуір құламай тұр  
Батталғазы марқұмның шаңырағы...

### АСПИРАНТ ОМАРДЫҢ ИТІНЕ

Байлаудағы шынжырды керіп, ұлып,  
Неге үресің сен осы, нені біліп?  
Жұмысы жоқ сенімен, иттікпен де,  
Мен бір жүрген осында сері жігіт.

Иең бізді қарсы ап пәк көңілменен,  
Аузын ашса көмейден төгілді өлең.  
Нищемемен бір баз кешіп дүниеден,  
Сақылдап бір күледі Гогольменен.

Мынау Жамбыл – тарихшы,  
Өз еліне, –  
Өле ғашық тауына, өзеніне.  
Өз елінің өмірін зерттеп-зерттеп,  
Өмірлік шер байлаған өзегіне.

Сағая әлі ертелеу біз күлерге,  
Шуылдақ көп бермейтін тізгін-ерге.  
Төрт аяқты ит болсаң қайтам енді,  
Екі аяқты ит те бар біздің елде.

Асау ойы Алашты ала қашып,  
Жамбыл жабық сандығын салады ашып.  
Алтыбақан алауыз жұртымыз бар,  
Арлан итше келеміз абаласып!

Сенің онда шаруаң жоқ – нең біледі,  
«Ит болған соң – үреді» деп жүреді.  
Кім сүйегін лақтырар?  
Алак-жұлак  
Екі көзің соны іздеп телміреді.

Дос ізлесек о да бір онды ісіміз,  
Кейде сенен аумайды сол кісіміз.  
Итке сүйек лақтырып жақындасқан  
Кұрсын бүйткен адами болмысымыз!

Адамзаттық сауалға алаңдайды ұл,  
Әзер көшіп зіл бағпан табандай – жыл.  
Осы ел неге итке ұксас?  
Мен түгілі  
Аспирант та жауабын таба алмай жүр.

### ЭПИГРАММА

Басында айналмасы – алакұсы,  
Қасымнан қалмайды бір қара кісі.  
Қабаған қара ит қылып жіберейін,  
Кеп тұрса қазір мені талағысы?!  
Қасымнан қалмайды бір қара кісі.

\* \* \*

Әдемі, әсем әлем-ді  
Түндерде  
Тал-түс  
Ақ таңда –  
Сүйдім мен небір әйелді  
Құшақтап гүлзар бақтарда.

Еріні оттай күйдірген,  
Емем деп соны-кұрыдым:  
Қара көз қызды сүйдім мен  
Таркатып қара бұрымын.

Сарыауыз қуға ұқсатпа,  
Саңлақ сезімнің сардарын:  
Талықсып жатты құшақта  
Тамылжып атқан таңдарым.

Қиядан саған жеткенмін,  
Құнығып сезім, ой, мүлдем,  
Қылықты келіншектердің,  
Қызығына тоймай қойдым мен.

Арғымақ – жүрек арқырап,  
Жұлдызша ақтым жарқырап,  
Жапырақша жаттым қалтырап,  
Тасқынша таудан сарқырап:  
Ернінен сүйдім бал құрақ,  
Ерінен, сүйдім, тартып ап!

Базарын көріп жер-көктің  
Байланып қалды тіл, мүлдем.  
Аруды сүйген еркектің  
Арманы жоғын білдім мен...

\* \* \*

Уа, түркітанушылар,  
Уа, Мағжантанушылар!  
Қолдарына шырақ ұстап, іздесен де сандалып,  
Таба алмайсың ұлы ақынның денесін,



Боздап келіп,  
Боздап кетті дегейсің,  
Тұранының шер боп калған шемениң  
Күлтегінше қозғап кетті – дегейсің,  
Тоныкөкше қозғап кетті – дегейсің.

Өр кеудесін өкпек өпті – дегейсің,  
Қай самұрық өкпелетті – дегейсің.  
Көктен ұшып келіп еді бұл жерге,  
Үркіп қайта Көкке кетті – дегейсің.

Ғазиз тәнін жалмауыздар түтіп жеп,  
Сүйегін ел таба алмай жүр бүтіндеп.  
Бірақ әрбір түркі елінің үйінде  
Жұдырықтай  
Жүрегі тұр –  
Лүпілдеп...

## АҚБАЙДЫҢ ЖАҚЫБЫНА ЕСКЕРТКІШ

Ақбайдың Жақыбы!  
– Құл болма! – деп едің.  
– Күн болма! – деп едің...  
Не болды ақыры?

Құл болдық ақыры,  
Күн болдық ақыры,  
Кеше гөр Алашты –  
Адасқан ақылы...

\* \* \*

Аямай сілтеп құрығын,  
Өгіпті-ау өмір, құлыным.  
Көз жауын алып ұрының,  
Түсетін жерге бұрымын.

Бар жігіт саған бас ұрды,  
Сол көптің қалай бірі ем мен?  
Таңсық боп талай -  
Шашыңды  
Тарқатып жерге жібергем...

Ұмытам қайтіп мен енді  
Көрсем де сұлу не түрлі –  
Қара шаш жапқан дененді –  
Қап-қара нөсер секілді!

...Кездестік, міне, кешігіп,  
Қарамайсың ба қайрылып?  
Қос бұрым қалған кесіліп,  
Қос жолдар – қалқа айрылып!

Қимасым едің, –  
Қош!  
Бүгін –  
Қоштасар күнім жетіпті.  
Арқаңнан түсіп қос бұрым –  
Қос жылан болып кетіпті...

\* \* \*

О, Шырағым...  
Жанып – өшкен!  
Сүйші мені танып естен!  
Алақұйын сезім дықсып,  
Аумамай барам жарыместен.

Сыйқыр сұлу қалпыңа көш,  
Көзді арбасын алтын елес.  
Естен танып сүйген сені  
Ешкім менен артық емес!

Бөтен отқа күймегендей,  
Бөгде еркекті сүймегендей –  
Алда бәрін,  
Арба бәрін!  
Несіне оның таңғаламын?  
Аяғыңа жығылсын кеп  
Ақыл-ессіз аңғалағың.  
Арба бәрін!

Жалғанда ыстық жар екенін,  
Онсыз – дүние тар екенін: –  
Махаббат жоқ десе біреу  
Көрсет оған –  
Бар екенін!

\* \* \*

Қай жаққа мені әкеттің тағдыр – тепенкөк?  
Қарашаңырақ қайда,  
Қай жерді жүрмін мекендеп,  
Қыс түссе болды, қысылып жүрем, күрсініп,  
«Қарқарылада да қар жауып жатыр ма екен» деп.

Ананның жүзін бір көруге де ділгірсін.  
Қасында мен жоқ,  
Шаруасы қайдан мыңғырсын,  
Қыраулы қыста бұзаулап қалып сиыры,  
Жем-шөбі қат боп, уайымдап жүр ме?  
Кім білсін...

Шаруасы жұрттын жатқандай маған тіреліп,  
Күтпейтін малын қасына, шіркін, бір ерін,  
Өзінің сүтін емгенде кісі болғандай,  
Несіне әуре –  
Сиырдың сүтін жіберіп?!

Қай жаққа мені әкеттің тағдыр – тепенкөк,  
Қарашаңырақ қайда?  
Қай жақты жүрмін мекендеп,  
Ойлаумен жүрмін, қаһары қайтып қыстың да,  
Сиыры жазда бұзаулап бітсе екен деп.

Аман ба, Тәте, адам затынан бөлегім,  
Тауыса алмадым дүниені, шарлап көлемін.  
Барғанда жазда бұзауың тұрса мөңіреп,  
Өзектен пықсып құйылар шерлі өлеңім...

\* \* \*

*«Великий человек смотрел в окно...»*

**И. Бродский**

Қыртың да аяғында, құрт та қалып,  
Аспанның ауасынан ұрттап алып,  
Тұр ақын Мұқағали Көктөбеде  
Мұзартқан апай төсін бұлтқа малып.

Атқанда шакшасын ап қалтасынан,  
Жай оғы жаркылдайды жартасынан.

Аса алмай Алатаудың аркасынан,  
Алматы сұлап жатыр шалқасынан.

Көгінен көрген ақын бас қаласын,  
Көзіне елестетті масқарасын.  
Берсе де, бермесе де баспанасын,  
Қасым-ай!  
Тастамаған астанасын...

Елінің кірмесе де түсіне бір,  
Елжіреп алдында оның кішіреді ұл.  
Өр ұлын сыртқа теуіп,  
Магнитше  
Өнезін неге тартад ішіне бұл?!

Алыстан ақынына бетін беріп,  
Тұр шаһар қызыл-жасыл не түрге еніп,  
Болғанмен өзі әдемі,  
Өсемдікті  
Үкпайтын жәлеп қатын секілденіп...

\* \* \*

*Духовной жаждою томим,  
Несмотря на паспортные данные –  
Не читайте! Не завидуйте! –  
Я гражданин –  
Страны страдания.*

**А. Вознесенский**

Ел болсақ дейміз есінеп,  
Естімейтіні несі деп.  
Алашты Алла кешіреді:  
«Кіреді ақыл-есі...» деп

Ертенім – бұлдыр, үмітсіз,  
Елдікке елім – құлықсыз.  
Ұлдарым мынау – уытсыз,  
Қыздарым анау – қылықсыз.

Ерлерді қырып, қалай біз  
Ел болдық гайбат сөзге еріп?  
Игі жақсыға қараймыз –  
Ит көрген ешкі көзденіп!

Боламын десең пақыр бір  
Құлақта жүрер нақыл бұл:  
Дарынсызыңды – ақын ғыл,  
Ақымағыңды – әкім ғыл...

Төскейде – малы,  
Төсекте – басы тоғысып,  
Жат сүрер болса өріне,  
Өзіңмен өзің соғысып, –  
Өзгені шығар – төріңе!

Ел болсақ дейміз есінеп,  
Естімейтіні несі деп,  
Алашты Алла кешіреді:  
«Кіреді ақыл-есі...» деп...

\* \* \*

*О, Бостандық!*  
*Мен сені құдай көрем.*  
**Мұқағали Мақатаев**

Қайда әлгі еркіндіктің ерке құсы?!  
Ол да әлде... Кемпір-шалдың ертегісі...

Қарасам аспаным – кара тұман.  
Көз талып, көкке қарап таң атырам.  
Құс болса келетұғын кезі болды,  
Қайылып қалмаса егер канатынан.

...Бір күні еркіндіктің құсы налып,  
Қиядан келді-дағы ұшып арып –  
Жөнелді небір боздақ арысымды  
Қаны аққан канатына қысып алып.

Қайда деп қарағанда құлай барып,  
Ес жисам екі көзім лайланып, –  
Әлгі құс ала құстың кейпіне еніп,  
Алаштың көгінде жүр шыр айналып.

Асау қан, лапылдамай, салкындашы,  
Ақыл жоқ, ақ тілек бар, ал, тындашы,  
Алла өзі таупық берсін Алашым, –  
Айналған ала құсқа алтын басы...

## КӨРШІМІЗ КӨШКЕН КҮНГІ БАЛЛАДА

Шошканың басы, қалқып екі құлағы,  
Желінбей қалды...  
Тамам жұрт іштен тынады,  
Көңілі босап, ананы еске ап, мынаны,  
Көршіміз Миша көшерде өксіп жылады...

Әйелі – неміс, белорус оның сүйегі,  
Қия алмай отыр қазақтың жерін киелі.  
Оң жағында – Еркебай,  
Сол жағында – Серкебай,  
Екеуін бас сап ернінен былш-былш сүйеді.

Ағыл да тегіл – арак пен шарап өзені,  
Мишаның бүгін бір белден асар кезені.  
Елжіреп отыр, бәрі бар шығар о жақта,  
Еркебай менен Серкебай жоғын сезеді.

Қайтерсің осы – заманың бастан озғасын,  
Теретпен шерді қозғаса шарап қозғасын:  
Мишамыз қойып, солығын баса бергенде,  
Еркебай мен Серкебай енді боздасын.

«Айналып соғар, аман бол, ата-мекенім!  
Кетемін! – дейді – Мишамен бірге кетемін...»  
«Көшеміз» – дейді, көлікті болсын көштері,  
Көкесі күтін тұрса егер онда екеуін.

Түйенің қомы болса да, аттың жалы – бақ,  
Жетісер онда, бұ жақта жиған малы ғып.  
Әйелі неміс Мишаның өзі қиналды,  
Қайтеді, ей, мыналар, қазақтың қызын алып ап?!?

...Сталин қайда болмайтын екі – дегені?!  
Бір дауыл келіп шайқалтты біздің кемеңі.  
Көңілі бірге ел-жұртты салып әуреге,  
Көш-қон деген әбігер қайдан кеп еді...

## ТӨЛЕУҒАЗЫ ӘБЖАНОВҚА

Ішіме тартып демімді,  
Танданған тұлғам жетеді.  
Сен сүйдің ұлы Гегельді,  
Мен сүйдім ұлы Гетені.

Ұлылықты сүйдік қаталап,  
Сұлулықты сүйдік қаталап,  
Қазақтың аты – Махаббат!  
Ғажаптың да аты – Махаббат!

Көз жаспен бетін жуады,  
Дүние – ойға түсіп кеп:  
Маркстен – Ленин туады,  
Нишеден – Гитлер күшіктеп...

Пендеден бе екен, құдайдан,  
Малшынса жасқа жанарым,  
Толстой құсап, Ұлы ойдан,  
Қорқатын болып барамын.

Ғаламға қарап сүйіне,  
Түбімізді көрдік – түркіні.  
Қазақша ойланса дүние,  
Ғажап болады бір күні.

Түркінің осы қазағы,  
Махаббат оның – ғажабы,  
Ғажабы әрі азабы.  
Алашты көрші – азалы.

Сұлу әйел – жер-көк, жарық күн,  
Тәкаппар туған төре еді.  
Қазақтай еркек халықтың,  
Сүйгенін жақсы көреді.

Қызыкпай дүние, бөзіне,  
Мән бермей қаңқу сөзіне, –  
Сүйем мен сол бір аруды,  
Шөп салса-дағы көзіме.

Күнсұлу – рухы, Ай өңді,  
Тебіреніп, терең толғана,  
Әйелге ұқсас Әлемді,  
Сүйдім мен,  
Кінәм – сол ғана.

## АКВАРИУМДАҒЫ БАЛЫҚТАР

Аквариумдағы балықтар-ай, балықтар!  
Ұқсас екен біздей сері халыққа.

Мәз болады жіберсең бір жемді сап,  
Біздей – сері,  
Біздей – ойсыз,  
Сенгіш-ақ:  
Еркендікке естен танып мәз боп жүр,  
Егемен ел болдым дейтін мен құсап...

Аквариумдағы балықтар-ай, балықтар,  
Қалайша ұқсас біздей сері халыққа.

\* \* \*

Тәте, биыл үйге осы шөп түсті ме?  
Аз түсті ме тағы да...  
Көп түсті ме...

Ашпақ қарға оранып төңірек бұл,  
Неге ұлып тұр ит-құсы, көні кепкір?!  
Ала сиыр тағы да түсіме еніп,  
Маған карап қалай бұл мөңіреп тұр?

Биылғы қыс қабағын түйіп кепті,  
Қарашада қарын да үйіп төкті.  
Қарқаралы қалжырап суға зар боп,  
Қанша шалғын шілдеде күйіп кетті.

Уайымдама бір барам қасыңа, анам,  
Көкірегімде көк пен жер, ғасыр алан.  
Қара сиыр қартайып етке өткенде,  
Ала сиыр еді ғой асыраған.



Түсіме еніп ол неге мұнданады,  
Бұл астында бұлыңғыр күн барады.  
...Ала сиыр аш қалса, Ақсұңқардың,  
Тұқымынан бұл жақта кім қалады...

## ЛАТЫННЫҢ ЕСКІ ӨЛЕҢІ

Феникс күсқа сай – тегім.  
Бардан жоқ болып, жоқтан бар болдым  
Мен неше,  
Сен, мемлекет болсан, қайтемін,  
Мен – халықпын, ендеше.

\* \* \*

Сұлу қыз,  
Бал шарап -  
Омар Хаям рубайлары,  
Кез болды кейін бізге удайлары...

Дауасы кем емес бір шаманыңнан,  
Ес жисақ түнде құлап, таң алдынан –  
Мас болып өте шыққан екенбіз ғой,  
Елтай мен Колбиндердің заманынан.

Қотарып сіміргенде қалыс қалмай,  
Итпен де, құспен де іштік намыстанбай;  
Ит пенде, құспен де іштік намыстанбай –  
Қасиетті Есенинмен қағысқандай...

Босатқан күлкісі мен әзілі ішті,  
Ойын-той отырыстың назы күшті.  
Мұқағали жазарын жазып – ішті,  
Біздікі – бір әшейін мәжіліс-ті.

Кеудесін тырналаған кара күшік,  
Ақындар бардан барға барады ұшып.  
Қазтуған қымыз ішіп жазған жырды,  
Қай қазақ жазар дейсің арақ ішіп?!

Қазақтың түркі болып түсіне енем,  
Күлтегін – түбім, бұған ішін өлең.

Лулаққа барады – ауып мама-бием,  
Айрылып қулыныннан кісінеген...

Қырықтан асқан кезде, а құдайлай,  
Түсіндік бір нәрсені қалы қалмай:  
Жырлаған бал шарапты Омар Хаям,  
Кетіпті одан тілті татып алмай.

Жандай боп дуаланған шаманыннан,  
Ес жидық түнде құлап, таң алдынан.  
...Мас болып өте шыққан екенбіз ғой,  
Елтай мен Қолбиндердің заманынан.

\* \* \*

Тоқырауынның ұстады биыл бақсысы,  
Осында бүгін қазақтың игі жақсысы,  
Өткізіп жағыр өткелден сыйлы мейманын,  
Әкімі осы ауданның, хатшы, атшысы.

Жазғытұрым,  
Судың асты – мұз үңгір.  
Ей, мынау кім?  
Жапқан жарқын жүзін нұр –  
Алты Алашы аузына қарап отырған  
Ақын ағам мұз үңгірде жүзіп жүр!

– Қалай екен біздің өзен, ағасы?  
Ыстық па екен Ақжайықтың суынан  
Суық па екен Ақжайықтың суынан?  
Момын ба екен Ақжайықтың суынан?  
Тентек пе екен Ақжайықтың суынан,

Терең ойға батам мен,  
– Турист деп пе ең мені келген жат елден?  
Баяғыда түсіп кеткен су ғой бұл,  
Ақмаралдай керілген бір апанмен!

Мұзды мұхит болмаса да – мұз үңгір,  
Мұз үңгірде жапқан жарқын жүзін нұр –  
Алты Алашы аузына қарап отырған  
Алпыстағы ақын ағам жүзіп жүр...

Асау толқын барады оны қайда алып?  
Жағалауда окшау ойға байланып,  
Ақмаралдай керілген сол апам мен,  
Ақыннан да тұрмын іштей айналып.

Онда ақынның қылшылдаған кезі еді,  
Бұдан да асау Тоқырауын өзені,  
...Әлемдегі құдіретті,  
Әйелдер  
Қалай осы жер түбінен сезеді...

\* \* \*

Құдай-ау, поэзия кімге керек?  
Күнге керек, құлшыртсын гүлге бөлеп,  
Ақындар кімге керек айқай салған,  
Аярлар айтқан кезде «үндеме» деп.

Кімге керек?  
Сурадым елге барып,  
Тіл қатпады ол, мен қайттым шерге қалып.  
Көкке кетті Есенин... Елегзідік,  
Есенғали екеуіміз жерде қалып.

Шықты небір шәйірлер домбыра алып,  
Мын бұралып, жүз, азы – он бұралып,  
Зәулім-зәулім сарайға толды халық.  
Ақын болсаң ал, шық деп, мына тобыр  
Енді бізді күтіп тұр қолды қағып.

Сахнада қолкалап шақырғалы,  
Жатыр бәрі.  
Көрсетер ем көкесін ақындықтың  
Көріп тұр ғой Аспанның ақындары?!

Қой десеңдер мен қойдым, мақұл, аға,  
Аты ақын адамның, заты – бала.  
Қыран біткен қияға сіңіп кетіп,  
Жапалақтар ұшып жүр – сахнада.

Сұңқар – көкте.  
Ол қалай жерге түспек?  
Ию-кию кикуга кел де түс деп,  
Қанаты бар жапалақ қомданады,  
«Сен құс болсаң, қайтейін, мен де құс» деп.

Жаналақтар, ал, сайра елге барып,  
Жер шұқысын бұлбұлдар шерге қанық,  
Көкке кетті Есенин... Елегзіміз –  
Есенғали екеуіміз жерде қалып.

Мұқағали басына түнейік бір,  
Асықпай-ақ кел, өмір сүрейік-дүр,  
Мына жерде біз біраз жүрейік құр,  
Ішек-сілеміз қатқанша күлейік бір...

\* \* \*

Ит сатып ап бер дейді ұлым.  
Ақымағым...  
Қасқыр еді әкесі, ақын – әрі,  
Дүние – базар бұл күнде, мені қайтсін,  
Иттің небір сырттаны сатылады.

«Кой!» – деймін мен,  
Коймайды бала мына.  
Ит асырап қасқырға саламын ба?  
Күшік асырап ит еткен Абай атаң,  
Жармасты ғой о да оның балағына.

Қой деймін мен.  
Коймайды балам әлі,  
Мына бала қоймайды – жан алады.  
...Қайран, алтын басымды көкпар қылып,  
Басқа иттің де аз ба еді талағаны...  
Мұны да олар әуреге салады әлі.

## ТОҚЫРАУЫН. ТОҚЫРАУ ЗАМАНЫ

### *70 жылдар хроникасы*

Қайда көшіп ай барады – білмеймін.  
Тұман басты айналаны... Білмеймін.  
Кіріп барсам аупарткомның үйіне  
Басым неге айналады! Білмеймін.

Бері аттадым,  
Әрі аттадым...

Кірмеймін!  
Алла ма, кім – жаратқаным?!  
Білмеймін.  
Аупарткомның хатшылары ашулы,  
Неге ашпайды қабақтарын – білмеймін.

Хатшы түгіл, нұсқаушы да өр кеуде.  
Көзін сала бермейтіндей көр жерге.  
Тілшісі де, тіпті, аудандық газеттің  
Тіксінеді өлеңімді көргенде.

Түк шабыт жоқ. Салқын ойлар санамда.  
Поштабайдың екі қолы – жағамда.  
Аға сұлтан бола алмаған Шоқандай,  
Тап болыппын алмағайып заманға.

Ұлысқа не болсам дейтін баланы  
Учасковий нығымен қағады.  
Жер түбінде – жүгінетін Жезқазған...  
Тоқырауын.  
Баста – тоқырау заманы.

Лап еттім де көкірегіме түскенде от,  
Іштім, сонсоң...  
Бостан босқа ішкен жоқ.  
Өзі – акын, өзі – обкомның хатшысы,  
Көкеміздің көзіне де түскем жоқ!

Тентегі мен тезді салып тезіне,  
Құл-құтанды тәтті қылған өзіне, -  
Совнаркомның төрағасы, тәкаппар,  
Сәкен ағам елестейді көзіме.

Көкіректе күлкімнен көп екен мұң.  
Сонда-дағы өзіме-өзім бекеммін,  
Бір қауымға әйгілі акын болғанша,  
Бір ауданға әкім болмаған екенмін.  
...Осы оймен шерменде боп кетермін.

\* \* \*

Асан Қайғы желмаясымен желіп жүріп,  
Қарқаралыны көргенде:

«Уа, мынау Алдатағаланың асылы,  
Алаштың жасылы екен!» депті.

Көкшулан тау, көкке иығы тиіп те,  
Жер түгілі, Күнге басын иіп пе?  
Жағады екен ұлылық пен сұлулық  
Аяғыңның астында емес – биікте.

Жермен бірге Күнді айналған тасқында,  
Мекені – Алаш, мен де шерлі һас тұлға,  
Неше түрлі құрт-құмырсқа жүреді –  
Аяғымның астында.

Жазамын деп ғажабы мен ғазалын,  
Қырық жылдай тартып жүрмін азабын.  
Тау ішінде, сай ішінде жарқырап,  
Жауһар құсап жатыр менің Ғажабым...

Қарқаралы, қатал болған ғасыры,  
Зардай – әні,  
Сарғаялы жасылы,  
Кешір бізді, о, Алланың асылы!  
Көркемдікті көрмей талақ қылатын  
Адамзаттың көзінің бар басыры...

\* \* \*

Тәңірім – Көк,  
Алаш анам деп едім.  
Қаным тамған жерден ізде мені, елім,  
Өңез бенен өлімтікке осыдан –  
Өр басымды імейтұғын себебім.

Көйлегімді бұлағына жуғам мен,  
Көкірегімді құрағына жуғам мен,  
Сұлу жерден сұмырайлар тумайды,  
Көзді жасқап,  
Біздей асқақ, тәкаппарлар туғанмен.

Бұл заманда құрт пенен қырт құтырды,  
Арбап әбден алды менің зықымды,  
Айналдырған ақын Ақан серіні  
Перінің қызы сықылды...

## ҚАРАГЕРДІ БӘЙГЕГЕ САЛАРДАҒЫ ОЙ-ТОЛҒАУ

Қарагерім, кінәрат жоқ мүсінде еш,  
Ерге қонған ер еңсесін түсірмес,  
Сұлулыққа суғаратын көзіңді  
Сұлу жылқы – сұлу әйел пішіндес.

Түсті-ау қолға деп жүргенде: «Жетем ғой...»  
Құлагерлер қылаң ұрған мекен ғой,  
Тұяғымен тұлпар тұрса жер тарпып,  
Тұғыр болып туу – күнә екен ғой!

Европа ерте жексе күйімені,  
Қазақ қырда арғымақпен биледі,  
Жарасады бұл тұқымға Ақанның –  
Құлагері, Жұматайдың – Жирені.

Қыр төсінде тұяқтан шаң жосылса,  
Неткен сері, сал жұрт едік осынша:  
Құлагер мен Жириендерге енді кеп,  
Мына менің Қарагерім қосылса!

Қарагерге көзі түсіп тосылып,  
Осындағы ойындары осылып, -  
Басы лақсын – басын кесіп ала алмай  
Батырашқа Қотырашы қосылып!

Тұяғымен жерден інжу аршып ал,  
Жөнел енді, жел өтіне қарсы бар  
Сенің де бір Батырашың бар шығар,  
Сенің де бір Қотырашың бар шығар.

Ал, Құлагер, беу, «Сарыарқа» күйінің  
Нотасымен бас кеуденің күйігін.  
Қара шаң сап Қарқаралы шетіне,  
Бетіне ұста Аксораңның биігін.

Мен өзіне желге мінсем жетем ғой,  
Құлагерлер қылаң ұрған мекен ғой,  
Тұяғымен тұлпар тұрса жер тарпып,  
Тұғыр болып туу – күнә екен ғой!

## ЕКІ ЖЫЛҚЫШЫ ТУРАЛЫ ЕКІ ТҮРЛІ БАЛЛАДА

Екеуі де тау ұлы,  
Ел суарды екеуінің сауыны,  
Сапырылып күбі-күбі қымыз боп,  
Қатар жатыр екеуінің ауылы.

Орал ағам от-мұзда,  
Тұрғанын айт қарауылдай боп құзда.  
Ат үстінен түспейді Аяз ата боп –  
Ақ-қар, көк мұзда.

Кім жылқышы дейді Сәмет ағаны,  
«Волгасымен» олай-бұлай ағады,  
Ол бір шонжар, алты мындай жылқысын  
Қағылған мен соғылған кеп бағады...

Қос жылқышы... Қос-қос қосты паң дала,  
Ақ-қарасын білетұғын Алла да,  
Ақ-қарасын білетұғын пенде де,  
Екі ағам – бұл, екі түрлі баллада.

Хан тағында –  
Осы ұлыстың қолына ұстап бағын да,  
Орал ағам табын қосты – табынға,  
...Сәмет жұрттың жауша тиді малына.

Заулап өтті содан кейін ағын жыл,  
Көзден ұшқан сағым-дүр.  
Орал ағам жылқышы әлі атакты,  
Сәмет сиыр бағып жүр...

Сары аязда сақылдаса тісі кеп,  
Көз алдына құба қылаң түсі кеп, –  
Оятады ат үстінен Оралды,  
Қалың жылқы кісінеп!

Тұяқсыз қалса алап – тұл.  
Орал ағам арғымақты – канатты ұл,  
Қайда әлгі Қара айғырдың үйірі,  
Қайда әлгі Құла айғырдың үйірі?!  
Қара бұқа Сәметке қарап тұр...



Ел аманда, жұрт тынышта жұтаған,  
Есіл малды табарсын кай бұтадан,  
Қабак түйіп қарап тұрған Сәметке,  
Қорқам осы бұқадан!

Жалғыз косты пан дала,  
Қарайғанға карайтындай шамдана:  
Өзегіме құйылады өлең боп,  
Өмір дейтін екі түрлі баллада...

\* \* \*

*Құтылар хал болмады мына дудан,  
Біз де ішпесек болмайды жынды судан.*

*Абай*

Сау емес дүние – қояншық, құдай біледі.  
Құлақ тынады жылаған, күлген дауыстан,  
Қара жамылған ғаламзат сак-сақ күледі –  
Ақылы ауысқан!

Ала күс басын қозғап бір,  
Аспан айналып бара ма?  
Адамзат кейде күліп тұр, кейде боздап тұр –  
Жындыханада!

Айығар ма екен дерті бұл?  
Аттан сал, мейлін, тістен кеп,  
Масқұнам казак барда отыр мас боп:  
«Мен түгіл, Мұқағали да ішкен!» деп

Есениндер-ай, өмірі – өсек, сандалған...  
Сол қаңку қалар ұзаққа.  
Қазақтан-дағы мас ақын көрсем – таң қалман,  
Жынға жын тиіспейді бұ жақта.

\* \* \*

Мен не көрдім?  
Не көрді ел?  
Бәрі – ойымда.  
Тәңіріме соны айтып барайын ба?  
Өксіп барам өлең де оқи алмай –  
Державинше – патшаның сарайында.

Лашықта да шарап көп – сімірейік,  
Шаршы топқа кірместің сүмірейіп!  
Менің орным кандай жер болса-дағы,  
Тұрады өстіп ойсырап – үңірейіп.

Елді ойласам тау асып, сайға құлап,  
Жел еседі алдымнан майда құрак.  
Бұқар жырау болар ем, сөз ұғатын –  
Алтын басты Абылай қайда, бірақ.

Жалған әлем –  
Талайдан қалған әлем,  
Қияға шық қырандай самғап, өлең!  
Абылаймен сөйлесу арман емес,  
Сырласатын өзің ғой – Алламенен..

### **ИМПЕРАТОР ТРАЯННЫҢ ҚЫЛЫШЫ ТУРАЛЫ ХИКАЯ**

Ұлы Римнің баламасы сықылды,  
Адал,  
Асқақ дидары -  
Император Траян  
Үзiрi Сабуранға  
Алмас қылыш сыйлады:

«– Рим азды!  
Барам аяп...  
Жылайың ба егіліп?  
Балалары – жалаң аяқ!  
Жуандары – семіріп...

Консулға бай бас тартады  
Оранып ап иналғынға.  
Красстардың дастарканы –  
Ит пен құстың алдында.

Жанарлардан жалын сөніп,  
Жансыз қайдан қаптаған?  
Ұлы Римнің қанын сорып,  
Шелденген – кім? Айт – маған!

Не бұйып тұр тіл-көмейді,  
Неге ел құмар мақтанға?  
Сенат неге үндемейді –  
Жұрт қырылып жатқанда?!

Тәңірі атсын мұндай жерді!  
Ес жи, Рим, бір мезет:  
Цицерондар тумай ма енді,  
Өңкей тантық тіл безен?!

Қайда тектің, арыңды – әрі?  
Ақ мәрмардай түсі аппақ –  
Айдай Рим арулары  
Кімді жатыр құшақтап?!

Уа, Сабуран! Маздағанда –  
Жүректе ашу ғажап, ә:  
Император азбағанда –  
Қайран Рим аза ма?!

Армансыз-ақ мен өлейін,  
Көңілімнің хошымен.  
Рахатқа кенелейін,  
Құрбаныңмын осы – мен!

Отанымды орда қылсам  
Осыменен қорғарсың,  
Қорда қылсам...  
Басымды шап – осымен!»

...Өтті-ау өмір, күйіне де,  
Көріп тоқтық-боқтықты,  
Траян жоқ дүниеде,  
Сабуран да жоқ, тіпті.

Красстарша мас боп құлап,  
Құлдық саған десек – мәз,  
Шабатұғын бас көп, бірақ –  
Миы кепкен есек бас...

## ЕРТЕГІ

Ішқұса боп айта алмай, өлемін бе,  
Басқа тағдыр не салса көнемін де,  
Өзім білем, өзге жұрт қайдан білсін,  
Өмірім де – ертегі, өленім де.

Шаһаризада болар ем,  
Ерке елім деп,  
Неше қилы жырымды шертемін кеп,  
Мың бір түннен жететін мың бір күнге,  
Емірене айтатын ертегім көп.

Періштеге сан мәрте серік болдым,  
Пері қыздың шашын да өріп бердім.  
«А» дегенде аузынан алтын құсқан  
Жеті басты айдаһар көріп келдім.

Алдында оның алып бір дию отыр,  
Қалай мынау ғаламға сыйып отыр?  
Айдаһар кеп құсқанда, тау боп кеткен  
Саф алтынды алаңсыз жиып отыр.

Қарап отыр,  
Алтынын санап отыр.  
Қалған ел-жұрт – қайыршы..  
Қара котыр!  
Жер тәңірі, ойпырмай, осы болса,  
Көк тәңірі қай жаққа қарап отыр?!

## КАРЛАГ

Қаракесек, Қуандық, Қаржастың,  
Табын-табын жылқысы жайлаған жер еді.  
Ордасы болды Карлагтың,  
Ой-шұқыры көп – себебі.

Кәуірдің сасық арағы  
Қымыздан тәтті бал сынды.  
Құлындарым – жасаураған жанары,  
Құрауласам, естімейді даусымды.

Аяздан – шемен өнмені,  
Алай да түлей қар борар.  
Көз ашып елдің көргені –  
Жансыз бен түрме, жандарал!

Осы деп елде Ай маңдайлы ұл,  
Күш болса кімнің қолында, –  
Жандарал көрмеген жандай бір  
Қазекен – соның соңында.

Уәзірге лайық осы деп,  
Топырақты ойлап, обалды, –  
Бір шалдың ұлын қосып ек,  
Күлқынның құлы боп алды.

Кім туар енді белімнен?  
Адам жоқ аузы дуалы,  
Алтын айдарлы ұлдар тумаса елінен,  
...құлдар туады.

\* \* \*

Қайтара алмай жатқа кеткен есені,  
Заман – жана, зарын – әлі кешегі:  
Жауға шапқан күні батыр атанып,  
Дауға шапқан күні қатын атанған, –  
Маңдайда – сорың бес елі...  
Әлі – бес елі!

\* \* \*

Замана бөлек түрге енді,  
Түк пәле жоқ-ты тіл-көз де,  
Петашок дейді бұл жерді,  
Қараған, тоғай қасиетті жер-ді бір кезде.

Жеңдіріп бәрін сабырға,  
Шауып жүр атын борбайлап, –  
Өз жерін сатып алуға  
Қазақта – доллар болмай ғап...

Айта алмай бір сөз долбарлы,  
Күн туған кезде катерлі, –  
Қазақ көрмеген долларды  
Қапқа сап біреу әкелді!

Әңгіме көп қой – күлетін,  
Хикая – елдің шетінде:  
– Күнде мас болып жүретін,  
Ей, мынау кірме Петр ме?!

Долларсыз кешіп өмірді,  
Бізге бір пәле көрінді.  
– Өзің ал – дедік – темірді!  
– Өзің ал – дедік – көмірді!  
  
– Бол! – дедік – енді... Толғанба,  
Өзіңмен, тіпті, ала кет!  
Баяғыдай бес-алты қатын болғанда,  
Бесеуін бере салар ек...

Петекен бекзат күйге енді,  
Тұлға боп қазір тұр – көзге.  
Петашок дейді бұл жерді,  
Қараған, тоғай қасиетті жер-ді бір кезде.

\* \* \*

Қорғалжында – құс базары.  
Әрі шаттық, әрі – мұң, –  
Көл жағалап ұшқан әні  
Арбаған көк Тәңірін.

Аңыз қылар айтқан кісі,  
Балығын да көлдегі.  
...Былтыр күзде қайтқан құсы  
Биыл неге келмеді?

Елге жолы болмады ма,  
Сағыныш па зар әні.  
Құс келмеген көл маңына  
Тышқан қаптап барады!

Бір сұмдық бар бұл әлемде,  
Қорқынышты үн де көп.  
Самолеттер құба дөңге  
Қонып жатыр күнде көп.

Ал, Қорғалжын ашуланса,  
Іштен ғана тынады ол.

...Цивилизациян осы болса  
Қайтеді оны мына көл...

\* \* \*

Бір нәрсеге көз жетті бұл қоғамда:  
Чарльз Дарвин әулие екен, о, Алла:  
Ең әуелі пайда болған – хайуандар ғаламда,  
Алғашында маймыл болған адам да.

Одан бұрын балдыр болған сықылды,  
Содан кейін құрттар шығып,  
Қаптай өріп – құтырды.  
Қырттар сықылды!

О, қаншама пайғамбарлар жерге түсіп көктегі,  
Қанша заман көзден жасып төккелі,  
Түбі бізге көрінеді бір сұмдық,  
Түбімізде бір пәле бар, өйткені...

\* \* \*

Аттың үстінде өмірім өтті-ау азамен!  
Азаттық! Неткен ғажайып ең!  
Шүршітті қуған қазақ ем,  
Қалмақты қырған қазақ ем.

Жағадан ап, жауым сабаса,  
Тілім жоқ, көзім алайды.  
Ел-жұртым ерге қараса  
Ер – неге жерге қарайды?!

Жал, күйрығы қаба деп,  
Жабыдан айғыр салдық па?  
Қалың малы арзан деп,  
Жаманнан қатын алдық па?

Елеске еріп сағым дүннені қуған соң  
Түстік пе топан теңізге?  
Жаманнан жаман туған соң,  
Тарттық па топас негізге?

Боктасып келем, соттасып,  
Жүретін жолды жобалап.

Абылайдын семсерін тот басып,  
Алтын бас кетті домалап...

Мынау – кім?  
Кел де, танып ал,  
Ел көшкен, несіз жұрты қап,  
Басы жоқ, шыбын жаны бар,  
Ішек-қарын жатыр шұрқырап...

Көзімді жұмам.  
Ашқанда –  
Жынды боп, дағып кетермін.  
...Алаштың рухы – аспанда.  
Мен – жерде қалған екенмін...

## РЕАНИМАЦИЯ

*Ғабдолла Құлқыбаевқа*

Жанталас жанымызды түтіп жеп бір,  
Ауа емес, аспан жақтан түтін кеп тұр.  
Жасанды бүйрегіміз бүлк-бүлк етіп,  
Жасанды жүрегіміз лүпілдеп тұр.

Ғасыр да тамам болмақ зырылдап жыл,  
Қазаққа қандай заман қырындап жүр?  
Жасанды махаббаттан жан азапты,  
Жасанды ұрпақ туып, шырылдап жүр.

Алыстан мұңға батып Ай көрінген,  
Қасармай қашан көшер қайғы елімнен.  
Алашым адамзатқа жаугандайды,  
Азалы аурухана әйнегінен.

Баяғы елім қайда – бал арасы?  
Елде ой жоқ – қарыны мен кара басы,  
Қазақта қазақ емес – жасанды жұрт –  
Жасанды замандардың шаранасы!

Жасанды болғаннан соң көретінім,  
Жұтамын уын ашы темекінін.  
Бұл елге өзің сынды доктор керек,  
Сезбейді емделмесе – өлетінін...



## ОПЕРАЦИЯ: ЖҮРЕКТІ АЙЫРБАСТАУ

*Жапырақ жүрек, жас қайың,  
Жанымды айырбастайын...*

*Мұқағали*

Жанымды айырбастайын,  
Жүректі алып тастайын:  
Ол – ақын бола бастаса,  
Мен – әкім бола бастайын.

Топас болсаң да қашпайын,  
Кеудемнің кесіп көк етін,  
Жүректі айырбастайын,  
Жүрегін кім бар беретін?

Кім алар дейсің еміреніп,  
Көрсек егер оның түр-өнін?  
Соғатын өксіп, тебіреніп,  
Тентектеу менің жүрегім.

Сүйгенде отпен ойнаған,  
Күйгенде күл гой десек те,  
Думаннан думан қоймаған,  
Туғаннан нашар есепке...

Қызбайтын жерде қызды ептеп,  
Шуакка жалт-жұлт бұрылған.  
Жалғанға жарық іздеп кеп,  
Түнекке барып ұрынған.

Бұлқынып жатыр, әне, бұл  
Бұлықсып сезім мың ырғак.  
Сұлуды сүйген пәле бір,  
Сұмдықты көрсек – шырылдап!

Көрінген заттан дір еткен,  
Жүретін жері – жұт, ылаң.  
Құдай-ау, осы жүректен,  
Қай жаққа қашсам құтылам?

Жарыққа басы байланған,  
Өрекіп соны өбе кеп.

Алып шам – Алаш!  
Айналған –  
Жүрегім – көзсіз көбелек...

Жанынан ұшып, жақындап,  
Тұрады карап неге кеп?  
Отына түсіп, лапылдап,  
Кете ме көзсіз көбелек?!

Сан қырға салып назарын,  
Айтады сайрап құс әнін.  
Біреудің тартып азабын,  
Білмейді қайда ұшарын.

Шарлайды шалғай Ай төсін,  
Шатасып күнде, тілді алмай.  
Отан іздейтінін қайтерсін,  
Ошағын қарық қылғандай...

Кім алар дейсің еміреніп,  
Шіркіннің көрсе түр-өнін.  
Соғатын өксіп, тебіреніп,  
Тентектеу менің жүрегім!

Топас болсаң да қашпайын,  
Кеудемнің кесіп кеп, етін.  
Жүректі айырбастайын,  
Жүрегін кім бар беретін?!

Жанымды айырбастайын,  
Жүректі алып тастайын,  
Ол – ғашық бола бастаса,  
Мен – пасық болып бастайын...

## АНАМА ХАТ

Тәте! Бітті тағатым,  
Талды ұшар канатым...

Көзіңнің ақ-қарасы,  
Үмітің ем мен сенің.  
Ақсұңқардың баласы  
Қыран болар деуші едің.

Босағама қарасам, -  
Бала жылан ұмтылып,  
Төр жағыма қарасам,  
Қара жылан түр күліп!

Оқша атылып иіріліп,  
Оң жағымнан шығады,  
Суға түскен үйірі,  
Сол жағымнан шығады.

Шығысыма қарасам –  
Кәрі жылан өлермен.  
Батысыма қарасам –  
Сары жылан көрем мен!

Маза жоқ түн, ақ танда,  
Шерім – шемен іштегі:  
Жылан шағып жатқанда,  
Қыран ара түспеді...

Ысылдаған шуынан,  
Қайда қашып барайық?  
Тәнім – соның уынан,  
Бара жатыр карайып!

Удан әбден уылдым,  
Сорды қоймай түгімнен.  
У шығады ұлыңның,  
Бал шығатын тілінен.

Жүрегі жоқ, буыны  
Тілі сұмдық уытты.  
Бауырының суығы,  
Бауырымды суытты.

Қыран көрем түсімде,  
Құзғынға ашқан араның,  
...Жыландардың ішінде  
Жылан болып барамын!

Бауыры – мұз, жатыры,  
Аяр жаны сол бұзық –

Арбап алды акыры,  
Айыр тілін сорғызып!

Құтқар мына залымнан,  
Зәрі бойға тарады:  
Удың өзі, балыңнан,  
Тәтті болып барады...

Қыран болар деуші едің,  
Алла айырып ағынан, -  
Тәте, қазір мен сенің  
Ақ сүтіңді сағынам!

Көресімді көрсеткен,  
Тағдыр болса - көтердім.  
Енді білдім, емшектен  
Бекер шыққан екенмін...

\* \* \*

Жетім жүрегім жасқаншақ,  
Айтқанмен көп жұрт сері деп.  
Қырықтан жасым асқанша  
Ел іздеп келем, еңіреп!

Арқасын синадым қонжықтың  
Алдымнан аю қашып ед.  
Езін де сүйдім сол жұрттын -  
Ер елдің шаранасы деп!

Өмірден боздап өтермін,  
Көзіме жасым толды ма.  
Ақымағын басқа көтердім -  
Алашқа тұлға болды ма?!

Күмбезім құлап аспандай,  
Болдық па қара баскандай:  
Құм жиылып - тас болмай,  
Құл жиылып - бас болмай?!

Жетім жүрегім жасқаншақ,  
Айтқанмен көп жұрт сері деп.  
Қырықтан жасым асқанша,  
Ел іздеп келем еңіреп...

\* \* \*

Төңкеріс те өтті аузынан қан-жын бүркырап,  
Қырғын да кетті шығарда жаным шырқырап.  
Алаштын көрген құкайы аздай,  
Ал енді  
Аштық келеді ішек-қарны шұркырап...

Заманның қату қабағы,  
Қасыма – таба, күлкі болам ба досыма?  
Адамның қату қабағы.  
Ақырзаманың осы ма?!

...Қырында – думан, алдында – астау табағы,  
Осынау ұлысты қандай сұм келіп құлдаған?  
Құдайға шүкір, халқымның түзу қабағы.  
Қазақтан озып, қайда барар дейсін бұл ғалам...

\* \* \*

Мына бір есер неме – пенде кісі,  
Езулеп уағыз айту – елдегі ісі.  
Өзінің дімкәсітігін өзі сезбей,  
Өзгені келеді енді емдегісі.

Кім қазір сұлулыққа сүйінеді?  
Жер мен көк өртеніп тұр, күйіп өңі.  
Мына бір сайқал қатын сақ-сақ күліп,  
Арбайды ауру-сайқал дүниені.

Шөл кеулеп суы қайтқан кемерінен,  
Ауру жер – мына бір жер, белеңімен.  
Жатырда жатқан күллі шаранасын  
Бүлдіріп жатыр сасық шемеңгімен.

Ауру-ау мына ауылдың бәрі, білем,  
Түсі де бұлағының сары күрен.  
Миы жоқ,  
Жүрегі жоқ,  
Дүниеге –  
Қарайды бок сасыған қарынымен...

Жаһаным жазыла ма кеселінен?  
Сонымен бір қасірет кешемін мен:  
– Ақындар өлеңімен емдеп, әуре,  
Пенде әуре – өртеп оны өсегімен.

Өмір – от,  
Өсек те – өрт,  
Көремін мен,  
Көруге бола туған төл едім мен,  
Осынау болмысыммен,  
Өленіммен  
Екі оттың ортасында өлемін мен...

## ҚҰРДАСҚА НАЗ

*«Кеудемнен көкалә үйрек қош деп ұшты...»*  
**Кемпірбай**

Құрдас-ай, сен де – Серік,  
Мен де – Серік.  
Келеміз екеуміз де елге сеніп.  
Жақсыға серік бола алмағанда,  
Жауғаңдап дүниеге келмес едік.

Өзінің мәрттігіңмен елге сыйдың,  
Өзінің мәрттігіммен елге сыйдым.  
Өзінің Ғалияңды сен де сұйдің,  
Өзінің Ғалиямды мен де сұйдім.

Асау ем, табан тайып қалды мұзда,  
Сап-сап деп сен басасың қанды қызба.  
Атақты Балуан Шолақ болмасақ та,  
Арбалды Ғалиялар алдымызда.

Қырық бес бел асыпшыз кикүласып,  
Ғаламнан сан сырлы бір сиқырды ашын.  
Оянам түн ішінде шошып ылғи,  
Әзәзіл неше түрлі ұйқымды ашып...

Тұқымымда көрген жан жоқ ақын алдын,  
Білмеген – у ішеді – қапы қалдым.  
Кептері Кемпірбайдың маған қонып,  
Бұл дертті қайда жүріп сатып алдым?!

Заманның түсін көріп, адамдардың,  
Зымиян ой-пиғылын сан аңғардым.

Азғын мен атом бомба заманынан,  
Кәуірдің суын ішіп –  
Аман қалдым.

Періште болмаған соң,  
Пендесі не?  
Пенденің бәйек болдым, беу, несіне?  
Кеудемнен көкала үйрек кош деп ұшса,  
Қонбасын жалғыз ұлдың кеудесіне!

Ғалымның қайғы-мұңы келіп құрсап,  
Арқаңды Ғалияна беріп бір сәт, -  
Ояңсаң – заһарынан толтыр-дағы  
Кел, құрдас, тартып жібер Серік құсап!

\* \* \*

Тірлікте бірде - дана,  
Бірде – есермін.  
Құдай-ау, бұған дейін кімге сендім?  
Шарабын Әзәлдің өзі-ақ алсын,  
Мен енді қымыз ішіп күн кешермін.

Бос кеткен жылдарлы ойлап, айларымды,  
Өткенге тісім қатты қайралулы.  
Бір тәнір ойранымды өзі кешсін,  
Отыз жыл салып өткен сайранымды!  
Дүниеге салып жүріп сайранымды,  
Жырладым отқа оранған ойларымды.

Құранның күдіретімен дінге сендім,  
Мен енді тәнірімен тілдесермін.  
Адамың жылан сынды аяр болса,  
Аллаға сенбегенде –  
Кімге сендім?!

Көргенде көңілім нұрға бөленбеген,  
Пендемен пенде болып өлем бе мен?  
Алланың айтқан сөзі Құран-Кәрім,  
О дағы жазылған ғой өлеңменен.

Дүниеге салып өтіп сайранымды,  
Көрсеттім оған не бір ойранымды.

Көрсетіп оған небір ойранымды,  
Жырладым отқа оранған ойларымды.

\* \* \*

Айтатыны өсек-аяң өтірік,  
Кештім итті өтседе сан қорлығы;  
Екі нығында екі Шайтан отырып,  
Азғырады сорлыны.

Ішім толып у мен шемен, берішке,  
Өмір өзек талдырып та, зарлы ғып,  
Екі нығымда – екі Періште,  
Кеттім көкке, Жерді соған қалдырып...

Жердің беті тарлау болды мен үшін,  
Соның жері кеңісін...

## ИМАНБАЙ АТА

Иманбай ата – беліне түскен сакалы,  
Ираннан келді, ойына түсіп Отаны.  
Ираннан келсе, ойына түсіп Отаны –  
Жетпіске кепті, жиырмада екен токалы...

Иманбай ата, беліне түскен сакалы,  
Шарлады талай қиыр мен қырды, жотаны.  
Қытайда – бәйбіше, Ауғанда – тұңғыш токалы,  
Иманды болсын, олардың да осы – Отаны.

Ираннан келсе, ойына түсіп Отаны,  
Сағынып қапты әкімі, акын, шопаны:  
Иығына, тіпті, шапанын жауып оқалы,  
Басына үй сап, түйе байлады боталы.

...Бұ жақты-дағы жерсінбей, бірақ о, тәңірі,  
«Көшемін!» дейді. Қайда көшсе де – Отаны,  
Көше алмай шалдың көңілі әлі қапалы,  
Босанып қалып Ираннан алған токалы...

Токтатар шалды топырағы, не сол токалы,  
Түркістан асса қайтеміз, о да – Отаны.  
Жиһазға – үйі, қозыға толды – қотаны,  
Ираннан келіп, Иракқа кетпес о, тәңірі...



## ҚУРАН ЖЫРЫ

Келетұғын кісінің карағысы,  
Жұмағынның гажайып ғалам іші.  
Аузында оның абалап тұрады үріп.  
Қара ит болып кеткен бір кара кісі...

Бізге ұксаған бір кезде түр өні кеп,  
Миы да оның – біздікі, жүрегі – жоқ!  
Біреу кірсе жұмаққа бұл дүниеден,  
Әлгі кара ит арсылдап үреді кеп.

Бақи дүние фәниге – айна, бәрі –  
Өлгеннен соң өзіне сай болады.  
Мынау пенденің – талым қу,  
Өлгеннен соң  
Бұл, әрине, түлкіге айналады.

Өмір – мұхит.  
Бір шығып, бір батамыз.  
Орамалмен көз жасын құрғатамыз,  
Мынау – ертен қаптайтын құрт-қыбыр да,  
Анау – ертен мақтайтын құрбақамыз.

Тәңірі қалай толғайды – толғағанда:  
Рух беріп, тірілтер сол – ғаламда.  
Өнез ойлы пенде көп,  
Өлген кезде,  
Не болады жапалақ болмағанда?

Жылжып жатыр, күн, сағат, жайланып жыл,  
Басым қандай катерге байланып жүр?  
Мұқағали рухы сұңқар еді.  
Алатаудың ақ басын айналып жүр...

Құран жыры естілмей тамам болған,  
Қандай ғана осындай заман болған?  
...Шошқа көрсем шошимын,  
Бір кездері,  
О да біздегі кәдімгі адам болған.

## АУДАНДЫҚ ГАЗЕТ

*С. Ыбыраевқа*

Ауданда да адам көп дара дара,  
Қияли да кикүләр бара-бара.  
Ақжарықта жүріп-ақ адамзат деп,  
Қақсай берді қайтпас бір кара бала.

Қара бала қай жақтан сыр шертеді?  
Тілші екені белгісіз, жыршы екені  
– Ақтоғайдың Чилиде несі бар деп  
біреу айтса Сымекең мырс етеді.

Менде де бар бір бастық ақылы қат,  
Содан жүрем күн сайын тақырып ап:  
– Сен Чилиді қой-дағы айналайын,  
Күйекті жаз! – дейді әлгі шақырып ап.

Сымекеңнің онымен болмайды ісі,  
Ел оқысын газетті, сол – қайғысы  
Есіл-дерті күйек қой дейтін күліп,  
Махаббатты қайтеді ондай кісі?!

Тілшілікке мәз болмай мансап қылып,  
Музам алып кашады сан сакқа ұрып,  
Ләйлә аруға ғашық боп жазған жырым,  
Бастығымның мнына қан шаптырып.

Ашуланды бастығым бара-бара:  
– Алды артыңа қарайлап қарама да,  
Алматыға кет! – дейді ақын болсаң!  
...Абдырайды сол кезде кара бала.

Осы жүріс, құдай-ау, не тірлігім?  
Өртегіп-ақ барады бетім бүгін  
Алматыға жетпесем  
Ақтоғайда  
Ақын бола алмайтын секілдімін.

Бастығымнан жүргенде тақырып ап,  
Ләйлә алыстан әуре етті шақырып-ақ.  
– Сен қой-дағы ботаңды боздай бермей,  
Шопанды жаз! – дейді әлгі шақырып ап.

Өзім ақын болғанда, өзім өлен,  
Алашымның ағысын сезіне өлем  
Адам көрдім осындай адамзатқа  
Қарай-тұғын ауданның көзіменен!

Көз алдыма сол газет көлеңделі,  
Қайда оның парағы көнергелі  
Бірінші бет – күйектен түскен хабар,  
Соңғы беті – махаббат өлендері.

Шақырып аң ауданға айдаладан,  
Қолға қалам ұстапқан қайран ағам,  
Адамзат пен ауданды қосатұғын  
Сымекең жоқ, қаңғырып қайда барам?!

Аман ба екен сондағы ел өзіме ерен?  
Содан Алаш ағынын сезіне өлем.  
...Әлі де онда бір пенде адамзатқа  
Қарай ма екен ауданның көзіменен?!

Қайда, шіркін, сондағы жас күніміз,  
Миллиардтар ағылған тасқынымыз?  
Бастық болып алды ма, құдай қолдап,  
Бас мақала жазатын бастығымыз?!

Ойран тау мен Шатырша арасының,  
Асуында қаншама аласұрдым.  
Ғафу ағам ақын деп айтқанменен  
Мен аудандық газеттің баласымын.

## КЕРЕЙ, ҚАЙТЫП КЕЛДІҢ БЕ?

*Керей қайда барасың,  
Сырдың бойын жағалап?*

**Бұқар жырау**

Керей қайтып келдің бе?  
Дәмі тартып даланның.  
Құшағына ендің бе  
Алаш дейтін Анаңның?

Өзі – Жерде,  
Тәңрісі – көктегі  
Алашына не дейін?  
Анасына өкпелі –  
Баласына не дейін?!

Асылығым болса сөкпе деп,  
Көзіме жасым толады.  
Өзімізге өзіміз өкпелеп,  
Өзгенің болдык боданы.

Сөйлейін қайтып қорланбай  
Өмір мен өлім өтінде –  
Қазақтан өткен сормаңдай  
Халық жоқ Жердің бетінде!

Өзімді қуып,  
Өзгені жарылқау қай теңім,  
Не таптық содан, назалым?  
Өгіз терісі талыс болғанымды қайтейін,  
Бұзау терісі шөншік те менің қазағым!

Өзгеріп болмыс, сана да,  
Өткенмен талай өксікті заман арада.  
Алаштың көңлі балада,  
Баланың көңлі далада.

Өкпен де тарқап, жылауын,  
Елге кеп, майдай еріп ең –  
Абылай, Бұқар жырауын  
Аунап түсті көрінен.

Ат айналып,  
Қазығын тапса күнә емес,  
Алтын бекетке жетем деп.  
«Ақсарбас» айтам мына көш –  
Соңғы көш  
Болса екен деп!

\* \* \*

Кел, Өмір!  
Кереметіңмен, ал, табыстым,  
Қалпағына тығылмай қалтарыстың.

Азалы ойларымды тік көтеріп,  
Алапат сезімдермен арналыстым.

Кел, көміп көк мұзын мен ақ қарыңды,  
Мінеки, менің Музам атқа мінді,  
Миымнан өткізейін өлең қылып,  
Тартысқан тайпаң менен таптарыңды.

Кел, Өмір!  
Бұркылдап кел, көбіктеніп!  
Төбемнен жасың боп түс төніп келіп,  
Ақынның көз жасынан жер көгерсе,  
Мояшакты жіберейін төгіп-төгіп!

Кел, Өмір!  
Сүйіне де, күйіне де,  
Көңілдің құбылады күйі неге?  
Пеиденің өсегінен ел құтайса,  
Соңғы ақын мен болмайын дүниеде?!

Кел, Өмір!  
Кереметіңмен, ал табыстым.  
Қойнында қалып қоймай қалтарыстың.  
Ордалы ойларымды тік көтеріп,  
Алапат сезімдермен арналастым.

\* \* \*

Қарады бізге қанды істер күліп!  
Өлген империя алып – біз.  
Революцияға алғыс деп жүріп,  
Қарғысқа бағқан халықпыз.

Қан ішу бойға қайдан дарыған?!  
Қарайған жұртқа қаспыз біз.  
17-ші жылдың ойрандарынан  
Ойлаудан қалған баспыз – біз!

Ата жоқ бізде, ана жоқ бізде  
Баба жоқ, қайда – қолдаса?!  
Ой қайдан болсын, сана жоқ бізде,  
Делқұлы сезім болмаса.

Өмір мен өлім арасындағы  
Мен де бір түркі төлі едім,  
Революция ауруханасындағы  
Реанимация – өлеңім.

\* \* \*

Көркемдіктің көнермесін көз көрді  
Қыдыр болып Қозы Көрпеш Баяны  
Бәрі өзгерді  
Заманалар өзгерді,  
Өзгермеген – Жантықтары баяғы.

Ақан сері қайта тумай анадан,  
Құлагерлер құлап жалын жаяды.  
Бәрі өзгерді: бәс те, бәйге аламан,  
Өзгермеген – Батыраштар баяғы.

Шәкәрім де шықты көкке құдықтан,  
Қабыл болып Алла берген аяны.  
Бәрі өзгерді: қоғам, мінез-құлық та,  
Өзгермеген – қатыгездік баяғы.

Қолғалайық, енді қандай тұрыс бар?  
Жата берсек соңы неге саяды?  
Бәрі өзгерді ғалам, ұлт та, ұлыс та,  
Өзгермеген – біздің қазақ баяғы.

\* \* \*

Қырық жаста қалайша қалжырадым?  
Көз жасымды көрсетпей сан жыладым.  
Ит-тірлікті пендеге итшілеген  
Қалдырам да, үйқымды қандырамын.

Көрген дүние айналып бәрі аңызға,  
Өкпе, реніш қалмасын арамызда.  
Алашымды – алтыбақан алауызға,  
Аруларды – қалдырам сарыауызға.

Ғажайыбы ғаламның қалың мұз ба,  
Жай таба ма өртенген жаным сызда?  
Өмірімді берейін өлерменге,  
Өлеңді де берейін – дарынсызға.

Шөге-шөге жүрекке шемен болған,  
Босансам-ау бір дерттен денемді алған.  
Киелісі Алаштың ақылдық па?  
Оның өзі дәл мына менен қалған.

## ҚАРАСАРТОВ

- Марқұм! Мына өмірге шыр-шыр етіп келіп ем,  
кара басты ғаламды қасіреттің селінен...
- Сен кім едің?
- Ұрпақпын, кезіп жүрген моланы.
- Ә... Білемін сендерді, бала мылжын болады...
- Әке! Таң ғап сенделем, жөніңді айтшы, мен – балаң?
- Тергеушімін – мен деген, сұрақ қойма сен маған!
- Ұрпақ Соты жөнінде айтшы, тергер сол әлі?
- Сот деген жоқ өмірде. Жемдет қана болады...
- Неге?!
- Сендей пақырға не айтсам екен?
- Әрі жүр!
- Сұрақ қойма сумандап, жауап бермен бәрібір!
- Қорқасың ба?!
- Күлкілі!
- Білем ғой бұл органы,  
Дір-дір етіп кірпігі  
Бәрі менен қорқады!
- Үрейленіп мына жұрт не боп кеткен шетінен?
- Қорықпаса адамзат кетпей ме екен бетімен!
- Адамзатты қосатын үрей ме тек?
- Енді не?!
- Шәкәрімдер секілді шатып кеттің сен, міне!
- Шәкәрім кім?!
- Есіме түсіп кетті...
- Ол – ақын.
- Осындай да... Бір кезде бұзық кісі болатын...  
Айдауыңа жүрмейтін, айтқаныңа қосылмай –  
Жер бетінде желікпе адамдар бар – осындай!
- Білем... Өлең жаза ма?
- Көкірегін мұң тырнап -  
Екі сөздің бірінде «Елім!» – дейді сұңқылдап!  
- Халық десе ғажап қой!

Сен... Не... Оған қарсы ма ең?  
 – Сондай тобыр бар бізде – айдайтұғын камшымен!  
 – Тобыр?!  
 – Тобыр!  
 Көнетін- қандай тәртіп орнаса!  
 Халық деген немене, айту үшін болмаса?!  
 Икемі жоқ өмірге,  
 Өлім десе өкіріп...  
 Көпке шашпай топырақ, тек сыйлай сал – өтірік!  
 – Сонда халық...  
 – Қақсама!  
 Өздері өліп құтылып -  
 Шәкәрімдер аузына кеткен екен түкіріп!  
 – Алдың Дантес атағын...  
 – Өшір бықсық өртінді!  
 Халық жауы – Шәкәрім!  
 Оны – халық өлтірді!  
 – Соңғы сөзің?  
 – Өмір – тұл!  
 Тірі жан жоқ қасымда:  
 Халық жауы өріп жүр –  
 Балқантаудың басында!!!

## МАКРО-ӘЛЕМ, СЫРЫМДЫ АЙТАМ ӨЗІҢЕ

Макро-Әлем, сырымды айтам өзіңе,  
 Микро-Әлем көріңе ме көзіңе?

Аярылыстан құтылатын айла жоқ,  
 Айдаһарлар аузын ашып, шайнады от.  
 Кіжінеді кіп-кішкентай бір жерде  
 Кіп-кішкентай сталиндер пайда боп...

Жаһан-Дүние жаңарғанмен жақсы боп,  
 Бәрі – тапшы, Шындық одан – тапшы боп –  
 Кіп-кішкентай ауданда әлі кішкентай  
 Брежнев жүріп жатыр хатшы боп.

Кіп-кішкентай бериялар тын тыңдап,  
 Кіп-кішкентай жүректерді мұн тырнап,



Мигұла ғып жіберердей миды жеп  
Кіп-кішкентай сусловтар сұнқылдап!

Өмір бойы өзгертпеген өресін,  
Қайтем мынау төленгітін, төресін.  
Ел ағасы болып алған кәдімгі  
Кіп-кішкентай елтайды да көресін!

Макро-Әлем, кем бар бізде, артық бар,  
Өзін кел де, қаһарыңмен қарпып қал:  
Қалқып шықсын қазаныңның бетіне –  
Микроқарасартовтар!

Макро-Әлем, сырымды айтам өзіне,  
Микро-Әлем көрінбей ме көзіне?

## АНА

Көкжиекке Күн батса тұрған күліп,  
Ақжарық –  
Түнекке ақ дидарын құрбан қылып –  
Іңірде шешем жаққан жалғыз шырақ,  
Жаһанды жіберетін нұрландырып.

Әке өткен шаршап тағдыр әуресімен,  
Шығармай бізді өзінің тәубесінен.  
Іңірде шешем жаққан сол шырақтың,  
Жылынып өстік біздер сәулесінен.

Анашым, жан жабырқап дерттене ме,  
Өксісең – өзегіңді өрт көме ме.  
Бес ұлдан – Берікболын жоқ демесең  
Төртеуі төрт үй болды – төрт төбеде.

Жоғалтып көзіңнің сол қарасын да,  
Дүниеден жоқты іздеп барасың ба?  
Төрт болды-ау қайран көзің қайран шешем,  
Төрт үй мен төрт ауылдың арасында.

Ойрантау ұшар басын бұлт алып кіл,  
Шақырар мені өзіне бұрканып бір.  
Қолына шам ұстаған қайран анам,  
Жолыма шырағыннан нұр тамып тұр.

Білдім де көңілімнің күйі неде,  
Сүйініп ғұмыр кештім, күйіне де,  
Жолыма шырағыңнан нұр тамып тұр,  
Қап-қара түнек басқан дүниеде...

## ЖОҚТАУ

*Шоқпардың жылқы жайдым даласына,  
Не қылдым Қақабайдың баласына...*

*Мәди*

Қайран Мәди – Қазыбектің ұланы,  
Құл атқанда көкжал құсап құлады...  
Бүгін – оның көп жанашыр, туысы,  
Жендет те жақ – қанға толы уысы.  
Саясынан сая таппай, саяқтай  
Өлгенінде жоқ ешкімнің жұмысы...

Әсемдікті көзіне ілмей әсілі,  
Әсемпаз боп көріну де – тәсілі  
Ақынды атып... «Аққуды атпа!» дейтұғын  
Аяр екен адамзаттың нәсілі!

Боздағанда баса алмайтын солығын,  
Көресің бе мыналардың порымын?  
Тірісінде кісі көрмей, өлген соң  
Өкіріп кеп, сипап жатыр орынын...

Қары сынсын күймегеннің қаны үшін,  
Жыртып жатыр Алшынбайдың намысын,  
Алақанға салып жүріп Мәдиді,  
Арулап-ақ жөнелткендей арысын!

«Советстан!  
Біздің Стан!  
Совстан!»  
Сәкен қайда – төбесінен оқ ұшқан?  
Мағжан қайда?  
Неге үнеісің?  
О, мыстан!

Быт-шытпыз гой Германия сыкылды –  
Жанталасып жаңа шыкқан соғыстан!!!

Уа!

Мен де сендей, іштен тынамын,  
Тынамын да, күннің күні сынамын.  
Шаранасын өзі жалмап, жейтұғып,  
Жыртқыш құсап жатысын-ай, мынаның!

Мәдимен бір бозлап па еді – бозласа,  
Қайда жүрген аруағы қолдаса?  
Қазағыңнан қалды менін көңлім,  
Анкылдаған Алаш – Анам болмаса...

## САЙТАН МЕН ПЕРІШТЕ

Керен тағдырмен керісте  
Демеймін : «Үріп, шайқадым...»  
Бір нығымда – Періште,  
Бір нығымда – Сайтаным -

Жан кештім күндіз, түн демей,  
Үзбек боп талан – көгенді.  
Періштем қалса үндемей,  
Сайтаным сайрап жөнелді...

Таңғалдым.  
Естен таңғанмын,  
Өзімді өзім жазғырып.  
Арбалдым,  
Талай алдандым,  
Сандалдым –  
Сайтан азғырып!

Өзімді өзім кешпеймін,  
Өксимін, жаным, мен іштен.  
Өмірді қалған не істеймін,  
Неге үндемейсің, Періштем?!

Сайтандар отыр төрімде  
Күзетіп мені көз ілмей.

Периштем менің, өмірде  
Өнез боп шықты өзімдей...

Оң заттың өзін теріс деп  
Адамдар асылық айтады.  
Бір нығында – Периште,  
Бір нығында – Сайтаны!

Адамдар күндіз, түн демей  
Үзбек боп жатса көгенді.  
Периште біткен үндемей,  
Сайтандар сайрай жөнелді!

Зарланды ел!  
Естен танған-ды,  
Жазмышын иштен жазғырып,  
Арбалды. Талай алданды!  
Сандалды –  
Сайтан азғырып...

Отты айтсаң – бөккә кашады  
Қара құрт құсап қыбырлап,  
Құдайды қолдан жасады  
Құлағына Сайтан сыбырлап.

Не дейсің мына жауызға!  
Ұстап тұр ұлыс Күнді әрең;  
Бауырын – бауыры бауыздап  
Көрлакат болды күллі Әлем!!!

Жүгіртпін елді сан-саққа,  
Өздерін өзі,  
Өзге алдап,  
Үйленіп Сайқал – Мансапқа  
Сары алтын барад көзді арбап...

Махаббат –  
Өмірбаяннан  
Сап болып, қалмай құны түк,  
Қозы Көрпеш пен Баяннан  
Басқа жұрт қалды –  
Ұмытып!!!

Ошақтың сөнген шуағы,  
Ойлай ма залым басқаны,  
Қорланған нәсіл туады  
Зорланған... Қарындастары!

Қайғыны көріп, қазаны  
Қажып та бітті хас тұлға.  
Адамзат сынды азалы  
Боздақ жоқ аспан астында!

Өзімді өзім кешпеймін,  
Өксемін, жаным, мен іштен.  
Өмірді қалған не істеймін,  
Неге үндемейсің, Періштем!!

## ҚЫЗЫЛАРАЙДАГЫ БАЙШЫКЕШ ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

Запыран құсып заман тұр,  
Тексіз – өсер ұрығы.  
Фермер болды Жаманкүл –  
Налан болған тұмыры.

Аяғын сап шідерге шіренеді, ой, Алла,  
Тұқымында тігерге тұяғы жоқ-ты -  
Содан ба?!

Әкесінің көзіндей.  
Жан-тәнімен жақсыға дұшпан еді әкесі.  
Тура – соның өзіндей!  
Мыстан еді әкесі!

Бес ұл...қарыны тоғайып көрмей күндіз ақ таңда -  
Мұрынынан боғы ағып, жалаң аяқ ақ қарда -  
Жүруші еді кара боп жалғыз лақ көгенде.  
Күлуші еді ел...  
Жаманкүл күледі енді сол елге!

Семізін ап колхоздың, жұртқа қалды арығы.  
Жарты-ақ жылда жампоздың шықты қозы қарыны...

Салпақ ауыз, кер надан, ол кайтеді обалды  
...Сұлулар да енді оған жымыңдайтын боп алды.

Құндыз киді басына, құрым кисе анау жыл,  
Кедей ауылдасына керден-керден карап жүр.

Төске шауып, басқа өрлеп, Қызыларайды жерсінбей,  
Құнанбайды кастерлеп... Абайды да менсінбей!  
Бие етінен жиіркенді, құлын – көңіл хошына.  
Қазағымның ертеңгі Рокфеллері осы ма?!

Осы – Алаштың бағы ма?  
Сор болмаса жарады;  
Балақтағы бит тағы да басқа шығып барады!

Шежіреде қазан тұр...  
Құл биледі – ғалам тұді!  
Алдымызда бәрінен асқақ алтын заман тұр.

Табын-табын жылқыңды берем, болса саған – пұл,  
Қора-қора қойды да берем, болса саған – пұл,  
Бірақ біздің қазақты билемесең болғаны,  
Жаппар нем, Жаманқұл...

## ҚҰЛЫНШАҚ

Тұяғы тау мен тасқа ұрынса кеп,  
Көгілдір – көкмайсадан құрылса деп –  
Шымырлап құйын сезім, шапқылаған  
Екеуміз елжіреген құлыншак ек.

Екеуміз құлыншак ек елжіреген,  
Өмірге өле ғашық, өндірі өрен.  
Ан-таң қап қараушы еді қос құлынға  
Аспаны Ақжарықтың мөлдіреген.

Шабайық мөлдірлікке, ал, қуаның,  
Шабанның шалқар төсін шалқыма ғып,-  
...Бір күні «жөнел» деді Қызыларай  
Кигізген ит көйлегін тартып алып.

Айтпады бірсеу келіп неге қой деп,  
Әлі де құлыншакпыз деген ой кеп,

Күрсініп тұр ек, өмір — сайқал әйел.  
Шақырды құшағына: «Келе ғой...» деп.

Бір сәтте періштеден пері қылың,  
Пәктікке деген балаң семіп үміт,  
Тұншығып соның оттай құшағында  
Құр сұлық жата бердік нені біліп?

Жыландай ирелеңдеп сайқал дене,  
Саңдалдық, жұртқа соны айтам неге?  
Арбайды неше түрлі қылығымен,  
Пендені пері қылған сайтан неме...

Өзектен өмір өтті жылып ағып,  
Құлынның пәк көңілі, ділі қалып.  
«Ім...» дедік, дүниенің сайтан білмес,  
Сан қиы сайқалдығын біліп алып...

Бұзылған бұл ғаламның кескіні — өңі,  
Жатқан жоқ уайымдап ешкім оны,  
...Шынғырып бізді іздеген қос құлынның  
Қиядан құлын даусы естіледі!

## ДУҒА

Алашамды сақта, құдай, жасыннан,  
Әзәзілден — құлықтарың асырған,  
Қонақжай пәк пейілдерін басынған,  
Сақтай гөрші обыр менен масылдан!

Оқ пен оттан аман болсын Отаным,  
Сақтай гөрші боздауынан ботаның!  
Етігінің қонышынан қан тамған, сақта,  
Азамат Соғысынан, о, Тәңір!

Мұңлық болып мұқым жұртқа мұн шақты ер,  
Құл болмайтын ұл туатын құрсак бер!  
Өзгеге еріп ел болмады қазағың,  
Көшің өзі бастауына мүрсат бер!

Ырыс төгіп егіс, бақша бауынан,  
Қыран ұшар қия-қия тауынан

Дүниеде досын көп кып – жауынан, –  
Жер дауынан, сақта, жесір дауынан!

Маздап тұрған нұрын, сақта, көзінің,  
Сақтай көрші қорғасындай төзімін.  
Ермактардың етігінен сақтай гөр,  
Елтайынан, сақта және – өзінің...

## ЕРКЕМ-АЙ

*Екі ауылдың ортасы ой болса екен,  
Еркем-ай,  
Екі күннің бірінде той болса екен,  
Еркем-ай!*

*Халық әні*

Менің әкем баскарма боп тұрғанда,  
Кенесіне барып, МТМ, қырманға –  
– Біздің үйде шай дайын, – деп сапырып –  
Кенесуды келуші елі шақырып...

Біздің қазақ қонақжай ғой,  
Сөл да – айғақ –  
Мәрттігіне!  
Жалғыз тайын борбайлап –  
Шақырар ел Колумбының өзін де,  
Мұхиты мен кемелері болмай ғап –  
Өкінді ме?  
Есесіне – шатылды,  
Қуртын жайып, қымызды да сапырды.  
Ұлан-асыр дастарқанын жайды да,  
Ұлттар менен ұлыстарды шақырды.

Қашан қазақ тығырыққа тірелді?  
Бір ерің – не? Күте алады бір елді!  
Кенес дейтін өкіметтің өзін де  
Келе сала қонақ қылып жіберді!

Кенес келді...  
Келе сала піренді,  
Бір қазақ па, ығыр қылып бір елді.



Әзер кетті дастарқанын тілді де...  
Ендігің – кім?  
Күтіп жүрміз біреуді...

Бұ заманның пейілі – тар,  
Кен болған соң құлқыны,  
Мұнандағы құтылармыз бір түбі.  
Қалай кетсе – солай жайып дастарқан,  
Жер шарын да шақырармыз бір күні!

Келсін бәрі, түсінеміз тілін де,  
Күн шуағы болса дейміз ділінде,  
...Ой болса екен – екі ауылдың арасы,  
Той болса екен – екі күннің бірінде...

### **ЖАЙЫҚ Б ЕКТҰРОВТЫҢ ҚАБЫРЫ БАСЫНДА ОҚЫЛҒАН ӨЛЕН**

Қара шал, тізгін тартып, бөгел бері!  
Өксікті айт өмірдегі, өлеңдегі.  
Мағжан, Сәкен кеткен дүниеге  
Сен-дағы жатырсың ба жөнелгелі?!

Қоя тұр...  
Екі араны жалғаймыз да,  
Екеуміз егіле әнге салмаймыз ба?  
Сен жоқта шыққан тегін, түбін білмес  
Тексіздің тұқымы боп қалмаймыз ба?!

Қоя тұр...  
Бастан канды ғасыр өтті,  
Жай өтпей, өр кеуденді басып өтті!  
Соңында – шерін көзгіп, боздап сүйген  
Қазағын қап барады қасіретті!

Сұм ажал, ақынсын ба, батырсын ба –  
Қайтеді, атам да жоқ, ақылшым да.  
Алаштың азаттығын көзбен көріп,  
Алаңсыз аттанғалы жатырсың ба?!  
Ендеше, хош дейді ұлың қасіретті.  
Соңы бір заманаңын, басы да – өтті.  
Артында – шыққан түбін білетұғын  
Ұлы бір ұлыс қалды қасіретті...

## АЙТЫКЕННІҢ АҢЫЗЫ

*Алтысыншы жылдары Аман мен Айтыкен Алматыға оқуға барады.*

*Аман айтады: «Астанада Айтыкен екеумізден басқаның бір-бір тамыр-танысы бар. Бізді қолдап, қорғайтын ешкім жоқ. Сонда менің есіме Мүсілім Ермековтің түсе кеткені. Өзіміздің Қызыларай-дікі ғой ал кісі...»*

*Айтыкен марқұм айтушы еді:*

*– Ой, мынауың жән екен, – дедім мен қуанып – Бірақ ондай үлкен кісіге бару үшін бізге біраз дайындалу керек шығар?*

*– Қалай? – дейді Аманым аузы аңқып.*

*– Ол аңай, – деймін мен – Мәселен, сен Аман бол. Мен-ақ Ермеков болайын...*

Мынау өзі өңі ме, әлде, түс түге,  
Аман сонда кара терге түсті де:  
– Уа, Ассалаумағалейкум, аға! – деп  
Кіріп келді «Ермековтің» үстіне!

Ректор болу неткен қиын іс еді,  
Қаһарынан қар жауғандай түс-өңі:  
– Уаға-лейкум-ассалам! – деп Айтыкен  
Одан сайын кекірейе түседі.

Тылсым сырды түйіп жатқан іші көп,  
Аман отыр терлеп-тепшіп кіші боп.  
– Уа, отыр, қайдан жүрген баласың! –  
Дейді Айтыкен танымайтын кісі боп!

Осы емес пе құдайындай сенгені,  
Шерлі Аманың одан сайын терледі.  
– Қызыларайдан...Мәймаң деген кісінің  
Баласы едім...Келдім сәлем бергелі...

Бір-ақ сәтте ректор болған сабазың,  
Ыңыранып сипап отыр жағасың.  
– Ә, білем ғой Қызыларайдың қуларын,  
Өскеннен соң іздейді ғой ағасың!

Бір нүктеге екі көзі тесіле,  
Мына кісі толғанады несіне?

Ойланады Мәймаң деген кісінің  
Кім екенін түсіре алмай есіне!

Айтыкен де, Амаңның да қысылып,  
Бірін-бірі енді ғана түсініп,  
– Ер қашайтын соқыр Мәймаң, емес пе?! –  
деген кезде есіне әзер түсіріп!

О, сұмдық-ай! О, сайтанның соққаны!  
Амаңның да алабұртып тоқтады.  
Оқу калып... Оқ тигендей жүрекке  
Айтыкенді әкесінен боқтады!

Ғұмыры – жыр, көңілінің хошы – бай,  
Біздің елде әңгіме көп, досым-ай,  
Құшақтасып кетіп еді екеуі,  
«Пышақтасып» қайтып келді – осылай!

Кеше еді ғой, о да бүгін көне ме,  
Өткен күннің елесі өстіп сөне ме;  
Аман болса шофер боп жүр ауылда  
Ал Айтыкен... Үйқтап жатыр төбеде...

Жылда келіп қаңтары мен тамызы,  
Өшті өткен мен кеткенімнің сан ізі.  
...Жүргіншіні Ақжарықтың бойында,  
Күлдіреді Айтыкеннің анызы.

## ТҮС

Сарыарқам – жасыл жайлауым!  
Көрінген белге көшемін:  
Жүгімнің шепсем байлауын  
Өз үйім – өлен төсегім...

Топырағым – тұмса бұлақ па,  
Сайыма гауһар сапырғая.  
Жарымның даусы құлақта,  
Құраулап құлын шақырған.

Көтеріп Күнді шаңырақ  
Қаз-қатар ошак-от – алаң.

Қырымда қозым жамырап,  
Төбемде – түйем боталап...

Қойын-қонышы мекеннің,  
Құмарта елтіп құс-үнге,  
Жұмақта жатыр екенмін –  
Өңім бе, әлде... Түсім бе?

Елес боп кетті ар жағы,  
Отауға зілді жетті леп,  
Қатынның айғай салғаны,  
– Қайыршы кіріп кетті! – деп.

Пендеге – пенде мазақ па?!  
Мал қалып, үй жай, жан қалып,  
Қайыршы көрген қазақ па,  
Қарадық оған таңғалып...

Құм кешіп келген, шөл кешіп,  
Кім мынау, тектес монахқа?  
– Есікте тұрма, төрге шық –  
дедім мен қыдыр – қонаққа.

Айсаға біраз шоқынып,  
Сорлы... Бір жазып арқаны  
Жаутандай отырып... Отырып,  
Асады қазы-қартаны.

Тойынды.  
Еркін тыныстап,  
Түсінер тәңрі обалын,  
...Күн өтті.  
Жылдар жылыстап...  
Қайтатын емес қонағым!

– Босағада, балам, мүлкім де,  
Төрімде – сенің төсегің!  
...Өзгенің үйі бұл күнде,  
Өз үйім – өлең төсегім.

Өзек жалғатып Алаштан,  
Ішіме тарттым кемсінбей.

Үй салып алды ағаштан –  
Киіз үйімді менсінбей!

... Қайдасың сала-сайларым,  
Қай жаққа енді көшемін?  
Қайдасың жасыл жайлауым,  
Өз үйім – өлең төсегім?

Қайдасың, отым-ошағым,  
Бұлағым гауһар сапырған,  
Қайдасың, кербез қосағым  
Құраулап құлын шақырған?

Қайдасың, қайран шаңырақ,  
Жасаған атам оқалап,  
Біттің бе қозым жамырап,  
Болдың ба түйем боталап?!

Қымызыңды құйып селдей ғып,  
Арағын ішіп – мазақ бол  
Қонақты күтсең – мендей күт,  
Ел болам десең – казак бол!

Түсім бе?  
Оң бе?  
Енді – не?  
Көзіме не зат көрінді?  
...Қазақ боп тусам енді мен,  
Тексізге бермен төрімді!

Маркстен қайтып – Абайға,  
Қан-жоса болың майтабан –  
Қайтсем де, қалай-қалай да,  
Қазақ боп туам қайтадан.

Сол кезде көңіл күйіме,  
Кіршік түспесін деп тілеп,  
Айтпасаң болды:  
– Үйіңе  
Қайыршы кіріп кетті – деп.

## ӨЗІМЕ ЭПИГРАММА

Ақыл-естен адасқан,  
Ақымақ жан екенмін.  
Абай туған Алашқа,  
Ақын болған – не теңім?!

Өзіне өзі сүйініп,  
Жұрт барын білмей мазақтар,  
Мұхтарға мұрнын шүйіріп,  
Роман жазған да қазақ бар!

Кітап жаз деген кім оған,  
Жанының жайып сатпағын?  
Өзінен басқа тірі адам,  
Оқымай қойды шағпағын...

Сонда да қоймай, ит-ай, ә,  
Ырзығын тауып жүр – аман;  
Бір апта жазса – хикая,  
Екі апта жазса – роман!

Жазбай жоқ көңіл хошы бір,  
Қажытты әбден бір елді.  
...Қағаздың бәрін осы бір,  
Дәлдүріш құртып жіберді!

Қош, өлең!  
Сөніп таңғы үміт,  
Әуреге мені сала ма.  
Қаламақысыз қаңғырып,  
Мен қалдым қарау қалада.

Қайтейін, о да пенде деп,  
Тірлігіне тәубә етемін.  
Дәлдүріші көп елге кеп,  
Ақын болғаным – не теңім?!

\* \* \*

Мен небір шуақ жылуды сүйемін,  
Мен әлі небір сұлуды сүйемін.

Қолтықтап шаршы топқа кіремін,  
Қажисың, қатты соқпа, жүрегім!

Анамды сағынам, баламды сағынам,  
Сағыныш болмаса ғаламды не қытам?  
Күннен де қызулы отта жүр едім,  
Лүпілдеп қатты соқпа, жүрегім.

Арғымақ аттай шаппа, қарағым,  
Тірлікте өзімді ақтап аламын.  
Өлген соң қайтпін сотқа кіремін?!  
Шаршайсың, қатты соқпа, жүрегім!  
Сотқа кіремін...

Қалған ғұмырым ғажап та болар,  
Алашта жүрсем – азап та болар:  
Оранып талай отқа кіремін!  
Ойшырым-ай, тез-тез соқпа, жүрегім  
Отқа кіремін!

Лүпілдеп қатты соқпа, жүрегім,  
Мен әлі талай отқа кіремін,  
Боққа кіремін...  
Сотқа кіремін!  
Лүпілдеп қатты соқпа, жүрегім.

## ПАТШАМЕН СӨЙЛЕСКЕН АУЫЛ ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

Біздің шалдар жерге түскен сақалы,  
Аузын аңса, мәтелі мен макалы,  
Ақжарықтың қуырады аңшысын,  
Ашуланса, Абылайдан қаһары.

Аңшы Зейнұр, тазысы көп, құмайы,  
Шешен – Мұхтар, Шыңғысхандай шырайы.  
Өттең, шіркін, кештеу туып, кем болған,  
Ерте туса, би болатын сыңайы.

Не күн туды басынан сөз асырып?  
Ақжарықтың толқынындай тасынып,  
Ит те, құс та басқарма боп осы елге,  
Екеуі де алған әбден ашынып...

Ойы ордалы, от ұшқындап көзінен,  
Бір айтты ма, қайтпайды сол сөзінен.  
Аупарткомды, обкомды да қойды енді,  
Сөйлесіп жүр Сталиннің өзімен!

Тірі болғай, Мұхан, Зекең екеуі,  
Біздің көрген құқайымыз жетеді!  
...Аупарткомның нелер катал хатшысы  
Мұнда келсе жымын-жымың етеді...

Басқарма боп келсең небір көкеңіз,  
Иығынан қағып-қағып өтеміз.  
Шертіп көрсін маңдайынан біреудің,  
Не істер екен Мұхан менен Зекеміз!

Жас та болған, ішіп-ішіп мас болған,  
Бастықтар бар сұлуларға бас салған...  
Енді тиіссін Қызыларайдың қызына,  
Екі аяғын келтірейік аспаннан!

Қор қыздары ақ маралдай керіліп,  
Кірпіктерін қағуға да ерініп,  
Қызыларайға киімәттік сапардан  
Қайтып келді салдық пенен серілік!

Бәйгені алып оңынан да, солынан,  
Қаражорға жығылмайды жолынан.  
Тиіп көрсін Батыраш пен Қотыраш,  
Біз өлейік сол жеңдеттің қолынан!  
Қорғаламай, ерше сөйлеп езің де,  
Жорғаламай... От лапылдап көзінде,  
Қызыларай патшаңменен сөйлесті,  
Мұхандар мен Зекеңдердің кезінде!

... Қайда бетке шығары сол сорпаның?!  
Ақжарықтың маңдайында сор қалың.  
Олар жоқта ит пен күс кеп тағы да,  
Басқа шығып алды ма деп қорқамын...

\*\*\*

Мазалайсың сен келіп күнде мені,  
Қиял-ойым қияға түнделеді.



Ақжарықтаң сұрап ем, айтар емес,  
Шайтанкөлден сыр тартсам – үндемеді.

Мөлтілдетіп жас толы жанарымды,  
Қалмасымды біле алмай, қаларымды –  
Іздеп келем соңыңнан, тілі жоқтай  
Тірі пенде айтпайды хабарыңды.

Қайдасың сен?  
Қабағың түйіле ме,  
Күпті болып көңілің күйіне ме?  
Жаным, неге бір рет тіл қатпайсың,  
Жоқсың ба сен бұл жарық дүниеде?!

Баяғыша, кел, қырда жүгірейік,  
Тауға шығып, тасына сүрінейік.  
Ару біткен көзді арбап жүрсе-дағы  
Аспан асты тұр әлі үңірейіп...

Сені іздеймін, сонда осы не тірлігім,  
Шарлап шықтым жаһанның шетін бүгін.  
Немерелі болғанша, басқа әйелді  
Жырлап өткен Тұманбай секілдімін!

... Түнде ұйқысын бұзбаған, таңда – шырқын,  
Елге – ішін бермеген, жанға – сыртын –  
Гүлдисасын ғана тек сүйіп өткен,  
Бағдаттың да арманы бар ма, шіркін.

## ОРЫС АРАҒЫ

Рахатқа құнығып ап, не керек,  
Ашылды ма адамзаттың араны?  
Жер бетінде бар ғой жеті керемет,  
«сегізіншісі» – ұлы орыс арағы...

Езуінде – күлкі, көзге – жас толып,  
Дүрлігеді дүниеміз базардай.  
Бүкіл ГУЛАГ естен танып, мас болып,  
Құлап жатыр басын әлі жаза алмай!

Мен түгілі, үндіс жүрмес маңынан,  
Кәпіріннің асын осы не ғылам?!  
Патша құсап түсіп қалған тағынан,  
Қымыз ішкен заманымды сағынам...

Ит күшіктеп, үрген бұл не дүние,  
Қайран Алаш көк бөрі боп жорта алмай,  
Сары сайтан жететінін түбіме  
Біліп кеткен әулие екен Шортанбай!

Қазақ болып, мас боп көрген кісі ме ек,  
Махамбеттей мәрт емес пе ек Нарында.  
...Жылқыларым ауып кетіп, кісінеп,  
Қап қойыпшын Ресейдің барында...

«Орыс болсаң – қазақ бол!» -дың кері кеп,  
Сорлы басым... Сор қайнады – соны ұғам,  
Нағыз қазақ Төлсеужан ед...  
Еңіреп -  
О да кетті Есениннің соңынан!

Езуінде – күлкі, көзге – жас толып,  
Дүниеміз дүрлігеді базардай.  
Бүкіл ГУЛАГ естен танып, мас болып,  
Құлап жатыр басын әлі жаза алмай...

\* \* \*

Бұл-дағы болса талайым,  
Өртенсе қайтем өзегім?  
Өзгеге қайдан барайын,  
Өзенім – осы, өз елім.

Несіне жандым лапылдап,  
Көрдім деп небір көркемді.  
Өз елім менің жатырқап,  
Өзегім менің өртенді.

Өткенім бүгін – түс міне,  
Өнімде өңез салды ылаң.  
Тұлғасы баудай түсті де,  
Топасы шықты алдымнан.

Тектілік, кетпек ол – қанмен,  
Шешенің сүтін тел еміп –  
Пасығы семіз болғанмен,  
Қасымы жүдеу ел едік.

Ұл тапсаң – ақын, батыр тап,  
Ұлысыңды ел мен өр көрсін.  
Өз елің, мейлі, жатырқап,  
Өзегің, мейлі, өртенсін.

Алаштың рухы арбаған,  
Абылайдың осы түсі деп.  
Мағжаныңа топырақ салмаған,  
Мақұлығыңды қайтем кісі деп?!

Бұл-дағы болса – талайым,  
Өртеге берсін өзегім.  
Өзгеге қайдан барайын,  
Өзенім – осы, өз елім.

\* \* \*

Тәте, менің түсімді жорыдың ба,  
Жиі барам ескі жұрт қорымына.  
Біздің үйді біреулер бұзып жатыр,  
Алтын сарай салам деп орынына.

Мас баланың кесірлі кескін-өңі,  
Токтатпады сол елден ешкім оны.  
Әкем шығып қабірден айғай салған,  
Әлгі есалаң дауысын естімеді!

Ескі жұртта қай қымбат асыл қалды?  
Сенің көзің, менің – көз жасым қалды.  
Қырықтағы қып-қызыл орамалың  
Оттай болып көзіме басылған-ды.

Жасыңны ойнап Ойрантау күркірел тұр,  
Ақжарықта ақ нөсер сіркіреп бір;  
Ақсораның абдырап, Алла білсе,  
Ақсұңқардың көшкен бір жұрты деп тұр.

Көрмедің-ау, Тәте, сол зіл алабын,  
Туған үйдің дүңк етіп құлағанын,

Туған үйім дүнк етіп құлағанда  
Туған жердің еңкілдеп жылағанын?

Жүрмін қазір кеудеме бір ағын кеп,  
Жүре берсем енді күрт сынамын деп,  
Ақжарыққа жетіп бір айғай салып,  
Аспан астын күңіреңгіп жылағым кеп.

## ШЕРЛІ ДАУЫС

Жоқ менін, Алаш сынды алыпқа өкпем;  
Тәңірің ән салғызды танып көктем.  
Тамшы ма ең Жәнібектің көзіндегі  
Талдының өзеніне тамып кеткен.

Беу, неге мен босаймын қайғы-мұңға:  
Жүрегім елжіреп тұр тай-құлынға.  
Бір тамшы Жәнібектің көзіндегі  
Алаштың мөлдіреп тұр айдынында.

Көкшетау Біржан салмен бес түлесе,  
Наданды Мәди – Муза кескілесі;  
Қазағым – ғаламның бір шерлі дауысы,  
Есінеп саңырау – дүние естімесе,  
Қайтемін енді...

\* \* \*

## РЫМБАЛА ОМАРБЕКОВАҒА

Таңқалам Ұлы анамыз Қарқабатқа,  
Тектіден тұяқ қалса – мархабат та,  
Мекенім тыныш болса, сол заманда-ақ,  
Меккеге апармас па ем арқалап та?!

Қаз дауысты Қазыбекше мақалдадым,  
Дау болса топқа түспей жата алмадым.  
Жан-жағым – дау мен дамай... Ұлы Анамды  
Арқалап Меккеге де апармадым.

Меккеге ұлы Анамды апармадым,  
Меккеге өз анамды апармадым,  
Өлең – өрт, өзек өртеп жата алмадым:  
Қасымның қадіріне жеткізбеген,  
Бітпеді қанғып өткен сапарларым...

Болмадым тірлікте бір тұлғаға сен,  
Болғанда, өстіп итше шуламас ең:  
Мәдидің сонын алып, жырға келсек:  
«Досымнан дұшпаным көп, қылған өсек!»

Әйтеуір, ер жігітке жер кең екен,  
Сонан соң маңдайыңнан шертеді екен.  
Мұн шаққан Фаризаға Мұқағали –  
Қазақтың ең соңғы бір еркегі екен!

Қырық жыл осы жұртқа қиуладым,  
Үйсінің аруларын сиқырладым,  
Ғалия маңдайыма кез кеп еді,  
Оны да ел қатарлы үй қылмадым.

Бесік жыр, шешем айтқан ертегімен,  
Еліне бола туған ерке едім мен.  
Білгенім – ерте пана, елге – тұтқа,  
Қазақтың қызы ғажап еркегінен!

Мен болсам, жер шаламын, Күн шаламын,  
Бір ғажап жыр кернеп тұмса жапын,  
Анамды, Апамды да сол Меккеге  
Апара алмаған соң мұн шағамын...

\* \* \*

Жария – бәрі. Не айтсаң да – хақын бар!  
Көптен жатқан көкейде шер дақылдар,  
Ленинді мадақтауын кілт қойып,  
– Абылай! – деп айғай салды ақындар!

Ресейдің қайыңы мен емені –  
Дүниенің дінгегі ғой деп еді...  
«Ерім...» – дейді екі көзі бода боп  
Кеше ғана шенегендер Кенені...

«Алаш» – дей ме, «Азат» – дей ме, не түрлі,  
Атқа мінген бала қаптап кекілді, –  
Найзаны ұстап, нар кескінді Наурызбай,  
Сары орысқа қайта шабар секілді?!

Болды...деймін, қыздырманы бекер бой,  
Мынау өзі біздің ел ме?!  
Шет ел ғой!  
Шенеуігім: «Елім» дейді сұжқылдап,  
Шенқұмар да – демократ екен ғой!

Құдай көзін жөндеп салып жетімге,  
Асқақ-асқақ сөз айтылып не тілде –  
Неше түрлі гентек ойлар бұрқ етіп.  
Неше түрлі газеттердің бетінде –  
Тұр, мінеки, қағаз да қат болғалы.  
Ақын түгіл, дәлдүріш те сорлады!  
...Бізге қарап, улы ащы мысқылмен  
Жымияды ұлы орыс орманы...

\* \* \*

Қазақтың бесік жыры – қара өлені,  
Туғанда есігімнен қарап еді.  
Несіне есігімнен қарап еді,  
Ес жисам – ел жұртымның қаралы өңі.

Алдында Абайы жоқ жан секілді,  
Қазағым бір ғасырда қанша өкінді.  
Ақымақ атқа мінсе адыраңдап,  
Топастық – таққа мінген хан секілді!

Текгісі мәрттігіне жүгіндірген,  
Тексіздің түрін көріп – түңілдім мен.  
Жақсысы жалғыз туып, таланған соң,  
Жаманы күшікше өріп, үріп жүрген...

Ит пенен итше ғұмыр кешемін де,  
Кетемін басқа әлемге, көшемін де.  
Сыртымнан соғып небір өсегін де,  
Күнкілдеп жата берсін төсегінде.

Несіне жалт қарадым есіл үнге,  
Болар ма бұдан бөлек несібем де.

Онаша неге қалдым ұятыммен  
Үлдеп жата бермей бесігімде?!

Боздасаң, ал, кәнекей, бозда, жырым,  
Жүректің түбінен кеп қозға мұңын,  
Алаштын азасымен оятып ал  
Күңкіл мен күлкі аздырып, тозған ұлын.

Ал, кәне, жалт қаратып есіл үнге,  
Боздап тұр ең болмаса есігінде;  
Осындай жаралы елдің, қаралы елдің,  
Біздердей ұл жатады бесігінде!

## ГУЛАГ АРХИПЕЛАГЫНЫҢ БАЛАСЫ

Алаң ойға толы, кайтем, басты мен?  
Күз келді де қаламыздан қашты рен.  
...Кочегардың отыменен бірге еніп,  
Күліменен шығып жүрген маскүнем –  
Иван тағы қызып ашты... Енді оған  
Бір-ақ уыс – мынау керім кең далам:  
– Күллі адамзат жатқан кезде соғысып  
Шарап ішіп, сұлу құшқан мен болам! –  
Деп айқайлап шерін шарап қозғап бір  
Киялында киянына озбак бұл.  
Бір қолында борматуха орталау,  
Бір қолында «Литгазет» бар,  
Боздап тұр!

Шарабына, қойшы, мұңын ет өлген.  
Кезі жоқ-ты бүйтіп дауыс көтерген:  
– Бір кездері қарғыс атқан Қарлақта  
бірге отырғам мен де мынау көкеңмен!

Алысам деп Сталиндей тиранмен  
Ғұмырымды тас қапасаққа қығам мен!  
...Аң-таң қалып:  
– Көкен кім? – деп сұрасақ:  
– Солженицын!  
(Сөйлес біздің Иванмен!)

– Ит болдым-ау... Онда уытты қасқыр ем,  
Кімге іппін сары алтындай басты мен?!  
– Солженицын – миллионер... Шет елде...  
Ал мен болсам қайыршы һәм маскүнем!

Дүниеде шерлі жан жоқ, – деп – мендей!  
Боздайды-ай кеп, шер төгер күн жеткендей.  
Көз жазып қап қанды көйлек досынан  
Қиялданып арақ ішіп кеткендей...

– Жер менікі!  
Азуды Айға білеген  
Казакпын ғой!  
Ермакпын ғой, міне – мен!  
Ерегіссем самогонға бір жарты  
Сары-Арқанды сатамын да жіберем! –  
Дегенде Иван кетті дейсің қандай боп,  
Жарқылдай ма жарқ-жүрқ еткен таңдайда от?  
Алясканы Сэм мырзаға бір кезде  
Өзі барып сатып келген жандай боп –  
Шіренеді!  
Жатқа осыны қиған ба ем?  
Жерге – сыймай, елге басы сыйғанмен...  
ГУЛАГ архипелагының баласы  
Қиял шалыс, сөйлес біздің Иванмен...

## ХРОНИКА

### *1990 жылдың маусымы*

Ұқсайтуғын археолог, ақынға,  
Жүретуғын таста, таудың шатында –  
Бір күні Әбең аупарткомның залында,  
Айтып салды Жамантай хан хақында.

Ішінде көп шері менен асылы,  
Мінбе мініп шабыты онын тасыды,  
Машановтың шөбересі болған соң,  
Тау менен тас болып алған машығы.



Таяқ жеген талай мөнгүрт соқырдан,  
Кездері көп өкінген де, оынған,  
Аупарткомның хатшылары үн-гүнсіз,  
Оның сөзін ұйып тыңдап отырған.

Жария заман,  
Тоқтатар кім оны енді?  
Жайып салсын тоз-тоз болған көнеңді.  
Кенет залдан біреу атып тұрды да,  
Жау көргендей «Аттан!» – сала жөнелді.

– Жолдастар-ау, келсейік те ақылға,  
Не боп барад...  
Не болады жақында?  
Аупарткомның кеңсесінде, керауыз  
Неге айтады Жамантай хан хақында?

Партия деп басымды имей қасыма,  
Мен де келдім пайғамбардың жасына,  
Жамантай хан жауы емес пе Кеңестің?!  
Мынау соның шақырып тұр басына!

Өші бардай өршеленіп тарихқа,  
Хандық қайтып келетіндей ғайыптан,  
Жамандаған Жамантай хан марқұмды,  
Кім бұл десек – кәдуілгі Айыпхан...

Қалған қағып айта да алмай халық түк,  
Айналасын аруағы жарық қып,  
Бір аунады-ау кабірінен сол күні,  
Жамантай хан жарықтық.

Шежіреден шер тарқатқан іш налып,  
Әбекен тұр түсі қашып, сұстанып.  
Отыз жеті... Болса егер, о, сұмдық,  
Осы қазір кетер ме еді ұсталып?!

Айекен тұр тісі тимей тісіне,  
Елтай құсап мініп қаһар күшіне.  
...Сталинді танымайтын Жамантай,  
Түні бойы кіріп шықты түсіме...

## БЕКЗАДА

Киіз үй іші – жыр-думан,  
Мысқылмен қарайтын қалаға.  
Төрт түлік малы мыңғырған –  
Құлан да жортпас далада.

Бұрқырап қарақат, жуасы,  
Тыңайтқыш қоспай піседі.  
Бекзада қазақ туасы  
Тәкаппар феодал кісі еді.

Қанжығасын аң, құс қандаған,  
Жүйрікке тисе-ақ тақымы.  
Ұрғашының сұлуынан таңдаған  
Бес-алтау еді қатыны.

Бір шеге қақпай кетсе де,  
Киіз үйі – көкке қарап пан,  
Қымызға қызара бөртсе де,  
Ауыз тимеген арақтан.

Даланың тамырын тап басып,  
Айтқанда аққу, қаз әнін, –  
Қызыл кеп кенет, ақ қашып,  
Абдырап қалды қазағың...

Күрсінді қазақ жолына  
Кез болған бұл қай көктайпақ?  
...Капиталист те болуға  
Оншақты-ақ жылы жетпей ғап...

Ғазауат келді аза алып,  
Ал, шыда, Алаш, шермеңде:  
Итбайың енді азайып,  
Игілігің ерлей бергенде...

Қазағың қашан тарылды,  
Тәкаппар кісі емес пе?  
«Жүткә да берем малымды,  
Алсаң – ал» – деді – Кеңеске!

Тәңірдің өзі айтқан соң,  
Ойлайтын жұрт қой обалды.  
Итжеккен барды...  
Қайтқан соң –  
Қайтеді –  
Коммунист боп алды!

Заманның улы жыланы  
Шақты оны ұзақ отырып.  
...Сталин өлгенде жылады  
Әкесі өлгендей – өкіріп...

Феодал ғой, оны түсінем,  
Тәкаппарлығы шексіз-ді.  
Хрущевты боқтады ішінен,  
Қайтеді қазақ тексізді?!

Брежнев деген шайқы адам,  
Келмесе келмес қайтадан:  
Қазақ та онда – шайқазған,  
«Ленка» да онда – шайқаған!

Жылынып біраз дала өңі,  
Жылыстап нәубет қинаған.  
Көсемнің бәрі шал еді...  
Қазақ та сақал сыйлаған!

Тарқаған кезде нала көп,  
Талдырып уақыт қарымды –  
Горбачев деген бала кеп,  
Замана, тіпті, тарылды...

Ырза боп тәңір берсе не,  
Қазағың әлі саспайды,  
Қиқулап жауы келсе де  
Қиссасын айта бастайды.

Бір шыбықпенен билесе;  
«Ал, көндім – дейді – кесіп ал...»  
Жынына әбден тимесе  
Біреуге тиісіп, несі бар?!

Көңбейді ешбір зіркілге,  
Жан түгіл – малға малданбай, –  
Феодал боп жүріп, бір күнде –  
Коммунист бола салғандай!

Отырысын-ай тектінің;  
«Көр бәрің, о, қу маңдай!» – деп.  
...Ойланып отыр, тек, бүгін:  
«Капиталист болған қандай?» – деп.

## ҚАЗАҚТЫҢ ҰЙҚЫСЫ ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

Ақ, қызыл кеп қойлы ауылға,  
Құтырғанда күл енді,  
17-нің ойраны да  
Оятпады бұл елді.

Голошекін кастығына,  
Қойды суытып құр түсін,  
32-нің аштығы да  
Бөле алмады ұйқысын.

«Мағжандарың маған да онша  
Ұнаған жоқ»...  
Күлкілі!  
Елтайларын аман болса  
Ел боларсын бір күні!

Көрдім дүлей, сырғыны да,  
Көкірегім – күй тұма.  
41 -дің қырғыны да  
Түк қылған жоқ ұйқыма.

Тың жыртқанда,  
Отты ұшқынмен,  
Соқа астында сорым ғап -  
«ДТ» жүріп өтті үстімнен!  
Оянған жоқ қорылдап...

Қара шекпен қасыма кеп,  
Қара шаң ғап жонда да.

Бомба жарды басыма әкеп!  
Оянбадым сонда да!

Омырау жасқа боянады,  
Көрім жуық – жерімнен.  
...Олжастарым оянады  
Менің  
Осы  
Шерімнен.

О, Алашым – шерлі орманым!  
Жаным – тұман,  
Санам – кір,  
Елтайлармен ел болмадым,  
Мағжан керек маған бір!

Заманмен бір жұрт құбылды,  
Тәңірі күйсын Саған нұр:  
Тіріттетін құрт – қыбырды  
Құдай керек заман бұл...

### САМАТ ЖҮНІСКЕ

Жерден кеттің, Аспанды арала пан.  
Өнім де – түс, кімге оны саралатам:  
Әлияны жетектеп бара жатам,  
Айнұрыңды жетектеп бара жатам...

Ойға батсам ойкастап кетемін де,  
Өгейдеймін өзімнің мекенімде.  
Екі дүние арбасып жүрегімде,  
Екі бала жүреді жетегімде.

Екі кісі мен жаққа карап күліп,  
Екі дүние қос көзден қая ақтарып, –  
Екі өмірге сенетін болып барам,  
Екі қыздың кекілін тарап тұрып.

Өмірде боп, өлімге жолықпас кім?  
Көз жасымды көрсетіп, солық бастым.  
Мына дүние бір көрген түс екен ғой,  
Түсімді енді ешкімге жорытпаспын!

Не келеді қолымнан?  
Қан ақтырып, —  
Ит тірліктің қойғаны ғой талаттырып?  
... Егілгенім болмаса анда-санда  
Екі қыздың кекілін тарап тұрып...

## АНКЕТА

*Григоре Виеруден*

— Аты жөнің?  
Кімсің сен?  
— Мен.  
— Туган жылың?  
Қашан жерде канат қакты тірлігің?  
— Әкем менен анамның  
сүйген күні бір-бірін...  
— Шыққан тегің?  
— Далам — дана.  
— Туысың бар ма?  
— Бар;  
Анам ғана.  
— Аты кім оның, бала?  
— Мама.  
— Ол мұңдық не істеп жүр сабылтың?  
— Күтеді біреуді сағынып...  
— Сотталдың ба?  
— Бірнеше жыл  
Өзіме өзім  
Болып едім тұтқында:  
Сол зынданнан шыкпадым ба,  
Шықтым ба...  
— Туысың бар ма шет елде?  
Неге үндемейсің, көкем?  
— Бар;  
Әкем...  
Бір солдаттың тұяғы едім.  
Шерлі ем — мен:  
1945-те жат өлкеде жерленген.  
Шет елдегі туысым — сол.

Жырақта.  
Хат жазбайды бірақ та...

\* \* \*

Заман-ай суық сұр – өңін,  
Отқа да, суга саласың.  
Кенесарының басын ап, түкті жүрегін –  
Жүрегіме жерлеп,  
Қай жаққа қаңғып барасың?!

Неңді іздеп жүрсін төрткүл дүниені түтіп жеп,  
Осынау қырғын-сүргіннен?  
...Кеудемде әлі түкті жүрегім дүңілден,  
Басымды іздеп жүрмін мен.

\* \* \*

Шашубайша сөз алып ағайынға,  
Қайын да жоқ сөйлесер маңайымда.  
Қайда жүрсін Жәнібек? Осы өлеңді  
Жәкемнің бір әні деп салайын ба?

Жылап келіп дүниеге, күле бердім,  
Көкірегімде болған соң – жүрегі ердің.  
Жаман заман жағамнан алды-дағы,  
Орнымнан мен де өре түрегелдім.

Көкірегімде болған соң – жүрегі ердің.  
Көк аспанға кеудемді тірегенмін.  
Көк Тәңірін көрген соң, жер тәңірін,  
Елен қылмай, бетіммен жүре бердім.

Жүре бердім сенше, өмір сүре бердім,  
Жер құштым да сан мәрте, – түрегелдім,  
Сақылдап бір күлу ме дүние жалған?  
Күле бергім келеді! Күле бергім...

Артым – ойран болғанда, алдым – мейрам,  
Ұша-ұша, қанатым, талдың қайран,  
Қазақ болып жаралған ғажап екен,  
Шашубайдай жалғанда салдым сайран.

Айхой, жалған,  
Салдым сайран,

Артым – ойран,  
Алдым – мейрам,  
Ғаламның дидарына қалдым қайран-ай!

## АСПАНҒА ҰШҚАН АРУЛАР МЕН ЖЕРДЕ ҚАЛҒАН ӘЙЕЛДЕР ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

Қаншама әйел биік арманы  
Жүректен ащы шер төкті.  
Сүйе де алмады, сүйдіре алмады  
Еңіретен не бір еркекті.

Енді кеп дауға салма соларды,  
Сүйсе де Хафиз, Хаямдар.  
Алтын сақина арбады оларды,  
Алдады оларды аярлар.

Кеудесін ғалам ашқан құстарға,  
Өмір мен өлім өтінде:  
Муза – Ләйләлар аспанға ұшқанда,  
Қалды олар -  
Жердің бетінде.

Көркеуде тірлік көрікті алады,  
Дидарда нұр жоқ, шабыт та:  
Мыстан кемпірдей өліп барады, -  
Төсек  
Дейтұғын  
Табытта...

\* \* \*

Түсімде неге ылғи барда отырам?  
Ішкенім ірің болып зорға отырам...

Төлеужан неге тағы аңырап тұр?  
Шеменнен бір босайтын шаңырақ – бұл:  
Өзі іште,  
Ал, какпаның ар жағында  
Иесіз қалған қойы маңырап тұр!

Рас па, қалай сенем түсіме мен,  
Менің де жылап жатқан ішім – өлең.



Жұматай – мұнда,  
Сыртта – Кенежирен  
Жер тарпып тұяғымен, кісінеген.

Мұқағали – бейне алып Жер тіреуі,  
Жүзінде – бардың күллі өрті – лебі:  
«Алаштың ақындарын осында әкеп,  
Немесе байлап қойып өлтіреді...» –

Деді де шығып кетті,  
Қара да тұр:  
Ол қазір мұнда емес, – Жер-Ана да тұр.  
Түлкінің боғы екен-ау көрген түсім,  
... Барға енді басқа ақындар бара жатыр.

\* \* \*

Біз жоқтыз Будда келгенде,  
Малдасын құрып, мазасыз ойда тұр әлі.  
Мойнына бұршақ салып ап сол бір шерменде  
Азған құлына аспаннан медет сұрады.

Иса да келген, Ібіліс, жынмен арбасып,  
Сап тимақ болып өртінді, өңез дертінді.  
Даурықта тобыр оны да бас сап дарға асып  
– Өлтірді!

Пайғамбар дарда тұр өксіп,  
Шуылдақ тобыр, бұзылған қаншық, қағынды ұл  
Шоқынып соған,  
Керілген кезін крес қып,  
Мойындарына тағып жүр...

Мұхаммед ғалай сәлем де келген зарлана,  
Құдай біледі – құранның жыры пендей жыр.  
Абайы сенген Аллаға  
Алашы әлі сенбей жүр.

Құрт құсап дүние қыбырлап жатып, жыбырлап,  
Көзін ашқанда көгін де көріп қалады.  
Құлағына Сайтан сыбырлап,  
Құдайдың сөзін естімей, өліп барады.

Қойшы жаным,  
 Науа Анаң жылымаған,  
 Жылатпайтын күш берген жылан оған.  
 Адам Ата шыдаған абдырамай.  
 Науа Ананың өзі ғой шыдамаған.

Періштелер – аспанда.  
 Жерде – пенде,  
 Көк сұрланды, нөсерін селдетер ме?  
 Күн тұлданды шатырлап найжағайы,  
 О да біздеі ішінен шерлі екен де.

Жер үсті – лас,  
 Кінә көп, – күнә-дағы,  
 Шыдағаны сап болды – зіл алаңы:  
 Бізді көріп аспаннан ашуланып,  
 Мұнысы не, Алланың жылағаны?

Неге бүгін жер мен көк ашуланды,  
 Асылдарды лақтырып, жасындарды.  
 Көк пен жерді суарып нөпір нөсер,  
 Көк шалғында сенің көз жасың қалды...

Қойшы, жаным,  
 Науа Анаң жыламаған,  
 Жылама деп айтты ма жылан оған?  
 Көк нөсерден көгеріп көк пен егін,  
 ...Көз жасынан жаралған – күнәлі адам,  
 Қойшы, жаным,  
 Науа анаң жыламаған...

## БҮРКІТБАЙ ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

*Бүркітбай – әкем аты, ағам Омар,  
 Ауылым айдын шалқар көлсе қонар.  
 Мұстафаның әнінен*

Бүркітбай – өзін.  
 Әкең – Сламбек-гі.  
 Сламбек – Қызыларайға қыран текті.

Аһ ұрыш Ақжарықтан аттанғанда,  
Кеудеңде талай шерлі жыр-ән кетті.

Ақжарық саған карап жаутаң қағып,  
Арқары Ақсоранның арқандаһың;  
Асырып алты қырдан сен ән салсаң,  
Қырық қыз тұрушы еді-ау аң-таң қалып.  
Таудан сап, қырдан салып, ойдан салып,  
Ойыңнан – ел-жұрт кетпей, бойдан – шабыт.  
Жаманға жүруші едің ойран салып,  
Жақсымен жүруші едің сайран салып!

Сен кеттің,  
Қызыларайдан қызық кетті.  
Орнына – ұры-қары, бұзық кетті.  
Үкес ең Ақсорандай алыбыңа,  
«Көң тартса деген жұрт ек – калыбына».  
Ойпырым-ай, Ойрантаудың бұлтын қыйып,  
Балқаштың қалай бардың балығына?!

Сен – мұнда сал да әніне, шырқа да отыр,  
Ел әлі өзің көрген қырқада отыр.  
Тектісі жан-жағына тарап кетіп,  
Тексізі қарындарын сипап отыр!

Сен – мұнда шырқа да отыр, ал, дүр-өрен,  
Құмда – өлең, құрақ та – өлең, шалғын – өлең.  
Балқашта Шашубайша сен шырқасан  
Ақсоран естиді оны алдыменен!

Кел, шырқа, көлден көктей, ойдан салып,  
Ойыңнан – ел-жұрт кетпей, бойдан – шабыт.  
Ойланып Ойрантау тұр бұлға кіріп,  
Жаманға жүрген жан жоқ ойран салып.  
Жақсымен жүрген жан жоқ сайран салып.

\* \* \*

Қара орманым – Қарқаралы,  
Қара орманға қарауға да қазактың жоқ мұршасы.  
Мынау – соның шыршасы.

Қара орманды қанша мәрте қар басты,  
Бұтағында заманалар керуені алмасты.

Бүгін соның шыршасына тап берді –  
Атом – Албасты!  
Қара орманым қап-қара боп түнерді,  
Көрдім сонда көзге қораш бір өңді:  
Сайтан сынды сап-сары екен әлгі сұм,  
Шыршаны да сап-сары қып жіберді...

Қайтем мына опасы жоқ дүниенді,  
Бү дүниеде қайтып ғұмыр сүрмен-ді.  
Сары шырша қап-қара боп бір сәтте,  
Қара орманым көз алдымда күңренді.

Бүгін күңгірт күндегіден Ай да бір,  
Тау тағысы таудан безіп, сайда жүр.  
Қара орманы күңіреніп жатқанда,  
Қалың казак қайда бұл?!

Жасыл шырша жан ұшырып жапанда,  
Фәниінен көшті бақи сапарға.  
...әшейінде бізден өткен қайрымды,  
Һәм біздердей қатыгез жоқ жаһанда,

## ЕСЕНҒАЛИДІҢ АЛМАТЫҒА КЕЛУІ

Аузын ашса –  
Өзегінен өлең төккен шәйірді,  
Цивилизация домбырадан айырды.

Алматыға келген жандай шет елден,  
«Қазакпын» деп кіре кеуде көтерген,  
Өлеңдетіп сәлемдескен деседі,  
Тіпті, декан Қожакеев көкеңмен.

«Мынау келе қырмай кетсе – жаралы...»  
Көкем оған ала көзбен қарады.  
...Қаратаудан жылан көшті сол жылы,  
Алатаудан жасын ойнап барады.

«Мұқағали қайда?!» – депті... Ел мұны –  
Түсіне ме, о да ақылдың кемдігі.  
Қадағанды оқымаған, оқыса –  
Оның бұлай сөйлемесі белгілі.

Шөмішбайлар классикке бергісіз.  
«Ал, сіз...  
Бала!  
Қайдан келген шерлісіз?!»  
Кіре мынау – шулатқаны...  
Кейіннен  
Тағы неі бүлдірері белгісіз!  
Шөмішбайды айт – классикке бергісіз!

«Домбырасыз қазақта ақын болмайды!» –  
Депті тағы...  
Кім естіген ондайды!  
Жарасқандар Қадағаннан сарнатса,  
Мынау – сонву Қашағаннан толғайды.

Кезіп Ташкен – Келінтөбе қолатын,  
Сұмдық ойға бағып келді сол ақын.  
Мұқағали ішіп жүрген бұл кезде,  
Мағжан да «халық жауы» болатын...

Келген жұрты – Күлтегінің жұрты еді.  
Соңғы тұяқ неден шошып, үркеді.  
Түп-түкияп, зәузатымен қырсаң да  
Түбін таппай қоймайды екен түркі елі!

Е, мына жұрт – Қазтуған сайран салған жұрт,  
Бабырға еріп, жер түбіне барған жұрт.  
Есін жиып алмай қоймас қалған жұрт!  
Қайран да қайран Қазтуған сайран салған жұрт.

\* \* \*

Қожа Ахмет Яссауи мазары  
Түркістанның басында.  
Өмірдің осы ғажабы,  
Өңкей Періште – қасында.

Керуен секілді күн мен түн  
Көшкенде тәнір тезімен –  
Мұхамед Пайғамбар үмбетін  
Тұрады бағып көзімен.

Алыстан, эне, ол мұнартты.  
...Талтүсте, ақшам, азда, -

Кірмекке Сайтан құмартты  
Киелі осы мазарға.

Қан жауып қанды қабағын,  
Айналып зұлмат жасынға, -  
Қақиған қабырғалардың  
Тасына соқты басын да.

Кіре алмай... Үзіп күлерді,  
Қасарған тәні – кара дақ –  
Сол Сайтан қазір жүр енді  
Алашты кезіп, аралап...

\*\*\*

Алматының қасында – Хан Тәңірі,  
Басында – Көк Тәңірі.

Құдай үні пендені зар еткенде,  
Елеңдейсін бері өтіп, әрі өткенде:  
Хан Тәңірін қалдырып Алматыға,  
Көк тәңірі жөнелді Қараөткелге.

Тәңірді іздеп әлемнің сөздігінен,  
Әліпбилер жеп бітті көзді кілең.  
Қазақ деген – Феникс,  
Өртке түссе,  
Қайта қаулап шығатын – өз күлінен...

Рух берген со Тәңірі, ақыл – маған,  
Сары аязла тоңдырмай – сақылдаған,  
Күн астында – Күнекей!  
Соны іздеймін,  
Батпақта тек – бақалар, бақылдаған...

Су да мұны сезеді,  
От та мұны,  
Қорқыт,  
Абай,  
Низамн  
Токтағұлы.  
Түркі жұрты тартады Күнге қарай  
Көк аспанда тұрғанда Көк Тәңірі.

## КӨПБАЙ МОЛДА

*Айға қонған америкаан астронавтары Алла даусын естіп, Мұсылман болып кетіпті десебі.*

Жанған жарық жалп етіп өшті де алдан,  
Көпбай молда көзінен көпті жалған.  
Көше берсін...  
Көктегі Тәңір үнін  
Ақжарықта жүріп ол естіп алған...

Жынды қуса, сұмды да, дертінменен,  
Рұқсатсыз үстіне ел кірмеген.  
Ақжарықтан Көпекен зікір салса,  
Ақтоғайда алтыс үй селкілдеген.

Ол күңрепсе – көк пен жер жылағандай,  
Мәйітке де тіл бітіп тірі аламдай.  
Арбағанда жыланды мерт болты о да –  
Алламыздың кәріне шыдай алмай!

Атеизм малтасын езіп беріп,  
Қарапты оған ел-жұрты сезіктеніп.  
«Алла бар» – деп айтыпты сол атамыз  
Ітжеккенді жиырма жыл кезіп келіп...

Қына шыққан сүйегі сайда калып,  
Көкке рухы қанатын жайғаны анық.  
...Қызыларайға бір ғасыр керек әлі  
Есту үшін Алла үнін Айға барып...

\* \* \*

Бұлтын да жанталасып құшып көктің,  
Шөлдедім неге осы мен, ұшып-кептім.  
Дүние –  
Мұхит екен арыстан жал,  
Түбіне көзді жұмып түсіп кеттім.

Ол сонда қойынына ала беріп,  
Тіксінді мені сәби бала көріп.  
Құмарым қанбай кәусар, тұнығына  
Тұншығып тереңінде барам өліп.

Жүзіне ғашық болып карадым да,  
Мен осы Мәжнүн боп барамын ба,  
Ауаның жұттым, айхой, мөлдірін де,  
Жүзімнің іштім не бір шарабын да.

Тартады құшағына ол да күліп,  
Көкірек – толған арман, толған – үміт.  
Дүние –  
Мұхит екен арыстан жал,  
Қанбады кайран шөлім сонда жүріп.

## ШАҒАРДАҒЫ ЖЫЛҚЫЛАР

Тұяғы жер тілгілеп,  
Балшық – жоны, бүйірі, -  
Қарағандыға кірді кеп  
Қарагердің үйірі.

Алас-күлес топтары,  
Асфальт жолға боп Тәңрі –  
Автобустар тоқтады,  
Авто біткен тоқтады!

Қайдан келген сандалып,  
Шаба-шаба жарап бір.  
«Орбитаға» тап қалып,  
Оқырана қарап тұр.

Жасқа толы жанары,  
Бәрі де үркек ашулы.  
Қымызхана жарнамалары,  
Көзіне оттай басылды!

Желідегі құлын мен  
Бие еді ол шідерлі.  
Соны көріп... Бір үнмен  
Кісінеп-кісінеп жіберді!

Үлгермеді автолар  
Не – кідіріп, не – тұрып,  
Көкжиекке ақты олар,  
Көктей өтіп – секіріп...



Тұра шатты күйіне!  
Қарагер жалт қарады:  
Көзінен бұл дүние  
Жылап көшіп барады.

## ЕЛДЕ ҚАЛҒАН ЕГІЗДЕР

*Ақында адамзаттан дос болмайды,  
Тек қана мұңын шағар қаламына.*

*Мағжан*

*Ақын Еркін Ібітанов өлең ақып тұр.*

*– Ереке, мынауыңыз Мұқағалиның өлеңі емес пе? – дейміз аң-таң қалып.*

*– Е, Мұқағали екеуіміз ағайынды адамдармыз ғой – дейді ол алая қарап. – Біздің арамызда бір шумақ өлең түгілі, бір-екі боталы түйе, екі-үш құлынды бие, бес-алты бұзаулы сиыр да жүре береді...*

Тұрысынан, жүрісінен танимын,  
Топырақтан ақын туса егіз болмақ негізі.  
Мұзарт шыңда туған Мұқағалидың  
Ібітанов Еркін екен – егізі.

Егізді айтсаң ет жүрекке толар мұң,  
Шатыршаның шалғайынан жол құлап.  
Қадырдың да егізі бар...  
Оралдың  
Құмында жүр ол, бірақ.

Ақын да бір, қажы да бір, шырағым,  
Ауылынан сапар шеккен Мекеге.  
Алаштың тастамаса сыңарын  
Олжас ағам Альпіні асып кете ме.

Әлихан мен Нарманбетте – негізім.  
Мен айтпасам айтар анау жел оны.  
Ақтоғайда қалған менің егізім,  
Елін қиып кете алмай жүр – себебі.

Сағынышым – сарған, миым – жұкарды,  
Дос жоқ менде, опасыз көп оттаған.  
Менікі деп иемденген Мұқағалы  
Ерекене елжірейтін боп барам...

Қайтем, жақын дейтін пендем жатым да,  
Маған талай ойран салар ол әлі.  
Адамзаттан дос болмайды ақынға,  
Елде қалған егіз ғана болады.

Шатыршада – бар ойым  
Жас баладай мені күткен жол карап, -  
Елде қалған егізіме барайын,  
Көздің жасы омырауға сорғалап...

\* \* \*

Уа!  
Тұран тұрғандай іргенде,  
Керім сал болған Кенежиренге тисе тақымы -  
Жұматай сері туған бұл жерде, -  
Алаштың адуын ақышы.

Айхой, жалған!  
Ат ауыздығымен су ішкен күнде де,  
Ата Жамбылдың Үйсін болмысын аңсаған, -  
Түркі боп келіп дүниеге,  
Түркі боп кеткен һәм – содан...

Па,  
Шіркін!  
Кей кезде батып шерге бір,  
Кей кезде қызып шекеміз,  
Жұматай сал жүрген жерде бұл  
Біз-дағы жүрген екеміз!

\* \* \*

Өтті-ау, өмір – қанды уын емізіп,  
Құл жемейтін қу жемтігін жегізіп;  
Тұлпарымды – жабы тұғыр деді де,  
Сұнқарымды – кара қарға дегізіп!

Өтті-ау өмір – жон терінді сышырып,  
Ақжарықтың өзінде Ай, Күн тұтылып;  
Ақтайлақтан ала төбет арс етсе,  
Ақмешіттің алпыс иті құтырып!

Өтті-ау өмір – бос қиялға беріліп,  
Менен қалып ақындық та, серілік,

Қарағайдай қалың елім бар еді.  
Көзге содан бірер кара көрініп...

Отті-ау өмір, жау – күшіктел, дос – өліп,  
Қар жастанып, бауырға мұз төсеңіз.  
Қызыларайдан қия бетке шыққанда  
Батыраш пен Қотырашы қоса еріп...

Өтті-ау өмір, Қасым рухы қамшы боп,  
Өзегімнен өз қолымен аршып от,  
Арқадағы аруағым – аза жыр,  
Қарқаралы – көзімдегі тамшы боп...

## РЕЗЕРВАЦИЯ

Көзі көріп, естімейтін құлағы,  
Кілең тұғыр, жоқ сәйгүлік, пырағы,  
Көздерінде күдігі мен сұрағы –  
Мына жерде нендей ұлыс тұрады?

Көзін арбап күнкөрістің зары әлі,  
Айдаһардай ашылады араны.  
Қатындары еркекке ұқсап қалайша,  
Еркектері қатын құсап барады?!

Тілінен – бал, зәрін шашып – тісінен,  
Кездесе бір кесірлілеу кісімен,  
Қорғалайды қордан туған баладай,  
Жорғалайды аяғының ұшымен...

«Патшаға – құл, құлға – патша» – ұраны,  
Түгі шыққан түсі суық, сұр әрі.  
Қалмақтардың хонтайшысы секілді  
Атқа мінсе адыраңдап тұрады!

Күнде белмен өрдің шығып тозаңы,  
Құлагерден Құламәстек озады  
Әкім көрсе құрақ ұшып жүтіріп,  
Ақын көрсе албастысы козады...

Кілең – тұғыр, жоқ сәйгүлік, пырағы.  
Абайы жоқ.

Алласы жоқ,  
Құраны.  
Көзі көріп, естімейтін құлағы,  
Мына жерде нендей ұлыс тұрады?!

\* \* \*

*Я в поколении други не нашел*  
**Ю.Кузнецов**

Базарға кетті менің бір досым ақылды,  
Автомен тасып арағын, адуын қатынды.  
– Елім-ай! –  
Дейді егілін кейде ішіп ап,  
...бала кезінде бұ да өлең жазған пақыр-ды.

Қорланып алып, қозыкөш озып көп елден,  
Көріп-қолаңның қолпашына да бөленген.  
Балапан – баеы, тұрымтай кетті – тұсына.  
...Мен ғана қалдым күллі жұрт безген өлеңмен.

Көз еті өсіп күптей боп – майлы еттеніп  
Өзінен-өзі қарайды неге кектеніп?  
Мен сонау қайран балалық шақты сағынам,  
Қырықтан асқан қырқылжың кезді жек көріп.

Хан базардың да төріне тігіп қосын кеп,  
Кердеңдеп кетті керемет көңіл қошым деп:  
«Анау бір сері менің бір әкім досым» деп,  
«Мынау бір пері менің бір ақын досым» деп.

Кердеңдей берсін.  
Кере де берсін қасын да  
Қай баламенен ойнамап едім жасымда?  
Моцарт жоқ менде.  
У қосып шарап беретін  
Құдайға шүкір, Сальери қалды қасымда.

Айта да берсін аңыз ғып күнде атымды.  
Пендеден безіп,  
Музамен қалған мақұл-ды.  
Елім-ай! –  
Дейді егіліп кейде ішіп ап,  
...Бала кезінде бұл да өлең жазған пақыр-ды.

## МАҒЖАНҒА ХАТ

Зілзалалы ғасыр өтті сонымен,  
Оп-онай-ак жөнер деп ем оны мен?  
Сен ансаған азаттықты Алашқа  
Алла өзі бере салды колымен.

Құл-құтаннан кіл бекзатым құралып,  
Алла жазса ел болармыз бір алып?  
Сен түрмеден түркі рухын шығарсан,  
Біз де мәзбіз –  
Ішек-карынды шығарып...

Ел де тыныш:  
Азаттық деп каксамай,  
Бас – зілмауыр,  
Шаш – бурыл,  
Ақ – самай.  
Итаяқтан сары су ішкен мына жұрт –  
Хрустальдан шарап ішкен патшадай!

Кер заманым кетті алып зықымды,  
Бү заманның дерегі жоқ сықылды,  
Бұдан басқа берері жоқ сықылды,  
Пушкин – кетті... Келместей боп кетті ме ол?!  
Абайдың да керегі жоқ сықылды!

Ғаламдағы ел ме екенбіз ең ұлы,  
Тентегі де басқа жұртпен тең, ірі?  
Көрім болды құтылғаным Колбиннен,  
Елде қалған Елтайға жер кеніді...

Муза – мұңды  
Зіл басады денемді.  
Мағжан марқұм, кешіре гөр сен енді:  
Алла қайта қазақ қылып жаратса  
Дүниеге келмес едім мен енді...

\* \* \*

Төсектен тұрып шәйі көйлегің есіліп,  
Есікті аш, жаным,  
Тағы да келдім кешігіп...

Өзекті өмір өртейді,  
Таркат өкпенді  
Кінәмді қойшы,  
Күнәмді тағы кешіріп!

Ғалия, мен ғой...  
Көктемді келген көшіріп,  
Бекзада сынды бетімен жүріп, кесіліп  
– Босаға жақта отырам ойда мұнайып,  
Бок дүниеде төрдің де барын кеш ұғып.

Баратын жерге бара алмай жолым кесіліп,  
Мен жүрген кезде керуен соғып кешігіп,  
– Бетсіздің бәрі ойранды салып осында,  
Тексіздің бәрі сайранды салсын есіріп!

Бесінге дейін көкбөрі көкке бес ұлып,  
Барларда басым мәнгірсе мәнін кеш ұғып,  
Арсылдап үрген қаптаған иттің ішінен  
Қасқырдың даусы жетеді талып кешігіп.

...Күн де ауар бастан,  
Күнәмді күллі ел кешіріп,  
«Рауан, мен ғой...»  
Көгіңді келген көшіріп:  
Әкеңді іздеп,  
Әлемді кезіп жүрсін бе?  
Елес болсам да келдім ғой саған...  
Кешігіп...

\* \* \*

Құсалы ақындарыңа  
Мойындатқызсам -  
Шаттықты.  
Сайқал қатындарына  
Мойындатқызсам -  
Пәктікті!

Залым, сұмдар да арбалса  
Сұлулық барын -  
Мойындап.  
Дарынсыздар да таң қалса  
Ұлылық барын -  
Мойындап!

Мазактап күба белдерді  
Тұлпардан тұғыр озбаса,  
Мойындап Құлагерлерді  
Батыраштар да боздаса  
Табытта тыныш жатармын  
Қанағат сезім бойымды ап!  
Осынау керемет жаһанның  
Кереметтігін  
Мойындап!

## УА, АҚСОРАҢ

Уа-ай, Ақсораң,  
Тұрсын ба етектегі елді елемей,  
Төбенде – жұлдыз, төменде – ұшқан күс қалып;  
Хан Тәңіріден қарасаң – төбедей,  
Мұхиттан қарасаң – мұзарт шыңыңды бұлт шалып!

Абылайды айтса сен-дағы іштен тынарсың,  
Кенесары – көзіндегі сораң-ды,  
Ақсұңқар күсың бұлтқа салған ұясын,  
Менің сойымның түп-төркіні содан-ды.

Кеуденде – Әсеттің әуені,  
Әлімсақтан Әлиханның шемені.  
Мені Алла алқады әуелі,  
Сонсоң, аруак жебелі!

Ой туады ойдан соң,  
Жыр туады жырдан соң,  
Көк болмаса да көйлегім,  
Ақсоранның етегінде туған соң,  
Адамзатқа асқақ-асқақ сөйледім!

Алашымда – негізім,  
Шау тартатын шак та жетіп, ой – қашты.  
Ақсораңда тұрып айтқан лебізім,  
Атлантты аттап өтіп,  
Аллаға жетпей қоймас-ты.

# СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН. ТҮС

## I

Тірі жан жоқ мойындайтын күнәні.  
Көздерінде күдікті ойлар тұнады...

Сәкен аға! Сардар аға! Қыраным!  
Жоқтау болып сені іздейді жыр-әнім...  
Сейілте алмай қара түннің тұманын,  
Боздап тұрып келеді бір жылағым!

Жоқ қой жерде сенен қалған мола да!  
О, сұмдық-ай! Моласыз жан бола ма?!  
Егілейін! Еңірейін... Ал, одан  
Үнірейген сенін орың тола ма?

Бар бауырың көзден моншақ төгеді:  
«Бауырым...» – даған жоқтау болып өлені.  
Көз жасынан жер көгерсе, ендігі  
Жерұйықта жүретін кез боп еді...

Жала болып жабысарын Күнәнің  
Қайдан білем? Көздің жасын бұладым...  
«Халық жауы!» – деген сөзден, тарс бітіп  
Әлі, міне, шуылдап тұр құлағым!

Ғазиз жан!  
Қабірің қайда қазылған?!  
Өз ұлдарын өзі өлтіріп енді кеп –  
Өмір бақи жоқтау салу, еңіреу –  
Адамзаттың маңдайына жазылған!

Кім біледі, жатырсың ба табығта?  
Рухың – ұшып, тәнің ғана қалып па.  
Түсінбеймін; халықтың өз баласы  
Қалай ғана жау болады халыққа?!

Рухын – тірі! Аспанымда ұшып жүр!  
Қас қағымда... Көрген дертті түсің бұл.  
Түсінде не сұмдық көрдің? Айтшы, аға?  
Түсіндірші! Түсіндірші! Түсіндір!



Асау Рух – арқау асқақ дастанға,  
Солкыл болар соңғы толқын – жас жанға.  
Айналады адам тәні мәйітке  
Рухы ұшып кеткен кезде Аспанға...

Таңсық емес жұлдыздардың сөнугі,  
Адамдардың Ажал Сұмға көнуі:  
Рухы едің қасиетті халқымның,  
Рухтардың мүмкін емес өлуі!

Бесік жыры – ол тәрк ететін моланы,  
Халықтардың, алыптардың сол – әні.  
«Аруаю» деп айқайласа ел-жұртың  
Арқамызға Атой болып қонады!

Пенде құсап... Суып бозғылт түс-өңі -  
Өлген жоксың. Затың – Сұңқар құс еді.  
Бар болғаны: шаршап – ұйқтап – түс көрдің...  
Бірақ негкен қорқынышты түс еді!

Сұңқар-Рухың аспанымда ұшып жүр.  
Қас қағымда... Көрген дертті түсің бұл.  
Түсінде не сұмдық көрдің? Жориың...  
Түсіндірші! Түсіндірші! Түсіндір!

Тіл қатпайсын. Көніп тағдыр тезіне,  
Тірі пенде түспеді ме көзіне;  
Мекер елден қайтып әбден меселін  
Менің де енді сенбейсің бе сөзіме?

Неге үнсізсің! Тіл қатсапшы балана,  
Бауырына, Сарыаркана, Далана!  
Тәнің өліп кеткенімен, санада –  
Рухың мәңгі тірі еді ғой, Жан-аға?!!

Міне, менің жан сырым – жыр-өлеңім,  
Бар болғаны – Көз Жас едім. Көл едім...  
Қара Дак жок ойымда һәм сөзімде  
Мен жок едім ессіздіктің кезінде:  
Елуінші жылы туған төл едім.

Серік етіп сенің Муза – құсыңды,  
Көзімді ашып, көрдім сұлу мүсінді.

Ошағыма, Отаныма мәңгі не –  
Ұрпақ екем, Ұрпақ деген – Әулие:  
Айтайын ба сонда көрген түсінді?

## II

...Тар жол, тайгак кешулердің ішінде  
Шаршап ұйқтап кетіп едің қалжыраған пішінде.  
1937...

Қорқынышты түс көрдің.  
Түсінде –  
Жүр екенсің өршіген өрт-жалында,  
Анненковтың азап вагондарында...

Ұйқтап жағып өзіңе-өзің таң қалдың.  
Сен шамдандың... Неменеңге шамдандың?  
Соңынан сол шырақ ұстап қалмай қойған  
Жандардың.  
Әбжыланнан аумаптынын аңғардың!

Қайран жаның қашаң табар миятты?  
Кеуденнен бір күңіренген күй ақты.  
1918-дің қасіреті – түсінде  
Қайталанған сияқты!

Тағы келіп тап болдың ба жасыңға?  
Неше түрлі күдікті ой бар басыңда.  
Көзіңді ашсан: көкіреті қайғы-шер  
Бейімбет пен Ілияс жүр қасыңда...

Көрген сынды адам емес – бүйіні  
Олардың да түсіп кеткен іні.  
Ан-таң қалдың: Анненковтың үстінде –  
Милиция киімі!

Тұрып қалдың сонда түкті түсінбей,  
Жаны кетіп, тәні... Қалған мүсіндей.  
Түсім дейін десен – өңің сықылды,  
Өнім дейін десен тура – түсіндей!

Сонда Атаман сөйлеп кетті құтырын:  
– 18-де... Кетіп едің құтылып...

37... Ойран болып – сорына –  
Өзің келіп түстің менің қолыма!

Қазына не – ұры-кары үлескен?  
Бүкіл тарих өтті текетіреспен,  
Қол-аяқтай шегенделген Иса да  
Қарақұрым халық үшін күрескен...

«Бостандық» – деп – түрме болды жеткенін,  
Мәңгі бақи тұтқынымсың тек менің!  
Адамзатқа азаттықты сағынған,  
Сен... Немене... Иса болам деп пе едің?!

Ал не шықты пайғамбардың жолынан?  
Ол – ессіздік! Ол – шер-азап! Ол – ылаң!  
Енді сенің мен жетермін түбіңе!  
Иса да өлген Понти Пилат қолынан...

Сүйікті ұлын соққылатқан содырға,  
Халық деген кім, ал сонда? Тобыр ма?  
– Жап аузыңды! Тіл тигізбе халқыма!  
Жете алмайсың сен халқымның парқына!

– Ессіздердің бәрі де осы ел десе...  
Түс аспаннан! Сөйлесенші пендеше!  
Надан неме... Сүйесін сол тобырды...  
Саған неге жала жапты ендеше?!

Осыны айтып сақ-сақ күлді Атаман,  
Түсінде де ұйқатпайды жат адам...  
Неше түрлі ойлар түйдің ішіне,  
Көз жеткендей зілзаланың күшіне,  
Енді, міне... Өніндегі Өзәзіл  
Мазактайды кіріп алып түсіне!

### III

Алай-түлей дауыл ойнап көңілде  
Неше түрлі сұмдық көрдің өңінде:  
Жата бердін шыдап, мүмкін, содан ба?  
Ал мына түс... Қорқынышты одан да?

Өңінде сен сарбаздарға ілестің,  
Көрдің талай теперішін тірестің.  
Зилаламен, қайран ақын сол кезде  
Түсінде де келіп кетті күрескін!

Тұла бойың – тұнып тұрған келісім...  
Көргін келмей жетесіздің жеңісін –  
Түсінде де Пәктік үшін қан төгіп,  
Азап шегу – арман еді Сен үшін!

Қандай ғана кінәң бар еді, жолдас, ә?  
Құдайың да құл-құтанды қолдаса –  
Ел-жұртың да енселі боп тұрған соң  
Тәкаппарлау жүретінің болмаса?

Пірін еді – Ұлы Ленин, дана Абай,  
Дала ұлы едің, Көңілің де даладай,  
Тап жауына болғаныңмен тәкаппар,  
Қайран ақын, баладай ең, баладай!

Сәби едің. Көзіңе жас тола ма,  
Жатқан жерің Бесік емес... Мола ма?!  
Қара нарды... Қайда салсаң – сонда сал:  
Балаларды... Азаптауға бола ма?!

Тұла бойың – саф сұлулық, еркелік,  
Зұлымдыктан жүрегінде дерт еріп...  
Сұмды көрсең күкірт тиген ши құсап  
Лап ете қап! Кегуші едің өртеніп!

Советстан сыйып кеткен жырына,  
Қыран едің, қанат қаққан Шыңызы,  
Сұңқар құсап қарайтының қияға  
Қарғалардың тиді ме екен жынына...

Көркіне егер көзі түссе жан адам –  
Иісі еркекті көргендей боп жанадан –  
Адамзаттың сұлуы сен екенсің  
Анда-санда туатұғын анадан!

Әйелдерге сендей сері жолықсын,  
Жолықсын да рахатқа мольксын.

Әлемдегі еркек біткен – бір төбе,  
Сәкен аға, сен – бір төбе болыпсың!

Көкшетаудан бөтен жерді жерсінбей,  
Қойғандайсың басқа өлкеге сен сінбей.  
Сені көрсе бұзылыпты бір күнде  
Әйелдер де күйеулерін менсінбей!

Ақ патшаны тақытынан ұшырып,  
Құлдық күйреп, күндік күйреп, іші ұлып,  
Аң-таң болды босағала қалған Бас  
Өз үйінде Төрдін барын түсініп.

Өрге қарай көш түзеді өр елін,  
Өнез заттан теріс қарап өренің.  
Көрді сонда бас көтерген Төленгіт,  
Өздеріндей пенде екенін Төренің...

– Алла! Қара: «танисың ба бізді?» – деп,  
Сол заманда той-тамаша қызды кеп,  
Берді ме екен Бекежандай жау тауып  
Қайда барсаң – сонда барған Қыз Жібек?

Тап жауына қабағыңды суытып,  
Қағып өттің кісі көрмей мұны түк.  
Үлестірдің аққуларға жыр-шашу  
Қаркылдаған қарға барын ұмыттың!

Күл-көмешке тиіп едің бүліктей,  
Өр талғамың өнезбенен кірікпей.  
Айнакөзде жатып алды мамырлап,  
Сен келгенде... Аққулар да үрікпей...

Сен жаһанның жасыны едің жат үшін,  
Бір болса да Шығысың мен Батысың.  
Ғаламның бар қарғалары жиналып,  
Аңдып жүріп тапты ма екен қапысың...

Сауалым бір Сталинге – Атама,  
Ел құлағы – елу; өсек жата ма;  
Қарға біткен қаркылдады екен деп  
Айнакөздің аққуларын ата ма?

#### IV

Талақ кылып тарпаң сұмның жыртылып,  
Еске алайық сол кезеннің зіркілігі:  
Бір жағы – май, бір жағы у ұртының –  
Пенделердің біледі әлем құлқынын;  
Жылан – олар – адамзатты арбаған,  
Түбіне де жеткен солар ұлтының!

Ізгілікті ішіп-жеген көздері,  
Абай айтқан: «шошқа туар сөздері».  
Нәсіл де жоқ, ұлт, халық та жоқ онда –  
Өздері бар...  
Тек – өздері!  
Өздері!..

Қаран қалсын; кайтеді олар өзгені?  
Есіл-дергі – өз қарыны, өз демі.  
Құлқыны үшін құлындарын... Сойып – жеп,  
Өні кіріп жүре бермек өздері!

Жүргенменен Мәңгүрт құсап мәңгіріп,  
Жамандықта... Тіріледі жан кіріп.  
Құдайға да сенбейді олар ғұмыры,  
Маркске де сенбейді олар мәңгілік!

Абайдың да «осалдығын» аңғарып,  
Ілиястың шабытына шамданып –  
Жаһан жылап жатса дағы – мәз-мейрам,  
Жүреді олар тасбақаша жан бағып.

Адамзатқа арандарын түр ашып  
Бәйек болып... Жанкүйер боп... Жыласып.  
30-ыншы жылдардағы Белсенді – ол.  
Сол 40-ыншы жылдардағы Власов!

Тарих – Ата ол жайлы  
Неше түрлі хикаяны толғайды.  
Тоғышардың көзін ашып көргені –  
Ошак қана, Отан деген болмайды!

Бір жағы – май, бір жағы у ұрты, әні,  
Тақсыретін тартады оның жұрты әлі.

Кезі келсе Мұхтарды да мұқатып,  
«сәтін» тауып Сәкенді де құртады!..

Мінбелерге шығып алып амалдап,  
Сол шешендер қызыл тілі жалаңдап —  
Рахатқа бағатыны бар тағы  
Ілияс пен Бейімбетті жамандап!

Күлкілі ғой, күлкілі ғой, күлкілі!  
Күлеміз деп жылаймыз-ау бір түбі!  
Кім көріпті мұндай сайқал тұлкіні:  
Есімдерін өзі құртқан ел жайлы  
Естелік те жаза алады бір күні...

Кешір, аға... Кеше гөріші, Ардағым!  
Отаны жоқ опасызда бар ма мұң:  
Жендерімен көзін сүртіп соғып тұр —  
«жеке адамға табынудың зардабын!»

Көрген емес тығырыққа тіреліп,  
Іштерінен бір тіріліп, бір өліп.  
Қабақтарын түйіп алған қарс жауып  
Қасымды да қабылдамай жіберіп...

Қашан, бірақ соған іші налыды?  
Жасыңға кеп жанын қашан жаныды.  
«Маскүнем» ед Мұқағали кеше оған —  
Ақын екен...  
Енді ғана таныды!

Ізгілікті ішіп-жеген көздері,  
Абай айтқан: «Шошқа туар сөздері».  
Нәсіл де жоқ, ұлт, халық та жоқ онда —  
Өздері бар.  
Тек — өздері!  
Өздері!..

Жазушылар Одағында жүр олар,  
Айтматов «Боранында» жүр олар.  
Тоқсан жолдың торабында жүр олар!  
Өздері — аман. Өзгелер жоқ — куәлар!

Қалада да, далада да жүр олар,  
О, сұмдық-ай, қайта қуру хақында  
Қалай-қалай қаксайды-ей, мыналар?!

Әзәзілдің әлегі енді жетті, Аға!  
Кеудем толы кек-нала ғой, кек-нала!  
Кеудесінде жүрек те жоқ олардың,  
Шырматылған ішек-қарын бар тек қана!

Кел, Музана қанат байлап, самғашы!  
Көзіңменен көрмей тұрып нанбашы:  
Дүниенің бетіндегі Қара Дак –  
Сол сұмдардың салып кеткен Танбасы!

Жер түкпірін кезіп соның елесі  
Төгілетін Қан іздейді келесі...  
Бокка толы ішек-қарыннан тұрады –  
Ежов пенен Берияның денесі!

Зу-зу етіп төбемізден оқ ұшып,  
Қайран жерің қан-майданның қонысы,  
Сен жырлаған – Революция, жан аға,  
Ішек-қарын мен жүректердің соғысы!

Жылан болып қастық жасар ұяға,  
Қыран болып карамайтын қияға –  
Дүниенің күллі күйкі-көмеші  
Айналады Анти-Поэзияға!

Өз күнәсін олар қайтып жуады?  
Шежіреміз дау мен дамай, шу әлі...  
Ауыздарын сүйрендетіп арам ой  
Анти-елден Анти-Сәкен туады!

Адастырып алдайтұғын не бізді?  
Аңқау көңіл талай таяқ жегізді.  
Абдырап қап ішек-қарынға айттық-ау  
Жүрекке арнап айтатұғын лебізді?!

Саған мәңгі рақым нұры жауады,  
Рухыңменен тазалағып ауаны.



«Неге ұлына жала жапты?» – деген сол –  
Түсіңдегі Анненковтың сауалы –  
Ізгілікті ішіп-жеген көздері –  
Өзөзілдің шошқа туар сөздері –  
Нала жатқан жүрегімді шаншиды.  
Жала жапқан – сол сұмдардың өздері!

Сен көнбейсің жазмышына тағдырдың  
Ата жауды ақыры естен тандырдың:  
Ішек-қарынан құлан таза құтылып,  
Жер бетіне Рухыңды қалдырдың!

Бірақ... Бірақ – ішім дертті, Жан аға,  
Қалай сені құрбан қылдық жалаға?  
Неткен шерлі қасіретті Отаның!  
Орақ-Балға, жүзіменен Соқаның –  
Жерге сеуіп ізгіліктің тұқымын.  
Құртсам дедім Тоғышарлық Топанын!

Одая басқа кіпәң бар ма, жазығың?!  
Қақсам делін – Қазақстан қазығын!  
Көнді ме оған Наданың мен Пасығын?  
Абдырап-ақ кеткенін бе, Асылым?

Ордалы бір Одақ қылғын кеп еді –  
Робинзонның Лашығын!

Тірі жан жоқ мойындайтын күнәні,  
Көздерінде күмәнді ойлар тұнады...

Өле-өлгенше Ақиқатқа ділгірсің,  
Ұстата ма, бірақ бізге білгір Сұм.  
Христосты сатып кеткен Иуда  
Сені дағы көрсетті ме? Кім білсін...

Сатса сатар! Қайтем қуып елесті?  
Ер ісінді екшей жатар ел есті.  
Халық сүйген «Сәкен» дейтін өр тұлғаң  
Құдыретті құдайдан кем емес-ті!

Ескі тарих елесі тұр миымда,  
Ессіздікті болмай ма еш тыюға?

Онымыздан, солымыздан бір шығып  
Соңымыздан қалмай қойды-ау Иуда?!

Тар жол, тайғак кешулерді не түрлі,  
Бастан кешіп, ұрпақтарың жетілді.  
Адамзаттың азасы бір, шаттығы,  
Әзәзіл де – біреу ғана секілді!

Асқак өмір атпай қоймас таңдай-ды,  
Ұрпақтарды ұрпақтарға жалғайды.  
Қыран даусың қайта көктем естілді,  
Біз сен үшін соттамаймыз Ешкімді...  
Бірақ... Ешкім ақтала да алмайды.

Иса құсап суып бозғылт түс-өні  
Өлген жоқсың. Зағың – Сүнкар құс еді.  
Бар болғаны: шаршап... Ұйқтап – түс көрдің.  
Бірақ неткен қорқыншыты түс еді!

Арайланып атты, міне, нұр таңын.  
Тұғырыңа қоншы, Қызыл Сүнқарым!  
Оян, Аға, оян қане, ұйқыннан,  
Енді мұндай түс көрмесін ұрпағың!

Неге үнсізсің! Тіл қатсаңшы балаңа,  
Бауырыңа, Сарыарқана, Далана!  
Тәнің өліп кеткенімен, санада –  
Рухың мәңгі тірі еді ғой, Жан аға?!

## ҚАҒАЙЫҚ ЕСІКТІ

### I

Туған елім, Туған жерді сағынам:  
Мен жаралғам соның тамшы қанынан –  
Орғанызда жүрген болсам қарайып...

Сол өлкеңе барайықшы, халайық,  
«К-700» балонының шаңынан  
Өгіздердің ізін тауып алайық!

«Қызылқарай» – қайығы үлкен кеменің.  
Сол қайықта өрге жүзіп келемін.  
Көз алдымда – көкжиектің белесі.

Кешір мені, Планета Кемесі,  
Менің бүгін саған айтсам дегенім  
43-тегі қырғынның бір елесі...

Өтті ауылдың үстінен сан дауыл да,  
Өтті ауылдың үстінен сан жауын да  
Шаң басыпты ат-арбаның жолдарын.

Білесің бе оның сырға мол жанын:  
Леонардо да Винчисіз ауылда  
Бір перизат Мона Лиза болғанын?

43-еді... Елдің кеткен елесі...  
Кетпейді естен тарихымның кешесі.  
Сол сұлуды кеш білсеңіз – кешірім...

Танысыңыз: табысқанның несі мін?  
«Фатима» деп марқұм әке-шешесі  
Арабшылап атап кеткен есімін.

Семіп қалған гүл еді ғой ол – күзгі...  
Қай жыланға шырын балын сорғызды?!  
Сол Мұңдықты жиі есіме алам мен.

Атын оның алау етіп жағар ма ем?  
Ел білмесе, мен білемін Сол Қызды –  
Бірге оқыған Самат деген ағаммен.

Өрім еді. Серігі еді Саматтың.  
Қып-қызыл боп қаны аққан қанаттың  
Аққу еді. Ел айталы: «Өлді» – деп.

Лак еді тұратұғын елжіреп,  
Соны ойласа әлі... әлі Саматтың  
Көздерінде жас тұрады мөлдіреп...

Өрім қыз-ай, өмір сынды шерлі әні!  
Бейштегі періште еді. Пенде әрі...  
Ана болып өмір сүру – анты оның.

Уа, Музам! Ізіне түсіп, тарт оның!  
Сол Қызбен бір сыпырып шық сен-дағы  
Басқарманың конторын!

Ал Уақыттың пәренжесін сыпырып,  
Қаһарыңнан кесір кетпес құтылып,  
Уа, Муза, не калайсың – соны істе!

Тірлік қамы... Ғұмыр жасы – он үште,  
Басқарманың кеңсесін сыпырып  
Жер үстінде жүрді сол бір Періште

## II

Өзі лайық болса-дағы артистке,  
Еркін беріп соғыс деген зар – күшке  
Жүрді еңбектен... Дәуірі оның бізге – алыс...

Кетті бірде ауыл шулап, мұздап іш:  
Басқарманың кеңсесінен тал түсте  
Естіледі шырылдаған бір дауыс!

Есік – жабық! Құлпияны жыр қылған...  
Бала-шаға – соғыс іштен тындырған  
Қаумаласып: «Бұл не айқай?!» десті кеп,

Кеңседегі құлын дауысы шынғырған  
Жүректерін пышақ құсап кескілеп –  
Тұрып қалды бала-шаға...

Бала-шаға – шерлі жасы мол көзде –  
Сорлы болды-ау, сорлы болды-ау сол кезде?!  
Тұрып қалды. Қауқары бар не істердей?

Қол-аяғын алмас қылыш кескендей!  
Басқарманың кеңсесіне ол кезде  
Днио ғана кіре алатын сескенбей...

Бала-шаға қолқа қақсап, қол сыздап  
Сорлы болды-ау, сорлы болды-ау сол сында  
Қорғалаудан басқа бөтен жол қалмай...

Білді сонда бір пәлені сор маңдай  
Білді сонда бір сұмдықты... онсыз да  
Дүниенің сұмдығы... аз болғандай!

Бала-шаға ұқсап жансыз мүсінге  
Тұрды күтін! Зәрлі ашу бар – тісінде!  
Көрді... сонда, көргені ме – күнәсі?!

Көрген қылмыс! Осы ма еді туасы?!  
Самат тұрған сонда көптің ішінде –  
Зұлымдықтың бүгін тірі куәсі!

Сорлы Самат!.. Бұл да ішінен тұр тынып,  
Бала – жүрек ақ парактай жыртылып...  
Ібілісті көрді көзің ашқанда:

Боп-боз болып шыға келді Баскарма!  
Көктен жынын шашағындай жұлқынып  
Найзағайлар от бүркеді аспанда...

Ойлай-ойлай үнемі осы һақында  
Бір маза жоқ қасіретті ақында,  
Көкірекке көктей өксік тірелді.

Сонда Ақсоран албастыдай түнерді.  
Біраздан соң... шықты-дағы... Фатима...  
Жұртқа қарап өксіп-өксіп жіберді!

Жаны толы – қасірет пен берішке,  
Женілген қыз жендетпенен керісте  
Кетті үзіліп... керілген сым ішектердей:

Еңкіш тартқан... өлер шағы жеткендей...  
О, сұмдық-ай! Он үштегі періште  
Бір-ақ сәтте кемпір болып кеткен бе, ей?!

Зар иледік – кесапатты кеш біліп,  
Соғыс – жендет тілімізді кестіріп  
Шошып кеттік сол кесірлі есіктен!

Жаман хабар қашан жетпей, кешіккен  
«Екікабат болыпты, – деп естідік –  
Белі шықпай жатып сол қыз бесіктен!!!»

Есік қақты бір күні біреу даладан.  
«Не болды?!» – деп ағып тұрды жан анам,  
«Фатима өлді... босаңа алмай... баладан!!!»

### III

Өткен шақты еске алмаймыз бекер біз,  
Қалай ғана соны ұмытып кетерміз?  
Кең ғаламда Кесірге жоқ – кешірім!

Енді қайттім? Қалсақ-тағы кешігіп,  
Кел қағайық дүрсілдетіп екеуміз  
Басқарманың кеңсесінің есігін!

Кел! Айтайық Фучик жайлы... бар адам  
Жан ұшырған даусына жалт қараған!  
Кел! Айтайық! Айғай болсын жыр біздің!

Соғыс жылы... он үштегі бір қыздың  
Босана алмай... өлгендігін – баладан!!!  
Кел! Айтайық! Естіп-бысін бар адам!

Кел, үкім мен әшкерлеудің толқыны!  
Терең әлі – қасірет пен сор түбі...  
Жер алыбын кетер ме екен бір аунап?

Кел! Соттайық үкім кесіп ауыр-ақ,  
Басқарманың кеңсесіне сол күні  
Кіре алмаған сорлыларды тауып ая!

Сонау соғыс... тұр – тарихта, тұр – есте.  
Қорқақтар да – бара алмайтын күреске,  
Бәрі есімде, тән мұздап, бөй теңселер.

Көргенімді айтайыншы, ел сенер:  
Көтер Қолды! Зұлымдықпен күреспе,  
Ит жанды адам, – сорлы болғын келсе егер!

Сонда азаптың ащы дәмін білерсің,  
Ездігіңе –  
Ерше карап... күлер сұм,

Бетіменен кеткен жыңды кілең сұм  
Ақлыңды шірітсін де түрмеде,  
Аруыңды қатын қылып жіберсін...

Алаш! Мұны есіне ала жүрерсің!

# «АҚЫН ЖҰМАТАЙ ЖАҚЫПБАЕВ»

## АТТЫ МОНОГРАФИЯҒА ҚОСЫМША

### БІРІНШІ ӨЛЕҢ

*Ақын Жұматай мен ару Ләйлә Сарноқайда дүбірлі той үстінде жолығып қалыпты деседі жұрт. Айтуларына қарағанда бұл өзі бертінде болған оқиға. Ақындар айтысының абыройы аспандап тұрған кез болса керек, өйткені жұрт ақын мен арудың ақтық жүздеуінде мынадай айтыс болған десіп жүр.*

ЛӘЙЛӘ:

Жалған-ай,

Қанатымның ұша-ұша талғаны-ай!

Ақындар да шалымды жұрт айлаға,

Періште деп жүрген оны қай дана?

Сылкымым-ай, үйленіп ап Зәйдаға,

Өлең жазып жүрсің бе әлі Ләйлаға?

ЖҰМАТАЙ:

Айтатұғын сөз көп еді ойымда,

Көп өтініш кетер болды-ау мойында.

Сен – Сара боп, мен – Біржан боп кездестік,

Өткен, мынау Сарноқайдың бойында.

Тәңірім-ай, айтса болып тұрғаны –

Жүрегімді аттай солықтырғаны.

Мен – Жұматай, сен – Ләйла боп жүргенде,

Жолықтырса – қалай жолықтырмады?!

Жалған-ай!

Қанатымның ұша-ұша талғаны-ай!

ЛӘЙЛӘ:

Жалған-ай!

Тағдырымның бұ да басқа салғаны-ай?

Біржан болып іздеп пе едің Сараны?

Кеңістікте кездесер жер бар әлі.

Мен де сенге Аспан жаққа ұшам ба?  
Маған да бір қанат бігіп барады...

**ЖҰМАТАЙ:**  
Жалған-ай!  
Қанатымның ұша-ұша талғаны-ай?

Қолына елдің тигені де – өзіне,  
Тіршілігі, күйбеңі де – өзіне!  
Кенежирен жұлдызға ұқсап аққанда  
Дүниеден түк түспейді көзіме.

Өңімдегі түссін деп ем – нандын ба  
Қанатты аққу құссың деп ем -  
Нандын ба?!  
Аспанға ұшсаң, Сарноқайын бұлдырап  
Ноқат болып жатпас па еді алдыңда?

Муза құсым, көздерінен жас тамған  
Мені әкетті... Бас айналды сасқаннан.  
Ел, бекетке... Мемлекетке, бәріне  
Ан-тан калып жүрмін Аспаннан!

Таңғажайып әлем ғой бұл түстен де,  
Айналасың күшті елден де күшті елге.  
Анда-санда жерге қайтқым келеді  
Алабұртып сен көзіме түскенде...

## ЕКІНШІ ӨЛЕҢ

*Қоңілімді көптен тескен бір арман,  
Көз жасымды шыңыраудан шығарған.  
Анда-санда даусыңды естіп тұрайын,  
Өңіңең алтын дыбыстардан құралған.*

**Жұматай**

*Сарноқайда жаз бойы қар жатады,  
Неге тағдыр адамды зарлатады.*

**Зайда**

Қазақ кенде болмағанмен ақынға,  
Түптеп келсең, түбі түркі затында –  
Алатауда аңыз көшіп жүр бүгін  
Бір үйдегі екі шәйір хақында.



Баска ұлыстың үні өктем боп ұлтында,  
Тұрған кезде талшық мұң боп құлқынға.  
Сарноқайдың тұлпарларын жырлады,  
Атомдар мен моторлардың жұртында.  
Қандай-қандай ақын туған жұртымда!

Алтыннан жел есетұғын айдары,  
Алашымдай асқак болу қайда әлі:  
Екі ақыны жырлады да бір үйде,  
Бір бұтақта егіз бұлбұл сайрады.

Ақындарға адамзаттан кешірім,  
Сұлулыққа ғашық болса несі мін?  
Сұлулыққа ғашық болып екеуі  
Ләйлә ару деп қойды оның есімін.

Жеті өзенге құйып кейде тасып кеп,  
Жерден күс боп кетіпті ұшып, асып көк,  
Біреуі еркек, біреуі әйел болса да  
Өксіп өтті Ләйлә аруға ғашық боп.

Қонған бұтақ кем болмай-ақ тақтан да,  
Сайрайды-ай кеп бірге оянып ақ таңда.  
Тыңдапты ұйып үнін Алаш – виасы  
Балалары ұйқысырап жатқанда.

Ләйләні іздеп, кеңістікте ойы ағып,  
Омырауы көз жасына боянып...  
Арғы жағын енді айтпай-ақ қоялық.  
...Таңқалады естісе сол әуенді, -  
Біздің әулет ұйқысынан оянып!  
Арғы жағын енді айтпай-ақ қоялық.

### ҮШІНШІ ӨЛЕҢ

*Біз байғұстың суретін жұрт көкке ітсе,  
Гұмыр бойы түспейтінін білмей ме?*

*Жұматай*

Жұматай дәліздің алдындағы айна алдында тұр екен.  
– Келші қасыма, – деген қоңыр үні құлағымда.  
– Объективке қарасаң да, айнаға қарасаң да бәрібір  
емес пе. Түу, әлемі екенбіз ғой...  
Ол маң-маң басып шығып бара жатты.  
Қайда бара жатқанын айтқан жоқ.

От күйгандай екі көзі ұшқындап,  
Буырқанған бір мұңды ойы іш тырнап,  
Жұма-ағам тұр айна алдында күлімдеп,  
Өзін-дағы,  
Өзгені де мыскылдап.

Жан-жағымнан күдікті ойлар қамап кіл,  
Мен де келем адымымды санап бір:  
Екі Ләйлә ғашық болған бір кезде  
Екі жігіт  
Екеумізге  
Қарап тұр!

Қылжағы ма, шыны ма, әлде оны әлі  
Білмеймін мен...  
Көзі нұрға толады:  
– Түү, әдемі екенбіз ғой... Бізге енді  
Суретіне түспеуге де болады!

От күйгандай екі көзі ұшқындап,  
Буырқанған бір мұңды ойы іш тырнап  
Маң-маң басып шығып бара жатты ағам,  
Өзін-дағы,  
Өзгені де мыскылдап.

...Дүбір болса жүретұғын шетінде,  
Бұлбұл болып сайрап берген не тілде, –  
Өлгеннен соң Жұматайдың суреті  
Күліп тұрды газеттердің бетінде.

О, Жұматай!  
Жер қойыны салқын, ә?!  
Қайда кеттің мені тастап артыңа?  
Бір құтылып  
Күлдіғынан  
Тобырдың,  
Боздағым-ай, жеттің бе әзер халқына?!  
О, Жұмаға!  
Жер қойыны салқын, ә?!

Музан – үнсіз, Ләйлә аруын жоқтаған,  
Көбейіп тұр күнкіл-шүңкіл оттаған:  
Күнделікті газеттердің бетін де  
Парақтауға қорқатұғын боп барам.

Күнді айналған Жер оранып таскынға,  
Ғалам жатыр —  
Қасіретті һас тұлға —  
Ақындарды абақтыға қамаған  
Сталиннің  
Суреттері  
Астында —  
Жатыр ғалам!  
Қияметтік сапары —  
Ажалымен бірге шыққан атағы —  
Көк базарда,  
Қазыналық билетке  
Ол —  
Сенің де  
Суретіңді  
Сатады!!!

Өзің кеше әлдилеген бөпе ғып,  
Өмір көші өртке түсті от өріп.  
Бұл тобырда иман бар ма,  
Шығатын -  
Берияны  
Төбесіне  
Көтеріп?!

Күнді айналған Жер оранып таскынға,  
Жатыр Ғалам —  
Қасіретті һас тұлға -  
Ақындарды абақтыға қамаған  
Сталиннің  
Суреттері астында...

### ТӨРТІНШІ ӨЛЕҢ

*Душениң қызығына, ойнына,  
Бір түкіріп, бұршақ салып мойнымға, -  
Кетер едім бір пендені көзге ілмей,  
Көзге ілмеуге тағдыр мені қойды ма?!*

**Жұматай**

Күйкіден кашты ала ат-тонын,  
Жүрді де қым-қиғаш жолдармен.  
Тұғырға керегі жоқ-ты оның,  
Тұлпарға қажеті болғанмен.

Ол елден өзгеше ерек-ті,  
Жымиған кезі түр нұр-таңда.  
Жұматай атбегі керек-ті  
Кенежирен секілді тұлпарға.

Туды ол қатыгез ғасырда,  
Адам – құл! Болардай – ғалам тұл.  
Данышпан жүргенін қасында  
Дарынсыз сезбейтін заман бұл.

Түркіге тән асау долы қан  
Бір маза бермесін сол ұқты.  
Қара күш – қорықса қолынан,  
Дәлдүріш  
Жырынан  
Қорықты.

Сүйінді –  
Көзінің жасымен,  
Кеудесін керемет жыр қысып.  
Күйінді –  
Бекзада басымен  
Бейшара пендемен бірге ішіп...

Біз тудық,  
Сусыны у болып,  
Топан су толғанда тоғанға:  
Адамның мілтары су болып,  
Жүрегі тас болған қоғамда.

Мұсылман көпірге шоқынып,  
Тексіздік төбеден қарады.  
Құл-құтан таққа кеп отырып,  
Ханзада қаңғырып барады.

Тұғырың – тұлпарға бергісіз!  
Арғымақ ат қайда кекілді?!  
Құдай – кім?  
Құлың – кім?  
Белгісіз!  
Дарынсыз – данышпан секілді!

Арамза – қағынған төсегі,  
Алашта ақынға өш еді.

Күл-көмен болды да көсемі,  
Өршіді өрт – катын өсегі.

Ол көрді біз көрген сан қыртты,  
Қотыраш құм шашып көзіне.  
Алашқа керексіз жәндікті  
Алла да  
Алмайды  
Өзіне!

Қош, соңғы серісі ғаламның!  
...Көзге – нұр, көмейде – үн күлген,  
Алашқа керек сол Адамның  
Аллаға  
Керегін  
Кім білген?!

### БЕСІНШІ ӨЛЕҢ

*Ана жақта банк, парк, баспа бар,  
Ерен үн бар елтобелер жиеқанар,  
Мына жақта жаман дүкен, көк арақ,  
Барак, үйлер бар және бір Жас Марал.  
Жұматай*

Бауырым, келші...  
Кенежиренмен шабайық.  
Сен жақта не бар,  
Мен жақта не бар, санайық,

Арғымақпенен кетейік шауып, алға  
Асып,  
Адамдар қалсын,  
Замандар қалсын шап басып.  
Мен жақта Күн бар,  
Сен жақта Түн бар, –  
Арбасып, –  
Кезек пен кезек тұрады – дейді –  
Алмасып.

Дүние – кезек.  
Дүбірлеп жатыр тасқында.  
Қай жақта қалдым кара түнектен қаптым да?  
Сен жақта не бар?

Мен жақта Күн бар – һас тұлға,  
Жарық пен түнек арбасып жатыр астында.

Мен жақта – банк,  
Жоқ оның маған құны түк.  
Қарайды бірақ қабағын неге суытып?  
Қасқыр – замана ішек-қарындарын  
Ұлытып,  
Жүрегі барын барады пенде ұмытып!

Қанбазар – қалың,  
Ғаламды жағыр сатып ап,  
Музалар қалды...  
Биржалар кетті қағынап!  
Қан саулап кетті зұлымдық шықпай жатып ап,  
Алшаңдап кетті Абайды ұқпайтын ақымақ.

Бұл жақта кім бар?  
Көрдің ғой көзбен тәуірін?  
Келдің ғой... Келіп көтердің жүгің ауырын.  
Біз жақтың көрген жауынын, зілін, дауылын...  
Сен жақта Мағжан,  
Қасымдар бар ғой, бауырым...

Айтсаңшы, бауырым, кеудеңде  
Мендей шер жоқ па?  
Ғаламда Жоңғар Алатауындай жер жоқ па?  
Білемін, иә, ес-дертің сенің – ел жақта,  
Махамбет – сенде,  
Ықылас қалды – мен жақта.

Сен жақта қалай?  
Бұл жақта көкте Күн күлген.  
Оятып таңы, қажытып түн көз ілдірген.  
Жарық пен Түнек айкасып бәрін  
Бүлдірген...  
Күндердің күні қайсысы жеңбек?  
Кім білген...

Мен жақта әлі қантөгіс – Сенат Алаңы,  
Қаланы қосты өзіне, бүкіл даланы,  
Әбілді өлтірген Қабылдың қанды балағы,  
Сабады бауырын, Алашын итше талады...

Мен барам Саған. Олар да Саған барады.

## МАЗМУНЫ

Мәрмәр Пушкин .....	3
XX ғасырдың жиырма сәті .....	45
Аспаннан жұлдыз қарап тұр .....	86
Науа ананың босануы .....	144
Алаш анам – ғаламның кара нары .....	168
Клеопатра .....	233
Ақсұңқар сен де құссың, мен де құспын .....	236
Сәкен Сейфуллин. Түс .....	376
Қағайық есікті .....	387
«Ақын Жұматай Жақыпбаев» атты монографияға қосымша.....	391

Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ

ШЫҒАРМАЛАРЫ

УА, АҚСОРАҢ

*(Бірінші том)*

Редакторы *Н. Оразбек*

Компьютерлік дизайны *Р. Жарипова*

ИБ № 172.

Басуға қол қойылды 10.03.14. Қалты 60x90 <sup>1</sup>/<sub>а</sub>  
Қағазы офсеттік. Қаріп түрі “Таймс”.  
Баспа табағы 25,0. Тарадымы 800 дана.  
Тапсырыс №41.

ЖШС “Қазақстан” баспа үйі”  
050046, Алматы қаласы, Прокофьев көшесі, 226/1.  
Тел./факс: (8-727) 392-94-18.  
E-mail: idkz@mail.ru

ISBN 978-9965-10-122-9



ISBN 978-9965-10-121-2

